

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

Ибраимова Л.Н., Абдикеримова П.Ж., Алиева П.С.

ҚАЗАҚ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

оқу құралы

Тараз 2016

ӘОЖ 37.018
И 15

Пікір жазғандар:

Ж.Т. Сарыбекова – педагогика ғылымдарының докторы, профессор.
К.Б. Сматова – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Г.Т. Жылқыбекова- педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақ отбасы тәрбиесі: Оқу құралы/ Ибраимова Л.Н.,
Абдикеримова П.Ж., Алиева П.С./ Тараз: ТарМПИ, 2016- 160 б.

ISBN 978-9965-37-360-2

Оқу құралында қазақ отбасы тәрбиесінің мақсаты, міндеттері қарастырылып, мазмұны ашылған. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары және мектепте отбасы тәрбиесін ұйымдастыру әдістемесі мазмұндалған.

Оқу құралы ЖОО педагогикалық мамандық студенттеріне, магистранттарға, оқытушыларға және жалпы бала тәрбиесімен айналысатын көпшілікке ұсынылады.

ӘОЖ 37.018

ISBN 978-9965-37-360-2

© Ибраимова Л.Н., Абдикеримова П.Ж.,
Алиева П.С., 2016
© ТарМПИ, 2016

КІРІСПЕ

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Қазақстан халқына арналған Стратегиясында «Бізге жергілікті деңгейде отбасын, әйелдің жүкті кезін және балаларды тәрбиелеуді қолдаудың жаңа жолдарын табу керек. Неке мен отбасы институтын нығайтудың жолдарын мұқият талдау, жалғыз басты аналар проблемасын шешу керек. Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ал ең бастысы балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз. Ата-аналар балаларына, ал балалар өздерінің қартайған ата-аналарына қамқор болғанда, әйел отбасы мен қоғамда құрметке ие болғанда – еліміз үшін алаңдамауға да болады. Бұл ұсыныстар Қазақстан халқына қашанда тән болған, оларды жандандырып, жан-жақты қорғау қажет» делінген.

Бұл стратегиялық міндетті шешудің жаңа жолдарының бірі қазіргі отбасылық тәрбиені жақсарту, ол үшін қазақ халқының отбасылық тәрбиесін ұлттық құндылық ретінде жандандырып, оны әрбір отбасына ендіру қажет. Қазақ халқында отбасылық тәрбие халықтық педагогика арқылы жүзеге асырылған. Отбасылық тәрбие – ұлттық тәрбиенің негізі, ал ұлттық тәрбие алған ұрпақ еңбекқор, дені сау, білімді, ақылды, иманжүзді, адамгершілігі мол, сұлу да сымбатты, ұлтжанды азамат болып өседі.

Қазіргі қазақ қоғамында отбасы тәрбиесіне байланысты проблемалар кеңінен орын алып отыр. Олар: ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін және дінін білмейтін жастар; тастанды жетім балалар мен «қиын» балалар; қарттар үйлерінде жылап отырған әжелер мен аталар; отбасын құрмаған немесе ажырасқан жастар; жезөкшелік; көргенсіз және тәртіпсіз қыз бен ұл, олардың түрлі қылмыс жолына түсуі; жұмыссыздық; темекі шегу, нашақорлық, маскүнемдікке салыну; ата-аналардың бала тәрбиесімен айналысуға жағдайы мен уақытының жетіспеуі т.б.

Біздіңше, осы аталған қайғылы құбылыстар мен қасіреттерден құтылудың, оларды болдырмаудың ұзақ та қиын бір ғана жолы бар, ол қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескеріп және оларды басшылыққа алып, бүкіл халқымызға, әсіресе қазіргі және болашақтағы ұрпағымызға отбасында ұлттық тәрбие беру.

Сондықтан отбасында тәрбиені ұлттық негізде беруге жастарды, болашақ ата-аналарды, педагогтарды дайындауға бағытталған жұмыстар өз уақытысында және жеткілікті дәрежеде жүргізілуі тиіс.

«Қазақ отбасы тәрбиесі» оқу құралы осы мәселелердің шешімін табуға септігін тизеді.

I ТАРАУ

ҚАЗАҚ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қазақ отбасы тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері

Қазақстан Республикасының Конституциясында (27-бап) «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы, әрі міндеті», - делінген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру», – деп көрсетілген. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беретін мектептерде зияткер, дене бітімі және рухани дамыған азаматты қалыптастыру қажеттігі, ол үшін «Білім беру ұйымдары мен отбасыларда адамгершілік-рухани мәдениеттің жоғары деңгейіне қол жеткізетін болады» делінген. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың әр жылда халыққа арнайтын Жолдауында да отбасылық құндылықтарды сақтау, бала тәрбиесі мәселесін дәріптеу, ата-аналардың балаларын шынайы қамқорлыққа алу мәселелері тұрақты сөз болып келеді. Бұл жолдар әр баланың білім алуына мемлекеттің басты назар аударатынын және ол отбасының парызы екенін айғақтай түседі. Осы міндеттерді шешуде «Қазіргі отбасы тәрбиесі» оқу пәні жастарды отбасы тәрбиесіне дайындауда үлкен рөл атқарады. Бұл пәннің мақсаты-болашақ мамандарды тәрбие жүйесіндегі қазақ халқының отбасылық тәрбие өзгешеліктері мен отбасылық қарым-қатынас жайлы біліммен қаруландырады, көпғасырлық тәрбие әрекеті нәтижесінде жинақталған отбасы тәрбиесі жайлы пікірлерді өмірде қолдана алу дағдысын игертуді көздейді. Ал, пәннің міндеті-болашақ педагогикалық мамандық студенттерін қазіргі отбасы тәрбиесі мәселелерімен қаруландыру, орта ғасыр ойшылдары, ақын-жыраулар, ағартушылар, ғалым-педагогтар еңбектеріндегі отбасы тәрбиесі туралы ой-пікірлермен таныстыру болып табылады. Қазақ отбасылық тәрбиесінің теориялық, педагогикалық және психологиялық негіздерін

жасауға Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов т.б. үлкен үлес қосты.

Қазақ қауымы, ондағы отбасының тарихы, оның ерекшеліктері, ондағы бала тәрбиесі туралы Х.Арғынбаевтың, С.Мұқановтың, Д.Кішібековтың, С.Кенжеахметұлының, А.Жүнісовтың, Қ.Толыбаевтың, С.Қалиевтың, М.Оразаевтың, М.Смайлованың т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Қазақ этнопедагогикасының теориялық – әдіснамалық және қолданбалы негіздерін Т.Тәжібаев, М.Ғабдуллин, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, К.Қожахметова, С.Ұзақбаева, М.Балтабаев, Қ.Бөлеев, Р.Дүйсембінова, А.Қалыбекова, т.б. жасаған.

Кеңестік қоғамдағы отбасылық тәрбие проблемасы бойынша Қазақстандық ғалым-педагогтар Ж.Қоянбаев, Қ.Жақыпов т.б. арнайы еңбектері жарық көрген. Қазақ отбасында қыз бала мен ер баланы тәрбиелеу проблемасы Ж.Байжанованың, қыз бала тәрбиесі Т.Төленбаев пен Қ.Иманбаевтың, А.Исабекованың, А.Бекжігіт пен Ә.Ыстыбайдың, Г.Мейірханованың, Ж.Сарыбекованың, Б.Әлімқұлова мен Е.Әбдрамановтың, З.Башбаеваның, С.Дорженовтың, әйел және отбасы туралы Т.Байтастың ғылыми-көпшілікке арналған еңбектерінде жалпы түрде сөз болған.

Қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбиесі проблемасының кейбір мәселелері бойынша бірқатар диссертациялық жұмыстар қорғалған (Қ.Сейсембаев, С.Жамансариева, А.Дайрабаева, Ж.Сәкенов, А.Жумадуллаева).

Қ.Сейсембаевтың еңбегінде отбасылық тәрбиеде балаларды мектепке дайындауда қазақ халық педагогикасының озық идеялары мен тәжірибесін пайдалану мәселесі, С.Жамансариеваның зерттеуінде отбасы мен мектептегі қазіргі тәрбие практикасында қазақ халық педагогикасының идеялары мен дәстүрлері қарастырылған. Ал, А.Дайрабаеваның жұмысында қазақ халық педагогикасындағы қыздарға адамгершілік тәрбиесін берудің тарихы, Ж.Сәкеновтың зерттеу жұмысында жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге дайындауда халықтық дәстүрлерді пайдалану, А.Жумадуллаеваның жұмысында жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың педагогикалық негіздері анықталған. Ал, Ж.Сарыбекованың зерттеу жұмысында қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі және оған болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесі қарастырылған.

Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыздың осы асыл қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін әр оқытушы сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар өзінің бойына адамдық

құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы шарт. Ол рухани-адамгершілік тағылымдарды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып білім берудің барлық кезеңдерінде негізге алғаны жөн. Гуманизм, табиғатпен үйлесімділік, халықтық, еңбекте тәрбиелеу, сезімталдық, тәрбиенің жүйелілігі мен бірізділігі, талаптар бірлігі, бала тұлғасына ілтипат пен құрмет- бұлар ұрпақ тәрбиелеудің халықтық жетекші бастаулары жүйесін құрайды. Бұл принциптердің қадағалануы баланы табиғи жағдайда қояды, яғни оның дағдылы ортада өсіп жетілуін, туған тілінде оқып, мәдени-тарихи, рухани ұлттық дәстүрлер мен әдет - ғұрыптар арқылы тәрбиеленуін қамтамасыз етеді. Қазақ халқының отбасылық тәрбиесі басқа халықтарға қарағанда өзгеше жүзеге асырылады. Қазақ халық педагогикасында отбасылық тәрбиенің мынадай кезеңдері пайда болған: құрсақ тәрбиесі, бесік тәрбиесі, қыз бала тәрбиесі, ұл бала тәрбиесі, келін тәрбиесі, ер азамат тәрбиесі.

Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы сол халық отбасы тәрбиесінің де өзіне ғана тән мәдени құндылықтары қалыптасады. Қазақ отбасы тәрбиесінің өзіне тән ерекшеліктері оның халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыру да оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі. Қазақ табиғатында отбасы иелері ең әуелі өз ұлы мен қызының алдында тәрбиелі, өнегелі, көргенді, үлгілі болуға тырысқан. Оның ең басты себебі, «ұлдың ұяты - әкеде, қыздың ұяты - шешеді» деп бағалағандықтан. Әр халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасы - ұлттық мәдениетінің маңызды белгісі болып табылады. Ұлт тәрбиесінің сезімдік әсері зор. Сондықтан халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Бұл қазаққа тән жақсы қасиеттер мен ұлттық сананы ұрпаққа қалыптастыру, ұлтымыздың дүниетанымдық тәжірибесін жалғастыру дегенге саяды.

1.2 Қазақ отбасы тәрбиесі туралы орта ғасыр ойшылдары мен ақын - жыраулардың, қазақ ағартушы педагогтары және ғалымдардың ой-пікірлері

Қазақ халқы бала тәрбиесіне үлкен мән беріп, оған ерекше көңіл бөлген. Себебі, ол баланы отбасының және өмірдің жалғасы мен болашағы деп санаған. Қазақта отбасындағы бала тәрбиесінде әкенің алатын орны мен рөлі ерекше болған. Себебі әке – отбасын асыраушы, оның мүшелерінің тірегі, қамқоршысы және тәлімгері. Әкенің мінез-құлқы - өзгелермен қарым- қатынасы, өнері, білімі – баланың көз алдындағы үлгі өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Сондықтан қазақта әке туралы өнегелі нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер көп ақ.

Мысалы, «әке бәйтерек, бала жапырақ», «әкеге қарап бала өсер», «әке балаға үлгі».

Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болып өссе: «оның әкесі жақсы кісі еді, өнегелі жерден шыққан ғой», - дейді. Бұдан әкесі жақсылардың балалары да жақсы болмақ, ал әкесі жамандардың балалары – сондай болмақ деген қорытындыдан аулақпыз. Баланың жақсы-жаман болуы шыққан тегіне ғана емес, ол оның тәрбиесіне тікелей байланысты. Осыны ерте сезген халқымыз: «баланың тентек болмағы үйінен, жігіттің тентек болмағы биінен» немесе «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз; жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз», - деген.

Қазақ халқында әкелер өз өнерлерін балаларына үйретіп, оларды өздеріндей қол өнерші, күйші, әнші, мерген, аңшы, құсбегі етіп тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлген.

Осыдан келіп ата өнерін баланың қууы, оны мирас еті дәстүрге айналған. Мысалы, қазақ халқының өмірінде жеті атасына дейін күйшілік, әншілік, аңшылық, ұсталық өнерлерді қуып өткен адамдар жиі кездеседі. Содан «атадан бала тумас болар ма, ата жолын құмас боларма», «әке көрген – оқ жонар» деген нақыл сөздер пайда болған.

Отбасында адам өмірге келеді, тәй-тәйлап басады, бірінші қуанышы мен қиындығын кездестіреді, өседі, өнеді, одан үлкен өмірге аттанады. Олай болса отбасы деген не? Оның мәні неде? Қоғамда қандай рөл атқарады? Әр адамға не береді? Осы сұрақтарды жан-жақты қарастырып, шешуде әр заманда көптеген ойшылдар, ғалымдар атсалысқан. Ертеден бала тәрбиесіне үлкен мән беріліп, оған ерекше көңіл бөлінген. Себебі, бала отбасының және өмірдің болашағы деп саналады. Осыған орай отбасындағы бала тәрбиесін маңызды деп санай отырып, өткен ғасырлардан бастап көптеген ғұлама ойшылдар, ақын жыраулар, көрнекті ғалымдар өздерінің шығармалары мен ғылыми еңбектерінде осы мәселені жан-жақты қарастырған.

Дүниежүзіндегі әрбір халықтың өзіне тән отбасы тәрбиесінің тарихы бар. Сол сияқты, қазақ отбасы да өзіне тән ерекшеліктерімен сипатталады. Қазақтың отбасы мәселесіне байланысты бұрын-соңғы жазылып, кезінде баспа жүзін көрген үлкенді-кішілі ғылыми мақалалар мен монографиялық еңбектер, әдеттік құқық туралы жинақтар мен қазақтың ауыз әдебиеті фольклор деректері де көптен табылды. Мәселен, орта ғасырлық ғұлама ойшылдар Сағди, Науаи, Кайқаустың отбасы мәселесі төңірегінде айтқан құнды пікірлерінде балаларды отбасында тәрбиелеуге өте мән беріледі. Отбасы тәрбиесінің өзектілігі сонша, ерте кезеңнен ақ ақын-жыраулар шығармалырына арқау болған.

XV ғасырдың орта шенінен бастап қазақ елінің ішкі сыртқы қал жағдайы көрші жұртпен ара қатынасы жаңа арнаға түсе бастады, халық

арасынан сауатты, білімдар, ақылгөй адамдар бой көрсетті. Ұлан-ғайыр кең даладағы көшпелі тірліктің өзіндік ерекшеліктері де аз емес еді. Соның бірі – қиыннан қиыстыратын өнерінің ерекше өріс алуы болатын. Түрколог В.Радлов айтқандай, «Нақысты сөйлеуді бар өнердің алды деп білген халқымыз өнер алды – қызыл тіл, ал тіл шұрайы - өлең сөз, жыр толғау» - деп түйіндеді.

Жырау толғауларында табиғат аясындағы сәбидей пәк көшпелі халықтың тыныс-тіршілігі, болмыс бітімі, өзіндік психологиясы, өзін қоршаған орта туралы түсінігі бейнеленеді, ұлттық бояуға қанық афоризмдер мен көркем тіркестерге бай, нақыл қанатты сөздерден құралған философиялық толғаулар басым болды. Жыраулар мораль, этика, тәлім-тәрбие жайындағы ой түйіндерін, аса мәнді қоғамдық мәселелері мен қатар, әлем, болмыс, тіршілік, табиғат жайлы терең мәнді тұжырымдарды ортаға салды, ылғи халқымен кеңесіп отырды. Жыраулар поэзиясын Доспамбет пен Шалкиіз, Жиёмбет пен Үмбетей, Ақтамберді мен Бұқарлар жалғастырып ұрпақтан- ұрпаққа жетті.

Қазақ елінің сыртқы жаулармен айқастарында олар «жалаулы найза қолға алып, жарақты жауды жайратқан», Ерегескен дұшпанның басын кеспей тынбайтын Махамбет, «жауға шапқан ту байлап, шекті бұзған айқайлап» жауды жайратқан Жиёмбет, «Бас кесе де басылмай, ақ ісін жаудан жасырмай» жолбарысша жауған атылған Жолымбеттер сөзіне ісі сай, еркіндікті аңсаған шетінен намысқой, бір беткей, ер жүрек қолбасшы болғандығы белгілі.

Жыраулар өмірдің ұсақ мәселелеріне аз араласып, көбінесе заман-дәуір, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық, жамандық жайлы ойлар, болжаулар, қағидалы сөздер айтып отырған. Сондықтан да орта ғасырдағы қазақ поэзиясында жыраулар жетекшілік, ақылгөй тәрбиешінің рөлін атқарды. Олардың шығармаларынан ой-қиялдың байлығы, суреттеу тәсілдерінің кемелдігі мен әсемдігі, ойдың кең өрістілігі сезіледі. Ал, ақыл- ойға, терең тәлімге құрылған поэзиялық сөз маржандарынан ұлттық сипатты танытатын мәдени мұралардың тарихын танып білеміз.

Сөз болып отырған кезеңдегі ақын-жыраулардың дүниетанымы мен философиялық бағыттары жайлы әрі ғалым, әрі ақын Ә.Тәжібаев: «Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Бұқарлар айтқан толғаулардың бізге жеткен бөлшектеріне қарап отырсақ, тыңдаушысын теңіздей шайқайтын терең ойлардың толқынында жүзгендей сезінеміз. Кейде жақыннан, кейде ишаратпен алысқа меңзеулер, әлде қайда біз біле бермейтін арнаулы сөздерден жаралады да, өмір, тарих, қоғам, адам жөнінде ғажайып топшылаулар, толғаулар айтады », - дейді.

XV ғасырдағы қазақ ақын жырауларының көрнекті көшбасшылары Асан қайғы мен Қазтуған. Олардың өлеңдері мен өсиет

сөздерінен халық қамын жеген ақылгөй, қамқоршы бола білгені байқалады. Туған жерге, қолпаштап өсірген елге деген ыстық ықылас ел қамы, ар, намыс үшін күрес, әділдікті, туралықты құдырет тұту олардың шығармаларынан өзекті орын алған. Сондықтан да Асан қайғы, Қазтуған айтыпты-мыс дейтін өсиет өлеңдер әлде неше ғасыр өтсе де көнермей, жоғалмай халық жадында мәңгі сақталып, біздің дәуірімізге жеткен. Әсіресе, қазақ халқының әрбір төбесі мен өзен-көлін қастерлеп өткен, ол жайында ой топшылап келелі пікір айтқан Асан қайғы атымен байланысты аңыз әңгімелер мен өлең, жыр-толғаулары орасан көп.

Кейінгі ұрпақ әулие танып, аты аңызға айналған, Ш.Уәлиханов «көшпелілер философы» атаған Асан қайғы өз заманының үлкен ойшылы болған. Заманымыздың көрнекті ойшыл ғалымы, әдебиет тарихын терең зерттеп, тексерген Академик М.Әуезов айтқандай, Асан қайғы «өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиеті арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс елес, білік-дерек береді...»

XVII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Жиёмбет Бортоғашұлы жырау мен XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Ақтамберді Сарыұлының өмір жолы, ой арманы бір-біріне ұқсас болып келеді. Бұл екеуі де халық қамын жоқтаған, ел бірлігін сақтаған, ортақ жауға аттанып ойран салған әрі батыр, әрі ақын еді.

Жырау шығармалары негізінен нақыл, афоризмдік толғауларға толы келеді. Халқымыздың тіршілік тынысы мен кәсіби, мінез-құлық ерекшелігі, ақынның жастарға айтар өсиеті, өмірге деген көзқарасы оның толғауларынан айқын көрінеді.

«Болат қайнауда шынығады, Батыр майданда шынығады», - деп бағалаған жырау:

Жігіт жанды бұласа!

Ел шетіне жау келсе

Алдыңа, сірә, дау келсе

Батырсынған жігіттің

Күшін сонда сынаса! – деп жігіттің жігіттігі өлім мен өмір белдескен қан майданда сыналмақ дегенді меңзейді.

Жырау жалпы достықты, сыйласымды өмірді дәріптеген, оның нышаны отбасынан басталады деп ұққан. Адамгершілік қасиет отбасындағылардың бірін-бірі қадірлеуінен, әсіресе баланың қартайған әке-шешелеріне ерекше құрмет көрсетуінен көрінбек. Бұл халық педагогикасының ежелгі қалыптасқан дәстүрлі көзқарасы. Осыны ойға қазық, тілге тиек ете отырып, көпті көрген көне жырау:

Меккені іздеп нетесің

Меккеге қашан жетесің

Әзір Мекке алдында
Пейіліңмен сыйласаң

Атаң менен анадды! – деп ата-анаңа көрсеткен сый құрметің құдай жолын қуып, Меккеге барумен пара-пар деген ойды қорытады.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген, пәлсапалық дидактикалық толғауларымен ерекше көзге түсетін Үмбетей мен Бұқар жырау.

Үмбетей Тілеуұлы қазіргі Ақмола облысы, Ерейментау ауданында көшпелі шаруаның отбасында дүниеге келген. Үмбетей жырау ердің бақытына кесір болып жабысатын отбасындағы кейбір сөлекет жайларды көре біліп:

Ұрысқақ болса ұлың жау,
Керіскек болса келін жау.
Қойныңдағы қатының жаман болса,
Қаңтардағы мұзбен тең
Кей сорлының қатыны
Күндіз ауру, түнде сау –

Арқана артқан тұзбен тең, - деп отбасылық бірлікті, татулықты, сыпайы сыйласуды уағыздайды.

XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың ішіндегі биік тұлғаның бірі -Бұқар Қалқаманұлы. Ол арабша сауатты адам болған. Ел билеу ісіне белсене араласқан, Абылай ханның ақылшысы, қабырғалы билерінің бірі болған. Жыраудың өлеңдерінде ел берекесі, халық мүддесі көп сөз болады. Сонымен қатар Бұқардың көптеген жырлары отбасылық қарым-қатынас, адамгершілік мәселелеріне арналған. Ол адам өмірінің әр кезеңін суреттей келе ақыл мен қажыр тасыған жастық шаққа ерекше тоқталады.

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінген жиырма бес.
Күрек тісін қасқайтып,
Сұлуды құшқан жиырма бес
Іздесең де табылмас, - дейді.

Қарт жырау адам өмірінің ең қызықты кезеңі, ойына алған ісін қайратымен іске асыратын ақыл-қайрат пен талаптың тасыған шағы жиырма бесті іздесең де таппайсың, жас өміріңді дұрыс пайдалана біл деп ақыл айтып отыр.

Оған қарама-қарсы кәрілік «ел қонбайтын шөл», екі жағы ор. Түпсіз терең көл, алдың белгісіз қараңғы тұман түн деп қорытынды шығарады.

Көпті көрген жырау өз ұрпақтарына:
Қартайсаң қарт бабаңды сыйлай бер,
Күндердің күні болғанда,

Кімдерде кімнің дейсің белі бүгілмес, - деп қарт атаң мен әжеңді сыйла, өзіңе дейінгіні құрметтесең өзіңнен кейінгілер де сені сыйлайтын болады дегенді уағыздайды. Отбасының сәні сыйластық деп түйген жырау:

Екі жақсы бас қосса,

Санат емей немене...

Жақсымен жолдас болсаңыз

Айырылмасқа серт етер, -

деп ерлі-зайыптының тату- тәтті өмір сүруін қалайды.

Жақсы мен жаманды көп көрген дана қарт жастарға төмендегіндей тәлім айтады:

Айтқан сөзге түсінбес,

Жаман емей немене.

Сұрағанды бермеген,

Сараң емей немене.

Кісі ақысын көп жеген,

Арам емей немене.

Сыртындағы қулығың,

Амал емей немене... - деп сараң мен сахиды, адалдық пен арамдықты салыстыра сипаттап, ізгі адамгершілік қасиетті дәріптеп отыр. Сондай- ақ жырау шынайы достық пен қастықты салыстыра келіп:

Екі жақсы қас болмас,

Екі жаман дос болмас.

Дос болғанмен қош болмас.

Екі жақсы дос болмас,

Дос болса түбі бос болмас, - деген философиялық ой толғанысын жасайды.

Жырау жастарды шынайы достыққа ар-ождан, адамгершілік қасиеттерді өмір бойы қастерлеп өтуді айта отырып, өлмейтін, өшпейтін нәрсе жоқ, қоғам, табиғат, тірішілік үнемі қозғалыста, өзгерісте болады деген пәлсапалық топшылау жасайды.

Ш.Уәлиханов Шал ақын туралы алғашқы пікір білдірген адам. Ол Шал ақын өз елінің тарихи шындығын көтерген эпик жыраулардың бірі болғанын айтады.

Ұл бала мен ер жігіт тәрбиесі сұрауын халқымыздың әдет-ғұрпында отбасында ұл баланың келуін «ұл туғанға, күн туған» деп ерекше оны бақыт санаған. Оның себебі қазақта отбасының жалғасы, шаңырақтың иесі ұл бала болып есептелген.

Халқымыз ұл бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Оны мал бағуға, шөп және отын шабуға, аң аулауға, мылтық атуға, мергендік құруға, қол

өнер шеберлігіне үйренуге, мал тауып, отбасын асырауға әкелері үйреткен.

Әсіресе ұл баланы елін-жерін, халқын қорғауға ерекше тәрбие берген. Ол үшін ұл бала тәрбиесінде жас кезінен ауыз әдебиеті шығармаларын, оның ішінде батырлар жырын кеңінен пайдаланған. Сонымен қатар қазақ халқы «ұлға отыз үйден тыйым, он сан үйден сын» демекші ер жігітке айтылар сын көп, қойылар талапта жоғары болған. Халықтың дәстүрлі тәрбиесінде осы баға – «жігіт сыны деп аталады». Шал ақын өзінің шығармаларында жігіт сыны туралы былайша толғайды:

Бір жігіт бар – құр жан.

Бір жігіт бар – тірі жан.

Бір жігіт бар – жігіт жан.

Ақын сипаттаған «құр жан» дейтін жігіт – ішкенге мәз, жегенге тоқ, ар, намыс жоқ, тек кеудесінде жаны барлар. Ал, «тірі жан» деген жігіттер «бар тапқанын киім мен асқа сатар, жақын көрген досын жатқа сатар» опасыз, сатқын, ішін түземей сыртын түзейтін, сәнқой -сымақ, қара басын қамын ғана ойлайтын жандар. Ал, «жігіт жан» дейтін жігіт «сегіз қырлы, бір сырлы» болуы керек.

Шал ақын қазақтың ер жігіттерінің мінез-құлқының жұртқа үлгі боларлық қасиетін ұсына келеді де, былайша кеңес береді:

Жігіттер жау алмайды ақылды алсаң,

Білгішке көп білетін жақындасаң.

Қарап жүрген кісіге адам тимес,

Сабыр ғып өз бойыңды мықты ұстасаң...-

деп отбасында қандай тәрбие алу, бойына қандай қасиеттерді сіңіруге ұмтылуына қажеттігін ашып жазған.

Жігіттің мінезді болуы ақыл-парасатқа байланысты деп ой топшылаған ақын: «Ашу – дұшпан ақыл дос, ақылыңа ақыл қос» дейтін халықтың мақал- мәтелін:

Ашу–дұшпан болғанда нәпсі – жауың,

Ақыл–тұрған алдында асқар тауың.

Жүрекке Ашу келіп тұрған шақта,

Денеңнің біле алмайсың ауру-сауын,- деген өлен жолымен бейнелеп беріп, адамның ашу қысқан шақтағы психологиялық көңіл күйін қолмен қойғандай суреттейді.

Сондай-ақ, ер жігіттердің бойында болуға тиісті басты қасиеттер: өнерлілік, зиялылық, парасаттылық туралы Шал ақын:

Жақсының жүрген жері той болады,

Ақылы жоқ кей адамда бой болады.

Көрмеге қандай жаман болсадағы,

Парасат кей шаһбазда ой болады...- дейді. Бұл үзіндіден парасаттылық бойға, көрікке байланысты емес, көзге қораш адамдардың ішінде де жаны жайсаң, рухани байлығы мол адамдар болуы мүмкін деген ойды байқаймыз.

Ақын:

Майда бол жігіт болсаң тал жібектей,

Жарамайды қатты болу тікенектей.

Білімің болса дағы ұшан-теңіз,

Пайда жоқ өз халқыңа пайда етпей... - деп өнерлі, білімді, өнегелі азаматтың халқына адал қызмет етуін қалайды.

Өткен ғасырдың орта тұсында ұлттық өркениет қорына елеулі үлес қосқан ақылмандардың бірі ұлт тәлімінің дүлдүл жаршысы, патшаның отарлау саясатын қазақ елінің шырқын бұзған, дала халқының өзінше дамуына кесір-кесапат болған құбылыс деп, ешкімнен жалтақтап-жасқанбай, сындарлы пікі айтқандардың бірегейі Дулат Бабатайұлы болатын.

Дулат ата-ананың, көпті көрген даналардың ақыл-кеңестері жас буын тәрбиесінде таптырмайтын құрал екендігін баса көрсетеді:

Ата-ананың ақылы қазылған қара жолмен тең,

Жақсылардың ақылы гаухар шырақ шаммен тең.

Ол жастарға ата-ананды, үлкендерді тыңдап, дана қариялардың ақылын алсаң жақсы азамат болып өсесің, олардың ақыл-кеңесі әр уақытта алдыңда шырақтай жарқырап жанып, жол көрсетіп тұрады, қисық-қыңыр мінезді бойыңа дарытпауға, теріс жолға түспеуіне жағдай жасайды дейді. Ақын адамның жақсы, жаман болуы оның тегіне («сырын білмей бой салма, атасы оның текті деп, ... нашардан шыққан жақсының өзін жерге тастама, атасы нашар өтті деп») байланысты емес, кейбір мінезі нашар адамдардан да өнегелі, білікті кісі шығады, адамның адамшылығы оның отбасынан алатын тәрбиесіне, өмірлік тәжірибесі мен біліміне, бәрінен де өзіне байланысты, адамның кісілік қасиетін көрсететін оның сылдыр сөзі емес, нақтылы іс -әрекеті, іске тындырымдылығы дейді. «Жақсылар топта сөйлейді, ақылы мол болған соң»,- деп ондайларды барынша қастерлейді, ал ойға шорқақ, сөзге кедей енжар адамдардың зәредей мәселеде де шешімге келе алмай, әуре- сарсаңға түсіп, ойсыз, мақсатсыз өмір сүретіндігіне қынжылады. Мұндайлардың берекелі іспен, оқу біліммен айналыспай, тек құлқынын ғана ойлап екі ауылдың арасында босқа селтендеп жүруді әдетке айналдырғанын бар ашу ызасымен шенеп -мінейді.

Дулат Бабатайұлы отбасы тәрбиесінде еңбек ете білудің тәлімдік маңызын қазақ жағдайында күн тәртібіне ерекше мән беріп қойған ақын. Ол кімде-кім шама-шарқынша еңбектенсе өзін де, бала-шағасын да тарықтырмайды, еңбек адамды іздеген мұратына жеткізеді, өнерлі

болуға жетелейді, бір сөзбен айтқанда, ол адамды кісілікке, имандылыққа баулиды – деп түйіндейді. «Жігітке жетпіс өнер де аз», «Өнерді үйрен де жирен», дегендей ұсталық, зергерлік өнердің адам өміріндегі маңызына тоқталып темірден жасалатын сан-алуан құралдардың тірішілік үшін аса қажетті бұйымдар екенін айтып, жастарды еңбексүйгіш, өнерлі азамат болуға шақырады.

Махамбет Өтемісұлы шығармаларынан елге қорған болатын ер азаматтың психологиялық қасиеттері жайлы айтылған біраз тәлімдік пікірлерді ұшыратамыз. Халық қамқоршысы болған батыр ұлдардың ерлігін кейінгі ұрпаққа паш ету патриоттық тәрбиенің өзекті мәселесі. Халық жыршысы Махамбет Исатайдай адал, батыр ұлдарының ерлігін еске түсіру арқылы, кейінгі ұрпақтың олардан үлгі алып, солардың жолын қуса екен, халық қамын жесе екен деген тілекті көздейді. Жорық ақынының:

Ақ жұмыртқа, Сары уыз,
Әлпештеп қолдап өсірген...

Туған ұлдан не пайда,
Қолына найза алмаса,

Әке жолын кумаса,—деген өлең жолдарынан жас жеткіншектерге жасыңнан шынығып өс, ел жұртыңды, туған халқыңды қадір тұтып, қастерлей біл, атқа мін де халық қамын ойла, сонда ғана мақсатыңа жетесің, ата-анаңның ақ сүтін адал ақтайсың, ел сүйсінер азамат боласың деген ой тұжырымдап, ортаға салады.

Жастарды тәрбиелеудің келесі бір жолы – оларды жаман адамнан жирендіру. Осы айтылғанға орай бірде Махамбет былай дейді:

Жаманды байқап қарасаң
Күндердің күні болғанда
Өз басына өзі жау.

Жаман адамның өз басына жау болатын себебі ол істі ойланбай істейді де, мұнысымен өзімен қатар өзгелерге де опық жегізеді. Жаман кісі көбінде өзгенің несібесін жейді. Біреудің еңбегін пайдалануды, даяр асқа ие бола кетуді әдетке айналдырады.

Жас жеткіншектерді патриоттық рухта тәрбиелеуде, оларды халқына адал қызмет етуіне баулуда Махамбет өлеңдерінің маңызы ерекше. Бала психологиясына тән басты ерекшілік олардың ерлікті дәріптейтін шығармаларға өте әуес келетіндігі. Өйткені, мұндай шығармаларда адамға ерік-жігерлік, күш-қайрат беретін өнегелі сөздер көп болады. Бала мұндағы жігерлі адамдарды өздеріне идеал етіп еліктейді. Тіпті осындай патриоттық сарында жасалған шығармалар бала түгіл ересек адамға да ерекше әсер етеді.

Ел мүддесін ерекше қастерлейтін адамға туған халқына, ақ сүтін беріп әлпештеген анасын, ел-жұртын қорғаудан артық зор бақыт жоқ! Махамбет ақын осы мәселеге жастардың назарын ерекше аударады.

Арманы бар ма жігіттің,
Қапылыста тап берген.
Тайталаста жауымен
Туып- өскен жері үшін
Жалаулы найза қолға алып
Қолақпандай қомданып,
Жау тоқтатып айқаста
Құрбан болса ел үшін.

Жастарды патриоттыққа, елін-жұртын, туған халқын жан-тәнімен сүю рухында тәрбиелеу – Махамбет өлеңдерінің өзекті тақырыбы.

XIX ғасырдың екінші жартысында Оңтүстік Қазақстанда өмір сүрген, әлеуметтік теңсіздік мәселелері мен отбасылық қарым-қатынас, адамгершілік мәселелерін кең көлемде жыр еткен көрнекті ақын-жыраудың бірі – Майлықожа Сұлтанқожаұлы қазіргі Шымкент облысы, Қызылқұм жерінде туып өскен.

Майлықожаның бір топ өлеңдері отбасылық қарым-қатынасқа, жақсы жар таңдауға арналған. Ақын жақсы жар деген не, жаман әйел қайдан шығады деп, бұл екеуін салыстыра суреттеп, алғашқысының екіншісінен қандай қасиеттерімен ажыратылатынын көрсетеді. Мысалы, «Жақсы болсын жұбайың» деген өлеңінде ол жаман әйел салақ, шаруаға қыры жоқ, еңбек сүймейді, кешке дейін үй қыдырып, айнала өсек тасумен болады, ерінің бетінен алып, шайпаулығымен, бетпақтығымен, долылығымен жолдасының сағын сындырады, мұндай әйелге кез болған еркектің «белге соққан жыландай» амалы құрып, «өмірі арманда өтетінін», қапалықпен ғұмыр кешетінін айтады.

Майлықожа халқымыздың «Жақсы әйел жаман ерді түзетеді», «Екі жақсы қосылса өлгенінше дос болады, екі жаман қосылса өлгенінше өш болады» - дейтін аталы сөздеріне сүйене отырып:

Жаман қатын жігіттің,
Тайдырады табанын.
Тар қылады заманын.
Жақсы қатын жігіттің,
Адам қылар жаманын

Ұшқыр қылар шабанын, -деп жастарға жақсы жар таңдай білудің маңызын түсіндіріп, келелі ақыл-кеңес береді, бірақ ақын әйелдің әлеуметтік құқықтары туралы пікір қозғамайды, оның пікірінше әйел тек үй ішінің құты, сүйген жар, баланың анасы деген түсінік шеңберінде ғана қалған.

Ақын-жыраулардың отбасы тәрбиесі жайлы жоғарыда айтылғандай маржандай тізілген әдемі сөз тіркестерінен халқымыздың ой арманы мен ар -намысын қастерлеген аталық ақыл өсиет сарындары сезіледі. Отанға, халқына деген сүйспеншілік, патриоттық сезім аңғарылады.

Майлықожа өлеңдерінде халық педагогикасының қаймағы болып табылатын мақал-мәтелге айналған аталы сөздер көптеп кездеседі. Мысалы, «Жақсының жолы жарық күн, жаманның жолы көмескі», «Ерінбей бейнет еткеннің, еңбегі дейді жанады», «Өңкей жақсы қосылса, бітіреді кеңесті. Өңкей жаман қосылса шығарады егесті» т.с.с. Осы арқылы ақын жастарды ойы орамды, тілге бай, өнерлі -өнегелі етіп тәрбиелеуге көңіл бөлген. Қазіргі жастар асыл ойға құрылған сөз маржандарын біліп қана қоймай, оларды өз бойларына дарытатын болса, онда жан-жақты өскен елдің өнегелі азаматы болары даусыз.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап отбасына деген тарихи көзқарастарды ғылыми көзқарастар толықтыра түсті. Мысалы, 1877 жылы шыққан «Ежелгі қоғам» атты кітабында Л.Морган отбасының тарихын, оның некелі қарым-қатынасын, экономикалық, әлеуметтік дамуын және қызметін қарастырған. Одан кейінгі уақыттарда отбасы туралы бірінші марксистік ілімдер туды. Ф.Энгельс 1884 жылы шыққан «Отбасының жекеменшіктің және мемлекеттің тегі» атты еңбегінде отбасын тарихи категория ретінде қарастырып, оның формаларының байланысын, даму жолдарын көрсетті. Француз ағартушысы Ж.Ж. Руссо, швейцарлық И.Г.Пестолоцци, орыс педагогтары К.Д.Ушинский, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко т.б. қарастырды.

Отбасы мәселелерін Қазақстанда М.Жұмабаев, С.Қалиев, М.Жарықбаев, Ж.Б.Қоянбаев, К.Бейсенбиева, М.Тажин, Б.Аяғанова, Ж.Сарыбекова, Л.Ибраимова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Ғалым Мәтжан Тілеужанов өзінің «Қазақ тағлымы» монографиясында қазақ тағлымының негізін бағыттарын атап көрсетті. Олар: Ар ождан тазалығын сақтау, ақыл ойлы парасатты болу, барлық әрекетінен, сөйлеген сөзінен қарым қатынасынан көзқарасының ғибрат иісі аңқып тұру; ерте тұрып, кеш жату, аз сөйлеп, көп тыңдау, иманды, инабатты, қайырымды болу; жас ұрпаққа тәрбие беруден жалықпау, халық дәстүріне берік болу, оны жаңарту, әдет ғұрыпта жоқ нәрселерден аулақ болу: сегіз қырлы бір сырлы болу, халқының рухына кір салмау, ел берекесін сақтап, оның баюына үлес қосу. Сонымен дәстүрлі педагогикада жас ұпақты тәрбиелеудің негізгі мақсаты жан жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру деп көрсетілген.

Ғалымдардың тұжырымдамалары бойынша отбасы - адамдардың яғни некелік жүзінде қосылған еркек пен әйелдің, олардың туған немесе тұмаған балаларының, кей кезде басқа да бірге тұратын жақын

адамдарының қарым-қатынастық, бірлестік формасы. Авторлардың ойынша, бұл анықтама барлық отбасының кез-келген даму кезеңдерінің мәні мен сипатын қарастырады.

1.3 Қазақ отбасы тәрбиесі, оның негізгі ұғымдары

Бала тәрбиесінің негізі - бұл оның отбасы. Осы шағын әлеуметтік топ - бала үшін өмір мектебі. Отбасындағы ата-ана баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Баланың болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты. Сондықтан, әрбір ата-ана өзінің баласын білімді, мәдениетті, жан-жақты етіп тәрбиелеуге міндетті. Қазіргі кезде отбасы тәрбиесі мәселесі әлемдік деңгейде қарастырылуда. Оған «Балалар құқығы туралы Конвенция» (1995), Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» (2007), Қазақстан Республикасының «Балалардың құқығы туралы Заңы» (2002). Үкіметтен қолдау тапқан бұл құжаттарда үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы балабақшадан бастап, мектеп аяқтағанға дейінгі балаларды оқыту, тәрбиелеу мәселесін жоспарлы түрде шешіп, отбасына педагогикалық көмек беруді мақсат етеді. Ал, ата-ананың педагогикалық білімінің неғұрлым жоғары болуы олардың қоғам алдында өз балаларының тәлім-тәрбиесі үшін жауапкершілігін арттырады. Сондықтан да баланы жағымды ортада тәрбиелеу мен оқыту қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазіргі кездегі жасөспірімдердің арасындағы қылмыстың көбеюі, жа стардың нашакорлығы, адамзаттың басынан төніп тұрған әр түрлі дерттің қанат жаюы, бүкіл әлемді аландатып отыр. Баланың негізгі тәрбиешісі-өзінің туып өскен ортасы, ата-анасы. Баланың дұрыс азамат болып өсуі немесе қате жолға түсуі көбінесе үлкендерге байланысты. «Баланы-жастан...» деген сөздің мазмұны өте терең. Себебі, есейіп кеткен соң баласының теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын. Жасөспірімдердің білім алуында, тәрбиесінің дұрыс қалыптасуында мектеп пен отбасының тығыз қарым-қатынаста болуы қажетті жағдай болып отыр.

Отбасы мәселесін көптеген әлеуметтану, философия, психология, педагогика, демография, құқық, әдептану, тарих т.б. ғылымдардың қарастыруына байланысты көптеген анықтамалар кезіктіруге болады. Олай болса, отбасының бірнеше анықтамаларына тоқталайық.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Отбасы» – өзіне, «неке мен қандас туысқа негізделген шағын топ»– деген анықтама берілген. Оның мүшелері тұрмыстық ортақтығы, өзара көмек және рухани жауапкершілік арқылы байланысқан. Қоғаммен, бүкіл қоғамдық қатынастардың жүйесімен тығыз байланыста бола тұрса да, отбасы қоғамдық өмірге қарағанда адамдардың белгілі дәрежедегі дербес

сырлас тобы. Отбасы өмірі материалдық және рухани үрдістерімен сипатталады. Табиғи-биологиялық және шаруашылық тұтыну қатынастары оның материалдық жағын құраса, рухани жағын құқықтық, адамгершілік және психологиялық қатынастар құрайды. Отбасы еркек пен әйелдің табиғи физиологиялық және басқа қажеттерін (рухани, этикалық, эстетикалық, т.б. қажеттерін) өтеп, ұрпақ өсіру арқылы қоғамды қалпына келтіре дамытушы әлеуметтік топ болып табылады.

Философиялық тұрғыда «отбасы» – қоғамның ажырамас құрамды, өмірде зор мәні бар кішігірім ұйым деп берілсе, әлеуметтану ғылымында отбасы некеде және қандас туыстар негізінде құрылған кішігірім топ деп берілген. Оның мүшелері бір-бірімен тұрмыстық, моралдық, жауапкершілік, өзара жәрдем көрсету қарым-қатынаста болып, әлеуметтік құрылыс ретінде қоғамның экономикалық базисінің дамуына байланысты өзгеріп, жекелей дербестікте болады деп көрсетеді.

Ал, педагогикалық-психологиялық тұрғыда отбасы - ата-ана мен балалар арасындағы, ерлі-зайыптылардың және басқа да отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының тарихи нақты жүйесі болып табылады.

Отбасы мен бала тәрбиесі ғылыми-теориялық және әдістемелік мазмұнға бай. Ежелгі грек ойшылы Платон «Адамдар отбасын құру үшін болашақ өмірдегі серігінің қандай отбасынан шыққанын, оның әке-шешесі мен ата-бабаларын жақсы білуі қажет» деп есептесе, Аристотель «Отбасы – адамдардың қарым-қатынастарының ең бірінші түрі және ол мемлекеттің бірінші кішігірім бөлігі» деп санаған.

Классикалық неміс философиясының өкілі Кант отбасы мәселелесін қарастыра отырып, ондағы адамдардың құқықтық мәселелеріне көп көңіл бөлген. Фихте отбасының негізі -махаббат десе, Гегель бірінші болып отбасы мен некенің тарихи формаларын көрсеткен.

Отбасының формасы мен атқаратын міндеттерінің өзгеруі өндіргіш күштердің дамуына, яғни адамның шығу тегін айқындайтын элементтердің қалыптасуына байланысты болады. Бұл жөнінде Ф.Энгельс өзінің «Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген еңбегінің кіріспесінде былай деп жазды: «Қоғамның материалистік ұғымына сәйкес тарихтағы шешуші күш сайып келгенде өмірді тікелей өндіру және ұдайы өндіру болып табылады. Алайда, өндіріс те екі түрлі болады. Бірінші жағынан-тіршілік қажеттерін: азық-түлік, киім-кешек, баспана және бұларды өндіру үшін қажетті құралдар өндіру; Екінші жағынан -адамның өзін өндіру, ұрпақты өсіру.

Белгілі тарихи дәуірде және белгілі бір елде өмір сүретін адамдардың қоғамдық қатынастары өндірістің осы екі түрімен: бір

жағынан, еңбектің, екінші жағынан, отбасының даму дәрежесімен анықталады...».

Отбасы тәрбиесі – нақты отбасы жағдайындағы ата-ананың басқа туысқандарының ықпалы арқылы берілетін тәрбие мен білім беру жүйесі. Бала бойында жақсы мінез-құлықтарды сіңіруде ата-ананың, үлкендерінің жеке бас үлгі-өнегесі ерекше рөл атқарады. Бала оларға қарап, еліктеп өседі. Кейбір ата-ананың балаға айтар өсиеті мен күнделікті тіршіліктегі іс-әрекеті, мінез-құлқы сай келе бермейді. Балаға өтірік айтпа, ұрлық істеме, біреудің ала жібін аттама, кісіге қиянат жасама дей отырып, ата-ана немесе отбасының өзге мүшелерінің өзі осы қылықтармен айналысса, бала тәрбиесіне теріс әсер етері сөзсіз.

Профессор К.Ж.Қожахметованың зерттеулеріне сүйенсек, тәрбиедегі этноәлеуметтік рөлдік бағытты жоғары қояды. Ол ерте балалық шақтан бастап этноәлеуметтік рөлдерге бейімділігін және оның адам өмірінің барлық кезеңінде жалғасын табатынын көрсетеді. Тәрбиеге этноәлеуметтік рөлдік тұрғыдан келу қазақ этникалық тәрбиесінің, оның ішінде отбасы тәрбиесінің негізгі қағидасы болып саналады. Отбасында баланың жас және жыныстық ерекшеліктеріне орай этноәлеуметтік рөлдері игеруі оның дамуының көрсеткіші болып табылады. Отбасы қызметі қарым-қатынас процесінде және отбасы мүшелерінің өзара әрекетінде жүзеге асады.

Отбасы қазіргі мағынасында – бұл некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасылық қатынастарды нығайту мен дамытуға септігін тигізетін, мүліктік және мүлікке қатысты емес жеке бастың құқықтарымен байланысқан адамдар тобы.

Осы анықтамалардан түйіндейтініміз: адамның өз өмірінің негізгі процестерін бастан кешіретін кіші әлеуметтік топ -отбасы болып табылады. Отбасындағы әрбір адам өмірінің онымен тығыз байланыстылығы сонша, ол әрбір отбасы мүшесінің дамуына шешуші әсер етеді.

Отбасының жоғарыда келтірілген анықтамасы бойынша, ол отбасындағы қатынастар, отбасының құрылымы мен формасы тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топ.

Сонымен қатар отбасы тәрбиесіне қатысты келесі ұғымдарды да қарстырып өткеніміз жөн.

Әдеп –халқымыздың үлкеннің кіші алдындағы, кішінің үлкен алдындағы, әйелінің ері алдындағы немесе ерінің әйелі алдындағы әдеп сақтау үлгілерінің көрінісі. Мысалы, ата-ананы сыйлау сәлем беру , үлкен адамның жолын кеспеу т.б. әдептілік нормаларды айтады. Әр адамның адамгершілік қасиеттерінің көрінісі т.б. халықтық тәрбиенің өзін-өзі тану жолындағы үлгісі болып табылады.

Нақыл –өнеге өсиет, тақпақ, жыр негізінде айтылатын тәжірибеден алынған тәрбиелік сөз. Ұлы адамдардың нақыл сөздері жастардың жадында сақталып, зор тәрбиелік рол атқарған.

Өсиет- кейінгі ұрпаққа айтылған ақыл-кеңес, ғибрат, өнеге, ата-ананың ұрпағына айтқан тәрбиелік сөздері.

Ұлттық тәрбие –жалпы адамзаттықты ұлттық пен бірлікте ұштастыратын азаматтарды, ұлт мүшелерін қалыптастыру; мәдениет, тілді білуімен қатар ол қазіргі білімді де меңгеруі тиіс.

Үлгі- өнеге – жеке адамның басқаға үлгі көрсетіп, өнегесін үйретуі. Жеке тұлғаның білімділігі, еңбекқорлығы, имандылығы, үлгілі мінез-құлқы жастарға үлгі-өнеге болады.

Көрегенділік –жеке адам бойындағы имандылық, кішіпейілділік, әдептілік тәрізді адамгершілік қасиеттердің жиынтығы. Көрегенділік жақсы үлгімен тәлім –тәрбие алғанын білдіреді. Көрегенділіктің әуелгі қайнары –әдеп болса, алғашқы белгісі амандасудан көрінеді.

Қазақстандық патриотизм – әрбір азаматтың өз Отанының тағдырына, қауіпсіздігіне, болашағына деген жауапкершілігін сезіну. Барлық азаматтардың ұлты мен конфессиясына қарамастан қазақ халқының тарихы мен мәдениетін құрметтеу, мемлекет рәміздеріне, мемлекеттік тілге құрметпен қарау. Қазақстанды барлық азаматтарының бірыңғай Отаны ретінде түсінуі.

Отбасылық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы *отбасылық құқық* деп аталады.

Отбасы – неке қатынастарын реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт. Неке–отбасын құрудың негізі болып табылады. Ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туындататын отбасын құру мақсатымен, заңда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты – неке деп түсінуіміз қажет. Егер неке тіркелмесе де, бірақ еркек пен әйел бірге тұрып, балаларын тәрбиелеумен айналысып жатса, мұны да отбасы деп айтуға болады. Егер кәмелетке толған балалары ата-анасымен бірге тұрып, оларға қамқорлық жасап, материалдық көмек көрсетсе–бұл да отбасы. Адамдар арасында некеден, туыстықтан, бала асырап алудан, отбасына тәрбиелеу үшін бала алудан туындайын қатынастар -отбасылық қатынастар деп аталады. Бірақ отбасындағы қатынастардың бәрі бірдей құқық жөнімен реттеле бермейді.

Отбасындағы қатынастар, негізінен, адамгершілік, ізгілік - өнегелік нормалары негізінде реттеледі. Бұл өзара құрмет, сүйіспеншілік, қамқорлық және имандылық қолдаудың көрінісі.

Отбасылық өмір қалыбы, көбінесе ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға сүйенеді (үлкендерді қадірлеу, отбасын қамтамасыз ету оның басшысы ретінде толықтай ер адамға жүктеледі, туысқандарды қадірлеп, құрметтеу). Отбасының ішкі мәселелері отбасы мүшелерінің өзара келісімі бойынша шешіледі. Егер ол мәселе кәметке толмағандардың мүдделеріне қатысты болса, оны шешуге балалар да қатыстырылады. Құқықтық нормаларға араласу отбасылық қатынастар бұзылғанда қажет. Жеке басылық қатынастармен салыстырғанда отбасылық мүліктік қатынастар құқық арқылы егжей-тегжейлі реттеледі, өйткені бұл қатынастардың объектісі материалдық игілік болып табылады. Отбасылық құқық азаматтық құқықпен тығыз байланысты. Мәселен, отбасылық құқықпен реттелмеген отбасы мүшелерінің арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттеуге азаматтық заңнама қолданылады, өйткені ол отбасылық – некелік қатынастардың мәніне қайшы келмейді. Қалай десек те ата-ананың өз ұрпағы алдындағы міндеттері мен құқықтарын ешкім бөліп атқармақ емес. Отбасындағы ата-анаға өздері өмірге әкелген баласы үшін қаншалықты жауапкершілік жүктелетіндігі елімізде заң жүзінде қарастырылған.

ҚР бірқатар заңнамаларында ата-атаның бала тәрбиесіндегі міндеттері және өз міндеттерін орындамағаны үшін жауапкершілік қарастырылған. Неке және отбасы туралы Кодексіңде (26.12.2011ж.) 70-бап.

Ата-аналардың баланы тәрбиелеу және оған білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері:

1. Ата-аналар өз баласының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті.

2. Ата-аналардың өз баласын тәрбиелеуге құқығы бар және осыған міндетті. Ата-аналардың барлық өзге адамдар алдында баласын тәрбиелеуге басым құқығы бар.

Бала тәрбиелеуші ата-аналар оның дене бітімі, психикалық, адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады.

3. Ата-аналар баласының міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ата-аналардың бала жалпы орта білім алғанға дейін оның пікірін ескере отырып, білім беру ұйымын және баланың оқу нысанын таңдауға құқығы бар.

71-бап. Ата-аналардың баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтары мен міндеттері

1. Ата-аналар өз баласының заңды өкілдері болып табылады және арнайы өкілеттіктерсіз кез келген жеке және заңды тұлғаларға қатысты, оның ішінде соттарда оның құқықтары мен мүдделерін қорғайды.

2. Егер қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган ата-аналар мен баланың мүдделері арасында қайшылықтар барын анықтаса, ата-аналар өз баласының мүдделерін білдіруге құқылы емес. Ата-аналар мен баланың арасында келіспеушіліктер болған жағдайда, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган бала-ның құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін өкіл тағайындауға міндетті.

Егер ата-аналар балаға қатысты ата-ана құқықтарынан айрылған не олар шектелген жағдайда, баланың мүдделерін білдіруге құқылы емес.

Қазақстан Республикасының «Білім беру» туралы Заңында ата-аналардың өз балаларына, қамқорлыққа алынған балаларға қамқор заңды өкілдер-қамқоршылардың алдындағы тәрбиелеу мен білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері айтылады. Ата-аналар және өзге де заңды өкілдері:

1. Балаларға өмір сүруі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың интеллектуалдық және дене күшін дамытуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2. Бес (алты) жасында балалардың мектепке барар алдындағы дайындығын қамтамасыз етуге, ал алты (жеті) жастан бастап жалпы білім беретін мектепке беруге;

3. Білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық жасауға; балалардың оқу орнына баруын қамтамасыз етуге міндетті (38 бап.)

Неке мен отбасын қорғау. Неке мен отбасын қорғау екі түрде жүзеге асырылады: *юрисдикциялық және бейюрисдикциялық.* Біріншісінде-отбасының құқығы бұзылған немесе дауланатын құқықты қорғау жөніндегі өкілетті мемлекеттік органдарды қарастыру арқылы жүзеге асырылады. Бұлар сот, прокурор, азаматтық хал актілерін тіркеу (АХАТ) органдары, қамқоршылық органдары, ішкі істер органдары. Екінші түрі – отбасының құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтар мен ұйымдардың іс - әрекеттері. Азаматтар бұл әрекеттерді мемлекеттік органдардан көмектесуді өтінбей-ақ өздері іске асырады. Мұндай іс - әрекеттерді – құқығын өзі қорғау деп атайды. Мысалы, құқығы бұзылған баланың ата-анасы тәртіп бұзушы баланың ата-анасымен кеңесіп, оған кешірім сұрауға ұсыныс жасайды және т.б. *Сот арқылы қорғау* – отбасы құқығын қорғаудың бір түрі болып табылады. Бұл істе прокуратура, ішкі істер органдары, АХАТ органдары, тәрбиелік мекемелер, атқарушы органдар – әкімдіктер үлкен рөл атқарады. Мысалы, әкімдіктер ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау шараларын

қолға алуға, ондай балалары есепке алуды ұйымдастырып, оларды отбасыларға орналастыруға көмектесуге міндетті. Ішкі істер органдары баланы күштеп тартып алуға, сондай-ақ алимент төлеуден жалтарып жүрген адамдарды іздестіруге байланысты шешімдерді күштеп орындауға қатысулары мүмкін.

Некеге тұрудың шарттары мен тәртібі. Неке жасы. Некеге тұру некеге тұрушы ері мен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жету болып табылады.

Егер неке күш көрсету, алдау, қорқыту жолымен қиылған болса, онда ол жарамсыз деп танылуы мүмкін. Некеге тұру келісімін некені тіркеу рәсімінің барысында некеге тұрушы адамның тікелей өзі ауызша білдіреді және оның қолын қойғызу арқылы расталады. Соның өзінде ата-аналарының немесе туыстарының келісімі талап етілмейді. Дей тұрғанмен, қай жағынан алып қарағанда да ата – анасының құптауы болашақ отбасы үшін өте маңызды екендігі күмәнсіз. Отбасын құру үшін неке жасына жетудің үлкен маңызы бар. Некеге тұрушылар белгілі бір рухани және күш-қуат кемелділігіне ие болуы керек, ол белгілі бір жаспен байланысты. Біздің заңымызға сәйкес неке жасы – 18 жас. АХАТ органдары дәлелді себептері болған жағдайда неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендете алады. Неке жасына жетпеген адамдардың некеге тұруына ата – аналарының келісімі бойынша ғана рұқсат етіледі. Жүктілік немесе баланың тууы, әскери қызметке шақырылуы, кәмелетке толмағандардың нақты отбасын құруы дәлелді себептердің қатарына жатады. Соның өзінде басқа да дәлелді себептердің болуы мүмкін. Некеге тұратын адамдар медициналық, сондай-ақ, генетикалық мәселелер және репродукциялық денсаулық қорғау мәселелері бойынша консультациялар алып, тексеруден өтулеріне болады. Мұндай тексерулер некеге тұратын адамдардың екеуінің келісімімен ғана өткізілуі тиіс. Некеге тұратын адамдарды тексерудің нәтижелері медициналық құпия болып табылады және ол некеге тұруға ниеттенген адамға тексеруден өткен адамның келісімімен ғана хабарлануы мүмкін. Болашақ ерлі – зайыптылар АХАТ органына өздерінің некеге тұрғысы келетіндіктері туралы бірлесіп жазбаша түрде мәлімдеуі керек. Ал олардың біреуі АХАТ органына бірге өтініш беру үшін келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда қалай істеу керек? Егер ол дәлелді себептермен АХАТ органына келе алмайтын жағдайда ол адамдардың некеге тұруды қалайтындықтары жөніндегі нотариус куәландырған өтінішін табыс етуге заң рұқсат береді. Некеге тұратын адамның тікелей қатысуымен неке мемлекеттік АХАТ органдарында қиылады. Некені сенімхат бойынша немесе өкілдер арқылы қиюға тыйым салынады. Қамауда немесе бас бостандығынан айырылғандар некеге отыра алады. Алайда оларда мемлекеттік тіркеу АХАТ та емес,

бас бостандығын айыру орнында немесе қамауда отырған жерде жүргізіледі. Заңда неке қиюға кедергілер де көзделген. Бұл өзге тіркелген некенің болуы, болашақ ерлі – зайыптылардың жақын туыстығы, некеге тұрушылардың біреуінің іс - әрекетке қабілетсіздігі, сондай-ақ бала асырап алушылар мен асырап алғандар арасында неке қию.

Некелік шарт. Некелік шарт – біздің тұрмысымызға салыстырмалы түрде жақында енген ұғым. *Некелік шарт деп* – некеге тұратын адамдардың немесе ерлі-зайыптылардың некеде тұрғандағы немесе оны бұзған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісімдері танылады. Некелік шарт міндетті түрде жазбаша жасалуы және нотариуспен куәландырылуы қажет. Некелік шартты некеге отыратын адамдардың тікелей өздері, сондай-ақ адвокат не нотариус толтыруы мүмкін екендігін айырықша атап көрсету қажет. Некелік шартты нотариалды куәландыру үшін жекеменшік немесе мемлекеттік нотариусқа жүгіну керек. Некелік шартты некені тіркегенге дейін, сондай -ақ некеде тұрған кез келген уақытта жасасуға болады. Некелік шарттың субъектілері не ерлі-зайыптылар, не некеге енді тұруға әзірленіп жатқан адамдар болуы мүмкін (күйеу мен қалыңдық). Ерлі-зайыптылар, яғни АХАТ органдарында тіркелмеген, бірақ бірге тұратын және бір-біріне қамқорлық көрсететін адамдар некелік шарт жасаса алмайды. Некеге тұратын кәмелетке толмағандар (18 жасқа дейінгі адамдар) ата-аналарының немесе қамқоршыларының келісімімен ғана некелік шарт жасаса алады. Бұл кәмелетке толмағандардың өз бетінше некелік шарт жасасуына тыйым салынады деген сөз. Некелік шарт жасасу-некені тіркеу үшін қажетті шарт болып табылмайтындағын атап өту керек. Некеге отыратын адамдардың немесе ерлі-зайыптылардың неке шартын жасасуы немесе оған қол қоюдан бас тартуы ерікті түрде шешіледі, өйткені бұл олардың міндеті емес, құқығы болып табылады. Бірақ сонымен бірге неке шартында ерлі – зайыптылардың немесе некеге тұратын адамдардың ортақ еркі білдірілуі тиіс.

Некені тоқтату және оның негізі. Ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтық қатынастарының тоқтатылуын некенің тоқтатылуы деп түсінеді. Неке заңда айқындалған белгілі бір оқиғалардың тууына байланысты немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің не екеуінің бірдей қалауымен тоқтатылады.

Некені тоқтататын оқиғалар қатарына мыналар жатады:

- ерінің қайтыс болуы;
- соттың ерлі -зайыптылардың біреуін өлді деп жариялауы;
- некенің бұзылуы (ажырасу).

Некенің тоқтату негіздерінің тізімі толық болып табылады.

Ері қайтыс болған немесе ерлі-зайыптылардың біреуі өлді деп жарияланған жағдайда неке өздігінен тоқтатылады. Егер артында қалған адам жаңадан некеге тұрғысы келсе, бұрынғы неке бойынша ерінің өлгені бойынша АХАТ органдары берген куәлікті көрсетсе де жеткілікті.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 31 – бабына сәйкес, егер азамат тұрақты тұратын жерде үш жыл бойына ол туралы ешқандай мәліметтер болмаса, егер ол өлім қаупі төнген жағдайда немесе оның өлімі алты ай ішінде жазатайым оқиғадан болды деп есептеуге негіз болатын жағдайларда хабар-ошарсыз кетсе, ол азамат мүдделі адамдардың арызы бойынша сот арқылы өлді деп жариялануы мүмкін. Сот азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы шешім шығарған сәттен бастап, онымен неке тоқтатылды деп есептеледі. Кейде қайтыс болды деп жарияланған адамдардың шындығында тірі болып шығатын жағдайлары да кездеседі. Өлді деп жарияланған жұбайы тірі келген жағдайда сот әлгі шешімді бұзады, бірақ тоқтатылған неке өздігінен қалпына келтірілмейді. Ол ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші бойынша АХАТ органдары арқылы қалпына келтірілуі мүмкін. Егер қалпына келтіру туралы өтініш берілмесе, ерлі-зайыптылардың екеуінің де тірі екендігіне қарамастан, неке тоқтатылған деп есептеледі. Басқа жұбай жаңа некеге тұрған жағдайда, бұрынғы некені қалпына келтіре алмайды. Жаңа некенің тағдыры түрліше шешілуі мүмкін: ол не сақталады, немесе бұзылады, бұл кейін бұрынғы жұбайымен некесін тіркеуге мүмкіндік береді.

Некені бұзу, ажырасу. АХАТ органдарында некені бұзу. Ерлі-зайыптылардың көзі тірі кезінде неке, олар ажырасса ғана тоқтатылады.

Ажырасу арқылы некенің тоқтатылуы, АХАТ органдары немесе сотта заңда белгіленген тәртіп бойынша іске асырылуы мүмкін.

Некені бұзу АХАТ органдарында ерлі-зайыптылардың біріккен және жекелеген ерекше жағдайларда – жұбайлардың біреуінің өтініші бойынша жүргізіледі. Ал сотта некені бұзу ерлі – зайыптылардың екеуінің бірлескен, сондай-ақ жұбайлардың біреуінің өтініші бойынша жүргізіле береді.

Некені бұзу үшін мынадай үш шарттың болуы қажет:

- АХАТ органдарында ерлі-зайыптылардың некені бұзу жөніндегі өзара келісімі;

- кәмелетке толмаған балаларының болмауы;

- бір-біріне мүліктік және өзге де талаптарының болмауы.

Некені бұзу АХАТ органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуді қажет етеді. Тіркеу некені бұзу жөніндегі өтініш берілген күннен бастап бір ай өткенде жүзеге асырылады. Бір ай мерзім ерлі-зайыптыларға қабылдаған шешім туралы тағы да әбден ойланып-тоғану үшін беріледі.

Некені тіркеу үшін берілетін мерзімнен айырмашылығы, некені бұзған кезде оның мерзімі ұзартылып не қысқартымайды.

Ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некені АХАТ органдарында бұзумен қатар, заң жұбайлардың біреуінің өтініші бойынша некенің бұзудың қарабайыр оңайлатылған тәртібін де белгілейді.

АХАТ органдарының некенің бұзылуын тіркеу кезінде ажырасудың себептерін анықтауға, ерлі-зайыптыларға татуласу үшін мерзім беруге қақысы жоқ.

Некені сот тәртібімен бұзу.

Ол мынадай жағдайларда іске асырылады:

-ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуы;

- ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімінің болмауы;

-егер ерлі-зайыптылардың біреуі өтініш беруден бас тартып некені бұзудан жалтарса, некені бұзу үшін мемлекеттік тіркеуге келуден бас тартса, т.б.;

-ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүктік талаптарының болуы.

Некелік одақтың тұрақты болуына мемлекет мүдделік танытады. Сондықтан да соттарға заң арқылы ерлі – зайыптыларды татуластыру жөнінде шаралар қолдану міндеттері жүктелген. Бірақ, сонымен қатар татуластыру мақсат қана емес, отбасын сақтаудың амалы ғана. Сондықтан да бұл міндетті орындау мүмкін болмаса және балаларды не жұбайларды қорғау мүдделеріне қайшы келетін болса, онда сот некені бұзады.

Егер сот неке біржолата бұзылмаған деген қорытындыға келген жағдайда, ол істі кейінге қарауға қалдырып, ерлі-зайыптыларға татуласу үшін *3 айлық* мерзім тағайындай алады. Бірақ сот нақты мерзімді әрбір істің жағдайына қарай белгілейді.

Егер ерлі – зайыптыларды татуластыру шаралары нәтиже бермей және жұбайлардың біреуі некенің бұзылуын қасарыса талап ететін болса, некені бұзу іске асырылады.

Егер айырылысатын ерлі – зайыптылардың кәмелетке толмаған балалары болып және жұбайлар ол балалардың кіммен қалатындығы жөнінде келіспеген жағдайда, бұл мәселені сот шешеді. Сот балалардың ата – анасының біреуімен қалатындығы жөнінде не баланың ата – анасының әрқайсысымен қалатындығы жөнінде (егер екі бала не одан көп болса) шешім шығара алады. Соның өзінде сот кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін ғана еске алу керек. Сондай – ақ балалардың мүдделерін және болашақ ананың денсаулығын қорғау мақсатында заңның 15 – бабында мындай қағида көзделген: «Әйелдің жүкті кезінде

және нәрестенің бір жасқа толмаған кезінде әйелдің келісімінсіз некені бұзуға болмайды».

Айырылысатын жұбайлар ортақ мүліктерді бөлісу жөніндегі мәселені кейбір жағдайларда өздері дербес шешеді. Бірақ ерлі-зайыптылар келісімге келмеген жағдайда мүліктерді бөлуді сот іске асырады және әдетте, оларды тең бөледі. Егерде некелік шартта мүліктерді бөлісу мәселесі қарастырылған болса, онда сот мүлікті екі жақтың не бір жағының талабы бойынша осы келісімшартқа сәйкес бөледі.

Сот тәртібімен некені бұзу ерлі-зайыптылардың некені бұзу туралы өтініш берген күннен бастап бір ай өткеннен кейін іске асырылады.

Некені тоқтатудың құқықтық салдары. Жоғарыда айтылғандай, некені бұзу нәтижесінде ерлі зайыптылардың некеде тұрған кездегі жеке және мүліктік қатынастары тоқтатылады. Мысалы, бірге тұруы, ортақ бірлескен меншік, өзара қамқорлық және асырау. Соның өзінде кейбір құқықтық қатынастар бірден тоқтатылады да, енді біреулерінің сақталуы мүмкін. Некеге тұрған кезінде бірлесіп жиған мүліктері бөлінген жағдайда, әдетте, некенің тоқтатылуымен байланысты ерлі – зайыптылардың ортақ бірлескен меншік тәртібі де тоқтайды, бірақ мүлік бөлінбеген жағдайдағы ажырасу өзінен - өзі жұбайлардың ортақ бірлескен меншігін үлестік меншікке айналдыра алмайды. Некенің бұзылуымен бірге жұбайы қайтыс болғаннан кейін мұрагерлік құқығы, бұрынғы жұбайы – ажырасушысының өліміне байланысты келтірілген зиянның орнын толтыру және т.б. құқығы да жойылады.

Некенің тоқтатылуы жаңадан некеге тұру құқығын туғызады.

Ажырасу жолымен некенің бұзылуы ата – аналарының балаларына қатысты құқықтары мен міндеттерін тоқтата алмайды.

Сонымен, отбасы дегеніміз – бұл некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасылық қатынастарды нығайту мен дамытуға септігін тигізетін, мүліктік және мүлікке қатысты емес жекебастың құқықтарымен байланысқан адамдар тобы.

Отбасының заңдық белгілеріне мыналар жатады:

- адамдардың неке немесе туыстық негізде бірігуі;
- өзара имандылық және материалдық қолдау;
- бала туу және оларды тәрбиелеу;
- өзара жекебасындық және мүліктік құқықтар.

Бір негізден немесе ортақ атадан тарайтын адамдардың қандастық-кіндіктестік байланысы, туыстық деп түсініледі. Туыстықтың екі тармағы бар: тікелей және жанама.

Ерлі-зайыптылардың арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туындататын, отбасын құру мақсатымен заңда

белгіленген тәртіп бойынша тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасаған ері мен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты неке деп түсінуіміз керек. Қазақстанда тек мемлекеттік АХАТ органдарында жасалған адамдардың одағы ғана неке деп танылады. Болашақ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі және олардың неке жасы 18- ге толуы неке қиюдың басты шарты болып табылады.

Отбасы— өмірге адам әкелу, оның қажеттілігін өтеу, өмірге жан-жақты даярлау, яғни әлеуметтендіру, сол сияқты тәрбиенің барлық түріне бағыт берумен айналысатын әлеуметтік институт. Отбасын «дербес мектеп, әлеуметтік институт» деп қарастыратын болсақ, әкешеше - сол орданың ұстаздары, ал ата-әже - профессорлар іспеттес. Белгілі оқу орнында оқып диплом алған педагог мамандардың да ұрпақ тәрбиесі үшін ізденіс үстінде болатындығы, әдістемелік көмек күтетіндігі қажеттілік болса, ата-ананың да баласының алдында міндеттерін түсінуі, оның болашағы үшін өз білімін көтеруі, арнайы мамандардың кеңестеріне құлақ түруі де қажеттілік және уақыт талабы деп түсінеміз. Себебі, еліміз егемендік алғаннан бергі уақыт ішінде қоғамда қаншама өзгеріс болды. Сол өзгерістер туғызған соңғы жаңалықтар бала өміріне тікелей әсерін тигізіп жатқаны белгілі. Бала тәрбиесінің өзекті проблемаларын шешуге тәрбиенің уақыты өткен әдістерін ауыстыратын тәрбиенің жаңа технологияларын қолданудың қажеттігі, ел ертеңі, ұлт болашағы үшін этнопедагогика ғылымының жетістігін әр отбасының тәрбие құралына айналдыру – бүгінгі күннің сұранысы. Алайда, соңғы уақытта еліміздегі нарықтық экономиканың қарқынына ілесу қиыншылығынан, көптеген отбасыларында бала тәрбиесі әлсіреп, тіпті еріксіз қолдан шығып, орны толмас олқылықтар пайда болды. Ата-ана өз міндетін орындау барысында жіберілген кемшілігін қоғамға, білім беру мекемелеріне арта бастады. Оған қоса, шартты түрде дамыған білім беру жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы «мәдени орын» деген атаудың астарына тығылған керекті, керексіз сауық үйлерінің ашылуы отбасының тәрбие беру және әлеуметтендіру қызметін әлсіреткенін жасыра алмаймыз.

1.4. Қазақ отбасы тәрбиесінің мәні мен мазмұны

Қазақстан Республикасының Президенті— Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында әйелдерді мемлекеттің тірегі деп атады.

«Мемлекет үшін және менің жеке өзім үшін де ананы қорғау - ерекше мәселе. Сіздер - отбасының, демек, мемлекеттің тірегісіздер. Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты. Ең алдымен, біз

қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек, деп санайды Елбасы. Олар - болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары. Қазақстан - зайырлы мемлекет. Азаматтарды ар-ождан бостандығымен қамтамасыз ете отырып, мемлекет, дегенмен қоғамға өз бетімен біздің дәстүріміз бен заңдарымызға қайшы келетін әлдебір қоғамдық нормаларды тықпалайтын әрекеттерге өте қатаң қарсы тұратын болады. Біз Қазақстан қыздарының сапалы білім алып, жақсы жұмысқа ие болуы және тәуелсіз болулары үшін барлық жағдайды жасауымыз қажет» деп, атап өтті Елбасы.

Отбасында ата-ана арқылы берілетін тәрбиенің басты мақсаты - баланың жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, өз тегін жалғастыратын лайықты ұрпақ тәрбиелеу. Ата-аналар міндетіндегі отбасылық тәрбие - балалардың тән-дене және рухани сапаларын қалыптастыру бағытындағы саналы да парасатты істерге негізделген үздіксіз жетілуші процесс. Бұл мәреге жету үшін мынадай міндеттер шешілуі тиіс:

- баланың тағдырына, физиологиялық өсіп-жетілуіне, денсаулығына жағдай және қамқорлық жасау;

- бала тәрбиесіндегі барлық ұстанымдар мен тәрбие әдістерін, талап-тілектерді балаға махаббаты сезінуге лайықтап реттеу;

- балаларының өзіндік бағасымен санаса отырып, қоғамның толыққанды мүшесі болуға даярлау;

- еңбексүйгіштікке баулу, баланы күнделікті үй шаруашылығындағы еңбекке дағдыландыру;

- отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл тауып түсінуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету;

- білім алудың, мәдени мінез-құлықтың әдет-дағдыларын қалыптастыру;

- баланың икемділігін, қабілетін байқап, мамандық таңдауға бағыт беру, бағдарлау;

- әдебиетке, өнерге, мәдениетке, ғылымға құштарлығын тәрбиелеу;

- баланың ақылына, күшіне, біліміне сай берілген тапсырманы, талапты орындауын қадағалау, бақылау, тексеру, бағалау;

- тәртіпке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке, ойшылдыққа т.б. баулу;

- өзін-өзі тәрбиелеуге, дербестікке, шығармашылыққа баулу;

- баланы өзінің әлеуметтік рөлін білуге міндеттеу;

- баланы өз тегін жалғастыратын сабақтастыққа, болашаққа, болашақ жұбайлық өмірге тәрбиелеу.

Сонымен қатар қазақ отбасында тәрбие мына бағыттарды (Ш.Ахметов) қамтыды:

- тәрбие басы – әдептілікке үйрету;

- мейірімді бала тәрбиелеу;
- тіл алғыш, елгезек бала тәрбиелеу;
- адалдық пен шыншылдыққа тәрбиелеу;
- білгір болу, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген данышпан қарияның сөзін тыңдату, «Ақпа құлақ болма, құйма құлақ бол» дегенді бойларына сіңіре беру;
- үлкенді, ата-ананы сыйлауға үйрету-басты міндет;
- «Кісі айыбын бетіне баспа» дейді. Бұл кемшілікті айтпа деген сөз емес, ғаріп кісілердің табиғи кемдігін көрсетпе деген сөз; Ел қорғаны батыр болу, халық алдында қызмет ету, өнеріңді соған жұмса дегенді үйретеді.

Аталған тәрбие бағыттары қазақ халқында отбасылық тәрбие ана құрсағынан басталып, адамды өмір бойы және оны о дүниеге шығарып салумен аяқталатын әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер негізінде үздіксіз жүргізіліп, іс-әрекеттер мен қарым-қатынастар арқылы жүзеге асырылған.

Құрсақ тәрбиесі.

Дана халқымыздың бала тәрбиесі оның анасының бойына бітуімен басталады деген көрегендігі бар. Көреген аналарымыз бала бойына біткеннен бастап, олардың мінез-құлқының ерекшеліктерін, болашағын болжай білген көрінеді. Мысалы, Анай шешей Қыпшақтың зайыбы болған екен. Ал Қыпшақтың Бұлт, Торы, Ұзын, Көлденең, Қарабалақ, Қоңыр деген алты ұл баласы болыпты. Олар жөнінде анасының:

Бұлтың бітті бойыма, адалдық кірді ойыма,
 Торың бітті бойыма, билік кірді ойыма,
 Ұзын бітті бойыма, зорлық кірді ойыма,
 Көлденең бітті бойыма, кербездік кірді ойыма,
 Қарабалағың бітті бойыма, тоқтық кірді ойыма,
 Қоңырың бітті бойыма, момындық кірді ойыма, –
 деген толғауы соған дәлел болды.

Бұдан Анай ана ұлдарының мінез-құлқын алдын ала болжағаны, олардың қандай адамгершілік қасиеттерге ие болатындығын психологиялық сипаттама бергенінен көрініп-ақ тұр.

Екі жастың бас қосып, отау тіккеннен кейінгі тілейтіні – балалы-шағалы болу, артына ұрпақ қалдыру. Жанған отын сөндірмей, түтінін түтететін артында тұяқ қалмауы кімге де болса үлкен қайғы қасірет. Сондықтан да «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» делінген қанатты сөз пайда болған.

Қазақ халқында «Күзді күннің көзіне қызыңды қой, көктемнің күніне келінінді қой» деген бір сөз бар. Бұл ұлағатты сөздің мәні – күзді күннің сәулесі бойжеткеннің бетіне қан жүгіртіп, ажарландыра түседі, ал көктемгі күннің сиқырлы нұры келіннің сезімін тербеп, күйеуіне

деген ерекше ықылас-назарын оятып, тезірек екі қабат болуына әсер етеді.

Қамқор ана келін түскен кезде-ақ немересі ұл болу үшін ырымдап алғаш сойылған малдың ұлтабарын жегізеді. Ал жүкті әйел болса, біреудің үйіне өз дастарқанынан апарған дәмді «қыз тауып қоям» деп жемейді.

Ауылдың тәжірибелі әйелдері келін бойындағы сәл өзгерістен-ақ оның жүкті болғанын сезе қояды. Олар «келіннің құрсағы ақ айранға тойыпты, ақ алғысты болыпты» деп, енесіне тұспалдап жеткізеді. Осы емеуріннен-ақ енесі келіннің бойына бала біткенін түсініп, қуанышты хабарды жеткізген әйелге ризашылығын білдіреді. «Келінді атамыздың аруағы біліп, қолдап жүрсін» деп, ауылдағы үлкен үйдің оң керегесіне ақ орамал таңады. «Керегеге орамал таңу» ырымынан кейін келіннің жүкті екенін бүкіл ауыл біледі.

Егер жас келіншектің асқа тәбеті шаппай, жиі-жиі лоқсып, құсып жүргенін байқаса, оны қазақтар «жерік болу» деп атайды. Осы кезде оның бір асқа ықыласы, тәбеті ерекше ауады да тұрады. Енесі ауыл әйелдерін шақырып, қонақ етеді. Осы кішігірім той «құрсақ шашу» делінеді. Бұл томалаққа жиналған тәжірибелі аналар өз үйлерінен бір-бір дәм пісіріп әкеледі. Оның себебі – келіннің жерік болып жүрген асын тауып беру. Егер көңілі қалаған асы таптырмаса, яки «жерігі қанбаса», босанғанша ішкен тамағын құса береді, тамағы бойына сіңбейді. Мұны халық «ит жерік болу» дейді. Ит жерік болып дүниеге келген сәбидің ес жиғанша аузынан сілекейі аққыш болады. Жолбарыстың жүрегіне, аюдың етіне, бүркіттің миына жерік болған әйелдерден болашақ алып батырлар, ерен ойшылдар туатындығы туралы көптеген аңыздар сақталған.

Мысалы, XVI ғасырдың белгілі батырлары Орақ пен Мамайдың анасы Қараүлек әже былайша толғайды:

«... Мамайжан бойға біткенде,
Арыстан, бөрі етін жеп,
Қанып еді жерігім

Сондай-ақ, болашақ ұлы ғалым Шоқан туарда анасының қыран бүркіттің миына, ал ұлы ақын Мағжанның анасы қасқырдың жүрегіне жерік болғандығы туралы аңыз-әңгімелер әлі күнге дейін ел ішінде айтылады.

Енесі аяғы ауырлаған әйелдің мезгілімен тамақтануына баса көңіл бөледі, оған көбінесе ақтан жасалған тамақ береді. Жаздың күні келіннің тәбетін ашу үшін жуа әкеліп жегізеді. Далада өсетін жабайы жуаның, көбінесе ит жуасы тандалады. «Іштегі бала шымыр болсын» деген тілекпен кездесетін құм сағыз, жер сағыз, қарағай сағыздардың ішінен құм сағыз ғана тандалып алынады. Мүмкіндіктері болса, тауда

өсетін рауғаш, қымыздық теріп әкеліп береді. Рауғашты жесе, сәбидің көзі көреген, құлағы естігіш болады, ал қымыздық баланың тәбетін ашады деп есептелген.

Сәби еңбектей бастаған кезде жар жағалап, бор жалап, топырақ жейтіні белгілі. Бұл сәби организміне белгілі бір мөлшерде минералдардың жетіспеуінен болатындығы бүгінгі таңда да ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Мұны аңғарған халқымыз сәби құрсақта жатқанда-ақ алдын ала кам жасаған. Сондықтан, судың бұрын иірім болған орнын тауып, осы жерден саздың иісі шығатын қайырым топырағын үйге әкеліп қояды да «балаңның сүйегінің қалыптасуына керек, кейін бөпең бор іздемейді» деп мөлшерлеп жегізіп отырады. Құрсақты әйелге көбіне жас сорпа ішкізіп, қызыл ірімшік жегізеді. Халық түсінігі бойынша – «ақ ірімшік жеген әйелдің баласының сүйегі бос, ал қызыл ірімшік жеген ананың сәбиінің сүйегі берік болады».

Келіннің тазалығына да айрықша көңіл бөлінеді: жиі шомылдырады, жұпар иісі көкемарал (марал оты) шөбін пайдаланады, оның иісі іштегі баланың тыныс мүшелерінің жақсы жетілуіне ықпал етеді. Шомылдырар алдында арша әкеліп түтетеді. Жүкті әйелдің беті жарылып, дақ түспес үшін бие сүтінің көбігін бетіне жағады. Ана тісінің таза болуын әсте есінен шығармайды. Түрлі тамақ қалдықтарынан бөлінетін жағымсыз дәм мен иістер іштегі балаға әсер етіп, оның жүрегін айнытпас үшін күніне екі рет, таңертең және жатар алдында қара жусанның қайнатылған суымен, болмаса қара тікен тұзбен аузын шайғызады.

Ақылды және парасатты ене келінінің әрқашан көтеріңкі көңіл күйде жүруін қадағалайды, әзіл әңгімелермен күлдіріп отырады. Арагүдік «келін көңілі» деп аталатын жастардың қызықты бас қосуын ұйымдастырып, келініне жиі-жиі ән-күй тыңдатқызады. Халықта «екіқабат келін жыласа, оның баласы жасық болып туады» деген түсінік бар. Шошынбас үшін қайғылы хабар болса, қашан аман-есен босанғанша, естіртпеуге тырысады. Мезгілімен ұйықтатып, таза ауада мейлінше жиі болып, сергек жүруін қадағалайды.

Әйелдің жүкті кезінде ескерілетін халықтық түсінікке негізделген мынадай ырымдар бар: итке «кет» деуге болмайды, бұл толғақты ауырлатуы мүмкін; арқан есуге болмайды, әйел босанар үстінде бала кіндігіне оралып қалуы мүмкін; тең буып, қаптың аузын жабуға рұқсат етілмейді, керісінше жабулы заттарды ашуға, буулы нәрселерді шешуге болады; түйе етін жеуге болмайды, бұлай етсе жүкті келіншек баласын 9 ай емес, 12 ай көтеруі мүмкін. Бұл ырымдардың түп-төркіні көне наным – түсінікке сенген дәуірге барып тіреледі.

Тәжірибелі енелер алдын ала түсікті болдырмас үшін келіннің етегін бүріп қояды, шошынбас үшін далаға түнде ешқашан жалғыз

шығармайды. Келіннің мезгілі жақындаған кезде мейірбан анасы оған қара жерді басқызып, «кеудесі түкті Жер-Ана, күш бер, қуат бер» деп жалаң аяқ жүргізеді. Осы ырым келінінің күш-қайратын шыңдайды.

Сәбилі болуына үш ай қалғанда, «ұзын толғақ» басталады. Бұл кезде көргені көп аналар «бөпең айдай сұлу болсын» деп, айлы түнде келінін көлге шомылдырады. Ай сұлу болғанымен қызуы жоқ, сондықтан шомылған көлдің жағасынан шөп жұлып әкеліп, үйіндегі жанған ошаққа тастайды. Тіліміздегі «Айдай сұлу, оттай жылы болсын!» деген тілеу осы ырымға байланысты қалыптасса керек.

Босануына екі ай қалғанда «орта толғақ» басталады. «Босануы уақыты мезгілінен бұрын болып қалмасын» деп келіннің қолына кескіш, тескіш, құралдарды (пышақ, біз, ара т.б.) ұстатпайды.

Екі қабат әйелдің босануына бір ай қалғанда оның «ай толғағы» басталады. Бұл кезде «іштегі баланың еті қызылданып кетеді» деп келініне жас ет ұстатпайды; «кіндігіне оралып қалмасын» деп, келініне ине-жіппен іс тіккізбейді, «түсік тастайды» деп, жүресінен отырғызбайды.

Ата-анасы жас келінді жетелеп апарып, жеті бұлақтың көзін аштыру, бұлаққа май құйып, теңге тастау, бастаудың басындағы әулие ағашқа ақ шүберек байлату секілді сенімдер бар. Қариялар осындай іс-әрекеттер арқылы «сенің ата-бабаң осы жерден су ішкен, толғатқан кезінде сені демеп, жебеп отырады» деп келіннің күпті көңілін орнына түсіреді. Әрбір ескі қазақ ауылында екіқабат әйелдерді босандыруды машық қылған қолы жеңіл кемпірлер болған. Оларды ел ішінде «аққол ана» деп атайды. Аққол аналар кез-келген келіншектің қай күні босанатынын тап басып біліп отырған.

Босануға бір ай қалғанда, оның алғашқы күнін «аспанда ай көрінбейтін үш күн киелі күн» деп атайды да, бұл күндері екі жастың ақ төсекте кездесулеріне тиым салынады. Бұл халық есепшілерінің болжауына сүйенген дәстүр. Ал аққол аналардың өзіндік есебі бойынша аяғы ауырлаған әйелдердің әрбір айы 27 күннен тұрады. Әрбір айдың, яғни осы әр 27 күннің басы оның етеккірі келген күнінен басталады. Бұл алғашқы айдың өзі үш тоғызға бөлінеді: бірінші тоғызы – «етеккір тоғызы», екінші тоғызы – «арылу тоғызы», үшінші тоғызы – «кездесу тоғызы». Халықтық тәртіп бойынша, «бірінші және екінші кезеңде кедессеңдер, екеуің де ауруға ұшырайсыңдар» деп, олардың кездесулеріне тиым салынады. Халықтық түсінік бойынша үшінші тоғыздың әр тақ күні неке төсекте тән қосылса, олардан ұл туады, ал жұп күндері қыз туады.

Екі қабат болған ана тал бойына біткен баласын тоғыз ай, тоғыз күн көтереді. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, әрқайсысы 27 күннен болатын тоғыз айда 243 күн бар. Аққол аналар бұған үшінші «кездесу

тоғызын» қосып есептейді. Осыдан келіп тіліміздегі «тоғыз ай, тоғыз күн» тіркесі орныққан. Тәжірибелі ана жаңылмас үшін сол сәтті күннен бастап дорбаға 243 құмалақ салып алады да, осы құмалақтың күніне біреуін лақтырып отырады, осылайша жүкті әйелдің күні жақындаған сайын құмалақ саны да азая береді.

Әйел босануға үш ай қалғанда «ұзын толғағы» басталды деп, келінінің аман-есен босануына дайындық жүргізіледі. Толғақ үстінде құйымшақ сүйегі ашылмай қалмауы үшін күнде кешқұрым келінінің құйымшағынан бастап жауырына дейін бес саусақты батырып, құйрық маймен сылап сипайды.

Тәжірибелі аналар «орта толғақта бала жарық дүниеге шығуға дайындала бастайды» деп есептейді. Анасының құрсағының сыртқы порымына қарап, оның ұл не қыз бала екенін де болжай алады: егер ұл болса, іші кішкене, шошақ, үшкір болып келеді, ал қыз бала домалақ, дөңес болып бітеді, сондай-ақ ұл жоғары, ал қыз бала төмен орналасады. Әдетте қимылдағанда қыз бала сол жақтан, ал ұл бала оң жағынан қозғалады. Ай толғақ мерзімі болғанда іштегі бала жиі қимылдап, анасының екі бүйіріне көп салмақ түсіреді.

Толғақ қысқанда әйелдің бір мүшесін ерекше ауырта келеді. Мәселен, оның тісі ауруы мүмкін. Тіліміздегі «Әрбір бала анасының бір тісін алады» деген мақал осыдан туған. Бұл – «тіс толғақ» деп аталады. Осылайша анасының тізесі ауырып белгі берсе, «тізе толғақ», желкесі ауырса, «желке толғақ» т.с.с.

Екі қабат әйелдің ай-күні толып, ай толғақ аяқталар тұста оған арнайы жеке үй дайындалады. От жағылып, су жылытады. Егер күн суық болса, киіз үйдің ішіне құрғақ қи төселіп, үстіне қалың текемет жайылады. Үйдің іші-сырты, дүние-мүлкі мұнтаздай тазаланады. Осы істердің басы-қасында аққол анамен қоса-қабат кіндік шеше ұйтқы болып жүреді. Оларға көмекке көрші-қолаң, абысын-ажындар келеді. Бір кереге мен екінші керегенің арасына әйел толғатқан көзде асылып тұратын арқан керіледі, босағасына қамшы, қылыш, қанжар әкеліп қойылады. «Бұлар толғаққа кедергі келтіретін албасты, марту, жын-перілерді үйге кіргізбей тұрады» деген сенім болған. Немесе қоңыр аю, жолбарыс, қасқыр терісін әкеп қойған. Бұл дәстүр «киеміз» қолдап, қостасын деген наным-сенімнен туған.

Қуанышы қойнына сыймай жүрген көңілі күпті енесі дереу ала қыстай сақтаған жылы-жұмсағын қазанға салып, «Жарыс қазан» асу қамына кіріседі. Самаурын қойылып, табаққа сүт пісіріледі, үй ішіндегі әбдірелер ашылып, теңдер шешіледі, әдейі арнап түйрелген қарыннан май, қаптан құрт алынады. Ұзын арқанды өткермелеп байлап шығады да, екінші ұшынан оп-оңай тарқатып жібереді. Арша тұтатылып, толғатқан әйелдің басынан айналдырып аластайды, етек жағынан күкірт

түтетіледі. Мұның бәрі толғағы оп-оңай – «әбдіре ашылғандай, тең шешілгендей, түйін тарқатылғандай, шай қайнатымда, сүт пісірімде, ет піскенше, жарыс қазанмен бірге жарыса тез босансын» деген ниеттен туған ырым дейді профессор Х.-Арғынбаев.

Сонымен, қазақ халқы балаға деген қамқорлықты өте ерте ол ана құрсағында жатқанда бастаған, оның аман сау өсуіне тілектестік және іс-әрекеттер ерекше болған екендігін көреміз. Оған дәлел құрсақ тәрбиесі: әйел екі қабат болысымен оған ерекше қамқорлық жасау (оның сүйген «жерік асын» қайдан болса да тауып беру, аяғы ауыр әйелге ауыр жүк көтертпеу, оның көңіл-күйін жоғары ұстау, түрлі тұрмыстық әдет-ғұрыптарды жасау т.б.). Осылайша қамқорлық жасағаннан бала құрсақта өте жақсы өсетіні, уақтысымен дүниеге келетінін халықтық медицинамыз жақсы білген. Құрсақта жақсы тәрбие алған бала кейін ақылды, сұлу, сымбатты жақсы ер азамат болып өскен.

«Бір отбасында дүниеге келген балалардың ақыл-ойы, мінез-құлқы, кескін-келбеті, қабілет-икемі неге әр түрлі болады?» – деген сұрақты егер ата-аналарға қойсақ, олар «кейбір балалар нағашыларына, кейбір балалар өздерімізге тартқан», – деп жауап қайырады. Оның шын сыры балалар құрсақта жатқанда әр түрлі тәрбие алғанынан екенін халқымыз жақсы білген: егер құрсақта жақсы тәрбие берілсе, ол бала келешекте ақылды, келбетті, сымбатты, қабілетті болады, керісінше құрсақта жақсы тәрбие берілмесе басқаша болып өседі. Сондықтан, қыздар – келешек аналар, құрсақ тәрбиесіне ерекше мән берулері керек. Дүниеге сәби келу- отбасының зор бақыты, Сондықтан да қай халық болмасын әйел адамның екі қабат болуынан бастап, бала туғанға дейінгі толып жатқан ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптары, салт санасы, жөн-жоралғы, наным-сенімдері бар. Сонымен бірге екі жастың бас қосып, отбасын құрғаннан кейінгі жұбайлық өмірінің жарасып кетуі, ең алдымен баланың туулуына байланысты. Қазақ халқында бала алғаш пайда болғанан туу, өсу, азамат болып ержеткенге дейінгі кезеңді қамтитын, сан жылдар бойы қалыптастырған салт-дәстүрлер бар. Азия халықтарының бала туу және тәрбиелеуге байланысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің мазмұны ұқсас болып келеді. Дегенмен де қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің қаймағы бұзылмай сақталғаны да, бөгде ұлт өкілдері мәдениетінің ықпалымен енген ерекшеліктері де жеткілікті.

Қазақ халқы жаңа шаңырақ көтерген екі жастың бала көріп, ұрпақ жалғастыруына көп мән берген. Сондықтанда да бір-бірімен құдаласарада ең алдымен сол құда болатын жақтың әлеуметтік жағдайына, яғни олардың жан-жақты тума-туысқандарының көптігіне қарай көңіл аударатын болған. Жас түскен келіннің алдына бала отырғызып, ертерек бала көтерсін деп ырымдаған немесе ұл бала тусын деп алғаш сойылған малдың ұлтабарын жегізетін болған.

Бала көтеру барысында жасалатын әдет-ғұрыптар.

Жас келінің жүктілігі сезгеннен-ақ оған бар қамқорлық жасалып, күтімге алынады. Қазақ халқы алғашқы баланың бойға біткенінен дүниеге келгенге дейінгі сәтіне көп мән берген. Себебі, алғаш бала қалай аман есен дүниеге келсе, келесі туылатын балаларда да аман болады делінеді. Жалпы қазақтар жас келінді түн қараңғысында жалаңбас далаға шығармау, кешке суға жібермеу, өлік шыққан үйге барғызбау т.с.с. жағдайларға тыйым салынады. Егер үйде ері жоқ болса, бір өзін жатқызбай, қайын сіңілісі немесе енесі жатады. Қазақ арасында жалпы аяғы ауыр әйелдерге жыншайтан, пері, үйір болады деген ұғым бар. Бұлардың кесірінен іштегі нәрестеге зақым келуі мүмкін делінеді.

Орақ пен Мамайдың анасы Қаракүлек әже былай толғайды.

Мамайжан бойға біткенде,

Арыстан бөрі етін жеп

Қанып еді жерігім- деген жыры белгілі.

Тәжірибелі енелер келінінің түсік тастамауын көздеп, етегін бүріп қояды. Босануына үш ай қалғанда ұзын толғақ басталады. Бұл кезде бөпең айдай сұлу болсын деп, айлы түнде келінін көлге шомылдырған. Босануына екі ай қалғанда орта толғақ басталады. Бұл кезде келінге өткір зат ұстатпаған. Оның мәні бала шала болып туылмасын деген ырым. Жүкті әйелдің босануына бір ай қалғанда оның ай толғағы басталады. Ине жіп ұстатпайды, бала кіндігіне оралып қалады деп, ауыр жұмыс істетпейді. Қария аналар тәжірибесінде де егер қыз бала сол жақтан, ұл бала оң жақтан қимылдайды екен.

Бала туу барысында жасалатын әдет-ғұрыптар.

Қазірге дейін әйелдің тез босануына жасалатын «құрсақ шашу», «жарысқазан» ырымы да қазақ арасында бүгінге дейін кездеседі. Әйелдің толғағы басталғаннан кейін байлаулы теңдермен қаптардың аузы ашылып, тігілген етек сөгіледі. Келінің енесінің сақтап жүрген дәмдерінің барлығының аузын ашып, қазанға ет салады. Бұл ырым бала астың пісуімен бірге босансын деген ниеттен туған. Баланың тез туылуына әр түрлі ғұрыптар босанған әйелдің шашын тарқату, барлық түйіндерді шешу, түймелерді шешу, түймелерді ағыту, сырмаларды ағыту, т.б.жасалады. Қазақтарда отқа май салу жиі кездеседі. Олар толғатып жатқан әйелдің басына адыраспан шөбін түтетіп, жын пәлекетті аластайды. Жүкті әйелге балықтың, жабайы ешкінің етін жеуге тыйым салған. Себебі, бұлар баланың аман-есен келуіне кедергі жасайды, немесе түйе етін жесе 12 ай көтереді деген ұғымдар бар. Түйе етін жегізбеу тек қазақтарда ғана емес орта азия елдеріндегі туысқан басқа да халықтары арасында кең тараған. Оның етін жегізбегенмен де,

түйені қастерлеген қазақ халқы оның қасиетіне табынып, аяғы ауыр әйелді түйенің бауырынан не алдынан 3 рет өткізетін болған.

Бесік тәрбиесі

Заманға сай отбасында бала тәрбиелеу аса үлкен жауапкершілік пен білімді талап етеді. Қазақ үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Өмірге келген нәрестеге ана махаббаты мен кіршіксіз таза көңілі ауадай қажет. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы- бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі – тәрбие беру. Тәрбие тал бесіктен басталады. Баланы бесіктен тәрбиелеу қажет. Баланы бесікке салу дәстүрі баланың жетіліп, өсуіне септігін тигізеді. Ата- бабамыздан қалған мұраны одан әрі жалғастыру біздің еншімізде. Баланы бесікке саларда ауылдың аса құрметті анасы тандап алынады. Көп бала өсіріп, тәрбиелеп ардақты анаға жас сәбиді бесікке салу рәсімі сеніп тапсырылады. Осылайша, қазақ халқы жас сәбиге асыл аналардың жолын берсін деген ниетпен ырымдаған. Бесікке жатқан бала дені сау, ұйқысы тыныш, дүниетанымы кең, өмірге құштар болып өседі. Тілі де ерте шығып, балабақшаға барғанда қатарластарынан оқ бойы озық тұрады. Олай болуы орынды да. Өйткені, бесікте жатқан бала ана әлдиімен ұйықтап, ана әлдиімен оянады. Бала бесікте жатып әуезді әнді тыңдап қана қоймайды, бала қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі. Айналаны бағдарлайды, өмір сүру қағидаларымен танысады, ата-анасын, атасы мен апасын, бауырларын таниды. Олармен тілдесуді бастайды. Алғашқы айлардан бастап -ақ бала жекелеген буындарды айтып, сөйлей бастайды. Анасың еркелеткенін, кейіген сәттерін ажырата алады. Әкесінің жұмыстан келіп, құшағына алған сәттердің бәрі бала зердесінен өтеді. Уақыт келе, бала өскен сайын, көп нәрсені үйренуге айналадағы құбылыстарға зер сала бастайды. Баланы бесікке салып, өсіру аналарға көп көмек. Кейде ана бар шаруаға үлгере алмай жататыны бар. Жас баланы тамақтандырып, бесікке салып қойып, әлдилей отырып, тамақ әзірлеуге уақыт табуға болады. Дер кезінде қажетті істерді атқарып қойып, сәбимен ұзақ тілдесуді дағдыға айналдырған жөн. «Басында бұлағы бар өзен ұзақ ағады» демекші, тәрбиенің мықты іргетасы отбасында қаланады. Бесікке қатысты, яғни ана мен баланың арасындағы тағы бір байланыс– бесік жыры деуге болады. Бесіктегі баласына ана әлдиін, бесік жырын айтпаған қазақ әйелі жоқ шығар. Жалпы, бесік жыры жайлы не білеміз? Баласына не себепті бесік жырын айтқан, оның маңызы неде? Бесікке бөленіп өскен баланың бір ерекшелігі–бесігін аңсап тұратындығында. Ондай бала өзінің бесігіне жатпаса, мазасызданып, ұйықтамай қояды. Бала әбден тойған сәтте анасы бесікті жайлап тербете отырып, бесік жырын

айтатын болған. «Қазақтың 3-4 жасар баласының тілі жатық, ал 5-6 жастағы балалар шешен әрі тауып сөйлейді, ойын ұтымды жеткізе біледі», -деп таңдана жазған екен жер аударылып келген поляк революционері А.Янушкевич өз естеліктерінде. Әйгілі А.В. Затаевичтің «Бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай...» деуінің астарында көп сыр бар. Ал мұның басты себебі баланың бесік жырын тыңдап өскендігінде жатыр. Бесік жыры—балаға берілетін алғашқы тәрбие. Өйткені баяу ырғақпен айтылған анасының әлдіі туғаннан баланың құлағына сіңеді. Бесіктегі баланы әннің ырғағымен тербетеді. Бесік жырының тұрақты нұсқасы жоқ.

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке, жат, бөпем,
Бармақтарың, майысып,
Түрлі, ою ойысып,
Шебер болар ма екенсің?!
Таңдайларың тақылдап,
Тыңдаған жұрт мақұлдап,
Шешен болар ма екенсің?!

Бұл бесік жырының бір түрі ғана. Осындай әдемі әуенмен астарында ізгі тілегі бар бесік жырын тыңдаған бала шебер болуға да, шешен болуға да ұмтылып өседі. Баланың бойына әсерлі әуен, сұлу сөзбен айтылатын ананың әлдіі ана сүтімен қосылып осылай сіңеді. Бесік жырының толып жатқан түрі бар. Сәбиінің аман өсуінен бастап, болашақ өміріне деген тілегі, сенімі, ниеті әдемі әнге шумақ болып өріліп, анасының айтуымен балаға жетеді. Тіпті алыстағы төркініне деген сағынышын да бөпесіне айтып, баласымен сырласа отырып «әй, әй, бөпем, артта қалған елімді көрер ме екем...» деп іштегі шерін бесік жырына қосқан. Анасының еліне деген сағынышы бөпеге беріліп, ол анасын аяйтын, ардақтайтын, мейірімді әрі жанашыр болып өседі екен. Бүгінде үлкен сахналарда да бесік жыры естіліп қалады.

Тәй-тәй басып, бөпешім, жүргенің қандай?
Көзқуаныш, көкешім, күлгенің балдай.
Аспандағы ай-күнді аламын дейсің,
Асқар таудай айбынды боламын дейсің.
Әлди, әлди, ақ бөпем,
Сендей сәби жоқ, көкем.
Анам-әкем дейсің бе?
Тілің тәтті екен.
Әлди, әлди, ақ еркем,
Бойжетерсің сен ертең.
Мақтанышы елімнің,
Өзің бол, еркем! — деп жырлаған ақын Қ.Сарин.

Бөпем менің қайда екен?

Қыздарменен тауда екен,

Тауда неғып жүр екен?

Алма теріп жүр екен,

Қызыл алма қолында

Қыздар оның соңында,

Жүгіріп-жүгіріп жүр екен, –деген сияқты есте сақталатындай халық әніне салып айтуға болады. Бала бесік жырын тыңдап маужырап ұйықтағанды жақсы көреді. Әуен, саз деген -күдірет. Алла тағала жеті дыбысты жаратқан, ал қазақ халқының тумысынан әнші халық екені әмбеге аян. Олай дейтініміз, қазақ баласының тілінің ерте шығып, өнерге үйір болуының бір ұшы осы бесік жырында жатыр. Бесік жыры арқылы баланың тілі ерте шығатынына бүгінде мән бермейміз. Бесік жырын тыңдап өскен баланың есте сақтау қабілеті жақсы жетілетініне көңіл аудармаймыз. Бүгінгі ұрпақ шешендігінен, әншілігінен, ақындығынан, сабырлылығынан, парасаттылығынан ажырап барады. Бұл да алаңдатарлық жай. Ел аузында аңызға бергісіз бір әңгіме бар. Ертеректе бір келіншек бесігінен ажырамай жүрген баласын бесікке бөлеп, әлдебір жұмыстарымен шығып кетсе керек. Отағасы да сырттағы тіршілігімен кеткен. Жолай демалмақ болып тоқтаған бір жолаушы киіз үйдің тұсына келіп: «Кім бар-ау!» деп дыбыс берген екен. «Кіре бер» деген дауысты естіп, ішке кірген жолаушы аңтарылып тұрып қалады. Үйде бесікте ұйқысынан оянған баладан басқа жан жоқ. «Өреде ашыма бар, өзің де іш, маған да бер» деген екен бала жолаушыға. Қазақтың баласының тілі жатықтығын, ерте шыққанын байқаймыз бұдан. Қазақта «түйе мінген қазақ төрт ауыз өлең біледі» деген сөз бар, сөйте тұра бүгінде өзге мамандық иелері ән айтса, біртүрлі тосырқап қабылдаймыз. Ән айту қазақтың қанында бар екенін айтып өттік. Ендеше, әншілік өнер қазаққа неге жат болуы керек?! Керісінше, кешегі от ауызды, орақ тілді, сөзге жүйрік бабаларымыздың бүгінгі ұрпағы тілден айырылған. Мақалдатып сөйлеген былай тұрсын, көрген оқиғасын, оқыған әңгімесін баяндап айта білмейді, әсерлеп жеткізе алмайды. Ойын толық әрі түсінікті қылып, еркін сөйлей алатын, әңгіме айта білетін балалар жоқ. Ендеше, қазақы мінезіміз бен болмысымызға қайта оралу үшін әр ана бесік жырын сәбиінің бойына сіңіріп өсіруі керек. Бесікке асыла отырып мейірлене бала емізген анадан, бесік жырын айтып отырған келіннен сұлу әйел жоқ шығар, сірә! Осыны естен шығармағанымыз жөн...

Қырқынан шығару, бесікке салу ғұрыптары.

Осыдан соң 40 күнді тосып қырық қасық суға шомылдырып, қырық күн шілдесінен шығарады. Ит мінезі қалсын деп, ит көйлегін шешіп, оған тәттілер салып итін мойнына байлап балаларға қудырады. Оны балалар қуалап жүріп, тәттіні бөліседі. Кей жағдайда кішкентай

баланың мойнына ит көйлекті байлап, ит сияқты еңбектетіп жүргізеді. Ит көйлекті итке байлау-ит қорғаушы деген сенімнен туған. Қырқыннан шығару ғұрпында қазақтар ұл баланы қырық күнге жеткізбей шығаруға тырысады. Оның мәні ұлдың қалың малы аз болсын десе қызды қырық күнге толтырып, қалың малы қырық болсын деп жатады. Баланың қырқыннан шығару рәсімінде көп адам шақырмай көрші-қолаң, туысқан әйелдерді шақырып ішіндегі сыйлы, жасы үлкен кісіге шомылдырады. Суға күміс білезік сақина немесе қасық салынады. Кей жерлерде қойдың қырық құмалағын салуда кездесіп қалады, бұл бала малды, бай болып өссің деген ырымынан туған. Оларды шомылдырып болғаннан соң, келген әйелдер бізде осындайға жетейік деген ниетпен бөліп алады. Мұнан кейін баланың қарын шашын алу үшін ата-ана өздеріне ұнаған бір адамды дайындап қояды. Ол өздерінің сыйлас достарының бірі болуы мүмкін. Қарын шашты шүберекке тұмарша етіп тігіп, баланың кимінің иығына қадап қояды. Бұл ырым балаға көз тимеу үшін жасалады, ал тырнағын жерге көмеді.

Сүндетке отырғызу ғұрыптары.

Ер баланы сүндетке отырғызып, мұсылмандық парызын өтеу әрбір ата-ананың парызы. Қазақтарда жеті жас пен он екі жасқа дейінгі балалар сүндетке отырғызады, бұл міндет арнайы тәжірибесі бар молдаға жүктеледі. Ол ұстарамен шеткі терісін тіліп алып, киіз үйдің сыртқы тұсына іліп қояды және ол сонда кеуіп кетеді. Баланың мұсылман болғандығына байланысты да жасалатын көптеген жөн-жоралғылар бар. Мәселен, ұлы жүздерде сүндетке отырғызылатын баланың басына әйелдерді кіргізбеу, баланың мүшесінен кесіп алынған етті тумайтын әйелдерге жегізу. Сүндет той Орта Азия халықтарында баланың мұсылман болғандығын көрсететін қадірлі той саналады. Балаға арналған сый-сияпат көбінесе нағашы жақтан болады. Кей жағдайда балаға мінгізетін жылқыдан басқа көрпе төсек, киім-кешек те әкелінеді. Сүндеттелген балаға көрімдігі деп ақша ұстатады. Ел алдынан баланы өткізу біздіңше елді ерте тойға шақыру үшін сүндеттелген баланы сүндет қоржын салынған атқа мінгізіп елді шақыртқызатын ғұрыптан қалған сияқты, нағашы жақтан әкелетін жылқыға да үстіне жабу, басына үкі қадап қоржын салып әкеледі. Оны «тай жасау» деп те атайды. Қоржынның бір басына бір киімдік мата, ішімдік салынады. Оны тайдың алдынан шыққан адам бөліп алады. Қазақтарда ертеде елді тойға шақыру үшін сүндеттелген баланы сүндет қоржын салынған атқа мінгізіп, елді шақыртқызған. Тойға шақырып келген баланы құрметтеп, қарсы алып, үйге кіргізеді. Ауыл әйелдері сүндет қоржындағы тәттілерді ырым қылып бөліп алатын болған. Ал қазіргі кезеңде кешкі тойда әкелінген тайлардың біріне отырып бала келген кісілердің алдынан өтіп шығады. Олар балаға ақша қыстырады. Тойда ауыл

ақсақалдарына шапан кигізіледі. Ол әр ру ақсақалдарына беріледі. Мұны киіт деп атайды. Киіт алған адам тон бау береді. Тойда көкпар, күрес, бәйге, т.б. қазақтың ертеден келе жатқан ойындары жасалынады. Осылардың ішінде көкпар көп беріледі. Көкпарға келген кісілерді алдын-ала дайындалған үйлерге түсіріп, оларды сол үйлер күтіп алады. Қандай той болмасын ертеректе күннің сәтті күні сәрсенбіге қойылатын. Сол күні ақ бата оқылып, мал сойылады. Қандай той өтпесін той өткеннен соң қызмет еткендерге, құдайға шүкір не той мақтар жиынын өткізеді.

Қазақтардың бала туу, оны тәрбиелеуге байланысты жиналған деректеріне қарағанда, жалпы қазақтар мен Орта Азия халықтарының бала туу және оны тәрбиелеуге байланысты ұстайтын салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері, ырымдардың ұқсастығы байқалады. Бүгінде қазақ халқында бала туу, өсіруге байланысты жасалатын дәстүрлерді жалғастырып отырғанымен де өмір сүрген ортасына, заманның жаңғыруына байланысты ұлттық дәстүрлердің кейбір элементтеріне өзгеше түр, мән бергендігін байқауға болады. Халық арасындағы мұндай ерекшеліктер мен өзгерістер зерттеуді қажет етеді.

Қыз бала тәрбиесі.

Қазақ халқы әдептілікке тәрбиелеуді ең алдымен қыздың тәрбиесінен бастаған. Өйткені, бүгінгі бармақтай бала ертең бой жетеді, бүрсігүні ана болады. Адамзатты осы анадан деп түсінген қазақ әдепті ана арқылы қыздан бастаған. Қазақ ұлдың оннан асқан жасын – «қозы жасы» деп шаруашылыққа, еңбекке баули бастаса, қыздың сол шағын – «қонақ жасы» дескен. Жат жұртқа жаратылған баланың оң жақта енді бірнеше жыл ғана болатыны алдымен анаға аян. Осы бір қарбалас кезде қайран ананың жүгі қапталынан ғой. Бұл үшін ең алдымен қызын әдепке қалыптастырса, қалғаны жеңіл. Бұрынғы аналар, «қызым әдепті болсын» деп мыналарды істеді:

1. Бала алдында әкені Алатаудай ете білді. Оның атын атамады. Айтқанын орындады. Сонан соң қыз бала бұл ғаламда әкемнен артық адам жоқ деуді бара-бара мойындады. Бұл опасыз пәниде, бірде жоқтық, бірде бүгін тіршілікте жоқшылық пен барлығы құрғырдың есіртетіні де, кейітетіні де жиі кезігеді емес пе, осындай да қызын әдептілікке апарғысы келген ақылды әке сыр, мінез білдірмейді.

2. Қыз балиғатқа толысымен оның айналасы жауға толады. Біреу «үкілеуге» ұмтылады. Біреу «кетік алма» етіп кеткісі келеді. Осындайда бұрынғы аналардың екі көзі төрт, ұйқысы аз. Ол есік алдындағы ит үрсе де, біреу келе жатса да, үйіне қонақ қонса да, қызы көзінен таса болса да секем алады. Себебі, көгеніндегі марқасы марқайды. Мұндайда ана сорлы қызының мінезіндегі өзгерісті, денесіндегі байқала бастайтын белгілерді сәт сайын абайлаған.

3. Қызы әжетке жарасымен ол кездегі ақылды аналар бұрынғыдай бөлек жатқызуды, бей-берекет қыдыртуды шектеп не өзінің, не әжесінің іргесіне жатқызады. Далаға жіберсе-бейбастақ бала, төрге жатқызса-ынсапсыз қонақ, жеңгеге ілестірсе-«қызды жеңге, жеңгені теңге бұзады» деп өзінен өзгеге мүлдем сенбеген.

4. Қызының ойын, уақытын бөлуге мұрша бермеу үшін қозы қосақтатқызған, үйдің күйбеңінен бас алғызбаған. Еңбекке машықтандырып, тіл алғызуға қалыптастыру да қазақта әдепке апаратын бір жол болған.

5. Ана қызының табиғатындағы талантты алдымен аңғарады, егер ол іскерлікке, балбармақтылыққа, өнерге бейім болса, баласына осы жөнінде мүмкіндік жасайды. Бұл да – әдептілікке, желдеп кетпеуге қарсы тұратын екінші жол.

6. «Қызың жақсы болсын десең, қызы жақсымен көрші бол» дегенді ежелден білетін ана бәрінен бұрын қызын кейбір «көргенде қашып кететіндердің» маңына жолатпайды. Бұл үшін ана маңындағы қызы құралпыларды жете білуді, тегін тексеруді, олардың әдепсіздігін қызының құлағына жиіркенге жиі-жиі айтуды ескерген.

7. Ертедегі қазақта бастаңғы, қызойнақ, қой күзеті, тоқымқағу, алтыбақан, ақсүйек деген сияқты жастардың бас қосатын кездері жиі болған. Бұған мүшелінен асқан–бойжете бастаған қыздар баруға болады. Мұндайда ақылды аналар қызын сенімді адамға қосқан,ерте қайтуды тапсырған. Келген соң қәдімгідей жүрген-тұрғанын тексеріп отырған. Қазіргідей туған күнді, мектеп бітіргенді, әскерге шығарып салуды, бір жақтан келуді қарсы алуды күнді- түнге, түнді-күнге ұластырып тойлатуға тізгін-шылбырсыз жіберу ол кездегі аналарда кемде-кем болған.

8. Сұмдыққа ұрынған, қолды болған қызын ертедегі аналар келісімен не түрінен, не құбылысынан, не уақытынан, не бірге болған адамынан абайлауды, тексеруді ұмытпаған. Ананың бұл сәуегейлігінен жасқанатын қыз көп жағдайда сақтанған.

9. Қызы ел көзіне түсе бастасымен оған анасы көсемсіп сөйлемеуді, кісіге тіке қарамауды, ұяң болуды, өз жанынан ұзамауды, қыдырмауды, жұртқа сүйкімсіздерге жоламауды, босқа күлмеуді, ата-ана мен аға бауырдан басқаның жаны пәлендей ашымайтынын жалықпай айтқан.

10. Жеті атаға дейінгілердің бірін – ағасы, бірін – бауыры деп таныстырған. Мұнысы – қыз алысуға болмайтындығын түсіндіргені.

11. «Әкенің ең жақсысы жездедей» дегенді қазақ көп айтқанымен, сақ аналар қызын «жезде» деуден гөрі – «аға» деп сыйласатын шекара жасаған.

12. Қызының ерте ме, кеш пе әйтеуір кететініне іштей бейімделіп жүретін ақылды аналар өзі білетін өңірдегі күн шалған шаңырақты,

көргенді ата-ананы, әдепті бала-шағаны біліп алып, оны қызына сөз сыралғысы ретінде дәріптеп, көргенсіздерді күні бұрын білдіртпей жамандап қызына өз сыңайын сөз арасында ептеп ескертіп отырған. Баласы осылардың қайсысына назар аударғанын астыртын қадағалаған.

13. Қызды шешеден бұрын сөйлемеуге тәрбиелеген.

14. «Ит жүгіреді, иттің артынан қыз жүгіреді» деу - қыз кемеліне келгенде кезігеді. Бұл «қыздың ойы – кету, жолаушының мақсаты – жетуден» шығады. Осыған байланысты бұрынғылар қызын сыртқа шығудан шектеген. Ара-тұра ғана аса аяулы адамды, сенімдіні аттандыруға үйде ешкім болмағанда ғана белдеуге, не мамағашқа дейін шығаруға өзі жұмсаған. Жұмсамаса, қыздың оны аттандыруға рұқсаты жоқ. Себебі – оны кез қелген кісімен кезіктіру қазақы әдептің салтында жоқ.

15. Қызды көргенді ету үшін алдымен ана өзіне шек қойған. Қызы бойжетіп ел көзіне түсе бастасымен, ол бұрынғы қыдыруын, баласын оңаша тастауды қысқартады, азайтады, не өзімен ерте жүреді. «Шешесі қыдырмашыл болса, қызы бастанғышыл болатыннан» сақтанады.

16. Қызына ауыл-үйдің бозбалаларын иектетпеу үшін ана бұрынғы алаңсыз ұйқыны азайтқан. Ол үйінде жатып сырттағы беймезгіл үрген итте де гәп барына алаңдаған, кімнің төңіректегенін де мөлшерлеп, өзінің ояу екенін аңғартқан. Мұндайда анаға ең сенімді серігі-енесі. Ол іргесіне алып жатқан немересіне мықты күзетші. «Кемпірі бар үйдің кәпірі бар» деудің бір жағын жастар осы аңдудың мықтылығына бола шығарса керек.

17. Үй ішінде қыздың тәртіпті болуда сөзін тыңдайтыны әке мен шеше, сескенетіні, сыйлайтыны–аға, сырласатыны–жеңге, ұялатыны ауыл, ру. Бұлар –тұтасымен ойламай от басып алмауға қорған...

18. Шеше міндетті түрде өзі білетін өнерін – тігіншілік, не іскерлік, не кісі сыйлап қонақ күте білу, астың бабы, дастарқанның мәзірі сияқтылардың бәрін қызына үйретуге міндетті. «Шешесін көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» деген осыдан шыққан. Анасы аяулы, әкесі ардақты бала әдепсіздікке бара қоймайды. Әке мен шеше бұл биікке бір жағынан баласының қамына бола ұмтылады. Бұл да қызды әдептілікке қалыптастырудағы бір жол, өнегелі орта.

Жоғарыдағыдай қазақы тәлім-тәрбие қыздарды адамгершілікке, махаббат ғаламында баяндылыққа, шынайы ғашықтыққа, арлылыққа апарған. Опасыздыққа, махаббаттың желдеген лағы болмауға баулыған. Тарихтағы Шұғаның сүйіспеншіліктің өртіне өртеніп өлуі, «Қорғансыздың күніндегі» қаршадай қыздың жауыздыққа душар болған шіркеулі бетімен пәк жерді басқысы келмей үсіп өлуі ертедегі ата-ананың баласын адалдыққа, кіршіксіздікке тәрбиелей алғанына, әдепке әу бастан үйреткеніне мысал.

Ол кезде де қазақ қыздары көргенсіздіктен, қайыру бермей кетуден құлан таза деу артықтау. Бірақ дәл қазіргідей әйел алуды көрпе ауыстырғандай көру, көпшіліктің көзінше қыздың жігітке жабысып тұруы, көпе-көрнеу сүйісуі, бүгін тиіп, ертең ажырасу, келген келін мен қайынсіңілі арасындағы қеліспеу ол кезде жоқ еді. Кейбірі бар болса да тым сирек болатын.

Қазақта әсемдіктің әр алуаны бар. Соның бірі – қыз көркі. Қызға тән әсемдікті бұрынғылар қалай пайдаланғанына аялдасақ, олар мыналар:

Қазақ баланы кішкене кезінде «қыз» деп көп атамайды. «Қыз» деп көп айту ұзатылған соң, онда да балалы болғанда, егде тартқанда, тіпті кемпір болғанда. Мұнда әсіресе төркіндегілер, өте-мөте жеңгелер айтады. Кейбіреулер «Қыз екенін сен біледі екенсің» деп шамданады. Бұнысы – қыз баланы қаршадайынан қызғызша қорғағаны. Қызға деген қызыл көзден күні бұрын қорыққаны. Келешекте кешікпей толысатын қыз бойындағы әсемдікті сұқтың көзінен тасалағаны. Сондықтан да өсе бастаған қыз балаға ана көз тимесін деп алдымен екі ырым жасайды. Бірі – күртесіне қара шұбар маржан тағу, екіншісі бала өте реңді болса, сыртқа шығарарында бетіне, маңдайына күйе жағу.

Анасы қолына түскен қызылды, теңге-моншақты, сақина, сырғаны, шолпыны қызының үстіне жапсырып, оны күлтелеу, қыз баланың тазалығына ерекше көңіл бөлу. Бетін жұпар сабынмен, шашын бұзаушықпен жуындыру, бұрымын тарау-кішкене кезінде анасына міндет. Бойжете келе өзі істейді.

Қазақ қыз бала мүшел жасқа таясымен: «Ұлдың ұяты – әкеде, қыздың ұяты – шешеді» деп баланы әке мен ана өз қарауларына бөліп алады. Мұның себебі екеу: бірі – осыған дейін сыртта да, үйде де бірге ойнайтын қыз өз-өзінен ұлдардан бөлініп, шешеге бейімделеді. Бірі – қазақта қыз балаға әкенің ақырмауы, қол тигізбеуі – жылжымайтын, бұзылмайтын заң. Ұл мен қыз «әкесін көріп оқ жонуға, шешесін көріп тон пішуге» әдет алатыны да осы кез.

Міне, осыдан бастап «ұлдың қызығы түзде, қыздың қылығы үйде» ана баса қарайды. Әйелінің бұл міндетінен ағат кетпеуін отбасы бақылайды. Егер баланы анасы дұрыс тәрбиелемесе, өткен қателік үшін әке қызды емес, әйелінің құлағын ыңғырлауға, алда-жалда бала көргенсіз бола бастаса, жетелі күйеу кер қамшыны керегеден жұлып ап әйелінің басында ойнатуға әбден ақылы. Бұл үшін ең алдымен ерлі-зайыптылар сыйласымды, салауатты болуы шарт. Бұлардың өзі жаза басса, баланың «үйренгенім үйімдегіге» жалт етуі оп-оңай. Бұл үшін алдымен керегі мыналар:

- Бала алдында әйел күйеуін құрметтеп, оның айтқанын әмір деп түсінуден ешқашан жаңылмай, ол ілтипатын күлшедей қызына ұдайы көрсетіп отыруы керек.

- Қыз осы мөлшерге келісімен әке де шаңырақтағы ең беделді, өнегелі адам екендігін көрсетіп, бұрынғы артық-ауысуынан ада-гүде қол үзбесе болмайды. Бұл өзінен бұрын бала алдындағы парызы, көрсететін әкелік өнегесі.

- Мүшеліне келген қызға үйдегі өзінен үлкенді де, кішіні де сыйлау, сыйлата білуге дағдыландыру, қосымша ат қойғызу.

- Балаға осы бастан маңайдағылардың өзі құралпы балаларындағы көргенділікті ұдайы құлағына құйып отырған артық емес. Сонда олар сол баладай болуға тырысады, еліктейді.

Қазақ қызы көбіне жастай ұзатылатындықтан, төсінің томпаюын, бөксесінің толуын жұрт көзіне көрсетпеуді шешесі қадағалаған. Бұл былай қарағанда көз сүрінетін әсемдік болғанымен, бұрынғылар үшін оның керісіншесі әсемдікке жатқан. Өйткені, қазақ халқы қыздың нәзіктігін, ұяндығын әсемдік деп түсінген. Бұл – мұқым шығыс халқына ортақ көз. Омыраудың өсе бастағанын көрсетпеу үшін көп ана қызына кең кеудеше кигізген. Көйлекті кең және ұзын ғып кигізуде бөксенің тола бастағанын жасыру. Бұл да – қазақы әсемдік. «Анасыздың емшегі, әкесіздің аузы үлкен» деген осы әсемдікті сақтамағанда айтқан.

Қазақ қыздарындағы әсемдіктің ең құдіреттісінің бірі – мінез-құлық. Ата-ана баласын өзіміз сөз етіп отырған аржақ-бержағында биязылыққа, өте-мөте ұяндыққа, нәзіктікке баса тәрбиелеген. Қазақ қызындағы ұяндылықтың өзі әсемдіктің бір кереметі. Ішкі дүниесіндегі арпалысты аз сөзбен, дәл тауып қана, езіле, егіле айтып, әдеп сақтауының өзі байланысты адамын мұрат ететін құдырет болған. Сондықтан «қазақ қыздары махаббат» дегенді, «сүйгенім» дегенді бадырайтып айтуға ауыздары бармай, «қуатым», «қалқам», «қарғам», «құрбым» деп сыпайы айтқан. Мұны да көп айта бермей қысылтаянда, бастарына күн туғанда, айырылысарда, боздап тұрып айтуға ауыздары әзер барған. Міне, өстудің өзінде қаншама әсемдік жатыр десеңізші.

Жігіттің қалыңдығына қашан ұрын барғанша жолай алмауының өзі бір әсемдік болған. Қазіргідей бүгін танысып, ертеңіне бас салу бұрын болмаған. Ұлы сөздің ұяттығы жоқ, қазіргі кейбір жастар неке аманатын күні бұрын атқарып тастап, тойға құрсақты болып келетіндер де жоқ емес. Бірен-сарандарымыз біреудің етегінен ұстағанша талаймен әлекей-шүлекей болып үлгіреді емес пе. Біз баста сөз еткен аналар осындай сұмдықты болдырмау үшін, қыз әсемдігін ақы иесіне аман тапсыру үшін қызын балиғатқа толысымен бақылады ғой. Бұл арада бұрынғылардың әдепті де, әсемдікті де бүлдірмеу үшін күрескенін, тәрбиелей білгенін мойындаған жөн. Қызға қырық жерден аңдушы болатыны да осы әсемдіктен айырылмаудың бір әдісі.

Қыз баланы бақылауына, баулуына алған ананың әсемдік жөніндегі бір бастамасы – кестеге үйрету. Кестені қыз алғашында шытқа, онан соң

ержете келе түскиізге, тақияға, сандыққапқа тігіп, оған қосымша сырмақтың, дөдегенің, бұйымдардың оюларымен жалғастырады. Былайша айтқанда, қазақтағы әсемдіктің қақ жартысы әйелдердің қолынан шыққан.

Қазақ қызының сөйлеуінде де, күлуінде де, еркелеуінде де, тіпті ренжуінде де, ас ішіп, ас әперуінде де, отырысында да сұлулық, әсемдік, басқалық болған. Бұны қызға үйрететін алдымен ана, онан соң ауыл-аймақ, қалыптасқан салт-сана. Бұрынғы қыздар көптің көзінше күлуді, көсемсіп сөйлеуді, алдыда жүруді, қомағайлықты жұрт көзіне көрсетпеген.

Жалпы қорыта келгенде, бұрынғы қазақ қыздары мектеп пен медреседе этика мен эстетиканы мұғалімнен дәріс ретінде оқымағанымен, үйде олардың қазақы қасиетін анасы мен ауылынан жеріне жеткізе тоқыған. Сондықтан да олар әдепті, әсем болды.

«Ұлдың ұяты әкеге, қыздың ұяты шешеге» деп қараған халқымыз ұл баланы тәрбиелеуді аталар мен әкелер өз қолына алса, ал қыз баланы тәрбиелеуді әжелер мен аналардың ісі болып саналған.

Халқымыз қыз психологиясының ерекшелігін жақсы түсіне білген. Әрбір отбасы әке-шеше, аға-жеңге бойжеткен баласын ылғи да жібектей мінезімен, уыздай тәтті қылығымен, іскерлік ұқыптылығымен, сыпайы салмақтылығымен, әдетті-ізеттілігімен, иманды-инабаттылығымен, күміс күлкісімен көргісі келген. Оларды кішкентайынан көздің қарашығындай сақтап, әлпештеп, мәпелеп жаны мен арының таза, мінезінің жайсаң болуын қадағалап отырған, жасөспірім шақтағы олардың балқыған, шалқыған, еліктегін қасиеттерін ескеріп, оған «Қырық үйден тыю» салу керектігін де үнемі еске алған.

Қыз болып қылтия бастағаннан «ақ отауға» енгенге дейін қызды қаншама сынақ күтіп тұрады. Оларды ең алдымен алып-ұшпа сезімді тежей білуге дағдыландырады. Бұл, әрине, оп-оңай жүзеге аса қоймайды. Сондықтан да ол үлкен сын.


Халықтың дәстүрі қыз бала тәрбиесінде ереже ұсынбайды, тек бағыт-бағдар береді, өнеге көрсетіп, әдептілік жөн-жосығын нұсқайды. Оның барлық сыры мен сынына әдебі мен мінезіне, тілі мен дініне, әні мен күйіне, мінезі мен құлқына орай өрілген төрт ұғым төңірегінде топтасады. Ол адал мен арам, обал мен сауап. Адам үшін ең қымбат түсінік те, жұмбақ түсінік те жанмен сезіну, ойлану, толғану, әсерлену, әрекеттену. Мұның алғы шартын бақылай білу, кісінің ішкі сырын танып ұғыну арқылы өзін-өзі түсініп, имандылық пен өнегені бойына сіңіріп, шама-шарқына қарай оны жүзеге асыра алу. Бүгінгі бойжеткен ертеңгі отбасы ұйытқысы, болашақтағы асыл жар, аяулы ана, ел ардағы ақылман әже. Олай болса, халық танымындағы бойжеткенге қажетті сипат-имандылық, инабаттылық, ізеттілік, әдептілік, ісмерлік,

биязылық, мейірімділік. Бала тәрбиелейтін адамның бойына дарыта алатын болашақ ұрпағымызды ақылды, артына бір рулы елін ерткен асыл қадірлі адам етіп тәрбиелейтін де осы қыздар, болашақ аналар, әйел заты болғандықтан жақсы мінез-құлыққа баулып өсіреді. «Қызға қырық үйден тыю, қала берді есіктегі күннен де тыю» дейді халқымыз. Бұл да қыз балалардың отбасындағы тәрбиесі, өмірге бейімділігі, әдептілігі, сезімтал да саналылығы биік болсын деген ойдан туған.

Қырықтың біріншісі – бесігің, үйің алтын босағаң. Олай болса қыз баланың тәрбиесі де осылардан басталады. Ол ең алдымен анаға байланысты. «Шешесін көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» деген мақал тегін айтылмаған. Әулеттен әулетке қалған мұра имандылық пен инабаттылық болса «Жігіттің жақсысын – қыздай, қыздың жақсысын – уыздай» деп айтуда да терең мән жатыр. Жол жөнекей өнер сайысына сөзбен сынасуларына, әзіл-айтыстарға қымсынбай араласуларына еркіндік берген. Халқымыздың өз ұрпағының ақыл-ой тәрбиесінде ауыз әдебиетіміздің айтыс жанры, оның ішінде жұмбақ айтысы ерекше рөл атқарады. Жұмбақ айтыстарында жігіттерден гөрі қыз баланың жауабы өте ұтымды, ойлау қабілеттерінің өте ұшқырлықтарын көрсетіп отырған. Қыздың көркіне ақыл-ойы, мінез-құлқы сай болуын қалаған, оны сүйкімділікке, сыпайылыққа, нәзіктікке, жұмсақтыққа тәрбиелеген. Оларды ауылдың көркіне елдің анасына балаған, қадір-қасиет тұтқан, ұстамды, тұрақты, ақылды болуын талап еткен. Соған қарамастан еркелетіп еркіндік берген. «Гүл өссе – жердің көркі, қыз өссе – елдің көркі» деп әйелді отбасының қадір-қасиеті тұтқан. Отбасының тірегі де, ұйытқысы да әйел заты деп уағыздаған.

Қыз балаға, яғни әйел затына табиғи жылылық, сезімталдық, тұрақтылық, кешірімділік, ұқыптылық, адалдық сияқты қасиеттер тән деп санады. Ананың жылы лебін, ақыл-ойын, аялы алақанын, шаруақорлығын жүрегімен сезіп, көзімен көрген бала әдепті, адамгершілігі мол, дені сау болып өсетінін жақсы білді. «Қыз – жағадағы құндыз, жігіт – аспандағы жұлдыз», «Қыз кетсе-қызық кетер», «Қыз қылығымен сүйкімді», «Ырыс алды – қыз», «Қарағым-шырағым, ауыл көркі – ақ лағым», «Қызы бар үйдің – қызығы бар» – деп оларға үлкен сеніммен үміт артады. Болашақ ана ретінде қадірлеп, «Ер адамның алдында ашылатын есігі болсын, әйел адамның алдында тербететін бесігі болсын» деп зор міндет жүктейді.

Сонымен, халқымыздың қыз бала тәрбиесі бойынша салт-дәстүрлерін саралай келе, «Қазақтың қыз бала тәрбиесінің» үлгісі төмендегі 2-суретте ұсынылған .



Енді бүгінгі қыздарымыз қандай деген сұраққа келгенде татымды жауап таба алмай, күмілжіп қаламыз. Өйткені, бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде, соның ішінде қыз баланың тәрбиесінде біраз мәселелердің күн тәртібіне күрделеніп шыққан жайы бар. Бүгінгі бойжеткендеріміздің бойынан нәзік жаратылыс, аяулы мінез-құлық, айнадай тазалық пен айнымас адалдық сияқты қазақ қыздарына ғана тән асыл қасиеттерді табу оңай емес. Олар қазір байсалды болудың орнына тарпаң, ибалы, ізетті болудың орнына қытымыр, нысапты болудың орнына ашкөз болып бара жатқандай. Неге олай? Біздіңше, оның себебінің тамыры тереңде жатыр. Біріншіден, қоғам, әсіресе, кешегі Кеңестер кезінде әйелдердің мойнына үлкен жүк артты. Сондықтан, олар бала тәрбиесіне, оның ішінде әсіресе, қыз балаға деген ерекше тәрбиеге ықтиятты көңіл бөле алмады. Олардың санасына сәби кезінен бастап жаңағы жоғарыда айтқанымыздай қасиеттерді сіңіре алған жоқ.

Мәселен, Жапония дүниежүзінде ұлттық салт-дәстүрін ең берік сақтаған ел. Ол елдің өз ұлтының ежелгі табиғатын қаймағын бұзбай тұтастай сақтауының басты себебі онда бала ес біле бастаған шағынан оған үлкенді сыйлауды, ізетті, ибалы болуды үйретіп, өз ұлтына тән басқа да қасиеттерді санасына сіңіре береді. Яғни, бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарап, ұлттық тәлім-тәрбиенің адам бойында қалыптасуына игі ықпал етеді екен.

Ал, біз өз ұлтымыздың қанымен келе жатқан салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына, мәдениетіне, әдебиетіне, өнеріне немқұрайлы, тіпті менсінбей қарадық. Керісінше, өзге ұлттардың мәдениеті мен әдебиетіне, өнеріне қызығушылық, көрсеқызарлық пайда болды. Соларға еліктедік, солардан үйренуге тырыстық, басқалардікі өзіміздікінен артық көрінді.

Бүгінде біздің сахнамызды, радиотолқындарымызды Батыстың жауыздыққа, әдепсіздікке, ойсыздыққа тәрбиелейтін қоқыр-соқыр

дүниелері жаулап алды. Оның жастар санасына жағымсыз жақтары, ар-ұяттан бездіретін келеңсіз көріністері көп екенін біле тұра, оған мән беріп, көңіл бөлмей келеміз. Ал, бізге керегі әлемдік мәдениеттің озық үлгілері. Оларды игеру үшін алдымен қыздарымыздың әлемдік мәдениеттің адами ізгі қасиеттерін игеруге, озық үлгілерін үйренуге және оның тұнығынан сусындай білуге баулуымыз керек. Сонда ғана ертеңгі күні ана болып, бала тәрбиелейтін олар ұлтымыздың кешегі өткен ата-бабаларымыздан келе жатқан болмысына лайықты ұрпақ өсіре алады.

Тегінде, қыздар ер балаларға карағанда сезімтал, демек, еліктегіш келеді. Ал, қазіргі кезде олар еліктейтін дүниелер тым-тым көп. Әсіресе, Батыстан жеткен жабайы «қызықтар мен тамашалар» қаланы да, даланы да жайлап барады. Сол қызықтардың ортасында, соларға ынты-шынтысымен еліктеп, біздің «мәпелеп өсіріп» отырған ұлдарымыз бен қыздарымыз жүр. Бүгінгі қазақ қыздары Батыс салттарына көп еліктейді. Соның салдарынан қазір ешкімнен именбей-ақ темекі тартатын, көшеде жүріп келе жатып сыраны шишаның аузынан да сыңғыта беретін өрімдей жас қыздар көбейіп келеді. Олар киіну үлгісімен де сол батыстықтарға ұқсауға тырысып, көшеде жартылай жалаңаштанып, кіндіктерін көрсетіп жүре береді.

Бүгінгі таңда қызғалдақтай мәпелеп өсіріп отырған қызыңызды: «Сенің ертеңгі негізгі орның – отбасының айналасы, ошақтың қасы» – деп қана үгіттеуге, әрине, болмайды. Бірақ, көрінгенге көп еліктеп, тым еркін жүріп, бейпіл сөйлеуден түбінде опық жеуі мүмкін екенін (ондайлар қазір аз ба?) ұрпағымызға ұғындыра берсек құба-құп болар еді.

Біз дербес мемлекет ретінде жас ұрпақ әсіресе, қыз балалар тәрбиесінің өткенмен үндестігін, сабақтастығын одан әрі тереңдете түсуіміз керек. Қазақ қызының бойына ұлттық ерекшеліктерді орнықтыру, жүректерінде ұлттық намыс отын маздату ел болудың басты талаптарының бірі. Қыздарымыз елін, жерін сүйетін, ұлтымыздың болашағын ойлайтын азаматша болып өссін десек, бәрінен бұрын ата-бабаларымыздың уақыт тезінен сүрінбей өткен дәстүрлі тәлім-тәрбиесін жаңа заманмен ұштастыра, қайта жаңғыртуымыз керек. Сонда ғана шын мәнісінде өмірдің қызғалдағындай қыз өсіре аламыз.

Грек ойшылы Платонның «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөзіне біздің халық қаншалықты лайық болғандығын айқындайды.

Тегіне көз салған ата-бабамыз «жақсы болсын тегі, заты, тұқымы, пәк ұяты болсын жанның тұнығы» деп орта ғасырлық ғұлама Жүсіп Баласағұн айтқандай, қыз бойындағы пәктік, тазалық,

тәрбиелік, ар-ұяттың мөлдірлігі басты қасиет екендігін таразылаймыз.

«Елден – елді аралап,
Текіден – текті саралап,
Нұсқасын байқап шамалап» – деп,

Ақтанберді жырау жырлағандай, немесе,

«Көріп алсаң көріктіні,
Таңдап алсаң тектіні
Сонда көңіл толмай ма?» –

деп, Абай айтқандай, немесе халықтық түсінікте қалыптасқан «Тегіне қарап қызын ал, соғуына қарап қару ал», «Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық», «Шешеге қарап қыз өсер» – деп, мақал сөздердегідей, болашақ жарының тәрбиелі, көргенді болуы қазақ дәстүрінде басты талап болғандығын түсіндіреміз. «Қыз кезінде бәрі жақсы, жаман әйел қайдан шығады» дегендей, бой жеткеннің ақылдылығы, зерделілігі, парасаттылығы таразыға түсіп отырған. Бұл жөнінде:

Ақылды әйел ізде десең сен егер,
Есті болса, төрт құбылаң теңелер
(Жүсіп Баласағұн);

Әйел алсаң көріп ал ақылдысын,
Ол – сенің ақыреттік жақын кісің
(Шал ақын);

«Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ұяты бар, ақылы бар,
Ата-ананың қызынан қапыл қалма»

(Абай) –

деп, даналар жырлағандай, бойжеткеннің ақыл-зердесі бағаланып, «Алған жарың жақсы болса, барлық бақыт бастан кетпес деп түйгендігін зерделейміз. «Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без» деп, ата-бабамыз тектен тек айтпаса керек. Болашақ ошақ иесінің іскер, еңбексүйгіш, шебер, отбасына ұйытқы бола білуі, ерін күте білу, қонақты қарсы алу, бала тәрбиелеу, туысқа қамқорлық, аналық борышын орындау, іс тігу, тамақ даярлау т.б. қазіргі заманға сай отбасы тіршілігіне бейімділігі – әр бойжеткеннің басты талабы. Қай ата-ананы алсақ та қызының ертең барған жерінде «балдай батып,

судай сіңіп» кетуін, жақсы жар, әдепті келін, аяулы ана болуын армандайды.

Қасиетті ана қызының тәрбиелі жан болып өсуі үшін жасынан-ақ үлкендердің алдынан аттатпай өсіреді. Халқымыз «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» дегендей, жаңа отаудың береке құтын ағайын-туыс, ауыл арасындағы беделін болашақ ұрпағына дұрыс тәлім тәрбие беруін келіннің жақсы-жаман қасиеттерімен өлшеген.

Абай қыз балалардың жұбайлық өмірге ертерек баулынуы керектігіне ата-аналар назарын аударады. Қыз күнінде сырттай әжептеуір болып жүріп, үй болғанда берекесі кетіп, азып-тозып, салақ әйел атануы жастайынан үй іші тірлігіне ерте бауланбағанынан деп ескертеді. Сондықтан да Абай ата-аналарға қыз бала тәрбиесіндегі халық дәстүрін басшылыққа алуды ұсынған. Соның айғағындай, абзал аналардың аялы алақанында алаңсыз есіріп келе жатқан қыз балаларын өз алдына үй болғанда көптеген шаруалар күтіп тұратынын әр уақытта естен шығармай, сол жұмыстарға баули берген. Сонымен бірге адамгершілік қарым-қатынастың жай-жапсарын бойларына сіңіріп, өз қыздарын жақын жеңгелерімен сырлас болуға баулып, көбінесе сол үлгілі, өнегелі жеңгелерінің іс-әрекетіне еліктете бастаған.

«Келінім саған айтам, қызым сен тыңда» деп, жаңа түскен келінге ақыл айтып, талап қоя жүріп, өз қыздарының да осы шаруадан хабардар болуын естен шығармаған.

Тәлімгер аналар ес біле бастағаннан үй шаруасына жарап қалған қыз балаларына іс тіктіріп, үй күттіріп, барған үйіне жағымды, сыйлы адам болуы үшін үй тіршілігінің еңбек әрекетіне осылайша баулып отырған.

Бізге жеткен тәлім-тәрбие осы бір, қыздар жайлы айтылған арнаулы атаулар-сөздер осы мәселенің даяр оқулығы іспетті. Мысалы: «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «Жібекті күте білмеген жүн қылады, қызды күте білмеген күң қылады» т.б. көптеген мақал-мәтелдер халық тәрбиесінің осы қырларын аша түседі

Қандай заманда болсын қыз бала қиын жерде жол тауып, өз намысын қорғайтын, елге пана болатын дәрежеге ақылымен, сабырымен тапқырлығымен, нәзік жүректігімен, ақыл-парасатымен жеткен. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деп отбасының, қоғамның тәрбиесі анаға байланысты екеніне ерекше мән берілген.

Ежелгі қазақ тіршілігінде ақылы асқан дана қыздардың, әйелдердің рулы ел басқарғанын, рудың әйел атымен аталуының

мысалдары толып жатыр және мұның өзі сол дәуірде ерекше бір құбылыс емес – қалыпты нәрсе саналуының өзі – халқымыздың қыз балаға деген көзқарасының соншалықты озықтығының бір айғағы.

«Астың дәмін тұз келтірер, елдің сәнін қыз келтірер» деген дана халқымыз қыз баланы сондықтан мәпелеп, аялап өсірген.

Қазақ халқының аңыз, ертегі, дастан жырларында ердің сенімді серігі, анасы, ғашығы, жары, аяулы қарындасы ретінде әйел, қыз бала бейнесі келтірілмеген шығарма табу қиын. Осылардың көпшілігі халық ауыз әдебиетінде аңызға айналған. Кейбірі дала төсінде, желдің өтінде ескерткіштерге айналса, кейбір көркем кейіпкерлер ретінде халық жадында сақталған. Мысалы, ежелгі Оғыз елін басқарған тоғыз батырдың сенімді серіктері бола білген батыр аруларға қойылған тоғыз ескерткіштің жетеуі Қазақстан жерінде болуы, Домалақ ене, Айша бибі, Бабаджа әйел мазарлары арқылы ақын Сара, ақылды Айман, күйші Дина, Нұрғаным, Зере, Айғаным бейнелері – соның дәлелі.

Қазақ жырларындағы ару бейнелері–Құртқа, Қыз Жібек, Баян, Аймандар даналығымен ақыл-парасат биіктігімен, қандай қиын сәттерде ұстамдылығымен, тапқырлығымен танылды. Солардан халқымыздың қыз бала тәрбиесімен жан-жақты айналысқанын көреміз.

Мұндағы:

1. Ұлттық әдеттер: тазалық сақтау, адамгершілік, мәдени әдеттер, еңбек әдеттері т.б.

2. Ұлттық әдет-ғұрыптар: ырымдар, жоралғылар, рәсімдер, салтанаттар т.б.

3. Ұлттық салт-дәстүрлер: қыз бала тәрбиесіне байланысты салттар мен дәстүрлер.

Көбінесе жұрт әлдебіреудің іс-әрекет, мінез-құлығы көңіліне жақса, «Көргені бар екен!» – деп сүйсініп, ұнатпаса «Көргенсіз екен» – деп күстәналап жатады. Ондай «көргенділік» пен «көргенсіздіктің» адам бойында қалыптасуы алдымен отбасынан бастау алатыны да белгілі. Ал, біздің халқымыздың ежелден қалыптасып келе жатқан тәрбиелік дәстүрлерінде тәлімі мол үлгілер мен салттар аз емес.

Ұл бала тәрбиесі.

Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы мәдени құндылықтары қалыптасады. Ата-бабамыз ұл баланы ертеңгі абыройлы әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын ер, батыр, би, ақын, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кешірімді болуына, өнерге, білімге, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиелеген. Ұл бала – қазақта шаңырақ иесі, ер-азамат – ата-ананың отын тұтатушы

болып саналады. Қазақ отбасының ерекшелігі жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемей, алдын кесіп өтпей, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемейді. Қазақ отбасындағы үлкенді құрметтеу әдеті жауапкершілік, адамгершілік сезімдерін туғызған. Дұрыс бағытқа бағдарлау көп жағдайда абыройлы әкеге, үлгілі отағасына, қадірлі ағаларына байланысты. Халқымыз ұл бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Қай халықта болмасын, ұл бала тәрбиесі – әке меншігінде. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дей отырып, қазақ отбасында әкелер өзінің білетін бар өнерін алдарына үйретіп, оларды мерген, аңшы, яғни «сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт етіп тәрбиелеген. Бала ес білгеннен бастап, оның құлағына «сен ертеңгі шаңырақ иесісің, болашақ әкесің, арқа сүйер жарсың, отбасының асыраушысысың, сондықтан да «жаманнан жирен, жақсыдан үйрен» деген сөздерді құйып отырған. Халқымыз ер баланың 12-15 жасынан бастап, оның алдында өмірдің дайындаған талай қиын-қыстау шақтары мен қуанышты сәттері бар екендігін ескере отырып, «Аты аталмаған жігіттен аты аталған төбе артық» деп намыстандыратын, «Айтсаң, үйде туып, түзде өлетін жігіттерді айт» деп таңдандыратын, «Өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар» деп шамдандыратын, «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді», «Ерлік білекте емес, жүректе» деп қайраттандыратын, «Ақыл жастан, асыл тастан» деп сеніміне шек келтірмейтін, «Атадан ұл туса игі еді, ата жолын қуса игі еді» деп армандайтын еді халқымыз. Қазақтың ұлы ойшыл ғұламаларының бірі Ж.Баласағұни өзінің «Құтты білік» дастанында балаға тәрбиені отбасында бер, «ақ маңдайлы ұл-қыз туса, үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма» деп келер ұрпаққа өсиет ете отырып, баланы жас кезінен білім мен өнерге, еңбекке баулу арқылы жаны мен тәні сабақтас жетілген парасатты ұрпақ өсіретінімізді атап көрсеткен. Ата-анасын аялай, құрметтей білген баладан жақсы азамат шығады. «Әкесін аман сақтап қалу үшін жанын қиған ұлдың өлімі – ең бақытты өлім болып табылады» – деген Баласағұнидың ұстазнамалық тұжырымдамасында осындай керемет ойлар жатыр. Шығыстың басқа ұлт өкілдерінің отбасындағы сияқты қазақта дүниеге ұл келсе, тұқымымыздың жалғасы, шаңырақ иесі туды деп ұлан-асыр, ат шаптырып той жасау күні бүгінге дейін сақталған. Дүниеге ұл әкелу әсіресе, әке үшін зор бақыт, үлкен мақтаныш. Қазақта бір кісі қайтыс болса, артында қалған баласы бар ма еді деген сауалы болады. Бар деген жауап естісе, «орнында бар оңалар» деп бата береді. Отбасындағы ер баланың өз орны бар. Мысалы, тұңғыш ұл – кейінгі іні-қарындастарының қамқоршысы, ата-анасының көмекшісі, оған «Ағасы бардың – жағасы бар» деп арқа сүйеген. Кенже ұл – шаңырақ иесі. Басқа балалар енші алып, бөлек отау құрып жатса да кенже ұл әке-шешенің

қолында қалады. «Ұлға отыз үйден тыйым, он сан үйден сын» демекші, ер жігітке айтылар сын көп, қойылар талап жоғары. Халықтың дәстүрлі тәрбиесінде осы баға – «жігіт сыны» деп аталады. Қазақ халқының менің ұлым деп көкірек қағып, мақтаныш тұтар ұлының қандай болу керектігі туралы халықтың талғамына сай бейнеленеді:

а) кескін-келбеті: «Еңсегей бойлы, өткір көзді, қара қасты, кең маңдайлы, қыр мұрынды, кең маңдайлы, кең иықты, жуан білекті, темірдей саусақты».

ә) қадір-қасиеті: «Қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қасқырдай өжет, жау жүректі, жылқыдай мінезді, бұландай алып, сауысқандай сақ». т.б) қабілет-икемі: «Көсем жігіт» – ел басқаратын жігіт, «Шешен жігіт» – дау шешетін тұлға, «Батыр жігіт» – еліне қамқор, жауына алаберен жігіт, «Сері жігіт» – аттың жүйрігін мініп, иттің алғырын ертіп, қыранның қырағысын баптап, ат құлағына ойнап, ер қаруы – бес қаруды сайлап, мың құбылтып ән салып, күмбірлете күй тартатын өнерлі жігіт. «Жомарт жігіт» – дастарқаны берекелі, пейілі кең, өзі жайдары, «Палуан жігіт» – мойыны жуан, жауырыны қақпақтай, бұлшық еті темірдей, қимылы шапшаң, иненің көзінен өтердей епті, алып күш иесі. Осы аталған қадір-қасиеттерді бүгінгі ұландар бойына дарыта білсек, онда зерделі де зейінді, өнерлі де талантты, жігерлі де қайратты, адал да парасатты елі-халқы сыйлайтын ер жігіттің келешегі жарқын, жолы ашық. Осы орайда ойға оларға берілетін тәрбиенің артықшылығы неде деген сұрақ оралады. Өйткені оларды бесік жырына құлағын қандырудан бастап, ауыз-әдебиеті мен ата-баба тарихына сусындатудан бірізділікпен ер балаларға негізделген тәрбиенің әдістемесінің жасалуы ер бала тәрбие маңыздылығын сезіндіріп қана қоймайды. Сондай-ақ, нәтиже де берері анық. Ал, керісінше, жалқаулықты серік етіп, жанын өтірікпен бағып, біреуді алдап, біреуді арбап, шыққан тегін білмейтін, отбасы түгілі өз басын да асырай алмай жүрген ерлерімізден қандай ұрпақ жалғастығын күтуге болады? Осындай кереғар тәрбиеленген ұрпақ өкілдерінің тәрбиесіне кімді кінәлаймыз? Қоғамды ма, әлде ата-ананы ма? «Атадан тағылым алмаған ұл жаман, анадан өнеге көрмеген қыз жаман», «Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас», «Бала тәрбиесі – бесіктен» деп түйіндей отырып, ер бала тәрбиесінің отбасында және мектепте қыздармен қатар берілуіне ерекше мән беріп, арнайы тәрбие бағдарламалары жасалуға тиіс. Өйткені, ер баланың дұрыс тағылым-тәрбие алуы, дүниенің сырын танып білуі отбасындағы ата-аналардың ақыл-кеңесі мен үлгі өнеге көрсетумен байланысты. Ұлттық тәрбиенің бұрынғы әдістерін бүгінгі күн талабымен жаңаша қарастырған жөн. Ата-бабамыз жасап, сомдап кеткен жігіттің моделін одан әрі, бүгінгі күннің талабына сай жетілдіріп

өсіп келе жатқан өскелең ұрпағымыздың бойына дарыту, тағдырдың қандай тәлкегін көрсе де, қайсарлығы мен тектілігін жоғалтпаған дана халықтың ұрпағы екендігін ұғындыру, олардың бойына мақтаньш сезімін туғызу ата-ананың бірден бір міндеті. Кейінгі жылдары ұлдар арасында тым жұмсақ мінезділер де кездеседі. Мамандар мұны ер-азаматтардың ұрпақ тәрбиесінен мүлде сырт қалуының салдары дейді. Кей уақытта бала әкесіз өсіп, анасының тәрбиесінде болады. Алайда, баланың жігіт болып өсуі тән кейбір қасиеттерін бойына жинап өсуі де осыдан. Жүрегі жұмсақ аналарымыз кейде ұлды тым еркелетіп жібергенде, әкенің салмақты сөзі таза ауадай қажет. Ата-бабамыз қан тазалығына, тектілікке қатаң қараған. Қазақта «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деп барлық саналы қазақ азаматтарына айтылған. Жеті атаға дейін өз руының қыздарына үйленбеуге тырысқан. Қазақтар ұлдарын он үш жасында отау иесі деп дайындаған. Бала дүниеге келгенде кіндігін кім кеседі, бесікке кім бөлейді сол адамға тартады деп те ырымдаған. Адамгершілік, қайырымдылық, әдептілік сияқты қасиеттер үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» дейді дана халқымыз. Ер баланы алты жасқа дейін хандай көтер, сыйла. Алты жастан он алты жасқа дейін құлша жұмса. Он алты жасқа толғасын досындай сырлас, сыйлас деген қазақ халқында нақыл сөзі бар. Ер баланың тәрбиесін неден бастауымыз керек? Бала кезінде ұлдың жұмысы, қыздың шаруасы деп бөлген дұрыс емес. Ата-анасына көмектескісі келсе, қолын қақпау керек. Бала әкені сенімді дос ретінде санайтын болсын. Үлгі тұтатын әке болсаңыз, бала сізге адал дос, қолдаушы болады. Ұл бала ерлерге тән ойлау жүйесін, жігіттік болмыс-бітім, мінез-құлықты бойына қайдан сіңіреді? Қыздардың – анасына, ұлдардың – әкесіне еліктейтіні анық. Ұл бала әкесіне ұқсас болғанын қалайды. Ұл үшін әкесінен асып түсер мықты адам жоқ: ол көлік айдайды, ауыр заттарды оп-оңай көтереді, ештеңеден қорықпайды. Қазақта үстелдің төрінде әкенің тұрақты орны бар, оған басқа ешкім отырмайды. Балалары әкесі наннан ауыз тигеннен соң тамақтануға кіріседі, сосын әкелерінің ас қайыруынан соң ғана орындарынан тұрады. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы азамат болса: оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой деп мақтайды. Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан оң моральдық-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-

күйі тікелей ықпал етеді. Қазақта ұлдар әкесі немесе атасының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударған. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр. Әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оны жақсы тәрбиелеуі дей отырып, баласын оқытып, жақсы көріп, баласына ат қою, баласын сау етіп өсіру, үйленер жасқа келгенде баласын үйлендіру – қазақ отбасының басты міндеттерінің бірі. Қандай ата-ана болсын баласының дұрыс адам болғанын, өзінен артық болғанын қалайды. Бұл – ниет қана. Тәрбие беру барысында қателіктерді болдырмау, жетістікті нәтиже алуда тәрбиенің түрлі әдіс-тәсілдерін қолдануы қажеттігін ата-ана ұғынуы тиіс.

Ер жігіт тәрбиесі

Ұл тәрбиесінде ұлдарға болашақ ел мен жұрттың қорғаны, отбасының ұйытқысы, халыққа бақыт- байлық жаратушы екендігін, ер жігіттің қалай болу керек екендігін шынайы ұғындыру басты мақсат етіледі. Ер жігіттің қалай болу керектігі, ел -жұрт, үлкен кіші, кәрі-жас алдында өзін қалай ұстап, әйелдер мен балаларға қалай қамқорлық жасау, отбасы мен ел-жұртына қалай үлгі-өнеге болу, қиын сәттер мен ел басына күн туған сын сағаттарда қалай ерлік көрсетіп, қалай азаматтық таныту секілді істердің барлығы мұқият үйретіледі. «Ұлым жақсы болсын десең, біліктімен ауылдас бол» дейтін халық даналығына сай, ұлдары тайға мініп өз тізгінін өзі ұстап жүруге жарай бастаған соң, адамгершілігі жоғары, білімі терең жақсы адамдармен көрші болып, өнерлі, үлгі-тағылымды кісілермен жиі барыс-келіс жасап, ұрпақтарының тамаша үлгі – өнеге алып өсуіне тамаша шарт-жағдай әзірлеп береді. Арлы, адал, өнерлі, білімді азамат болып шығуға талпындырады, түрлі жиын-тойлар мен үлкен кіші ортасында әдепті, ибалы, тәртіпті, мәдениетті болуға, өзін дұрыс ұстап, жаман мінез, жағымсыз қылық көрсетпеуге дағдыландырады. Үлкен кіші ортасында бей-әдеп сөз сөйлеп, асып-таспауға, ашық-шашық жүгірмеуге үйретеді. Қай жерде жүрсе де, қандай қызмет істесе де кішпейіл, қарапайым, қажырлы болып, ер азаматқа лайық ерлік, серілік танытып, еркектік мінез, азаматтық тұрғыдан жазбауға жетелейді. «Еркек мінезді әйелден, әйел мінезді еркектен без» деп еркекте еркектік, әйелде әйелдік қасиет болуын дәріптейді.

Ер балалардың 7 мен 10 жас аралығын «қозы жасы» деп, бұл жастағы балаларға әр түлік мал мен оның төлдерінің бөгенайын, белгі, қасиеттерін жыға тану талабын қойған. 10 жастан 20 жасқа дейінгі жасты «қой жасы», «қотан жасы» деп атап, осы он мен жиырма жас аралығындағы ер балаларға қойдың қырық қайырымын білу, астық жинаудың «ұрық таңдау, айдау, баптау, ору, жию, қамбалау» сияқты

алты әдісін, бағбандықтың көшет отырғызу, баптау, жалғау, бұтау, үзу, сақтау, сияқты амалдарын толық меңгеру талабы қойылған. 20 жастан 30 жасқа дейінгі жасты «жылқы жасы» деп атап, бұл жастағы азаматтарға ел танып, жер танып, жылқының жиырмаа қасиетін меңгеріп, жеті қараңғыда адаспай жол табатын, қауіп қатерге жолыққанда ерлік көрсете алатын, батыл да батыр болу талабы қойылады. Ұрпақтарды жасына қарай талап қойып тәрбиелеу тәрбиенің жұғымдылығын арттырады. Ар- намысты, атақ –даңқты жеке басы мен өз мүддесін жоғары қоюдай ұлы мұрат, асқақ арман орнатуына тамаша негіз қалайды.

Бұл тәрбие ұл балалардың жауапкершілікке және қожайындық сезімі билей бастайды. Отбасына, балалар мен аналарға, ел-жұртына қамқоршы, қорған болу сезімін арттырады. Есейгенде ақыл-айла, күш-қайрат жағынан ақаусыз есейіп, туған жерге, Отанға, халыққа мол үлес қосу санасын жоғарылатады. Әрқашан өздерін ел алдында ер азаматтық биіктен көрсетуге тырысатын намысқой, батыл, батыр, халықшыл азамат болып шығады.

Ұл баланы ертеңгі абыройлы әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын ер, батыр, би, ақын, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кең, кешірімді болуына, өнерге, білімге, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиелейтін болған. Әр отбасы–жеке мемлекет. Бұл мемлекеттің іргетасын қалаушы, оны басқарушы, отағасы – абыройлы әке. Отбасының мәдени-рухани, материалдық жағынан құлдырамай, мықты болуы әкеге байланысты. Ұлы күш пен сабырлықтың иесі болып табылатын да – әке. Әке өсиеті мен тәлім-тәрбиесінің маңызы ерекше. Қанша дегенмен, жүрегі жұмсақ аналарымыз кейде тым еркелетіп жібергенде, әкенің салмақты сөзі таза ауадай қажет.

Кей уақытта бала әкесіз өсіп, анасының тәрбиесінде болады. Алайда, баланың жігіт болып өсуі немесе қызға тән кейбір қасиеттерін бойына жинап өсуі де осыдан. Дегенмен, дұрыс бағытқа бағдарлау көп жағдайда абыройлы әкеге, үлгілі отағасына, қадірлі ел ағаларына байланысты. Қазақ халқы ер бала тәрбиесіне өте зор мән берген. Қазақ халқы 7 атаға дейін, мүмкін болса өз руының қыздарына үйленбеуге тырысады. Ата-бабамыз қан тазалығына, тектілікке қатаң қараған. Атам замандарда қазақтар ұлдарын 13 жасында отау иесі деп дайындаған. Қазіргі заман басқа, заң бойынша 18 жасқа толғасын некеге отыра алады. Ең дұрысы Отан алдындағы әскери міндетін атқарып келгесін 20-22 жаста ата-баба салт-дәстүрі бойынша үйленген жөн. «Отызында орда бұзбасаң, қырығында қамал ала алмай қаласың» деген сөз бекер айтылмағанын да ескерген дұрыс. Үйленер алдында жастар толық дәрігерлік тексерістен өтеді. Келіншегінің екі қабат кезінде не ішуге болмайды, неден сақ болу керек, үйленгеннен кейін баланы 9 ай көтеру

керектігі, ол үшін анасының денсаулығы зор болуы т.б. сұрақтарын алдын ала дәрігермен кеңесіп шешіп алғандары жөн. Әйел екі қабат екенін білмей, соның кесірінен байқамай арақ-шарап, сыра, беталды дәрі-дәрмектер ішкеннен т.б. ауру балалар пайда болатынын жас ана білгені дұрыс. Бала дүниеге келгенде кіндігін кім кеседі, кім перзентханадан көтеріп алып шығады, бесікке кім бөлейді т.б. сол адамға тартады деген ырымға байланысты әке-шешесі ойластырып, ата-әжелерімен, дәрігерімен ақылдасып беделді, елге сыйлы ел аналарын дайындайды. Бір ғана «баланы жастан» деген сөздің астарынан қазақ халқының бала тәрбиесіне қаншалықты көңіл бөлгенін аңғаруға болады. Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, адамның бақыты -балада деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Адам ұрпағымен мың жасайды деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні-өз ұрпағы. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер дейді дана халқымыз. Ер баланы алты жасқа дейін хандай көтер, сыйла, алты жастан он алты жасқа дейін құлша жұмса, он алты жасқа толғасын досындай сырлас, сыйлас деген қазақ халқында нақыл сөз бар. Бұл сөздің мағынасы бала дүниеге келгеннен бастап қорға, қамқорла, қалауын жаса, мүмкіндігіңше ұнатқан ойыншығын, қажет нәрселерін алып бер, ойын арқылы баланы тәрбиелеуге болатынын есіңнен шығарма дегені.

Қазақтың ұлттық ойындары асық, тоғызқұмалақ т.б. ойындардан бастап, қазіргі заманға сай, балаға қажет деген ойын түрлерін үйрет. Баланың сүйікті ойыны арқылы да, икеміне қарай, болашақта кім болатынын да болжауға болатынын ата-бабаларымыз білген. Баланы бесікке бөлеу, дәрігермен ақылдасып дене шынықтырулар жасау, еңбектеуіне мүмкіндік беру, тәй-тәй басып жүре бастағанда тұсауын кесу – бәрін уақыты жеткенде жасау. Бір ескеретін жай бала еңбектеп жүргенде күштеп жүргізуге болмайды. Еңбектеу арқылы тізесі, аяқ сүйектері әбден дамуы қажет. Ерте жүргізу әрекетін жасасаңыз, баланың аяғының бұлшық еттері өсіп, сүйек, сіңірлері тартылып қалады. Баланы дәрігер 1 жасқа дейін үйге келіп қарайды, балаң жөнінде дәрігердің берген кеңесін мұқият тыңдап, жазып ал. Баланы ойнап жеңуге болатынын ескеру арқылы кішкентайынан тәртіпке көндіре білу өте маңызды. Баланы жасына қарай тәрбиелеу керектігін

естен шығармау қажет. Тіпті балаға берген тапсырманың аяғына дейін орындаулына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Өстіп баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, теріс ісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді. Ата-ана ер бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Ата-ана ұл-қыздармен үй шаруасын істеп жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге де болады. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шеше, үй ішінің үлкендері әдептілік танытқаны жөн. Ер жігіттің бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау—ата-ананың басты парызы. Ата-анасынан көрмеген сүйіспеншілікті мұғалімнен көрген бала менің ата-анам да осындай болса, деп армандауы мүмкін. Мұғалімін тек жақсы қырынан таныған оқушы үшін оның айтқаны анық, дегені дәл болып көрінеді. Баласын қалай жақсы көретінін дұрыс білдіру кез келген ата-ананың қолынан келе бермейді. Біреу жақсы киіндіріп қояды, біреу тамағы тоқ болса болды деп, қалтасына ақшасын салып бергеніне мәз. Біреулері өте қатал, негізсіз айтқанын орындатады. Бала қорыққаннан уақытша тыңдайды, бірақ ата-анасының уысынан шыққан соң өзін-өзі ұстай алмайтын жағдайға жетеді. Алтын бесік – отбасы болса, алтын ұя—мектеп екенін естен шығармау керек.

16 жасқа, яғни кәмілетке толғасын досындай сыйлас, санас, ақылдас дегені. Балаңа еркіндік бер, арман, мақсаттарының орындалуы жөнінде кеңес. Сені сенімді дос санайтын болсын. Сен жақсы дос, үлгі тұтатын әке болсаң, балаң саған адал дос, қолдаушың болады. Мамандық таңдауға көмектес, мамандық таңдағанда баланың нені жақсы көретініне, не қолынан келетініне, неге икемі барына, алған біліміне, таңдаған, яғни жақсы көретін пәніне, нені ұнататына мән берген жөн. Завод, фабрика және әр түрлі мекемелерде қарапайым жұмысшыдан бастап басшысына дейін қандай мамандар жұмыс жасайды, сол жөнінде де ақыл бер. Балаңыз суретті жақсы салатын болса, оған әнші бол деп қыйнап не керегі бар. Немесе мұғалім болғысы келетін балаңызға, дәрігер бол деп, инженер механик болғысы келетін балаңызға, заңгер бол деп, қаржыгер болғысы келетін балаңызға, мал дәрігері бол деген орынсыз екенін түсінген жөн. Қазақша бұны буынсыз жерге пышақ

ұрма дейді. Ер баланың әскер қатарында болып келгені өте жақсы, бірақ, барғысы келмесе, мамандығы бойынша жұмыс жасағысы келсе баланы босқа қыйнамай әскери курстардан өткізіп алса да болады.

Кейінгі жылдары ұлдар арасында тым жұмсақ мінезді, әжелеріміздің сөзімен айтқанда, күн жаумай-ақ үсті су боп жүретін ынжық балалардың жиірек ұшырасуы алаңдатады. Мамандар мұны ер-азаматтардың ұрпақ тәрбиесінен мүлде сырт қалуының салдары деседі. Расында да, үйде анасының ғана тәрбиесін көрсе, мектептегі мұғалімдердің 80-90 пайызы әйелдер болса, ұл бала ерлерге тән ойлау жүйесін, жігіттік болмыс-бітім, мінез-құлықты бойына қайдан сіңіреді? Қашанда қыздардың – анасына, ұлдардың – әкесіне еліктейтіні анық. Бұл қан арқылы келетін ұмтылыс. Кішкентай ұл үшін әкесінен асып түсер мықты жоқ: ол машина айдайды, күші көп, ауыр заттарды оп-оңай көтереді, ештемеден қорықпайды т.б. Бала өзінің де әр қылығы, әр қимылы әкесіне ұқсас болғанын қалайды. Тіпті оның қырынып жатқанына да қызыға қарайды. Егер әке жұмысбастылықты, жеке қызығушылықты, көшедегі ойын-сауықты отбасыдан жоғары қойып, ұрпақ тәрбиесіне ұқыпсыз қарайтын болса осы талпыныс бірте-бірте басылып қалуы да мүмкін. Бала тәрбиесіне – әке де, ана да бірдей айналысуы тиіс күрделі міндет. Балалар есейген сайын ата-ана мойнындағы жауапкершіліктің жүгі ауырлай түспек. Есі кіріп қалған жасөспірімдер енді ата-ана сөзіне, айтқан ақылына ғана емес, істеген ісіне де мән беріп қарайды. Әке мен ананың отбасындағы өзіндік рөлі болатынын да ұмытпаған дұрыс. Әрине, перзент үшін екеуі де – ардақты, ақылшы, қамқоршы. Алайда бәрібір әкенің отбасылық қарым-қатынастағы орны бәрінен биік тұруы қажет. Кей үйлерде осындай табиғи тәртіптің өзі бұзылған. Яғни, түпкі сөздің тізгіні, шаңырақтағы билік әйелдің қолына көшкен. Оның түрлі себептері болуы мүмкін (ері жұмыс істемейді, әйелінің табысы көбірек, күйеуінің иі жұмсақ т.б.), бірақ бұл жағдай сол отбасындағы балалардың психологиясына, өмірлік көзқарастарының қалыптасуына кері әсер етеді. Ертең олар да ата-анасының ізімен жүріп, күйеуін басынған, сыйламайтын, арсыз, ұятсыз әйел, ынжық еркектердің, күшік күйеулердің қатарын толықтырып ағайындарының, ел-жұртының абыройын айрандай төгеді.

Қайсыбір ерлі-зайыптылар балаларының көзінше айқайласып, жанжалдасып, тіпті бір-біріне қол көтеріп жатады. Немесе бір-бірін кемсітіп, мұқатып, бала алдындағы абыройын жұрдай қылады. Бұл перзент санасына соққы боп тиетіні өз алдына, мұндай ата-ананы бірте-бірте балалары өскенде тек амалдың жоқтығынан ғана сыйлайтын болады, не тастап кетеді, не қарттар үйіне өткізіп жібереді. Әке үй-іші немесе әулет басшысы, отағасы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы, қорғаушысы. Отбасындағы бала тәрбиесінде

әкенің орны ерекше. Әке үйі барлық балалары үшін үлкен үй, қара шаңырақ деген киелі ұғымдармен сыйлы да құрметті. Әке тәрбиесі арқылы, балалардың өздеріне тән мінез-құлықтарын ерекше сергектікпен қалыптастыратын-дығы да анық. Ұл бала үйдегі де, сырттағы да ер адамға қажет тағылымдарды көбінесе әкесінен үйренуге ұмтылады. Сондықтан әке тәрбиесі дұрыс та, мейірімді болу керек. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер-білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой – деп мақтайды. Отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. Шығармашылықта, ақындықта, мамандықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударылған. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр. Әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оны жақсы тәрбиелеуі дей отырып, баласын оқытып, күнін көре алатындай өзі таңдаған мамандық иесі етіп қалдыру, балаларды жақсы көріп, оларға көңіл бөлу, үйленер жасқа келгенде баласын үйлендіру, баласына ат қою, баласын сау етіп өсіру – бұлар әке-шешесінің басты міндеттерінің бірі.

Келін тәрбиесі.

Қазақтың отбасындағы тәрбиеде ерекше орын берілетін мәселе – келін тәрбиесі. Келін – жат жұрттан келген, үй ішіндегі жаңа мүше. Егер ол өзінің жақсы салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын әкелсе нұр үстіне нұр, ал кері болса, оны қауіпті деп есептеген халық. Сондықтан қариялар үйленетін жігітті ондай қауіптен күні бұрын сақтандырып отырған. Мысалы, «Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық», «Есік көргенді алма, бесік көргенді ал»-деп, кеңес беріп отырған.

Қазақта «Баланы жастан, келінді бастан» деген мақал бар. Мұның мәні: баланы жұмысқа да, ақылға да жастай үйрет, ал жаңа түскен келін де жас бала, олай болса балаға жасамақ тәрбиені келіннен аяма десе, келіннің баладан өзгешелігін ескерткен. Сол сияқты қазақта «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деген мақал бар. Мәні: жаңа келген жұрты келінді жамандықтан сақтандырып, жақсылыққа баулыған.

Келін келіп түсісімен беташар жасалады. «Келіннің бетін кім ашса – сол ыстық» деген сөз бар. Мәні: ақын келіннің бетпердесін желпіп тұрып, үй-іші, туыстары, ауыл-аймақ үлкендерінің аттарын атап тұрып таныстырады, ал келін әрбіріне иіліп сәлем беріп тұрады. Сондай-ақ, «Жас келін бойын жасырады, даңқын елден асырады» деген қолпаштау сөз ел арасында сақталған. Мәні: ата-енесі, әжесі мен атасы бар жас келін олардан бой жасыруын міндет деп санаған. Бұл ибалық, иба - кішілікті ғана көрсетпейді, ол келіннің тәрбиелілігінен нышан береді.

Егер келінге далада үлкен кісілер кездесе қалса, «іліп сәлем» беріп, үлкен кісілерді ізетімен ырза қылады. Бұл сыпайы, ибалы жас келіннің өзін сыйлатуының басты құралы. Міне, осыдан келіп «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда» дегендегі «тыңда» сөзінде жүз жыртыспаудың, ибалы болудың ұшығы жатыр, яғни «тәрбиелі келін бол» деген ой жатады екен.

Енді қазақтың келін тәрбиелеудегі салт-дәстүрлердің маңызына тоқталайық. Қыз бала бой жетіп, әке-шешенің аясында бұлғақтаған дәуренін қалдырып, басқа бір елге келін боп түсіп, келіншек атанады. Ол өз шаңырағын көтеріп, үй шаруасына иелік етіп, түтін түтетеді, ана болып, өмірге перзент әкеледі. Жар құшып, ана болу–қыз баланың мақтаншы, әрі бақыты. Бұған, әсіресе, әке-шешесі қуанады. Алайда, оған дейін қыз баланың сол күнге дайындық ретінде өз үйінде жүріп үйренген өнегелері мен өтейтін міндеттері аз болмайды. Солардың бәрі қосыла келе, келін тәртібі яғни келін болу әдебін құрайды. Соған мойынсұнып, ынта қойып үйрену, даярлану көргенділіктің белгісі. Қыз бала келін болып түскенде, атқаратын ауыр да ардақты міндеттерді аттап өтуге болмайтын әдеп инабаттылық талаптар жайында жақсы хабардар болуға тиіс. Келінге қатысты халықтық дәстүрден, туыстық атаулардан, олардың өзара және өзімен арақатынасынан жақсы хабардар болуы керек. Үй ішіне келетін жаңа мүше – келін. Қазақтың ата салтында келіннің келген жерінде ата-енесінен, сол үйдің үлкендерінен бұрын тұру, жуынып-шайынып, үсті-басын ретке келтіріп өзінен кейін тұрған ата-енесіне сәлем беру әдеті бар. Бұлайша ізет жасау үлкендер мен келін арасындағы қарым-қатынасқа жылылық, сыйластық, инабаттылық дарытады, қанға сіңген халықтық ұғым бойынша, үлкендер соған-ақ төбелері көкке жеткендей қуанып, мәз болып, ыстық ықыласпен, баталарын береді, келіннің сол сәл ғана еңбегін, он есе артығымен өзіне қайтарады. Ал, келіннің дүниеден үміті жоқ жандай, сәске түске дейін шашының дудасы шығып, пырылдап ұйықтап жатқаны жараса ма? «Өзің жатып байыңа тұр-тұрлама келіншек»-деген әзіл-шыны аралас сөздің астарында үлкен мән бар екенін жастар аңғара бермейді. «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық»- дегендей, отауының сәнін, ошақ басының берекесін ендіретін шаруа аз ба? «Жаман келін мыңқылдап жүріп билейдінің» керін келтіріп, үйі жинаусыз, кірі жуусыз, ыбырсып жататын, бірдеңеге қолының ұшы тисе, қабағын қарс жауып, қайғының қара суын сапыратын келінді қай кісі, қай қылығы үшін жақсы көріп, рахмет айтады? Жақсы адамға жарасатын ширақ қимыл, сезімтал сергектікпен жайдары қабағы ашық жүзбен үйін үй қылып ұстап, үлкендеріне ізетін міндет етпейтін келіннен ата-енесі айналып кетпей ме?! Осы орайда айта кететін тағы бір мәселе – келіннің келген үйінен басқа да үлкен-

кіші туыстарына өздеріне жарасымды, сыпайы әрі құрметтеуді білдіретін ат қойып алу да ұлтымызға ғана тән бір әдемі әдетіміз. Күйеуінің әкесін «Қайын ата», шешесін «Қайын ене», қарындастарын «Қайын сіңлі», ағаларын «Жақсы аға», «Үлкен аға» т.б., інілеріне «Сал жігіт», «Мырза бала» т.б., ал бұрын қыздарды «Апа» деп, не олардың күйеулерінің аттарымен «Бәлендегі қыз» дей салады. Жас келіндер күйеуінің бірге туған немере, шөбере туыстарының өздеріне жоғарыдағыдай ат қоюмен бірге, олардың әйелдерін өзіне, яғни абысын-ажындарына да «Үлкен апа», «Кіші апа», «Жеңешем», «Үлкен жеңешем», «Кіші жеңешем», «Әбікем», «Апатайым» т.б. деп атайды.

Өзі келін болып түскеннен кейінгі балалардың атын атай береді. Әркімнің туыстық жақындығына қарай, елде, қоғамда алатын орны мен беделіне лайықты ат қойған келіндердің ізеттілігі мен қойған атының ақылдылығына қарай үлкендер ол келінді ұнатып, сыйлай бастайды. Би, болыс болып жүрген қайнағаларына «Би ата», «Би аға», «Болыс ата», «Ел ата» деп атайды. Әдепті келіндер ат тергеуге соншалықты мән беріп, үлкендердің аттарын тура атамайды, ол тұрмақ қайын ата, қайын ағалары мен аттас бөтен адамдарды, мысалы оларға былай деп ат қояды: «қажы атам аттасы», «ағажан аттас» деген сөздермен білдіреді.

Қазақ әйелдері күйеулерінің де атын атамай, оларды «отағасы», «біздің үйдің кісісі», «қожайын», «бәленнің ағасы» дейтін. Күйеулерінің құрдастарының да атын атамай, оларды да «құрдас» деп атандыратын. Ат тергеудегі қазақ әйелдерінің аса ізеттілігі мен тапқырлығын дәлелдейтін мынадай әңгіме сақталған:

«Бір қазақтың бес ұлы болыпты. Олардың аттары: Көлбай, Қонысбай, Койлыбай, Қасқырбай және Пышақбай екен. Бір күні келіні суға барса, көлдің ар жағында, қамыстың бер жағында қасқыр қойды жеп жатыр екен. Сонда келіні ауылға жүгіріп келіп: «Сарқыраманың ар жағында, сылдырламаның бержағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр, тезірек жанығыш пен кескішті жеткізіндер» депті.

Қазақ дәстүрінде үлкеннің атын атамай, тірі де өзін, өлгенде әруаған құрметтеп есінде сақтауды үлкен әдептілік, көргенділік деп есептейтін де, ондай адамдарға барша жұртшылық дән ризалықпен қараған. Кішінің үлкенді, үлкеннің өз тарапынан кішінің кішілігін сыйлауды халқымыздың қанына сіңген қасиетті дәстүрі. Сонымен қатар, қазақ халқында «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» деген үш тармақты, бір бүтін аталы сөздің бар екені мәлім. Мұндағы «ақ жаулық» деген әйел мағынасындағы сөз екені түсінікті. Сондықтан, әйелдің инабатты, ізеттіліктің, мәдениетінің белгісі, ол әйелдің ақ жаулығы, яғни, басына тартатын орамалы. Ертеде қазақ келіндері басынан ақ орамалын тастамаған. Бұл тәрбие мынадай мысалдармен айтылған, «қараңғыда жалаңбас жүруге болмайды», «суға

жалаңбас бармайды»,—дегендей. Ақ орамал тарту ол келіннің көңіл күйінің ақ екенін, яғни тазалығын білдірген.

Келінге тән міндеттің бірі ол келіннің дәстүрлі түрде амандасуы. Келіндер жасы үлкен ата-ене, қайнағаларға үйге кіріп амандасқанда, немесе қымыз, шай, ас-су әкеп бергенде, сәл тізесін бүгіп, үш рет басын иіп, сәлем жасаған.

Үлкен астан кейін, үй иесі жас келінді шақырып, ақсақалдардың алдындағы табақты алдырып, келінге сәлем жасатып, үлкен кісілердің батасын алдыртқан. Осындай үлкендерден алғыс алған жас келін үй ішінің ішкі өміріне бар ынта-жігерімен аянбай еңбек ете кірісіп, елге жағуға тырысқан. Бата тілектер жастарды жақсы сөзбен жарылқап, еңбекке ынталандыру, отбасы татулығын күшейтуге айрықша әсер еткен. Әрдайым қазақ келіні сабырлы, ұстамды, ізетті, кішіпейіл, еңбекқор, балажанды, әрі тазалығы мықты болуы тиіс. Келіншек келуімен отбасында оның әсері сезілер болсын. Келіннің қолынан татқан тамақ, ішкен шай бапты, дәмді көрінсін, яғни әрбір қазақ келіндері ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерін өз жанына қалыптастыруы тиіс.

Қазақ салты бойынша бұрын ата-енесі қолына түскен келінін бір жыл толғанша төркініне жібермеген. Мұның мәнісі -осы аралықта келінді тәрбиелеуі керек. Балалық шіркіннің бас асауы басылмай келген жас келінге бұл бір жыл оңайға түспейді. Ауыр еңбекке, қатал тәртіпке толы бір жыл ол үшін қыл көпірден өткенмен бірдей.

Бірінші, осы уақыт ішінде келген жеріндегі ата-ене, қайнаға, қайын, абысын, тағы басқаларға ат қойып, оны жаңылмай айтуы керек.

Екінші, киіз үйдің түңдігін елең алаңда ашып, су әкелу, от жағу, сол сияқты түндікті ел жатқанда жабу келіннің міндеті. Осы аралықтағы шай қайнату, іркіт пісу, қымыз қотару, құрт жаю, кір жуу, саба пісу, ыдыс-аяқ жуу, сиыр сауу, қой қосақтау, бие сауу, тезек теру, түскі ас, кешкі тамақ, ішек-қарын тазалау сықылды тізе бүктірмейтін жұмыстардың түрі үзілмейді. Келін қалғып-шұлғып, жығылып-сүрініп кешке әрең жеткенімен, елдің соңында жатуы керек. Қазақ қай бір ерте жататын халық. Қонағы түн ішінде келсе, келінге тіпті ұйқы жоқ. Сонда келін орта есеппен 17-18 сағат ауыр жұмыс істейді.

Үшінші, осы бір жыл ішінде үлкен үйге сәлем беріп кіруден, артымен шығудан жаңылмауы шарт.

Төртінші, келін жыл бойы жібектей болуы, мінез көрсетпеуі керек. Егер қай күні ерте тұра алмай қалып, «Тентегім» деп өзі ат қойған қайындары төсектің тұсына кеп: «Мына қатынды марту басып жатырма?» деп, киіз үйді құрықпен сабаласа да қарсы шықпай, атып тұруы керек. Мұны орындамаса «шуаяқ» деген атқа ие болады.

Бұл төртеуін ата-ене келінді еңбекке, адамгершілікке қалыптастыру үшін әдейі істейді. Бұл - олардың, өздерінше мектебі.

Кейін бұдан тұңғыш баласын босанып, ол қырқынан шыққанда бір-ақ құтылады. Сонан соң енесі келінді бірінші рет төрге шығарып: «Сен енді санатқа қосылдың. Бұрын бала едің, енді ана болдың. Бұрынғымыз өзіңді адам болсын, пыссын дегеніміз. Енді осы үйге толық мүшесің», – деп келінінің маңдайынан сүйіп, мейірім білдіреді. Сәлем беруден азат етеді. Қолына ағаш теген, себеле пышақ ұстатып, тошалаға апарып, не бір керемет мүшелерді өз бетімен таңдап асуға рұқсат береді. Тіпті осыдан кейін қонаққа өз бетімен мал сойғызуға да рұқсат етіледі.

Бірақ бұл құқыға келін үйінен келген киелі киімді сол төрде отырып кигеннен кейін қақылы. Сол түні ата-ана келіннің төркінінен келген кимешек-шылауышты өз қолдарымен кигізеді. Арттағы әке-шешелері бұл бас киімді қыздары тез балалы болсын деп сандыққа әдейі ырыммен салады. Бізге бұл киімді киелі дегізіп отырған да осы ырым. Егер келін ұзақ уақыт бала көтермей, кимешек-шылауыш сандықта жата берсе, ата-ене өздерінің бір кінәсі үшін кие атты деп іштей желінеді.

Келін қыз күнінде, сәукелені сұлу болуы үшін, елдің көзін сүрінту үшін тіккізсе, кимешек-шылауышты ана болу үшін дайындатады.


Қазақ әсілі ақ түсті ұнатады. Ақ әйелдің көріксізі болмайды. Оған ақ кимешек пен шылауыш қосылған соң тіпті құлпырады.

Мұнда бір айта кететін жайт, сәукеле сәнге, қызықтыруға бола тігілсе, кимешек-шылауыш қызғаныштан, кінәдан аулақ болуға арналып дайындалады. Қызықтыратыны – қандай қыз болмасын өзіне жақсы жігітті табуды көксейді. Ол үшін оларға ең алдымен көркем болып көрінуі керек. Біреудің етегінен ұстап, басы байланған соң, енді бұны алған адамның басқалардан қызғануы туады. Әйелдің еркекті арбайтыны көп. Соның бірі-қолаң қара шаш пен ақ мамық тамақ. Кимешек-шылауыш осыларға біреу-міреу тамсанбасын деп жауып тұрады. Әрі жылылық, әрі тазалыққа жақсы. Ата-ененің келініне бұны кигізуінің бір жағында мұндай да мән болғанымен, өз тізгіні өз қолына тиіп, отбасы мүшелігіне өтіп алған келін оны ұдайы кимейді.

Сонымен, қазақ отбасында келін тәрбиесіне ерекше мән беріп, оны болашақ ана, үй иесінің адал жары, үйдің киесі деп санаған. Сондықтан кез-келген қыз бала болашақ келін болуға өзін-өзі даярлау қажет, өйткені келін – болашақ ана, отбасының негізгі мүшесі.

Бұл үлгідегі құда түсу дәстүрі, келін түсіру дәстүрі, беташар тойын жасау дәстүрі, келінді отбасында тәрбиелеу дәстүрі жеке-жеке қарастырылып, олардың мазмұндары қажетті әдебиеттерді пайдаланылып жасалады.

Қазақтың келін тәрбиелеудегі салт-дәстүрлердің маңызын аша отырып, «Қазақтың келін тәрбиесінің» үлгісін ұсынамыз.



Келінді жаңа отбасында тәрбиелеуге қазақ халқы ерекше мән берген. Жаңа түскен жас келінге енесі өз білгендерін үйретіп, еңбекке, үй ішінің жинақылығына үйрету ежелгі ел дәстүрі болған. «Жақсы ауылға келген келін – келін, жаман ауылға келген келін – келсап» деу біреудің жас баласын тәрбиелеп, адам қылу бүкіл ауылға, әсіресе өнеге үлкен сын екенін білдіруден шыққан. Парасатты әжелердің «Келініңді қызыңдай көр, қызың да келін болмас па?» деуі немесе «Келіннің өнегелі болуы енеден» деуі үлкендерге де жауапкершілік артудан туған ой-пікірлер. Өз білгенін келініне үйретіп, өнегелі, көргенді келін атандыруға ежелер де тырысқан. Енесі жеңгелері жаңа түскен келінге айтатын күйеуіңнен басқа ер адамдарға, қолыңның ұшынан басқа дененді көрсетпе, жалаң бас, жалаң аяқ жүрме, еркектің жолын кесіп өтпе, үлкендер отырған үйге баса көктеп кірме т.б. өсиеттердің бәрі өнеге тәлім-тәрбие. Ежелгі ел дәстүрі бойынша келін алдымен, түскен жерінің үлкен – кішісіне, еркек – әйеліне өзінше ат қояды. Мысалы, «еркем, кішкене қайным» деп қайныларына қойса, ол аттардың қисынды, тапқырлықпен қойылуы жас келінге сын болған. Бұл жас келінді әдептілікке баулудың бастамасы болып саналған.

Келіннің қолынан шай ішу, дәм тату, сол арқылы оның аспазшылық, ұқыптылық өнерін мақтау да ежелгі ел дәстүрі. Бәленше келіннің берген шайы, ас ұстауы қандай тамаша деп таңдай қағып мадақтаған. Келіні 1,5-2 жыл бойы үлкен сында болған. Сыннан сүрінбей өтіп, жақсы атаққа ие болған келіндер тұңғыш баласын туған соң, енесі «шырағым, сен енді ана болдың, балалықтан қол үздің, сыннан сүрінбей өттің» дегендей ишарат білдіріп, келінді сәлем етуден, босағада отырудан босатқан. Осы сөзден кейін ғана шын мәнісінде келін мен ене арасында сыйластық, жарасымдылық орнаған. Әйел қандай биік дәрежелі жұмыс

істемесін, қайда болмасын оның ең басты міндеті – өмірге ұрпақ әкелу, бала тәрбиелеу. Көп жағдайда отбасының беріктігі әйелге байланысты. Әйел сабырлығы, кешірімділігі, сыпайылығымен т.с.с. жақсы қасиеттермен үй-ішіне береке әкеп, шаңырақ бақытын орната алады.

Халықтың ауыз әдебиетінде жас әйелдің төзімділігін, шыдамдылығын суреттейтін мынадай аңыз бар: «Ертеде бір шаруа кісі жалғыз баласына өзі теңдес біреудің қызын алып береді. Той тарқаған соң 2-3 күннен кейін жас келін өзінің отауында қыздармен сөйлесіп отырып қатты күледі. Сол кезде атасы, сыртта дәрет алып отыр екен, келіннің қатты күлгенін ерсі көріп: «Осыншама саңқылдап күлген қандай көргенсіздің баласы екен» депті. Бұл сөз жас келінге өте ауыр тиеді де, сол күннен бастап ол сөйлемей қояды. Кешке күйеуі келіп, тіл қатса сөйлемейді. «Баласы келініңізге бір нәрсенің салқыны тиген бе қалай, тілі байланып қалыпты» дейді. Бұл сөзді естіп атасы өз еліндегі бақсы-балгерлердің бәріне емдетеді. Бірақ келінге ешқандай ем қонбайды. Келін ата-енесін жақсы күтетін болған соң, оны тастауға қимай әкесі баласына тоқал алуға рұқсатын береді. Жаңа келген келін арбадан түспей жатып:

- Келіншектің үйін ілгері тігіңдер деп отауын тігіп жатқандарға бұйыра сөйлейді.

Сонда жігіттің бірінші әйелі шығып:

Келін, келін, келін-ай,
Келмей жатып, сөзге бақ,
Мен келгелі жеті жыл,
Сөйлегенім бүгін-ақ, – депті.

Бұрынғы келіннің сөйлеп кеткенін естіген атасы ақсарбас айтып: «Ойбай балам, ана сампылдаған тоқалыңды құрт, ақ келінің садағасы кетсін!» – деп жаңа келген келінді отауын да тіктірместен, төркініне апарып тастайды.

Үйінен келіншектің жеті жылдай сөйлемей қойған себебін естігенде: «Аһ, сақалдыдан кеткен ағаттық, сайтанға болады тояттық!» – депті атасы.

Міне бұл үлкен кісінің аңдамай айтқан бір ауыз сөзі жас адамның жүрегіне қандай ауыр жара салғанын көрсетеді.

Әрине, үлкеннің үлкендігі, кішінің кішілігі болуға тиіс. Үлкен адам өз балаларына жамандық ойламайды, тек кейде ашуланып қатты айтуы мүмкін. Жастар кішілік жасап, үлкеннің ондай ашуланып, қатты айтқанын көтеруге тиіс.

Қазіргі кезде, яғни егемендік алып, тәуелсіздікке қолымыз жетіп, еліміздің мәдениетіне, салт-дәстүріне қайта оралдық. Еліміздің «құлттық тәрбиеге» деген көзқарасы қалыптаса бастады. Ата-енелердің келін тәрбиесіне деген көзқарастары да өзгерді. Мысалы, бірнеше жыл

бұрын түскен келінге: «Балам от өте қауіпті, шашыңа тисе күйіп қалуың мүмкін» десе, түсінген келінге бұдан артық тәрбие бола ма? Біздіңше, орамал тарту-ол жас келіннің мәдениетін, тазалығын байқатады.

Халқымыздың келін тәрбиесінде жат бола бастаған дәстүрінің бірі ат қою. Бір күні көшеде есімі Аман деген кісі келе жатыпты, алдынан қарама-қарсы өткен келін: «Амансыз ба?» – деп сәлемдесіпті, сонда әлгі кісі: «Иә, деп, сол Аман мен боламын» деген екен. Сол сияқты үлкен кісілердің аттарын тергеу немесе «қайын аға», «қайын сіңілі», «қайын інілерге» ат қоюдың еш бір артығы болмас деп, «аға» деген сөзді жанамалап сәндеп қояды. Ол ат қойғанға жатпайды. Мысалы, қайнағам бар, өзі ақ көңіл, өзі мырза, ол кісіні: «Мырза аға» деймін, қайын інім бар «үйдің кенжесі», қайын інімді «кенже бала» деймін, қайын сіңілімді «ақылдас» деймін, себебі екеуіміздің сырымызда, мұңымызда бір. Ат қою адамдардың, яғни жас келіннің ат қоюы сыйластығын, қарым-қатынасын арттырады.

Сонымен, келін–үйдің сәні, отбасында татулықтың, сыйластықтың, кішіпейілдіктің, ынтымақтың, бірліктің бастаушы ұйытқысы. Сондықтан келінді жаңа отбасында ол келген күннен бастап, оны жас баладай тәрбиелеу қажет: «Келінді бастан, баланы жастан» – деген даналық осыдан шыққан.

Халқымыздың салт-дәстүрі арқылы тәрбиеленген келін тәрбиелі әйел болып, ал ондай әйел отбасының шамшырағы, бағы, сәулесі, еркектің берік қамалы болары хақ. Күнделікті өмірдегі тірлішік барысын байқай отырып, «Алла тағала әйелді еркектің қабырғасынан жаратқан» деген сөзге еріксіз бас ұрасың. Бұл да жаратылыстың күдіреті шығар. Әрине, әйелді де, еркекті де тәңір жаратып отырғандықтан да екеуінің де қоғамдағы алатын орны мен рөлі, күнделікті тіршілікте атқаратын қызметтері үйлесіп, бір-бірімен заңды түрде байланысып жатады. Елімізде әйелдерге арнап өлең-жыр жазбаған, әйелдің бейнесін сұлулап бейнелемеген сөз шеберлері кемде-кем болар. Адамзат өмірінде еркектер бұтақ болса, әйелдер оның гүлі, жапырағы іспетті. Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы жапырағы жоқ, гүлсіз ағашты «қубас» деп атаған екен. Ендеше, ер азамат ағашқа, әйел ана жапырақ пен гүлге тең болса, біз яғни, балалары соның бұтақтарымыз. Бауыржан атамыз тағы бір сөзінде «әйелсіз адам баласы күн көре алмайды, әйел-ана, әйел-бақыт, әйел-аққу» деген екен. Отбасындағы қыз бала тәрбиесімен қатар ерекше орын берілетін мәселе – келін тәрбиесі.

Осыған орай орта ғасырларда бұл мәселелер ақын-жыраулар поэзиясында да орын алған. Мәселен, Ақтамберді жырау өз шығармаларында жалпы достықты, сыйласымды өмірді дәріптей келе оның бастауы отбасынан басталады деп ұққан. Әулет бірлігі әйелге

байланысты. Ақын ерлі-зайыптылардың татулығы өмірдің рахаты деп бағалай келе:

Мінезді болса алғаның
Одан артық жар бар ма,
Екі жаман қосылса
Күнде жанжал, күнде шу,
Ұяларлық ар бар ма...
Өз мінезін білген жігіттің

Тәлімінде мін бар ма, - алған жарын жібектей есілген жайдары болсын, ұрыс-керіс отбасы шырқын бұзады, бір-бірінді өмірден сыйлап өт, өзіңе -өзің сын көзімен қарап, мінезіндегі мініңді байқай біл, оны түзетуге тырыс деген өсиет айтады.

Халықтық даналық ой пікірді өлең жырына арқау еткен Шал ақын:
Жастарға бақыт, байлық ден сау болса,
Тауфиқтан айрылады жемсау болса.

Ер жігіт қапалықпен қартаяды,

Қатын жаман, мінген ат қырсау болса, - деп «бірінші байлық-денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық» деген халық қағидасына сүйене отырып ой топшылайды. Ердің бақыты отбасына, алған жарына байланысты деген ой пікірді қуаттай келе ақын:

Кез болса ер жігітке жақсы қатын,
Жақсы қатын шығарар ердің атын.
Жаман болса өз қылған істерімен,

Еріне қалдырады жаман атын, - деп ақылды, ерге серік боларлық жар таңдай білудің маңызына баса көңіл бөледі. Ақын осы пікірін тереңдете түсіп, «Әйел туралы» деген өлеңінде еңбек сүймес, салпы етек, салақ, жалқау әйелдермен он саусағынан өнер тамған шебер, еңбек сүйгіш, елгезек, шаруақор әйелді салыстыра сөз етеді. Жастарға алған жарын ерге серік, көркіне ақыл-ойы сай, мінез-құлқы жібектей, өнегелі-өнерлі болсын дегенді айтады. «Ер қаруы – бес қару» деген пікірді қуаттай келе:

Жүйрік ат, түзу мылтық, сұлу қатын,

Мал мен перзент – адамның дәулет құсы, - деп адамзат ердің бағы бес нәрсемен байланысты деген пікірді қуаттайды.

Отбасы бақыты алған жар мен өсірген балаға байланысты деген ой ақын өлеңінен үнемі өзекті орын алып отырады.

Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер,
Әйелің долы болса күнде өлтірер.

Жақсыдан жаман туған бала болса

Атаға үйде жатқан сөз келтірер,- деп ой топшылайды.

Қазақта келінге деген ілтипат оған деген зор құрметке айналған. Бала тәрбиесі, отбасы ұйытқысы келіндерге байланысты. Өйткені, келін

үйдің тұтқасы, ерінің де, ата-енесінің де, бала-шағасының да тәрбиешісі әрі қамқоршысы. Жұрт беташар үстінде келінге үлгі ұстар барлық жақсы қылық, жайсаң мінездерді тәптіштеп айтылып, олардың жекелеген ұнамсыз, жаман қылықтары болса, одан арылу керектігін жанамалап ескертіп отырады. Бір сөзбен айтқанда, беташардың өзінде де үлкен тәлім-тәрбиелік мән-мағына жатыр. Келіннің түсуі бір үйдің, бір елдің ғана қуанышы ғана емес, бұл бүкіл көз көріп, құлақ естір елдің, аралас-құралас жатқан ауыл аймақтың ортақ қуанышы. Халқымыздың келін түсіруге байланысты «Отыз күн ойын, қырық күн тойын» жасау дәстүрі де осыдан қалған. Бұл айтылғандардан да әйел жұртына деген бүкіл қауымның шын адамгершілік пейілін жақсы байқауға болады. Арғы-бергі қазақ тарихында келін түсіру, қыз ұзату дан артық үлкен той думан болған емес. Қазақта жақсы қыз тәрбиелеген ана әрдайым да ардақты.

Осы айтылғанға орайлас жәйттерді Шал шығармаларында да көп кездестіруге болады. Мәселе, ақын бір өлеңінде:

Қыз қылықты болар,
Келін епті болар...
Аяғын көр де асын іш деген сөз бар.
Шешесін көр де қызын ал сол белгісі...
Келін жақсы болса.
Үйіңе кісі көп келеді...
Келіннің де келіні бар сара келін...
Кез келгенге түсіріп құрмет еткен

Анамыздай болмайды мына келін, - деп ол жаңа түскен жақсы келіндердің портретін берсе, енді бір өлеңдерінде келіндердің ішінде де тәрбиесі нашар, бұл жерде оның келген жеріне де қатысты қолайсыз сүйкімісіздерінің кездесетіндігін, бірақ оларды алғашқы күннен бастап тәрбиелеуге, келеңсіз қылықтарын енесі, абысын-ажындары айтып, үйретіп отыруы қажет екенін еске салады. Шал өлеңдерінде нашар келіндер былайша сипатталады:

Ақырған аждаһадай аю келін,
Біз түгіл құдайынан ұялды ма
Кей келін ас бермейтін қара келін
Келін шайпау болғаны оңбағаны...
Көрмедің шыбын құрлы мені келін
Жұрт сыйлаған басымды күлге теңеп
Жаярмын талай жерге сені келін...

Осы жолдарда жоғарыда айтқанымыздай кейбір жаңа түскен келіндердің психологиясы нашар жақтары бадырайта көрсетілген. Шал ақын қазақ әйелдерінің рөлін өз шама-шарқынша осылайша реалдық тұрғыдан түсінгенімен олардың қоғамдағы орнын, әлеуметтік сипатын сөз етпеген, оны тіпті мақсат тұтпаған. Оның әйел туралы ой пікірлері отбасы, ошақ қасының төңірегінде онша алысқа кете алмады. Өйткені, ол халқымыздың атам заманнан келе жатқан «әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деп қарайтын пәлсапа аясынан ұзай алмаған.

II ТАРАУ

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДА БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР

2.1. Қазақтың дәстүрлі отбасы және ондағы туыстық қарым-қатынастар

Отбасының қазақ халқының өмірінде алатын орны өте ерекше. Бұл реттегі отбасының өзгеше әлеуметтік күші -екі жас бірімен-бірі жұптасып, шаңырақ көтерген кезде екі рулы елдің жақындасуына себепкер болды. Қазақтың ұлт болып қалыптасуы мен әлемдік үрдіс ішінде өзінің тарихи орнын иемденуінде осы фактордың ерекше әсері болғанын атап көрсетуге болады. Қазақ халқының отбасы тәрбиесіне қатысты педагогикалық идеялары мен тәрбиелік тәжірибелері өте бай. Отбасы – халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының сақтаушысы. «Ат тұяғын тай басар» деп аға ұрпақ келер ұрпақтың ата салтын бұзбауын талап еткен. Отбасының бірлігі оның мүшелерінің бір-біріне адамгершілік, экономикалық, құқықтық өзара жауапкершіліктерінен, түсініктерінен, сонымен қатар эмоционалдық жақындықтарынан құралады. Бір жағынан отбасы адамдардың өзінің ішкі өмірін, құпияларын, сырларын, қарсы тұрған сыртқы әсерлерден қызғанышпен қорғайтын тұйық бірлестік. Егер отбасының ішкі өмірін қоғамға ашық етсе, онда ол бірден ыдырап, күйзеліске ұшырауы мүмкін. Ал, екінші жағынан, отбасы-адамдардың қоршаған ортаға, қоғамға ашық, айқын

бірлестігі. Мұндай отбасында өз мәселелері қоғам мәселелерімен қатар қарастырылып, шешімі де ыдырамайды. Керісінше, отбасының дамуына қауіпсіздік және сақтаныш сезімдерін қамтамасыз ететін, мүмкіндік туғызады.

Қандай да тұйық, жабық отбасы болғанымен ол қоғамсыз өмір сүре алмайды. Өйткені оның мүшелері жан-жақты әлеуметтік топтарға яғни өндірістік, оқу ұжымдарына, балалар ұйымдарына, қоғамдық, ұйымдарға, сонымен қатар сауда, денсаулық орындарына қатысты, ондағы адамдармен тығыз байланыста болады. Сонымен қатар отбасы қоғамдық қарым-қатынасқа, оның барлық өмірінің үрдісіне ықпал тигізе алады.

Отбасы адамдардың қажеттілігін қанағаттандырып қана қоймай, бір қатар әлеуметтік функциялар орындап қоғамның әлеуметтік құрылымы, бір элементі болып табылады.

Отбасы мүшелері бір-бірімен тығыз байланыста, ерекше жаңашырлық, сүйіспеншілік сезімде болады. Олар бір-бірінің өміріне, тағдырына елеулі ат салыса алады. Бұл жерде бір немесе бірнеше ұрпақ отбасы болып іріктелінеді. Екі ұрпақты отбасында: әйелі мен ерінің, әке мен шешенің, балалардың, ағалардың және қарындас, сіңілдердің рөлі негізделеді. Ал, үш ұрпақтық отбасында ата мен әженің, ене мен атаның, күйеу бала мен келіннің, қайындар мен балдыздардың рөлі қосылады.

Отбасындағы ата мен баланың қарым-қатынасына ешкімнің күмәні жоқ. Ана баланы өмірге әкеледі, ақ сүтімен тамақтандырып, әлдилейді, өсіреді. Ал, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасқа әртүрлі көзқарастар мен тұжырымдар бар. Біреулер - балаға әкесі әйелі арқылы байланысады десе, екіншісі әке мен баланың байланысы тек экономикалық және эмоционалдық көмекте дейді, ал үшіншілері «Әкенің баласына деген ниеті, жасаған жақсылығы - олардың анасын сүюі» деген ойда. Қалай болса да әкенің рөлі ананың рөлінен кем болмауы керек. Ол тек әр адамның жауапкершілік сезіміне байланысты болады.

Көптеген педагогтар мен психологтардың ойынша балаға әкешешесінің, қарым-қатынасы мен олардың берген тәрбиесіне жететін өмір жоқ. Балалардың дұрыс қалыптасуы оның отбасындағы сүйіспеншілік, кішіпейілділік, сыйласымдық, жауапкершілік, қайырымдылық, сезімталдық т.б. адамгершілік қасиеттерінің даму негізіне байланысты болады.

Отбасы және оның мүшелерінің моралды-психологиялық, экономикалық, әлеуметтік жағдайлары, әке-шешенің қызмет түрлері, білімдері де өсер өскенше көп уақыт бойында ақырындап баланың жан-жақты дамып өсуіне, оның мінез-құлқы мен қызмет түріне де ерекше

әсерлерін тигізеді. Осы тұрғыда отбасының негізгі функцияларына тоқталып өту жөн болар.

Отбасының негізгі функциялары. Барлық қоғамда отбасы келесі функцияларды (экономикалық, репродуктивтік, тәрбиелік, рекреативтік, коммуникативтік және жүйелеу (регулятивтік) анықтайды.

Экономикалық функция - негізгі функциялардың бірі болып саналады. Отбасының барлық мүшелері жұмыстың бір түрімен айналысады. Балалары жастайынан осы жұмысқа бейімделіп араласады. Экономикалық функцияға сонымен қатар тұрмыс пен тұтынуды ұйымдастыру да жатады.

Репродуктивтік функция бала санын көбейту арқылы халық санын көбейтуді қарастырады. Бұл функцияның негізгі бағыттарының бірі ана мен баланың, көп балалы және аз немесе төмен қамтамасыз етілген отбасылардың жағдайын жақсарту, балабақшалар мен тұрмыс қызметтерін, сонымен қатар, бала өмірге келгенде мемлекет тарапынан берілетін көмектерді көбейту т.б.

Тәрбиелік функция баланың сәби шағынан кәмелет жасына толғанша жүргізілетін адамгершілік, психологиялық, жан-жақтылық т.б. қасиеттерін қалыптастырып, дамытуын қарастырады.

Рекреативті функция отбасы мүшелерінің бір-біріне деген моральдық, психологиялық, рухани, материалдық, кәмелеттік, бір-бірінің денсаулығын сақтауға, білім алуға және бос уақыттарының тиімді өтуіне жәрдемдесулері жатады.

Коммуникативті функция - отбасы мүшелерінің түсіністіктері, бір-бірімен араласуға талпынулары, қарым-қатынастары. Педагогикалық-психологиялық зерттеудің тұжырымдамасы бойынша баланың «жақсы адам» болып өсуі, отбасындағы үлкен адамдардың, қарым-қатынастарына, бір-біріне деген сезімталдықтарына, яғни отбасындағы моральды-психологиялық жағдайларға байланысты болады.

Регулятивті функция - отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты жөнге салу жүйесі, яғни әрбір адамның алар орны, беделі, абыройы. Мысалы, әкс-шешесінің бала алдындағы беделі немесе керісінше жағдайы. Бұл жерде отбасы басының, өзінің ұрпақтарының дұрыс тәрбиелеуінде үлкен рөл атқаратындығын айта кеткен жөн.

Фелецитологиялық функция - (итальян тілінен аударғанда «фелиците» -бақыт) отбасының әрбір мүшелерінің бақытты өмір сүруге талпынуы. Ал, бақытты өмірді әр адам әрқалай түсінеді, бірақ әрбір адамның өз ойы мен арманына талпынуы, оның орындалуына жан-жақты көмек осы фелецитологиялық функцияға жатады. Сонымен, отбасы - қоғамның ең маңызды тобы, бірлестігі.

Жоғарыда айтылған функциялардың айтарлықтай табысты іске асырылуы отбасының деңгейінің жоғары екендігі мен қоғамның әлеуметтік жағдайын көрсетеді.

Отбасы типтері (түрлері)-отбасы құрамы, басқарылу ерекшелігі, қатынас сапасы, мәдени-әлеуметтік мүмкіндігі бойынша:

- Жалғызбасты отбасы (балалы немесе баласыз жұбайлардың бірі);
- Толық емес отбасы;
- Толық отбасы;
- Бөлек отбасы;
- Қариялы отбасы;
- Әулетті отбасы (бірнеше ұрпақтың жұбымен болуы);
- Эгалитарлы отбасы (тең құқылы);
- Патриархалды (әкенің басқаруындағы);
- Матриархалды (ананың басқаруындағы);
- Жағдайлы;
- Бақытты;
- Проблемалы;
- Даулы;
- Жағдайы төмен;
- Шырқы бұзылған;
- Өнер түріне бейім;
- Спортқа бейім;
- Техникаға бейім;
- Гуманизмге жақын;
- Дінмен өмір салты қалыптасқан болып бөлінеді.

Отбасы-шағын мемлекет болғандықтан да уақыттың және қоғамның әсерінен ол үздіксіз дамиды, өзгерістерге ұшырайды. Жаһандану жағдайында қазақ отбасының ұлттық қалпы мен салтын сақтай отырып дамуына педагогикалық тұрғыдан ықпал етудің қажеттілігі дәлелдеуді қажет етпейді.

Отбасында әсіресе ата-ананың, туған-туыстың айтқан сөздері, қоғамдық өмірде болып жатқан құбылыстар, саяси-әлеуметтік өмірдегі өзгерістер жөнінде оларға айтқан пікірлерді, қабылданып жатқан шешімдерге берген бағалары т.б. жас бала арнайы тыңдап, мән бермегенмен, ойын арасында естігенін біртіндеп белгілі бір оймен қалыптастырып, тұжырымдар жасайды. Отбасында негізі қаланған тәрбие өсе келе өмірлік позицияға айналуы мүмкін. Туыстық қарым-қатынас қазақ халқында жеті атадан өрбіген. Жеті ата–қазақ халқының салт-дәстүріне тән адамның ата жағынан тегін таратудың жүйесі. Әлем халықтарының салт-саналарымен салыстырғанда ұлттық мәдениетімізде мақтаншыпен айтатын қасиетті дәстүрлеріміз баршылық. Соның бірі– ата-бабамыздан жалғасқан, бүгінгі күндегі озық медицинаның

дәлелдеуінен өткен жеті аталық ұстаным, жеті атаға толмай қыз алыспайтын қазақи шежірелік жүйе. Ол–қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында ата-тектің жалғасуын реттейтін қасиет. Осыған байланысты ежелден бері әрбір азаматтың борышы болып саналады. Сонымен бірге бұл– ата-ана үшін отбасылық үлгі-өнегенің әліппесі. Тек ата-анасынан жастай айырылған жетімдер ғана мұндай тәрбиеден мақұрым қалатын.

Қазақ халқы дәстүрге бай, дәстүр тәрбиесін ұстанып ұрпақ тәрбиелеу, әлеуметтік орта тәбиесін, береке-бірлік, еңбек, ел қорғау, ортаны қорғау, адамдар арасындағы қарым-қатынас қалыптастыру, әдеп-иба, өнер-білім, тәлім-тәрбиені тұтас бойына сіңіріп, қазақ ұлтының шыншылдық, еңбекшілдік, ақ көңіл адал ниетінің адамдарды береке-бірлікке шақыру ұлттық образын тіктеуде дәстүр тәрбиесінің өзіндік әлеуметтік рөлі зор болып келген. Қазақ халқының азаматтық үш жұртында, рулық тұлға бойынша адамдар арасындағы қарым-қатынас, өзара жақындастық, қандастық байланыс болуымен бірге құдандалық қарым-қатынас арқылы өзара қарым-қатынас тереңдеп, көлемденіп, өрісі кеңейіп, іргесі кеңге жайылып келген.

Халқымыз баласын кішкентайынан жеті атасын тануға үйретеді. Біріншіден, бабадан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал, екіншіден, баладан тарайтын ұрпақ әкеден бастау алып, жалғаса береді. Жеті аталық рулық жүйенің маңызы мен мәні, қоғамдық рөлі мен өнімі жайлы «Қазақ ұлттық энциклопедиясында» былай делінген: «...өз ата-бабасын жеті атасына дейін білу әрбір қазақ азаматы үшін міндет болған. Мұның өзі қазақтардың этноерекшеліктерін танытуда. Бұл жеті аталық жүйе ел басынан өткен қиын-қыстау кездерде тегінен көз жазып қалмауына және басқа халықтармен ассимиляцияға түсіп кетпеуіне себепші болды. Жеті ата мен ру шежіресін білу көшпелі қоғамда өмір сүрген халықтар үшін өмірлік қажеттілік еді. Жеті атадан үш жүзге дейінгі біртұтас туысқандық бітім бірнеше ғасырлар бойы «қазақ халқы бір атаның баласы, бір тамырдан тараған» деген ұстанымды орнықтырған. Жеті атасын тарата білу арқылы әркім көрші рулармен байланысын білетін. Сөйтіп бүкіл қазақтың біте қайнасқан туыстығына көзі жеткен. Жеті атасын, руын, жүзін білген соң, қазақтар туған жерінің кез-келген шалғайында өзін туысқандарының ортасында жүрген алып бір отбасының мүшесіндей сезінетін. Нәтижесінде, үлкен бір отбасы секілді ұлттың біртұтас зердесі қалыптасты. Жер басып жүргендер ғана емес, жадында сақталған баяғы ата-бабасы да тірілердің санасында тірілгендей, жалғасын тапқан. Жеті аталық ұстаным бүкіл халықтың бойында еш мәжбүрлеусіз, мейлінше тегеурінді рухани бірлік сезімін терең сіндіреді. Ол – этнотуыстықтың қуатты, арқаулы темір қазығы болды». Халық жадында берік сақталған жеті аталық ұстанымның ұлт болып ұйысуымызға, ұлттық құндылықтарымызды

сақтап оны дамытуымызға әсері мол болды. Тағдырдың талай тауқыметін көріп, бұл күндері әлемнің отыздан артық елінде тарыдай шашылып жүрсек те, біртұтас халық ретінде тарих сахнасынан көрінуімізге тигізген үлесі мен пайдасы, құны мен қымбаты, рөлі мен маңызы туралы мұнымен ғана тоқталуға болмайды. Дүниедегі барлық халықтың таралу тегі болатынын, тіпті, өз ата-бабаларын Нұх пайғамбардан бастап таратып көрсететін ұлттардың (араб, еврей) да барын білеміз. Жеті ата танымының қазақ халқында бағзыдан келе жатқан тамыры терең ұғым екенін арнаулы атаулары дәлелдейді.

Жеті ата атауының қазақта тамыры терең, үлкен ұлттық ұлағатты шежірелік жүйе екенін, оның қазақ өміріндегі маңызын жоғарыда баяндап өттік. Енді қазақтың жеті ата, жеті ұрпаққа байланысты айтылатын атауларды жинастырып салыстырамыз. Біріншіден, жеті атаға кімдер жататынын анықтап алған жөн. Осы мәселе төңірегінде қазақ жазушысы, әрі этнографы Сейіт Кенжеахметұлының тұжырымдары көкейге қонымды.

С. Кенжеахметұлы: «Жеті ата шежіресіне енетін атаулар туралы әртүрлі ойлар мен болжамдар, талас-пікірлер газет-журналдарда да, басқа ортада да туындап отыр. Мұның бір өкініштісі, сол пікірлер арқылы қате ұғымдар мен ой-түйіндердің байыбына терең бойламай айта салушылық пен қателіктер баспасөз беттерінде де, оқулықтарда да жиі көрініп қалады. Кейбір авторлар осы дәстүрді басқаша түсіндірмекші болып, өздері білмейтіндігімен қоймай, өзгелерді де шатастырып жүр», – дейді. Сонымен қоса, мектептік шараларда, «Өзін-өзі тану», «Дәстүр» сынды оқулықтар мен журналдарда жеті атаны бірде, ата, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат деп, бірде, ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене десе, енді бірде, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, жүрекжат, туажат деп санамалап жатады. Мұның бәрі қате ұғымдар. Міне, осындай қателіктерді С. Кенжеахметұлы сынап келе, мұндай пікірлерді айтқанда әркім белгілі бір ұғымға немесе дәлелді дәйектерге, Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды аузы дуалы билердің сөзіне жүгінгені жөн екенін айтады.

Халқымыз тілге, сөзге мән берген. Сондықтан да, қазақ қашан да аталы сөзге тоқтайтын. Олай болса, әңгіме етіп отырған тақырыпта «ата» деген сөз бар. Яғни, бұл «ата-баба» деген ұғымды көрсетіп тұр. Ал, бала, немере, шөбере деген–атамыз емес, ұрпағымыз. Сөз жеті ұрпақ емес, жеті ата туралы болып отыр. Олай болса, жеті ата шежіресі өзімізге дейінгі ата-бабаларымыздан бастап таратылады. Яғни: өзің, әкең, атаң, арғы атаң, бабаң, түп атаң, тек атаң. Рас, бұл атаулар кей жерлерде басқаша айтылуы да мүмкін. Бірақ, қалай дегенмен де, жеті ата жолы осылайша таратылатынын бұрынғы би, шешендер айтып кеткен.

Қазақ рулары жеті атаға толғаннан кейін ғана қыз алысады. Енді «жеті ата толғаннан соң сегізінші атадан қыз алысу керек пе, әлде жетінші атадан бастап рұқсат етілген бе» деген мәселе төңірегінде ой өрбітейік. Кейбір көнекөздеріміздің жекжат деген атауды құда-құдағилықтан келген атау дегенін ескерсек, сегізінші атаның жекжат, тоғызыншы атаның жұрағат (құда-жұрат) аталуының сырын білгендей боламыз. Демек, бұл сегізінші буын бір-бірімен құдаласып, жұраттаса алатынын білдірсе керек. Аталас рулар жеті атаға тола салып емес, қайта жетінші атаны толтырып, сегізінші ұрпаққа жеткенде ғана құдаласады.

Бұл күнде ата жолын ұстанған әр қазақтың баласы өз тегін ата-баба шежіресінде көрсетілгендей, өзінен бастап қазаққа немесе қазақтан бастап өзіне дейін атап бере алады. Бірақ, жеті ата ұстанымы туралы бұл күнде көптеген ғалымдар жағынан теріске шығарылып, шындығына, ғылымилығына күмәнді көзқарастар сақталып жүрген «Шипагерлік баян» еңбегінде құнды деректер сақталған. Бұл дерек, жеті ата ұстанымының қазақта қашаннан пайда болғандығын білуімізге анық бағдар сілтейді. Аталған кітаптың 11 бетінде: «Жеті атадан ілгері қыз алысқандар бүгіннен бастап болмауы шарт. Егер, олай болса, болғанына көз жетсе, жұбайларды тең бас қылыштамақ керек», – деген сөз бар. Кітапта келтірілген бұл жарлық Жәнібек хан жағынан түсірілген екен. Жарлық болғанда да – қатаң жарлық. Бүкіл қазақтың бұлжытпас заңына айналған осы қағиданың бір кездері қолында заңдық күші болған, қаһарлы хан жағынан қарар қылынып, қалт жібермей атқарылғаны шындыққа жанасымды әрі қисынды.

«Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы», әз Тәуке ханның «жеті жарғысынан» хабардар екенін білдірген ұлы Абай: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – деген екен. Сонымен қоса, тағы бір сөзінде: «Қазақты ақылды етіп түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек: әуелі – бек үкімет, яғни қолында жарлығы болмақ керек; екіншіден, ол адам есепсіз бай болуы қажет», – дейді. Жәнібек хан міне, осындай қолында заңдық күші бар, бек үкіметтің иесі болған. Сөйтіп, қатаң жарлық арқылы жеті ата ұстанымын бүкіл қазақ халқына дәріптеген, тек дәріптеп қана қоймай іске асырған деп қорытынды шығаруымызға болады. Қазақтың бүгіні, ата-бұтар шежіресі қазақ хандығынан кейін бастау алса, жеті ата ұстанымы да сол кезден бастап іске қосылған. Әрі екеуінің мақсаты да–халықты бірлікке, ынтымаққа шақыру болған. Сол арқылы тұтастықты сақтап, халықтың сапасын көтерді.

Қазақ отбасында баланы ұлттық салт-дәстүрлер аясында тәрбиелеген. Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер: құрсақ тойы,

жарыс қазан, шілдеhana, сүйінші, қырқынан шығару, бесік тойы, бесік тәрбиесі, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндетке отырғызу т.б. жүйелі түрде іске асырылған. Сондықтан қазақ халқында баланы тәрбиелеуде отбасы басты рөл атқарған, ұлы Мұхтар Әуезов қазақтың отбасы тәрбиесін ерекше бағалап: «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген сөзі соған дәлел.

Ана мен әке және әже мен ата – отбасының басты тәлімгерлері. Өйткені ана балаға өмір сыйлаумен ғана жақын емес, ол өзінің бар мейірімділігімен, жүрегінің жылуымен, сүйіспеншілігімен оған өте жақын. Ана балаға барлық өмір тәжірибесін және бар білгенін туылған күннен бастап баланың бойына сіңірумен болады. Сондықтан баланың алғаш тілінің шығуы «Ана» деген сөзден басталады.

Ана – баланың ең жақын қорғаушысы, қамқоршысы, ақылшысы және тәлімгері. Мысалы, ана баласы үшін басын өлімге тігуге де дайын.

Ана баласының табанына кірген шөгір менің маңдайыма кірсе екен деп тілейді. Баласы қиыншылыққа кездескенде алдымен жаны қиналатын, шамасы келсе алғаш қол ұшын беретін де сол ана.

Ана–баласын халықтық салт-дәстүрлер негізінде тәрбиелеуші және оны өмір сүруге даярлаушы. Жақсы мінез-құлық, іс-әрекет ана бойынан балаға сіңіріледі.

Ана жер басып жүрген адам баласын жаратушы да, оның ұрпағын мәңгі жалғастырушы да. Сондықтан бұл дүниеде анадан артық, анадан ардақты, анадан құдыретті ешнәрсе жоқ. Сол құдыретті «Ана» сөзі әрқашан да табынып өтетін бір тәңірідей естілетіні де содан. Мұсылман халқы «Ананды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, оның ақ сүтін өтей алмайсың», – деген даналық сөзі дәл айтылған. Анаға қандай жылы лебіз білдірсек те, қандай қамқорлық жасасақ та, қандай құрмет көрсетсек те орынды!

Қазақта отбасындағы бала тәрбиесінде әкенің алатын орны мен рөлі ерекше. Себебі әке – отбасын асыраушы, оның мүшелерінің тірегі, қамқоршысы және тәлімгері. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері, білімі –баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Сондықтан қазақта әке туралы өнегелі нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер көп-ақ. Мысалы, «Әке бәйтерек, бала жапырақ», «Әкеге қарап бала өсер», «Әке балаға үлгі», т.б.

Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болып өссе: «Оның әкесі жақсы кісі еді, өнегелі жерден шыққан ғой», – дейді. Бұдан әкесі жақсылардың балалары да жақсы болмақ, ал әкесі жамандардың балалары – сондай болмақ деген қорытындыдан аулақпыз. Баланың жақсы-жаман болуы шыққан тегіне ғана емес, ол оның тәрбиесіне тікелей байланысты. Осыны ерте сезген халқымыз:

«Баланың тентек болмағы үйінен,
Жігіттің тентек болмағы биінен» немесе

«Жақсыдан жаман туады,
Бір аяқ асқа алғысыз.
Жаманнан жақсы туады,
Адам айтса нанғысыз», – деген.

Қазақ халқында әкелер өз өнерлерін балаларына үйретіп, оларды өздеріндей қолөнерші, күйші, әнші, мерген, аңшы, құсбегі етіп тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлген. Осыдан келіп ата өнерін баланың қууы, оны мирас етуі дәстүрге айналған. Мысалы, қазақ халқының өмірінде жеті атасына дейін күйшілік, әншілік, аңшылық, ұсталық өнерлерді қуып өткен адамдар жиі кездеседі. Содан «Атадан бала тумас болар ма, ата жолын қумас болар ма», «Әке көрген – оқ жонар» деген нақыл сөздер пайда болған. Сонымен, әке – отбасында қамқоршы, ақылшы, үлгі-өнеге, тірек, ұстаз, тәрбиеші.

«Әже – кім, Ата – кім, неге оларды соңғы кездерде жылатып, қарттар үйлеріне апарып тастаған», – деген сұрақтар туындайды.

Ертеде де және қазір де әжелер мен аталар отбасында бала тәрбиесінде басты орында. Әжелер мен аталар отбасында немерелерін тәрбиелеуде бала күтушінің жұмысын істеп, балалар солардың қасында өседі.

Әжелер мен аталардың мінез-құлқындағы жағымды қасиеттер: олардың ұстамдылығы, төзімділігі, сабырлылығы, қиыншылықтарға төзімділікпен қарауы т.б. балаға ерекше әсер етеді.

Әжелер мен аталар балаларды отбасында түрлі өнер мен еңбекке үйреткен, олар не істесе балалар соны істеп өскен.

Әжелер мен аталар балалардың бойына адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу үшін оларға аңыз-әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдер, жырлар, жұмбақтар т.б. ауыз әдебиетінің үлгілерін кеңінен пайдаланған.

Әжелер мен аталар ұлы адамдарды тәрбиелеуде ерекше қызмет жасаған, оны сіздер жақсы білесіздер. Мысалы, Абай, Ыбырай, Шоқан, Мұхтар т.б. соған дәлел.

Ерте уақытта қазақта әке-шешеден бірдей айырылған жетім балаларды әжесі мен атасы асырап өсіріп, оларға жетімдік көрсетпеген.

Қазақта баланың әке-шешесі оның ата-әжесі тұрғанда «бала менікі» деуге бата алмаған, ал балалар оларды «аға-жеңге» деп атаған. Осы жақсы дәстүр ата мен бала, әже мен келін арасында шынайы сыйластықты, татулықты, ынтымақтастықты, отбасындағы жақсы қарым-қатынасты қамтамасыз еткен. Міне, жоғарыда айтылғандардан әже мен атаның отбасындағы тәрбиелік іс-әрекеттерінің ерекше екенін дәлелдесе керек.

Сонымен, қазақ отбасында баланың басты тәлімгерлері анасы мен әкесі және әжесі мен атасы. Халқымыздың бала тәрбиелеудегі ерекшеліктері – бала тәрбиесі құрсақтан басталып, бесікте, қыз бала мен

ұл бала, келін мен ер жігіт жеке-жеке ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер негізінде үздіксіз тәрбиеленеді.

2.2 Бала тәрбиесіне байланысты қазақ халқының салт-дәстүрлері

Балаға ат қою



Бала дүниеге келгеннен кейін атасы мен әжесі немесе ауыл ақсақалы балаға ат қояды. Ат қоюшы адам баланың құлағына: «Сенің атың...» деп үш рет қайталайды.

Бесікке салу

Шілдехана өткеннен кейін баланың әке-шешесі бесік тойын жасайды. Ағаштан жасалған бесікті баланың нағашылары немесе жасы үлкен қадірлі аналардың бірі әкеліп, сыйға береді. Ең алдымен бесікке салушы әйел бесіктің өзін жын-шайтандарды қуу үшін, түрлі иістерден арылту үшін отпен аластап шығады. Содан кейін көрпешелер мен жастықшаларды баптап салады. Баланы жатқызып, бөлейді. Қолбау, белбеу және аяқбаумен тартып байлап қояды. Әйел тілектерін айта отырып бесіктің үстіне алдымен көрпе жабады. Бала халықшыл болсын деп тон, шапан жабады, ат жалын тартып мінсін деп қамшы іледі, көз тимесін деп тұмар тағады, қырандай көреген болсын деп бүркіттің тұяғын байлайды.



Қырқыннан шығару

Туғанына қырық күн толғанда баланы қырқыннан шығарады. Қырқыннан шығаруға жиналған әйелдер баланы теңге, сақиналар салынған тегешке шомылдырады. Әйелдердің үлкені «Отыз омыртқаң жылдам бекісін, қырық қабырғаң жылдам қатсын» деп, баланың үстіне қырық қасық су құяды. Сақиналарды баланы шомылдыруға қатысқан әйелдер бөліседі. Келесі кезекте баланың шашын, тырнағын алады. Шашын шүберекке түйіп, киімінің иығына қадайды. Тырнағын адам баспайтын жерге көмеді. Бала қырқыннан шыққанға дейін киген ит жейдесіне тәттілерді түйіп, иттің мойнына байлап қоя береді. Балалар итті қуып жетіп, тәттілерді бөліседі.

Тұсау кесу



Тұсау кесу – сәби қаз тұрғаннан кейін тез, жығылмай, сүрінбей жүріп кетсін, болашағы жарқын болсын деген тілекпен жасалатын дәстүр. Арнайы дайындалған ала жіппен баланың аяғын тұсап байлайды. Жіпті қадірлі, ісі алға басып тұрған, әрі жылдам, сүрінбей жүретін адам кеседі. Бұл–бала осы адамға тартсын деген тілектен туған рәсім.

Атқа мінгізу

Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрдің бірі–3-4 жасқа келген ұл баланы атқа мінгізу. Алдымен ағаштан ашамай-ер жасалған. Осыны жуас құнанға ерттеп, баланы мінгізіп байлап қойған. Тізгінді балаға ұстатып, бір адам құнанды жетектеп, ауылды айналдыра жүргізіп, жиналып тұрған үлкендерге сәлем бергізетін. Әйелдер баланың атқа міну құрметіне шашу шашқан. Ересек балалар таймен жарысып, бірімен-бірі күресіп, түрлі ойындар ойнаған.



Тоқым қағу



Өзінің бәсіре атына ашамайын ерттеп мінген бала алғаш үйінен алысқа жолаушылап шыққан кезде «Тоқым қағар» тойы жасалады. Жиналғандар домбыра тартып, ән салады. Шағын айтыс болып, арты ойын-сауыққа айналады.

Тоқымқағар

Жас адам жолға шыққанда жасалатын дәстүрлі бас қосу. Арнаулы мал сойылып сыйлы мүшелер салынып ет асылып, кең дастархан жасалады, ойын-сауық, өлең, жыр айтылады. Бұл–сапарға шыққан жігіттің тоқымы жерде қалмасын, ат-көлігі аман келсін деген жақсы тілек білдірудің белгісі.

Сүйінші

Қуанышты хабар жеткізуші адам «сүйінші-сүйінші» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «қалағаныңды ал» дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл қуанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай сөкеттігі жоқ.



Сәлемдеме

Сәлемдеме (дәстүр) – адамдардың бір-біріне деген сыйластығының, құрмет тұтуының айқын белгісі. Олар көптен көрмей сағынысқан адамдардың бір-біріне жіберген қымбат бұйымы, асыл заты немесе жеңсік тамағы, қысқы сыбағасы. Оның қымбат бағалы болуы шарт емес. Сәлемдеме келген адам жіберген адамға ақ батасын, шын ризалығын білдіріп, қатты қуанады.

Көрімдік

Жаңа туған балаға, жас келінге, ботаға тағы басқа алғаш көрген сәтте көрімдік сұрау халықтың ежелгі және лайықты дәстүрі. Мұның маңызы алып, беруде ғана емес жақын-жуықтың адамгершілігін, ниетін, ашыққолдығын да танытудың белгісі ретінде қаралады. Байғазы мен көрімдік екеуі екі басқа ұғым. Көрімдік адамға, жандыға, байғазы көбінесе жансыз дүниелерге қатысты айтылады.

Базарлық



Алыс сапарға саяхатқа, сауда жолына шыққан адамдар жерлестеріне, көрші-көлемдеріне, сыйлас адамдарына, жас балаларға ірілі-ұсақты сыйлықтар әкеледі. Оны «базарлық» деп атайды. Бұл жақсы көрудің, сыйластықтың белгісі және ескерткіш ретінде қабылданады.

Жеті ата

Жеті атасын білмеген – жетесіз (мәтел). Әр адам жеті атаға дейін жақын туыс саналады. Қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. Бұрынғы адамдар бір-бірімен танысқанда, жүздескенде руын, тегін сұрауы осыдан шыққан. Жеті ата әкеден төмен емес, жоғары таратылады.



Олай болса жеті ата:

- | | |
|--------------|-------------|
| 1. Бала. | 5. Баба. |
| 2. Әке. | 6. Түп ата. |
| 3. Ата. | 7. Тек ата. |
| 4. Арғы ата. | |

(Ата-тек деген сөз осыдан шыққан). Жеті атаны тарату осылай жіктеледі.

Тыйым



«Қызға қырық үйден тыю, ұлға отыз үйден тыю» (мақал). Халқымыздың тәрбиелік құралдарының күнделікті қолданылатын үлгі, өнеге түрлерінің бірі – тыйым. Бұл балалар мен жастарды жаман әдеттерден сақтандырып, жақсылыққа бейімдеуден шыққан педагогикалық ұғым. Осы арқылы олар әркімді теріс мінез, орынсыз қимылдардан сақтандырып отырған. Халық ұғымында тізені құшақтау – жалғыз қалудың, үлкеннің жолын кесу - әдепсіздіктің, қолды төбеге қою – ел-жұрттан безінудің, асты төгу – ысыраптың белгісі деп таныған және ондай істерге қатаң тыйым салған. Ел ішінде тыйым түрлеріне байланысты сөздер көптеп саналады.

Араша

Екі адам жанжалдасқанда немесе төбелескенде оның жанындағы адамдар «араша, араша!» деп басу айтуға тиіс. «Араша» деген сөзді естіген адамдар араша беруге яғни жанжалды дереу доғаруы керек. Араша бермей жанжалдасу қазақ әдетінде жоқ. Ондай адамға айып бар.



Құтты болсын айту



Бала туған, келін түсірген т.б. сол сияқты қуанышқа «қайырлы болсын» айту ата салтымыз. Ол сол адамдарға деген ыстық ықыластың, қуанышқа ортақ екендігінің белгісі.

Тізе бүгу

Халық әдебімен тізе бүгудің бірнеше түрі, жолы, шарттары бар. Мұның бәрі де негізінен әдептілік, тәртіп заңдарына негізделген.



1. Жұмысы болып бір үйге келген адам шаруасын отырып айтады. Егер тым асығыс болса, ол жайын айтып бір тізесін бүгуі керек. Бұл – шаңыраққа көрсетілген құрметтің белгісі.

2. Бұрынғы дәстүрде біреуден бата тілегенде ол адам бір тізесін бүгіп, екі қолын жаяды. Бұл әдет бүгінге дейін сақталған.

3. Ұрыста, жекпе-жекте немесе айтыс-тартыста жеңілген жақ немесе кешірім сұраған айыпкер тізесін бүгіп, басын иіп, айыбын төлейді.

Шашу



Шашу – қуаныш айғағы ретінде жасалатын өте сұлу да салтанатты дәстүр. Келін түскенде, жақсылық күндерде, алыс сапардан жолаушы келгенде, құда келгенде тағы басқа зор қуанышты күндерде әйелдер құрт, кәмпиттен, күміс теңгеден шашу шашады. Шашылған шашудан тойға қатысушылар теріп алып, ырым қылып балаларына апарып береді. Шашуды әйелдер ғана шашады.

2.2 Қазақ халқының үйлену және үй болумен байланысты салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары

Той малы. Той малы (дәстүр). «Жүз жылқы той малына кетіпті» (М.Ж.Көпеев). Келін алуға келген қадірлі құдалар ел дәстүр-салты бойынша сән -салтанатымен, жөн-жосығымен келіп түседі. Бұл жолдың кәде жоралары да көп болады. Соның ішінде ең басты кәдесінің бірі осы топқа арнайы әкелген «той малы» деп аталатын жолды дәстүр. Бұған әр құда өз дәулеті мен шамасына қарай жылқы немесе бірнеше қой әкеледі. Күйеудің абырой, беделі осы кәдеге де байланысты болады. Бұған қымбат мата, бұйым, жеміс, қант, шәй да қосылады. Әкелген мал арқылы құдалар қыз әкесінен, атасынан немесе сол ауылдағы жолы үлкен ақсақалдан бата тілейді. Батадан кейін әлгі мал сойылып, тойға жиналғандар одан ауыз тиеді. Той малы толымсыз болса қыз жеңгелері құдалардың бетіне басады. Сондықтан да «той малының» мүшесі түгел әрі семіз болуы қатты қадағаланады.

Дәмету. «Дәметкен сары майдан кеудең құрсын» (халық өлеңі).

Дәметудің әр түрі бар. Ал ырымда жас келіншектердің дәметуінің жөні бөлек. Жас балалар мен келіндер ата ежелері қонақтан келсе, олардан тәтті дәмететін әдеті бар. Әсіресе, балалы жас келіндер дәметсе оның меселін қайтаруға болмайды. Өйткені, дәметіп отырып,

ойындағысы болмаса оның емшегі ісіп кетеді. Бұл өмір шындығы. Ал үлкен кісілер, аналар, әжелер жас келіншегі бар үйге дәметіп қалар деп қашанда қалтасына дәм тұзын сала жүреді. Бұл әркім ескере жүретін ескіден келе жатқан ырым.

Қалың мал. «Қалың мал» (дәстүр, кәде). «Мен ат тон айыбымен қалың мал қайтартпақшы болдым ғой» (С.Көбеев). Құда түсу рәсімі келісілген соң дала заңы бойынша күйеу жағы «қалың мал» төлеуге тиіс. Бұл қазақ, қазақ болғалы бұлжымаған ежелгі дәстүр. Оның мөлшері құдалардың дәрежесі мен дәулетіне байланысты екі жақ келісе отырып шешеді. «Бұрынғы кедейлер арасындағы қалың мал мөлшері бес алты малмен тынса, ірі байлар арасында екі жүз, бес жүз, мың жылқыға дейін жеткен. Би мен байлар, хан мен төрелер арасында қалың мал үстіне «бес жақсы» деп аталатын бес түйеге қосып бір «жетім қыз» (күң), «аяқ жақсы» деп беретін үш түйеге қоса бір «еркек жетім» (кұл) бергендігі кейбір деректер арқылы белгілі. Қалың малдың «қырық жеті», «отыз жетінің бүтіні», «отыз жеті», «отыз жетінің жартысы», «жақсылы отыз жеті», «жиырма жеті», «он жеті», «домалақ қалың мал», «домалақ бата» сияқты түрлері болған. Мұның сыртында той мал, сүт ақы, күйеу апаратын ілу, өлі-тірі апаратын, тағы басқа көптеген бағалы кәде, жоралар да болады. Бұған кеңес үкіметі кезінде «қызды малға сату» деп қара күйе жағылып келді. Ал, шындығында қыздың жасауы «қалың мал» мөлшерінен кем болмаған. Демек, бұрынғы дала заңында бұл ескерілген сияқты. Әрине, «қалың мал» құдалардың дәулетіне байланысты болған. Бұл істе әркім өз шама-шарқына қарай белгілеген. Бұрынғы заманда «қалың мал» байлық пен мырзалықтың дәрежесін әйгілейтін көріністің айғағы болғаны шындық. ХІХ ғасырдың алғашқы ширегінде Кіші жүзде Байсақал мен Орта жүзде Сапақ құда болған. Сонда Байсақалдың қызының «қалың малы» бес жүз жылқы болған. Үш жүз жылқы қара малы, жүз жылқы үйге кіргізер, жүз жылқы той малына кетіпті (М.Ж.Көпеев).

Күйеуаяқ. Күйеуаяқ (ғұрып). Жігіт қалыңдығын алғаннан кейін әдеп бойынша енесін қошаметпен өз үйіне апарып салады. Ата енесі күйеу баласына ірі мал атайды. Мұны «күйеуаяқ» дейді.

Бата аяқ. «Бата аяқ» (салт). Құда болған кісі екі жақтың келісімінен кейін жігіт әкесі қыз аулына келіп «бата аяқ» өткізеді. Кейде мұны «сырға тағар» деп те атайды. Осы жолы екі жақ тойды өткізу мерзімі, кәде-жора, қалың мал жөнінде келіседі. Мұны бата, келісуді «баталасу» дейді. Батаның екі түрі бар:

1. Кесімді бата жасау, мал мөлшері, той уақыты, шығын мөлшері: алыс-беріс, келу-кету.

2. Кесімсіз бата – мал саны, мүлік мөлшері кесілмейді. Жағдайға, уақытқа қарай кейін белгіленеді.

Әменгерлік. Әменгерлік (салт). Халқымыздың бұрынғы салты бойынша күйеу қайтыс болғанда оның жесірі «ерден кетсе де, елден кетпек жоқ», «аға өлсе, іні мұра» деген қағидамен әменгерлік жолмен күйеуінің аға не інісінің біреуіне өзінің таңдауы бойынша тұрмысқа шығады. Бұл дін жолымен де негізделген. Жесірді басқа жаққа жібермеудің бірнеше әлеуметтік маңызы бар. Біріншіден, әйел де, оның балалары да туған-туысынан бөлінбейді, ру, ел қауымдастығында бірге тәрбие алады. Өмірде, тұрмыста қағажу, қиындық көрмейді. Екіншіден, жесірдің кетуі сол елге үлкен мін саналған.

Арыздасу. Арыздасу (ғұрып). Бұл өмірден өтіп бара жатқан адам соңғы сағатында туған-туысқандарымен, бала-шағасымен соңғы рет тілдесіп, олармен қоштасады. Қатесі болса, кешу сұрайды. Өсиетін, арманын айтады. Бүкіл ел-жұртымен, туған елімен қоштасады. Арыздасу – тірі адамның соңғы тілеуі, ақырғы сөзі. Мұны өлім сәті таянғанын сезген әр адам есі, тілі барында айтып қалуға тырысады. Мұнда ауру жанында отырған адамдар «бақұл бол», «қияметте кездесейік» деп көзіне жас алады.

Түйемұрындық. Түйемұрындық (ғұрып). Ұзатылып жатқан келіншек көшінің жолында отырған ауылдың адамдары (жастары, әйелдері) керуен атының ноктасынан, не түйесінің бұйдасынан ұстап тұрып сұрайтын кәдесі. Қыз анасы оларға кәдесін жасайды, кәде алған риза болып, бақыт тілеп батасын беріп, жол болсын айтады.

Қыз қашар. «Қыз қашар» (дәстүр). «Былайша қыз қашар дәстүрін өткізетін үйді «болыс үй» дейтін көрінеді». (Х.Арғынбаев). Күйеудің келуін «ұрын келу» десе, қыздың атастырылған күйеуін көруі «қыз қашар» дейді. Бұл «ұрын тойы» өтетін күні болады. «Ұрын той» жастар үшін көңілді, думанды тойлардың бірі. Бұған жас жеңгелер мен жастар қатынасады. Күйеуден алынатын «қол ұстатар», «шаш сипатар», «қыз құшақтар», «арқа жатар», «көрпе қимылдатар» тағы сол сияқты кәделер осы жолы беріледі. Екі жастың бірін бірі көріп, тілдесуі де осы тойда болады. Екеуі де бірін бірі ұнатып, қалыңдық жігітке қыз белгісі орамалын және оның іні қарындастарына да түрлі сыйлықтар береді.

Күйеу ұрын барғаннан кейін құдалық бұзылатын болса қазақ заңында өте ауыр іс. Үлкен дауға кетеді. Күйеу себепсіз бас тартса бұрынғы берілген мал қайтарылмайды және айып салынады. Батаны қыз жағы бұзатын болса қалың мал толық қайтарылады әрі айып төлейді.

Құйрық бауыр «Құйрық бауыр» (салт). «Құйрық бауыр жедің бе, құда болдым дедің бе» (мәтел). Бұл құдалық дәстүр рәсімі болғанмен ұлт салт дәстүрінде орны бөлек жай. Екі жақ келісіп құда болған жағдайда оларға «құйрық бауыр» арнаулы сый әкеледі. Әкелуші әйел «бауырдай жақын, құйрықтай тәтті болындар» деп тілек білдіреді. Одан

барлық құдалар ауыз тиеді. Құйрық бауыр қазақ дәстүрінде құда болудың заңды белгісі құжат болып бекітілген.

Құдалық дәстүр және оған сәйкес әдет ғұрыптар әдетте әзіл қалжыңсыз, ойын сауықсыз өтпейтіндігі әркімге белгілі. Сондай ақ осы «Құйрық бауыр» салтында да қалжың өлеңдер мен қағытпалар да айтылмай қалмайды. Астана қаласында қостанайлық Сәмкен Омаров пен көкшетаулық Қуантай Әблмәжинұлының құдалығында «құйрық бауыр» ұсынғанда Қанапия қызы Орынбасар құдағи осы қазақы салттың ажарын мынадай өлеңмен өрнектей түсті. Осы құдаларға қарап, былай деп әндетті:

Құда, құда дейсің ау, әй,
Құйрық бауыр жейсің ау, әй,
Құйрық бауыр жемесең,
Несіне құда дейсің ау, әй.
Үлкен құда, бас құда,
Кіші құда, жас құда,
Құйрық бауыр әкелдім,
Ауызыңды аш, құда.

Үлкен құда ардақты ай,
Кіші құда салмақты ай,
Құйрық бауыр асатам,
Тістеп алма бармақты ай.
Үлкен құда энекей -ау
Кіші құда мінекей -ау.
Құйрық бауыр асаттым,
Кәделерің кәнекей -ау!

Әр елде, әр ауылда әр салт дәстүрдің осындай өзіндік әуендері мен ән жырлары да болған. Ауыз әдебиетіндегі тұрмыс-салт жырлардың мұндай үлгілерінің көпшілігі ұмытылуға айналған. Дегенмен ел ішінен оның бірнеше жақсы түрлерін әлі де табуға болады.

Балдыз қалың. Кейде қалыңдық қайтыс болатын жайлар кездеседі. Мұндайда қалың малын төлеген болса, онда сол үйдің екінші қызын алуға құқы бар. Егер ер жігіт қалыңдығына ұрын барып, ол үйдің басқа қызы болмаса төлеген малдың жартысы қайтарылады. Егер бұрынғы қалыңдығына ұрын барған күйеу енді балдызын алатын болса, онда бұрынғының үстіне «балдыз қалың» төлеуге тиіс. Оған түйе бастатқан бір тоғыз қосылады. Күйеу бұрынғы қалыңдығына ұрын келмеген болса «балдыз қалың» төленбейді.

Күйеу киімі. Күйеу киімі (салт). «Әкесі күйеу, шешесі қалыңдық болмаған ба?» деп бізді мінейді. Ки! деп аттанар жерде Абайға жаңағы күйеу міндетті түрде «күйеу киімін» киюге тиіс. Алдынан шыққан

жеңгелер мен жас қыз келіншектер күйеуді киімінен танып алады. Сондықтан күйеу басқа жігіттерден салт бойынша ерекше киінеді. Бөркіне үкі тағып, қызыл шапан, биік өкше етік киеді. Бөркін көзіне түсіріп төмен қарап, кішілік көрсетіп тұрмаса айып төлейді немесе сөзге, күлкіге ұшырайды. Сол бетімен қыз келіншектердің ортасына түскен күйеу небір азапты әзіл қалжыңға төзеді. Оның мінген атын «күйеу атымен күл тасы» дегендей ауыл балалары мініп алып қызыққа бөленеді. Бұл да ауыл салты.

Қынаменде. «Қынаменде» (дәстүр). «Қынаменде, жар-жар мен беташар бар, өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?» (Абай). Бұл да ұлттық ғұрыпымызда салтанатты да, көңілді кештің бірі. Құда түсіп, уәде пісіп, қалың мал төлеген соң күйеудің атастырған қалыңдығын алғаш рет көруге келген тойы «қынаменде» деп аталады. Шығыс халықтарында «қынаменде» кеші қыз абыройының тазалығын білдіру үшін қалыңдықпен бірге болған күннің ертеңіне де өткізіледі. Ән, күй, би қатар жүргізілетіндіктен «қынаменде» жас жұбайлардың шаттық кешіне, жастардың махаббат мұратына жету символына айналған. Бұл да дәстүрге бай еліміздің тәрбиелік ережесінің бір саласы. Күйеудің бұл жолы әр жерде әртүрлі аталатынын да айта кеткен жөн. Мұны кей жер «қалыңдық ойнау» дейді, кей жерде «ұрын келу» дейді. «Бір күні күйеу байғұс ұрын келді. Қисайтып жаман бөркін қырын келді» (Н.Ахметбеков). Қазақ үшін әсіресе жеңгелер мен жастар үшін бұл да бір той десе де болады. Болашақ күйеу қыз ауылына өзінше «көрінбеген» болып, бірақ қараңғы түсе салтанатпен, жолдас жораларымен келеді. Мұны «есік көру» көбінесе «ұрын келу» деп айтады. Күйеу осы жолы өзінің болашақ жарын көріп танысып білісіп, тілдесіп көңілін демдейді. Әрине, «ұрын келудің де кәде жоралары аз емес. «Сені күтіп жүгіреміз, деп еңтігіп қалдық»-деп «ентікпе» сұрап жеңгелері келеді, «балдыз көрімдік»-деп тағы біреулері келеді, тағы да сол сияқты. «Ұрын той» өткізіліп, күйеуге және оның жолдастарына құрмет көрсетіліп, сый тартылып, олар еліне қайтады. Құда түскенмен, келісім жасалғанмен күйеудің қыз ауылына «ұрыннан» бұрын келуге хақы жоқ. Егер келе қалса қыздың туыс-туғандары (аға інілері) қазақ әдет ғұрпын бұзғаны, тәртіпсіздігі үшін оны сабап жіберетін заң тағы бар. Демек, құда түсумен бірге оның тәрбиелік ереже қағидалары тәрбиелік ғұрыптары әдеп пен тәртіпті талап етеді. Күйеу кәделері мен ырымдары тағы бар. Олар мынадай: ұрын келу, есік ашар, еңтікпе, балдыз көрімдік, күйеу табақ, сүт ақы, жігіт түйе, атбайлар, босаға аттар, сәукеле байғазы, жеңгетай, шымылдық байлар, отау жабар, кереге көтерер, уық шаншар, түндік жабар, үзік жабар, туырлық жабар, мойын тастау, ілу, қыз қашар, шашу, қыз көтерер, арқа жатар қалыңдық ойнау,

қол ұстатар, шаш сипатар, көрпе қимылдатар, ит ырылдатар, кемпір өлді, бақан салар, күйеу аттандырар, т.б.

Өңір салу. Өңір салу (дәстүр). Отқа шақырумен (кей жерлерде «үй көрсету» немесе «есік ашар» дейді) бірге болып жататын ендігі бір кәде өңір салу. Мұнда ылғи бәйбішелер келеді. Ниеттері келінге шашу шашып, құтты болсын айту. Шашудың сыртында өңір әкеледі. Өңір киім, бұйым деп ең құрығанда терме бау немесе жас төсекті басқалар басынбасын деп бүркіт тұяғы, үкі сықылдылар іледі. Бұлардың бәрі отау үйге қажетті, өңін ашатын нәрселер.

Келін түскен үй бұларды күтеді. Келіннің қоржынындағы аспен бірге келген бұлдардан (мата деген сөз) алады. Бұл да өңір (Ахмет Жүнісұлы).

Өңір салу жас шаңыраққа көрсетілген құрмет және жәрдем десе де болады. Мұны соңғы кездерде үлкен адамдардың өзі естен шығарып бара жатқаны өкінішті-ақ.

Шаңырақ көтеру. Шаңырақ көтеру (салт). Жас отаудың алғаш рет шаңырағын көтерудің өзі қазақ үшін тағы бір қызықты, ерекше сәт. Мұны қазақ салт-дәстүрін жетік білетін белгілі этнограф жазушы Ахмет Жүнісұлы былай деп жазған: «... қазақта отаудың шаңырағын кез-келген адам көтермейді. Бұған баласы көп, кәрі күйеу керек. Оны қос атпен болса да алғызады. Ыңғайлы жер болып, отау өте үлкен болса кәрі күйеу шаңырақты аттың үстінде тұрып көтереді. Бұл еңбегіне ол не ат мінеді, не түйе жетектейді. Бұған малды отауды көтерткен жақ береді. (А.Жүнісов «фәниден бақиға дейін»). Әдетте киіз үйдің шаңырағын ер адамдар көтереді. Ал, жас отаудың шаңырағын кәрі күйеуге көтертуде үлкен мән, ырым бар. Өйткені «жасы үлкен күйеу» қашанда елге сыйлы және тілектес адам. Және күйеу қартайған сайын жұртына қадыры, сыйы арта түседі. Қазақ елі осы жолдан әлі айрылған жоқ. Кәрі күйеу келсе, ауылдың үлкен кішісі, еркек әйелі онымен бір қағыспай, қажаспай қалмайды. Оның шаңырақ көтеруінде де осындай терең сыйластық бар.

Шаңырақ түйе. «Шаңырақ түйе» (дәстүр). Ұзатылып келе жатқан қыздың және оның жанындағы әйелдердің (шешесі, жеңгесі, сіңлісі, т.б.) мініп келе жатқан көлігі «шаңырақ түйе» деп аталады. Және ол келін үшін ыстық қасиетті мал болып саналады. Бұған жолшыбай кездескен немесе бөтен адам мінбейді. Егер міне қалса оны көрген жұрт «пәленше келіннің шаңырақ түйесіне» мініп келді деп келемеждеген. Ертедегі салт бойынша көште үлкен шаңырақ жеке түйеге артылып, алдымен жүреді екен. Оған адам мінбейді, атпен жетелейді, «шаңырақ түйе» деген сөз осыдан шыққан.

Итаяғына салу. Итаяғына салу (дәстүр, ырым). Жас келіншек бір ауылға қыдырып барғанда, не есік көруге шақырғанда әйелдер не үлкен

әжелер оған «итаяғына» сал деп сақина, күміс, жүзік сияқты заттар береді. «Итаяғына салу» деген келіншек босанып баланы шаранасынан жуатын суға яғни «шілде суына» әлгіндей күміс жүзік, сақина, күміс түйме сияқты заттарды ыдысқа салып жіберіп, нәрестені жуады. Жуып болғаннан кейін әлгі заттарды сол жердегі әйелдер ырым қылып бөлісіп алып, мәз мейрам болып тарасады.

Қапқа салар. Қалыңдығын алуға келген күйеу барлық жол-жоралғыларымен яғни құдалық кәделерімен, үлкендерге арналған сый-сияпатымен, той малымен келеді. Той басталады. Қыз өз үйінен аттанар алдында оның әкесі барлық құдаларға киіт кигізеді. Күйеу баласына да сыйлық береді. Бірақ ол киіт емес «қапқа салар» деп аталады. Ол бағалы киім, қымбат ер тоқым, жігіт жарақтары немесе мал болуы мүмкін. Әрине, бұл қайын атаның дәулеті мен мырзалығына, абырой беделіне сай жасалатын жолды дәстүр.

Ау, жар. Ау, жар (салт, айтыс). Ұзатылып бара жатқан қыздың «сыңсуы», «қоштасуы» ұлттық тәрбие мектебінің тамаша үлгісі. Алтын ұяны, туған ел- жұрттан бөліну, жат босаға аттау оңай іс емес. Осының бәрін тәжірибелі де тәрбиелі халық жылай жүріп ән, жыр түрінде шеберлікпен үйлестіріп жасай білген. Тағы бір қызығы қыз жылап қоштасқанмен ол қайғы емес қуаныш, қимастық сәтінің де белгісі. Дегенмен, қыз ауылының қыздары мен жігіттерінің де қимастық көңілдері де көрінбей қалмайды. Олар «жар- жардан» кейін де өлең жырды үстемелей жүріп айтыс түріндегі «ау жарды» тағы бастай жөнеледі. Мұнда да ізгі тілектестік, достық көңіл, жаңа бақыт жолында жақсы ниет көрінеді. Оның сөзі де, әні де көркем, ойнақы айтылады. Ол біресе «ау жар», біресе «ай-ау», біресе, «бике-ау», біресе «үкі-ау» деп те айтыла береді. Олардың мынадай үлгілері бар:

Буынғаным беліме кісен бе еді, ау- жар-ау,
Бекем бусам белімнен түсер ме еді, ау-жар-ау,
Әкең барып шешенді ап келмесе, ау-жар-ау,
Мұндай азап басыңа түсер ме еді, ау-жар-ау!
Мінген де атың боз ғана, бике-ау,
Күйеуің сенің боз бала, бике-ау.
Өксігің сенің басылмас, бике-ау,
Әлдилеп бала сүйгенше, бике-ау.
Мінген де атым жиренше, үкі-ау,
Тықыршып тұрар мінгенше, үкі-ау,
Қыз көңілі басылмас, үкі-ау,
Әлдилеп бөпе сүйгенше, үкі-ау!

Кеттің, кеттің деуші едің, кеттім, апа ай-ау,
Ерттеп қойған атыңа жеттім, апа ай-ау,

Шымылдығын желпе сал, көрсін апам, ай-ау,
Көзінің жасын қойнына, төксін апам, ай-ау!

Бұл жырдың бәрінде де әдеп, өнеге, тәлім-тәрбие, халықтық салт-сана мектебінің тамаша үлгісі жатыр.

Сыңсу. Сыңсу (салт). «Халқымызда тұрмыс-салт жырларының ең көп тарағандарының бірі сыңсу». Ұзатылған қыз өз босағасынан аттанар алдында ағайын туғандарын аралайды. Былайша айтқанда, қоштасады (Бірақ, бұл дәстүрлі қоштасу емес). Жеңгесін ертіп ағайындарын аралап жүрген қыз жәй жүрмейді. Ол өзінің балалық дәуренінің, оң жақта бұлғақтап өскен бақытты күндерінің өткендігін, аяулы ата-анасының, туысқандарының өзін мәпелеп өсірудегі еңбегін өлеңмен айта жүріп өксиді. Ондай өлең-жырды сыңсу дейді.

Базардан келген құйысқан
Тарамай шашым ұйысқан.
Келіп кетіп жүріңдер,
Сағындырмай туысқан
деп өзінің өтінішін де айта жүреді.

Қыздың сыңсуы жарасымды әрі тәрбиелік мәні бар салтанатты салт. Бұл адамгершілік, әдептілік жағынан алғанда да өте орынды дәстүр. Өйткені, балалық күндерден ағайын ортасынан бөлініп кету оңай іс емес. Ал қазақтың қазіргі қыздары бұл дәстүрдің алтын арқауын үзді десе де болады. Өйткені, ауыл, үй аралап сыңсу, жылау түгілі, оң жақтан аттанарда күліп, қуанып жүргендерін де көз көрді. Бұл ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениеттің ұмытылғандығынан деп танымыз.

Үй көрсету. Үй көрсету (дәстүр). Жаңа түскен келінді туыс туған, көрші көлем, ілік жекжаттар «үй көрсетуге» (шығыс жақ «отқа шақыру»-дейді) яғни, есік ашарға шақырады. Мұның мағынасы келін отбасымен танысып, үйге келіп жүрсін деген сөз. Бұл үйге келін құр қол бармайды, кәде жорасымен барады. Мұны «ілу» дейді. Бұл мәселені шақырған үйдің дәрежесіне (үлкен, кіші деген мағынада) келіннің енесі шешуі керек. Мұнымен бірге келінді шақырған үйлер келіннің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын яғни әдеп, тәртібін байқап сынап отыратыны да бар. Мұны болашақ келіндер ескере жүруі керек. Өйткені, аталған дәстүр әлі жалғасып келе жатыр.

Қоштасу. Қоштасу (салт). Ұзатылатын қыз өз үйінен аттанар алдында өзінің ата-анасымен, аға-інісімен, сіңлісі, жақын-жуықтарымен қоштасу жырын айтады.

Әуеден ұшқан бұлдырық,
Құбыладан соққан ызғырық.
Жатқа кетіп барамын
Жаратқан соң қыз қылып,

Атасы жақсы құл болмас,
Анасы жақсы күң болмас.
Оң жақтан кетіп барамын.
Қыз еркелеп ұл болмас,-
деп өзінің жат жұрттық болып жаратылғанын жырға қосады. Ең соңында:

Жанымдағы қыным ау,
Сіңлілер мен інім ау.
Жыл айналып келгенше,
Қош аман бол күнім-ау,

деп бауырларымен қоштасады. Мұнда «жыл айналып келгенше» деген сөздің мағынасы бар. Өйткені, дәстүр бойынша ұзатылған қыз жыл толмай өз үйіне бара алмайды.

Қоштасу қазақ халқының бауырмалдық, әншілік, айтқыштық қабілетін көрсететін тұрмыс салт жырларының ішінде көркем де көрнекті дәстүр. Қоштасу жыры соңынан қыздың жеңгелері мен серіктері:

Жылама, бикем, жылама,
Көзіңнің жасын бұлама.
Ұл болып тусаң әуелден,
Сені мұндай қыла ма?-

деп оған жұбату айтып, келешегіне жақсы тілек білдіреді.

Салт жырларының тәрбиелік маңызы зор. Мұнда ұлттық дәстүр, халықтық қағида, ағайын-туыстық қимас сезім, алдағы арман бәрі де бар. Қоштасу, жұбату жыры сонысымен құнды.

Қыз ұзату. «Қыз ұзату» (салт, той). «Ұлын ұяға, қызын қияға қондыру» ата-ананың тілегі әрі парызы. Соның ішінде қыз ұзату үлкен той, думан әрі қызық. Бұл күні ата-ана қуанады, әрі жылайды. Қуанатыны қыз өсірді және оны құтты жеріне қондыруы, жылайтыны әрине қимастық көңілі.

Қызды алуға құда (тақ санмен) бес не жеті кейде одан да көп адам келеді. Мұның ішінде бас құда, құдалар және күйеу жолдас болады. Солтүстік және Орталық Қазақстанда тек ер адамдар барады. Құдалар әдетте кешкілік баруы керек. Мұнда ойын-сауық, құдалық рәсімдер мен кәде-жоралар жасалады. Жақын адамдар құданы үйіне шақырады.

Ұзатылатын қызды дәстүр бойынша таң ата, күн шыға жөнелтеді. Оның алдында қыз «Қоштасу жырын», жастар «Жар-жар», «Ау,жар», «Аушадияр» айтылады.

Сәукеле кигізу. Сәукеле кигізу (салт). «Қара мақпал сәукеле, шашың басар жар-жар-ау» (жар жар). Өмірде қазақ салт-дәстүрлерінің түрлері көп. Соның ішінде қалыңдыққа сәукеле кигізудің орны бір бөлек. Себебі, сәукеле әйел киімдерінің ішіндегі ең асылы ғана емес, оның жұбайлық өміріндегі елеулі кезінің естен кетпес ыстық сәті. Ол

бұлғақтап өскен оң жақтағы және ақ босаға аттар арасындағы қимас та қызықты кездің ескерткіші. Бұл аз болса келіншекке сәукеле кигізудің өзі бір ерекше салтанат. Бұған құда құдағилар шақырылады. Шашу шашылады. Ақ бата арналады. Сәукеле байғазысының бағасы да олқы болмайды. Сәукелелі келіншек ажарлы да базарлы көрінеді. Оны жұрттың бәрі көруге ынтық. Оның көрімдігі де соған лайық болу керек. Жас отау, сәукелелі келіншек, ойын-сауық, көңілді күлкі жаңа өмірдің бақыт есігін ашқандай әсер етеді.

Сәукеле туралы бірер сөз. Сәукеле келіншек киімі. Ол бас киім ғана емес қазақ сән салтанатының, салт-дәстүрінің мәдениеті мен шеберліктің озық үлгісі, өнер туындысы. «Алтынмен апталып, күміспен күптеліп» дегендей, ол інжу маржан, гауһар, лағыл, жақұт сияқты асыл тастар тізбегімен әрленіп, әшекейленеді. Негізі мақпал, барқыт сияқты қымбат маталардан тігіліп, бұлғын, құндыз терілерімен жиектеліп, оқамен оюланып, түрлі-түсті моншақтармен шашақталып, көркем жіптермен кестеленіп, алдыңғы жағы көзді тастармен қапталып, түрлі тағым, алтын, күміс теңгелермен безендіріледі, төбесіне үкі тағылады. Көрсек көздің жауын алатын осы бұйым тек келіншек сәні ғана емес, той салтанаты мен құдалар беделін де көтере түсетін ерекше көрініс. XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Кіші жүздің Байсақал атты байының қызының сәукелесін Кенесары ханның ағасы Саржан төре бес жүз байталға бағалаған.

Отау көтеру. Отау көтеру (салт). «Көтерілген отауың құтты болып, ұзақ жасап ішінде сүйсін жарың» (Қыз Жібек). Ұлтымыздың мәдениетінде «отау көтердің» деген сөз бар. Ол «үйлендің, жұпты болдың» деген мағынаны білдіреді. Демек, үйленумен бірге отау көтеруге тиіс. Әдетте ұлы үйленетін, қызы тұрмысқа шығатын ата-ана алдымен отау дайындайды. Қыз жасауына отау қосыла берілетін. Отау жас отбасының бақыт шаңырағы болып саналатындықтан оны барынша әсемдеп, әдемілеп, толық жабдықтап әзірлеу аз шаруа емес. Оған көрші көлем, жақын туыс, нағашы жиендер тегіс араласады. Кесе аяқтан бастап үй киізіне дейін әкеледі. Сөйтіп, бүкіл ауыл болып отау көтеру әрі қызық, әрі міндетті іс. Отау алғаш тігілгенде оны құрметті әрі елге сыйлы аналар бастайды. Шаңырақты да бақанға ақ мата байлап, ел ағалары көтереді. Отқа май құйылады, «босаға майлау» жасалады. Алғашқы дастархан жайылып, оған мол тағам жасалады. Кіргендер шашу шашып, «құтты болсын», «іші жанға, сырты малға толсын» деген тілекпен қуанышын білдіреді. Жақын туыстар отауға көрімдік әкеліп, мал атайды, бағалы мүліктер сыйлайды.

Жас отау әке үйінің оң жағына тігіледі. Бұл үйге жасы үлкендер шақырусыз кірмейді. Ал, жастар мен балалар қызықтап, осы отауды төңіректейді. Ауылдастар мен жанашырлар жас отау түтінінің түзу

шығуын, жаңа үйленгендердің тұрмыс тіршілігін сырттай бақылап, келінге баға беріп отырады. Жас келін ерте тұрып өз үйінің ғана емес, жанындағы іргелес үйлердің де түндігін ашуы оның әдептілігі мен мәдениеттілігін білдіреді.

Атбайлар. Атбайлар (салт). Мұның да екі түрі бар.

Жас отаудың шаңырағы көтерілген соң ағайын туыстар оған шашу шашып, «керегесі кең болсын», «босағасы берік болсын» деген тілек айтады. Байғазы береді. Ет жақыны босағаға жылқы байлайды. Мұның аты «атбайлар».

«Атбайлардың» екінші түрі кәде. Құда құдағилар келгенде немесе күйеу қалыңдығын алуға келгенде олардың жеңгелері алдынан шығып түсіріп алып, атын байлайды. Бұл «атбайлар» деп аталатын той салты. Оған арнайы кәде беріледі. Ол кәдеден тағы бір әйел тәбәрік сұрайды.

Аушадияр. Аушадияр (дәстүр). Үйлену тойы кезінде айтылатын дәстүрлі өлең, жыр. Және жәй өлең емес, өзіндік айтылар әні, ерекше ұлттық тәрбиелік маңызы бар, көркем шығармашылықпен айтылатын той көркі, салтанат сән, өнегелі өнер. Мұны іздеп тауып, өмірге әкелген көп жазушы Уахап Қыдырханов екен. Аушадияр жырының үлгілерін шетелдегі қазақтар сақтап, бізге жеткізген. Шынын айту керек бұл қазіргі Қазақстан елінде айтылмайды, халық жадынан мүлде шығып кетіп ұмыт қалған.

Аушадияр үйлену тойы үстінде айтылады.

Аушадияр бір болар,
Жаманның көңілі кір болар.
Ата анасын сыйлаған,
Ақ шалмалы би болар.
Аушадияр екі дер,
Ержеткеннің еркі дер,
Омырауы толған он түйме,
Қыз баланың көркі дер...
Аушадияр төрт болар,
Қыздың қойны өрт болар.
Екі жақсы қосылса,
Өле-өлгенше серт болар.

Жыр жаңа қосылған жастарға арналады. Мұнда ақыл, үлгі, өнеге, тәлім тәрбие туралы толғауды санамалап айтудың халықтық таза бай дәстүрі бар. Ұлтымыздың ұлағатты әдет салтының бұл түрін өмірге енгізетін болсақ мәдени қазынамыз да, өнеріміз де өсе түсер еді.

Есік ашар. Есік ашар (дәстүр). Күйеу жігіт келіншегін алып, үйлену тойы өткен соң келісілген уақытта өзі қатарлас жас жігіттермен ата-енесінің үйіне келеді. Мұны халық әдебиетінде күйеудің алғаш яғни есік аша келуі дейді. Демек бұл жауапкершілігі мол, бұрын ел жұрт

көрмеген күйеуді сынайтын келіс. Күйеу бұл жолы да кәде жорасымен, әдет салтымен келеді. Әзілқой жеңгелердің сын-мініне де шыдайды. Ретін тауып жауап та бере алады.

Ойын-тойсыз, әзіл-қалжыңсыз отырмайтын қазақ ауылы үшін күйеудің есік аша келуі де көңілді мерекеден кем болмайды. Мұнда да үлкен кіші бір жасап қалады.

Жасау. Жасау (салт). «Көрсін деп жиылған жұрт тамашасын, жасауын таудай қылып үйгізді енді!» (Наурызбай Қаншайым). Ұзатылған қызға берілетін дүние мүлік «жасау» деп аталады. Халық қыздың жасауына аса зор көңіл бөліп, «жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді!» деген. Небір жақсы бұйым, сәукеле, кілем, текемет, ыдыс-аяқ, төсек-орын, киім кешек, әсем әшекейлі тағымдар қыздарға берілетін болған. Ауқатты адамдар ақ отау тігіп ұзатқан. Жасауды қыздың еншісі десе де болады.

Жігіт түйе. «Жігіт түйе» (дәстүр). Құдалық, отау көтеру дәстүрінде қыз өсірген ата-ана еңбегі де елеусіз қалмаған. Той үстінде күйеу жігіт енесіне «сүт ақы» сыйын ұсынса, атасына «жігіт түйе» деген сый әкеледі. Бұған міндетті түрде түйе («жігіт түйе» деген сөз осыдан шыққан), жағалы киім немесе қымбат бұйымдар, ер тұрман әкеледі. Атасы риза болған жағдайда қол жайып, батасын береді.

Сүт ақы. Қыз ұзату тойы мерзімін қалыңдық ауылы құдаларымен келісе отырып белгілейді. Бұл тойға күйеу бас құда бастаған құдалар тобымен және өнерлі күйеу жолдастарымен келеді. Мұнда құдалық кәделері өте көп. Соның ішіндегі жолы бөлек, қымбат кәделердің үлкені «сүт ақы» деп аталады.

Бұл қыздың анасына тартылатын сыйлық. Бұған анасы бата береді.

Өлі-тірі. «Өлі-тірі» (дәстүр). Екі жақ келісімі нығайған соң күйеу жағынан құдаларына бір білікті адамды бас етіп «өлі-тірі» яғни кәделі мал жылқы жіберіледі. «Өлі тірі» деген «өлі мен тірі арасында адалмыз, құдай қосқан құдалығымыз ақиқат» деген ұлттық ұлағатты ұғымды білдіреді. Бұл үлкен кәделі әрі маңызды жол-жоралғы, құдалық бекіді деген сөз. «Өлі-тірі өткен соң өлген күйеу жатпайды» деп бұдан кейін күйеу қалыңдығына «ұрын» баруына жол ашылады.

Жолдық. Жолдық (дәстүр). «Қайным, жолдығымды ұмытпа, толымды болсын,-деді жеңгесі Қаным күле сөйлеп» (ел аузынан). Алғашқы неке түні жігіт пен жас келінді жеке бөлмеге кіргізіп өздеріне төсек салып алаңсыз, жайлы жатуына жағдай жасайтын әйел әдетте жігіттің жеңгесі болады. Ол жастарға бақыт тілеумен бірге, әзіл-қалжыңын араластыра жүріп, алғашқы төсек ләззатының жөн жосығын, әдет-ғұрпын түсіндіреді. Ертеңіне келіннің пәктігіне де осы жеңге куәлік береді. Мұндай сәт әдепті, үлгілі, үлкен кіші бірдей сыйлайтын, бала-шағалы келіндерге ғана тапсырылады. Бұл күн жұптық, некелік

өмірдің ұмытылмас сәттерінің бірі. Сондықтан бұл түнді көңілді әрі жайлы өткізудің орны мүлде бөлек. Бұл күні, қайнысының жылы төсектен тұрған сәтін күтіп тұрып, «ерініңді жібіттім, қойыныңды жылыттым, енді жолдығымды бер» деп назданады. Жөн білетін қайнысы жеңгесі риза болатындай «жолдығын» беріп, ерлі-зайыптының алғашқы таңын күліп қарсы алады.

«Жолдықтың» жолы бөлек. Сондықтан оған аталатын кәде де толымды әрі бағалы болады.

Беташар. Беташар (дәстүр). «Уа әлеумет! Енді беташар тыңдайық!». Жаңа түскен келінді «беташар» дәстүрі жасалмай, ешкім көре алмайды. Оны көру үшін әдейі «беташар» жасалады. Оған тойға жиналған туыстуғандар тегіс қатынасады. Жас келіннің екі жағында екі көргенді келіндері тұрады. Мұнда «Беташар» жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, оның басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды. Сәлем жасаған адамдар «көрімдік» береді. Бет ашатын жігіт ән-жырды желдірте, көңілді көтере жыр төгуі керек.

Келін келді көріңіз,
Көрімдігін беріңіз.
Анау-мынау деменіз,
Түсін айтып қойыңыз,-

деп бастаған әнші жігіт жас келіннің аталған жақындарына лайық әзіл-қалжыңдарын араластыра «көрімдік» сұрап, жұртты көңілді күлкіге қарқ қылады. «Беташар» тойдың басы әрі сәні, жас келіннің жаңа өмірге бет алғанын білдіретін қызықты, салтанатты, ажарлы дәстүрлердің бірі.

Беташар жыры:

Құлағың сал көпшілік,
Домбыраны қолға алып.
Тереңінен жүректің,
Тебірене толғанып.
Беташарға қам жасап,
Әсем жырды толғалық,
Қадам басты екі жас
Ақ тілекті жолға анық.
Атасы мен анасы,
Айналады толғанып.
Той тамаша басталды:
Куә соған бол, халық!
Шын көңілден қуанып,
Шаттанғанға не жетсін,
Ақ көңілден лебізді,
Ақтарғанға не жетсін.

Сыйластығын көңілдің,
Сақтағанға не жетсін.
Той біткен соң риза боп,
Аттанғанға не жетсін.
Келін ойдан шықты деп,
Мақтанғанға не жетсін!
Көпшіліктің үміті,
Ақталғанға не жетсін!
Басқа орманның бағында,
Пістім деме келінжан.
Қай ортаға топ етіп,
Түстім деме келінжан.
Айдынынан айрылған,
Құспын деме, келінжан.
Қай өзеннен енді су,
Іштім деме, келінжан.
Не боларын кім білген,
Істің деме, келінжан.
Ахаң мен Жахаңның,
Елі болған, бұл Торғай.
Әбдіғаппар, Әлидей,
Ері болған – бұл Торғай.
Амангелді, Кейкінің,
Жері болған – бұл Торғай.
Ән мен жырдың қашанда,
Кені болған – бұл Торғай,
Талай-талай тарихқа,
Желі болған – бұл Торғай.
Таңатқан палуан Нұрханның
Төрі болған – бұл Торғай!
Қадіріне елінің
Жете алғайсың, келінжан.
Жаңалыққа бірден-ақ,
Бет алғайсың, келінжан.
Талай сыннан сүрінбей,
Өте алғайсың, келінжан.
Қызуы мол ошақтан
От алғайсың, келінжан.
Жүрегіңнің жылуын,
Қопарғайсың, келінжан.
Ел-жұртыңды ырза ғып,
Бата алғайсың, келінжан.

Жас отаудың бүгінгі,
Тірегі сенде, келінжан.
Атаң менен енеңнің,
Жүрегі сенде, келінжан.
Жиналған мына халқыңның,
Тілегі сенде, келінжан.
Ертеңгі тарар ұрпақтың,
Легі сенде, келінжан.
Артымда әкем қалды деп,
Күйзеліп іштей налыма.
Қинала көрме, келінжан,
Үйіме барып келем деп,
Әкемнің жүзін көрем деп,
Жинала көрме, келінжан.
Қанша жыл білім жинаған
Жазушы, ақын, әрі ұстаз
Таланты бойға сыймаған,
Сегіз қырлы, бір сырлы,
Ортасында сыйлы адам,
Алысқа кеткен атағы
Дуалы аузы баталы
Азамат қылып өсірген
Алты бірдей ботаны.
Бар байлығы – баласы,
Дүние артық жимаған.
Сол үшін де халқы оны,
Көтеріп көкке сыйлаған.
Қайын атаң да, әрі әкең
Секеңе жаса бір сәлем.
Артымда анам қалды деп,
Жанарын жасқа малды деп,
Қинала көрме, келінжан,
Үйіме барып келем деп.
Анамды күнде көрем деп,
Жинала көрме, келінжан.
Анаңдай етіп сыйласаң,
Қызына сені тең деген,
Сөздерің шықса бір жерден,
Қиындық қалмас жеңбеген.
Келінді болдың дегенде,
Өз құлағына өзі сенбеген.
Көңілге кірбің түскенде

Ақ пейілмен емдеген,
Қисық тісті түзетіп
Ақылымен жөндеген,
Мінезі жібек, жайдары
Самалды күндей майдағы.
Сабырменен салмақты,
Бітірген ісін ойдағы
Тұрсын сынды енеңе,
Келінжан, жаса бір сәлем!
Қызмет етіп халқына,
Мойнында парыз өтелген.
Керек кезде тайсалмай,
Нардың да жүгін көтерген
Аталы сөз айтуға,
Топқа бір түсіп төселген.
Соңдарынан сеніммен,
Елінің бүкіл көші өрген,
Осында бүгін отырған
Азаматтарға бір сәлем.
Шеттерінен ақ көңіл,
Жүздері гүлдей жайнаған.
Құлақта жалғыз сырғасын,
Көрімдік етіп сыйлаған,
Мінезі қандай биязы,
Көркіне көзі тоймаған,
Жанында тұрған ағайдың
Аяғын басып ойнаған,
Жеңгейлерге бір сәлем!
Жарғақ шалбар борбайда,
Мойынға гитар асынған,
Сұлу көрсе сұқтанып,
Күшіне қуат қосылған.
Жалбырап ұзын шаштары,
Кездесе қалса тосыннан
Сондай бір кезде түрінен,
Көрген бір адам шошынған.
Қайын інілерге бір сәлем!
Ұйқысы қанбай оянбай,
Жұмысқа ерте бармаған.
Той болса бұрын жиналып,
Кешігіп одан қалмаған.
Секіріп-қарғып билесе,

Тұрған жері шаңдаған.
Қолдары босай қалғанда
Өзіне серік таңдаған,
Қайын сіңлілерге бір сәлем!
Қуанышты бөлісіп,
Шаттықтан жайнап түлеген,
Ақ көңілден қашанда
Сендерге бақыт тілеген,
Жақсы болсаңдар қуанып,
Төбесін көкке тіреген,
Жапырағы жайқалған
Тамыры терең бір емен
Көпшілікке бір сәлем!
Манадан бері өзіңе,
Ақылын айтып қақсаған.
Ақталып елдің үміті,
Болсын деп келін жақсы адам.
Не керек, нөсер жырларым
Шашу ғып бүгін шашпаған.
Өзіңнен басқа, келінжан,
Ешкімнің бетін ашпаған,
Маған да жаса бір сәлем!

Қыз көші. Қыз көші (салт). Құда аттандырар кәдесі жасалғаннан кейін ұзатылған қыз шешесі, жеңгесі, жас іні, сіңлілермен бірге көлікке отырып жолға шығады. Қыз артта қалғандарға қарамауы керек. Құдалар алға түседі. Одан кейін шаңырақ түйе (қыз көші) жүреді. Тойшы жігіттер көш соңынан әсем киініп ән-күймен ереді. Былайша айтқанда көште ерекше салтанатты жарасымдылық болады. Қыз ауылынан бір көш жер шыққанша мұны «қыз көші» деп атайды. Одан әрі асқаннан кейін «келіншек көші» дейді. Келіншек көшінің келе жатқанын білетін жолдағы ауыл қыз-келіншектері, жастары «келіншек көшін» тоқтатып «түйемұрындық» алып, батасын беріп, «жол болсын» айтып шығарып салады.

Жарысқазан. Жарысқазан (ырым). Әйелдер босанар сәтте басқа әйелдер қазанға жеңіл желпі тамақ істеп, оны босанатын әйелден бұрын пісірмек болып, «жарысады». Халық ұғымы бойынша туатын бала «жарысқазанға» қатысып, одан бұрын өмірге келуге тырысады деп түсінген.

Жар-жар. Жар-жар (ғұрып). Ұзатылған қыз тойында қыз-жігіттер тобы кететін қыздың көңілін аулап, баратын жағында да осындай жақсы жайлар болатынын өлеңмен айтысады. Сонымен бірге олар қыздың

бақытты, елге сыйлы болуына тілектестік білдіреді. Мұның бәрі өлеңмен айтылатындықтан «Жар-жар» қызықты болып естіледі. Мысалы, «Жар-жарды» жігіт былай бастайды:

Алып келген базардан,
Қара насыр, жар жар-ау
Қара мақпал сәукеле,
Шашың басар, жар-жар-ау!
Мұнда әкем қалды деп,
Қам жеменіз, жар жар ау
Жақсы болса қайны атаң,
Орнын басар, жар-жар-ау!
Қыз былай деп жауап қайтарады:
Есік алды қара су,
Майдан болсын, жар-жар-ау.
Ақ жүзімді көргендей,
Айнама болсын жар-жар-ау.
Қайын атасы бар дейді ау,
Осы қазақ, жар-жар-ау
Айналайын әкемдей,
Қайдан болсын, жар-жар-ау!

Келін түсіру. Келін түсіру (салт). Біздің халқымыз үшін де дүниедегі қызық пен қуаныштың ең бастысы осы келін түсіру. Бұған бүкіл ауыл болып атсалысады, бірге қуанады, бірге тойлайды, намысы бір қазақта «тойдың болғанынан боладысы қызық» деген бар.

Қазақ салты бойынша келінді ауылға көлікпен әкелмейді. Бір қырдың астына жеңгесімен бірге түсіріп кетеді. Ауылдың қыз келіншектері жас келіннің алдынан шығып, ешкімге көрсетпей шымылдық ішіне кіргізіп әкеледі. Ақ босағаны оң аяқпен аттайды. Шашу шашылады. Құтты болсын айтылады. Келінді шешесі, жеңгесі, сіңлілері ертіп әкеледі. Қуаныш, ырду, дырду, ойын-сауық басталады. Шымылдық жиналған сәтте салтанатпен «Беташар» басталады.

ІІІ ТАРАУ

МЕКТЕПТЕ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1 Отбасы тәрбиесін беруде мектеп пен отбасының ынтымақтастығы.

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі өте зор. Мектеп еш уақытта отбасынан, қоғамнан бөлініп, автономиялық мекеме болған емес. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасымен байланысты. Мектеп тәрбиеге байланысты қоғамдық күштерді ұйымдастыру және біріктіру рөлін атқарады.

Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғаш рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларын игереді. Сондықтан отбасылық өмір - жеке адамның азамат болып өсуінің негізі. Отбасы ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келеді.

Сондықтан ол адам үшін ең жақын әлеуметтік орта.

Отбасы-оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы. Бала тәрбиесінің отбасында, мектепте нәтижелі болуы ынтымақтастыққа негізделеді. Отбасы тәрбиесі-бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата-аналардың борышы. Үкімет отбасына үнемі қамқорлық жасауда. Қамқорлықтың түрлері: балалар мекемелері жөнінде халықтың қажеттілігін толық қанағаттандыру, балалардың еңбек, спорт лагерьлерінің, жас натуралистер станцияларының, ғылыми-техникалық және көркем шығармашылық үйірмелерінің жұмысын кеңейту; ананы, балалық шақты қорғауға ерекше көңіл бөлу, отбасы мүшелерінің демалуы үшін санаториялардың, демалыс үйлерінің жүйесін кеңейту; аналар жағдайын еске алып, әйелдердің халық шаруашылығына қатысуын үйлестіру.

Отбасындағы басты мәселелердің бірі - баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру: баланың тәртібі, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу-әрекеті, бос уақытын ұйымдастыру.

Бала өмірін және іс-әрекетін ұйымдастыруда негізгі жағдайлардың бірі - ұтымды ырғақ жасау. Күн тәртібі өмір тәртібі, еңбек пен демалыстың парасаттылықпен кезектесіп өтуі, талаптарды орындау, жақсы әдеттерді қалыптастыру. Балалардың күн тәртібі жұмыс қабілетін толық сақтау үшін еңбек пен демалыстың кезектесіп өтуінің қажет екендігі көрінетін И.П.Павловтың іліміне негізделеді. Күн тәртібі баланы жинақылыққа, тілалғыштыққа, дәлдікке, мұқияттылыққа үйретеді, денсаулығын нығайтады, еңбек қабілетін жақсартады. Дұрыс ұйымдастырылған күн ырғағы белгілі дағдыға үйретеді, дағды әдетке айналады. Әдет келешекке бала қажетін қанағаттандырады. Күн

тәртібін жасауда ата-ана баланың жасын, үй жағдайын, денсаулығын мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің кеңесін, отбасы мен мектеп ырғағының бірлігін еске алуы тиіс.

Отбасында күн тәртібінің негізгі құрамды бөліктері - еңбек, демалыс, ойын, сабаққа дайындалу, тамақтану, ұйқы, т.б. дұрыс алмасып отыруы қажет.

Отбасында балалардың тәрбие процесіне табысты ықпал жасайтын басқа жағдайлар:

- отбасының этникалық құрамы және құрылымы: толық емес отбасы, бір балалы, көп балалы отбасы, бір ұлттық, көп ұлттық отбасы.

- тіршілік әрекетінің жағдайлары: отбасы мүшелерінің білім дәрежесі, еңбектену, кәсіптік құрамы, бюджеті, жалпы материалдық әлауқаты, ауылдық және қалалық отбасы.

- отбасының мәдени потенциалы: күнделікті тұрмыстың жалпы мәдениеті, күн ырғағы, демалыс, оның формалары, кітапхананы, теледидарды, музыка аспаптарын пайдалана білуі, спортпен айналысу, отбасылық дәстүрлік мерекелер.

- ішкі отбасылық қатынастар микроклиматы отбасындағы көзқарастың бірлігі және айырмашылығы, отбасы мүшелерінің өз міндеттеріне көзқарасы.

- *қоғамға көзқарасы*: еңбек пен қоғамдық міндеттерге, қоғамдық тәрбие институттарына қатысы.

- отбасының тәрбиелік мүмкіндігі: отбасылық тәрбие, әдістер, ата-аналардың және басқа мүшелердің педагогикалық мәдени дәрежесі. Отбасының осы ерекше белгілерінің тәрбиелік ықпалы өте күшті, оларды тәрбие барысында ескеру қажет. Отбасының өзіне тән ерекше қызметтері бар. Олар халықтың өсуі, адамзат ұрпағын әрі қарай жалғастыру, қажеттілік, шаруашылық қызметі, отбасы мүшелерінің өзара және туған-туысқандарымен қатынас жасау қызметі. Отбасындағы тәрбие түгел іске асып отырмайды. Тәрбиенің сәтсіздікке ұшырауының басты себебі - тәрбиені жүргізіп отырған адамның педагогикалық көзқарастарының жеткіліксіздігі, адамның көңіл-күйі мен материалдық, әлеуметтік жағдайының нашарлығы. Отбасылық тәрбие тиімсіздігінің себептері:

- отбасындағы өктемдіктің баланы өзін-өзі басқарудан, билеуден айырып, өз күшіне, мүмкіншілігіне сенуден қалып, оған қарсы қоярлық ішкі күш-жігерінің төмендеуі, сезімінің мұқалуы;

- баланы өз еркімен жіберушілік, еркелік, бәрін кешірушілік. Баланың дегеніне көніп, жетегіне еру оны өзіншілдікке тәрбиелейді;

- отбасында бірыңғай талаптың болмауы, ересектер арасындағы алауыздықты пайдаланып, баланың екі жүзді және жағымсыз нерсеге бейім болып өсуі;

- ата-ананың баланы ұжымнан аулақтатып өсіруге тырысып, баланың қалыптасуына кері әсер етуі;
- ата-ананың баласының іс-әрекетіне немқұрайлы қарап, жауапсыздық танытып, баланың, кездейсоқ, күмәнді адамдармен танысуға мүмкіншілік алуы.

Ата-ана абыройы дегеніміз - бала көзімен көріп тұрған, жасы үлкен кісінің күдіксіз қасиеті, күші, ішкі қуатты берік логикаға негізделген ісі мен қасиеті. Осы қасиеттерді баланың бойына сіңіре білу - отбасы тәрбиесінің мақсаты, борышы, міндеті.

Мектеп оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын жақсартуға қамқорлық жасап, ата-аналарды, жұртшылықты қатыстырады. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының бірнеше нысандары бар. Мектеп пен отбасы байланысының басты формасы - ата-аналар жиналысы. Онда күнделікті өмір, еңбек, демалыс, оқушылардың бос уақыты, кәсіптік бағдар, оқу және тәрбие жұмысы, т.б. талқыланып, оларды одан әрі жетілдірудің нақты жолдары қарастырылады. Сынып ата-аналары жиналысында ата-аналар комитеті, олардың төрағасы сайланады.

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының тағы бір түрі - педагогикалық насихат, яғни ата-аналарға педагогикалық білім беру. Қазіргі ата-аналар және қалың бұқара арасында психологиялық және педагогикалық білімді насихаттаудың маңызы өте зор. Насихат жұмысы оқыту мен тәрбие міндеттерін шешуге әсер етеді.

Тәрбие процесінде жеке адамның қалыптасуына ата-аналардың ықпалы олардың жалпы және педагогикалық мәдениетке байланысты.

Осы тұрғыдан педагогикалық-психологиялық ілім негіздерімен ата-аналарды қаруландыру мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі. Мектептің ата-аналар комитеті мұғалімдерге, ата-аналарға көмектесіп, балалардың демалысын, қиын отбасыларын қамқорлыққа алып, балалардың тұрған жеріндегі жұмыстарды ұйымдастыруға қатысып, ата-аналар жиналыстарын, конференцияларын пікірталастарды, балалар мерекелерін өткізуге арналған дайындық жұмыстарына қатысады. Мектептің, отбасының, бүкіл халықтың және мемлекеттің негізгі мақсаты - қазіргі заманның талаптарына сай балаларды және жастарды тәрбиелеу, оларды мамандық таңдауға, арнайы орта және жоғары оқу орындарына түсуге халық шаруашылық салаларында еңбек етуге даярлау. Мектеп - өзгеріп отыратын жағдайлар мен құбылыстарды ажырата білетін, жасампаз шығармашылық тұрғысынан баға бере қарайтын, болашақ мамандық иелерін, заман талабына сай талаптарды көре біліп, іс жүзінде асырып, жеке тұлға әзірлейтін мемлекеттік мекеме. Олай болса мектеп өзіне бөлініп берілген шағын ауданда мемлекет атынан іс-әрекет жасай отырып, Негізгі заңда (Конституцияда) жазылған білім беру саласындағы қағидаларды, ата-

аналармен, әрбір отбасымен бірлесе отырып іске асырады. Ынтымақтастықтың бірнеше түрі бар. Мектеп және отбасының ынтымақтастығы келесі жағдайлармен үйлестіріледі:

- тәрбиенің біртұтас субъектісімен;
- бала тәрбиесінің ортақ мақсаттары және міндеттерімен;
- педагогтар және ата-аналар іс- әрекетінің келісілген қажеттілігімен;
- бала проблемасын шешуде мектеп және отбасының күш салуын біріктіру мүмкіндігімен;
- отбасылардың, сынып және мектеп ұжымдарының, өзара іс- әрекетке қатысушыларының әрқайсысын өзара толықтыру мүмкіндігімен.

Педагогтар мен ата-аналар одағын құруда маңызды рөл педагогтарға (мектеп директоры, директордың орынбасары, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог) тиесілі. Білім беру ұйымдарында мектептің отбасымен жұмысын көрсететін түрлі бағдарламалар (кешенді «Тәрбие» бағдарламасы, мектептің өзге де әлеуметтік институттармен өзара әрекеттесу бағдарламасы, «Құқықтық тәрбие», «Салауатты өмір салты» бағдарламасы, тұлғаға-бағдарлай оқыту үлгісі және т.б.) әзірленген және нәтижелі жұмыс жасауда. Мектептердің оң тәжірибелерін ескере отыра, отбасында тәрбиелеу процесін жақсарту, балалар құқығын қорғауды күшейту, қоғамдағы жат құбылыстардың отбасына тигізер теріс ықпалын азайту көзделген жаңа мақсаттар мен міндеттер белгіленуде.

Республика мектептерінде мектеп және отбасы ынтымақтастығының оң тәжірибесі жинақталған. Білім беру ұйымдарында оқушылардың ата-аналарымен ынтымақтастықтың, оларды балалармен бірге орындалатын шығармашылық және әлеуметтік маңызды іс-әрекетке тартудың түрлі формалары қолданылады. Ата-аналарды педагогика-психологиялық білім негіздерімен қаруландырып отыру мектептің алдында тұрған басты міндеттерінің бірі. Ата-аналарға педагогикалық білім беру үшін ата-аналар конференциясы, әңгімелер, сұрақ-жауап, консультациялар өткізіледі. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтерудің жоғары түрі - халық университеті. Университет арқылы ата-ана психологиялық-педагогикалық білім алып, тәрбие мен оқыту теориясы және тәжірибе саласында білім жинақтайды. Бұл сабақтардың тиімділігін арттыру үшін конференциялар, семинарлар, тәжірибелік сабақтар, кеңестер, экскурсиялар пайдаланылады. Ата-аналар рефераттар жазып өткізеді. Университетте өтетін сабақтар бағдарламалар мен оқу жоспары, сабақ кестесі бойынша белгілі бір жүйемен жүргізіледі. Бүгінгі өзгерістерге байланысты бұлардың өзіндік ерекшеліктері қалыптасуда. Нарықтық экономикаға өтумен байланысты бұл салада ойланып істейтін шаралар көп. Егер қоғамға пайдалы

адамдар тәрбиелеп шығару қажет деп тауып, педагогикалық білімнің маңызын көтеру қажет болса, мемлекет оны шешудің экономикалық кілтін табады.

3.2 Қазіргі отбасы тәрбиесін ұйымдастыру әдістемесі

Отбасындағы тәрбие мазмұны демократиялық қоғамның өзекті мүдде-мұраттарына орайластырылады. Болашақтағы еңбектік, қоғамдық, отбасылық өмірге бейім дені сау, психикалық болымды, адамгершілікті, иманды, парасатты тұлға дайындау - отбасы міндеті. Ата-аналар міндетіндегі отбасылық тәрбие - балалардың тән-дене және рухани сапаларын қалыптастыру бағытындағы саналы да парасатты істерге негізделген үздіксіз жетіліп барушы процесс. Әрбір әке мен кез келген ана өз перзентіне болашақта қай сапа-қасиеттерді баулу керектігін жете білгені жөн. Отбасылық тәрбиенің саналылық сипаты мен тәрбиелік міндеттерді парасатты шешу жолдары осымен айқындалады. Отбасы тәрбиесіндегі осындай аса маңызды бағыттар арқылы толыққанды тұлға тәрбиелеу мақсаты тұрады.

Қазіргі заманғы отбасы тәрбиесі гуманистік педагогика принциптеріне негізделеді. Ол принциптердің бастылары:

Гуманистік педагогика принциптері

принциптер	сипаты
креативтік (еркіндік)	бала қабілетінің кедергісіз өз бетінше дамуы
гуманизм	тұлға болмысын тану әрі оның беделін мойындап, ең жоғары құндылық ретінде бағалау
демократизм	ересектер мен балалар арасындағы рухани қатынастар теңдігін қалыптастыру;
азаматтық	қоғам мен мемлекеттік жүйеде тұлғаның өз «Менін» танып, қастерлей білуі
ретроспективтік	халықтық педагогика дәстүрлері негізінде жүргізілетін тәрбиеге арқа сүйеу.

Отбасылық тәрбие мазмұнының құрамды бірліктері ежелден белгілі бағыт-бағдарларды, тән-дене, адамгершілік-имандылық, сана-сезім, эстетикалық, еңбек тәрбиесін қамтиды, олар өз кезегінде жас әулетті экономикалық, экологиялық, саяси, жыныстық білімдендіру істерімен толығып отырады. Қазақтың ұлттық педагогикасының сарқылмас мол қазынасындағы тәрбиенің басты түрлеріне тоқталып көрейік.

Тәрбиенің басты түрлері

Тәрбие түрлері	Мазмұны
<i>әдеп тәрбиесі</i>	Әдеп-белгілі бір халықтың әдет-ғұрпында тұрақталып, қалыптасқан этникалық тәртіп. Отбасындағы әдеп тәлім-тәрбиесінің басты түрлеріне мыналар жатады: -әке мен ананың жеке тәрбиесі, үлгі-өнегесі; -ата мен әженің, отбасы мүшелерінің, көрші мен туыстың тәлім- тәрбиесі; -халық даналығын, мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді, аңыз-ертегілерді, батырлық, ғашықтық жырларды пайдалану; - ұлттық ойындар, салт-дәстүрлер.
<i>салауатты өмір салтына тәрбиелеу</i>	дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібін, спорттық жаттығуларды, дене шынықтыруларын т.б. қамтиды.
<i>сана-сезім тәрбиесі</i>	ата-аналардың өз балаларын білімдермен байытып, соны ақпараттарға деген тұрақты қажетсінуін қалыптастырып, оларды үздіксіз жаңалап отыру ұмтылыстарын баулуға негізделеді. Танымдық қызығу, қабілет, бейімділіктер мен нышандарды дамытып отыру бала тәрбиесіндегі ата-аналардың аса өзекті шаруасы.
<i>адамгершілік-имандылық тәрбиесі</i>	Бұл орайда алғы шепке тартылатын мәселе мәңгілік өзгермес адамзаттық мораль құндылықтары - сүйіспеншілік, құрмет пен сыйластық, әділдік пен ар-намыс, қадір-қасиет пен борыш сезімдерін тәрбиелеу. Адамгершілік сапа, қасиеттердің басқа да түрлері: парасатты қажетсіну, тәртіптілік, жауапкершілік, дербестік пен ұстамдылық та осы отбасында беріледі.
<i>эстетикалық тәрбие</i>	Отбасындағы балалардың таланты мен дарынын дамытуға бағыттталып, өмір болмысы әсемдіктері жөнінде тағлым беруге арналады.
<i>еңбек тәрбиесі</i>	Отбасындағы балалардың болашақтағы адал өмірінің негізін қалайды. Еңбектенуге отбасынан дағдыланбаған баланың есейген кезде де бар есілдерті «жеңілдің астымен, ауырдың үстімен» жүріп, шалқып өмір сүру. Ал мұндай еңбексіз «күнде той» өмірдің жақсылыққа апармайтынын тұрмыс қадам сайын дәлелдеп отыр.

<i>дене тәрбиесі</i>	Балалардың тән-дене және рухани сапаларын қалыптастыру бағытындағы саналы да парасатты істерге негізделген үздіксіз жетіліп барушы процесс.
----------------------	---

Отбасы тәрбиесінде ең маңызды мәселенің бірі – ата-аналардың педагогикалық көзқарасының қалай қалыптасуында. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде балалардың анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескермейінше табысқа жетуді ойластыруға болмайды. Физиологтар, психологтар мен педагогтар балалардың дамуын мынадай кезеңдерге бөліп қарастырады, *нәрестелік шақ*- 1 жасқа дейін, *балдырғандық шақ* – 1 жастан -3 жасқа дейін, *мектепке дейінгі жас* -3 жастан- 7 жасқа дейін, бастауыш мектеп жасы -I және III сыныптар, ортаңғы сынып жасы (жасөспірім) –IV-VII сыныптар, жоғары сынып жасы (ересек жасөспірім) –VIII-XI сыныптар.

Әр шақтық кезеңнің жеке адамды қалыптастырудағы мәні қандай? деген заңды сұрақ туады. Бұл күрделі сұрақ. Бұған психология ғылымының маңызды саласы – педагогикалық және жас ерекшелік психологиясы жауап береді. Соның ішінде мектепке дейінгі балалық шақтың бала дамуындағы мәні өте зор. Себебі, бұл кезең баланың мінез-құлқының қалыптасуының негізгі сатыларының бірі болып табылады. Сондай-ақ, адамның дамуында өмірінің алғашқы жылдары айрықша із қалдыратынын атап көрсете отырып, кеңес педагогтары, психологтары мен физиологтары өз зерттеулерінде мектептің, отбасы мен жұртшылықтың өзара бірлесе әрекет етуін көздейтін тәрбиенің ғылыми негіздерін жасауға жәрдемдесетін бұл қағидаларды дамытып, байыта түсті.

Қазіргі уақытта психологтар мен педагогтар баланың жеке басындағы қасиеттерінің негізі оның алғашқы жылында-ақ қаланады деген пікірге келіседі. Жаңа туған нәрестеде көптеген қабілеттердің нышаны ғана болады. Бала өмірінің алғашқы жылдарында сол нышандарды дамытуға қолайлы жағдайлар болмаса немесе ол үшін әрекет істелмесе, кейін оларды жүзеге асыру өте қиынға түседі. Нәресте өмірінің алғашқы жарты жылында оған көңіл бөліп, сүйіспеншілік көрсетпеу баланың даму қарқынын бәсеңдетеді, эмоциялық сезімін кемітеді, әр нәрсеге әуесқойлығы мен қызығушылығын тежейді, бұл оның жеке адам ретінде қалыптасуы мен сана-сезіміне әсер етеді.

Осының бәрі ата-аналарға баланы педагогиканы, психологияны, физиология мен гигиенаны білу негізінде саналы түрде тәрбиелеу жөнінде зор және жауапты міндеттер жүктейді. Бұл жерде тәрбие жұмысының мақсатын, міндетін, принциптерін, мазмұнын, құралдарын, формалары мен әдістерін терең білу қажет.

Отбасындағы *тәрбие әдістері* – бұл ата-аналардың өз баласының санасы мен әрекет-қылығына педагогикалық ықпал жасаудың мақсатты көзделген жөн-жосығы, жолы. Бұлардың бәрі де тәрбиенің жалпы әдістерімен теңдейлес, дегенмен өз ерекшеліктеріне ие. Олар: әр балаға болған ықпал тұлғаның жекелеген нақты әрекет-қылығы мен ақыл-парасатына икемделуінен даралықты келеді; тәрбие әдістерін таңдау ата-аналардың педагогикалық мәдениетіне орайлас келіп, олардың тәрбие мақсатын тануына, өз қадір-қасиетіне құндылықтық бағыт-бағдарына, өз жанұясында орнатқан қарым-қатынасына т.б. тәуелді.

Тәрбие мазмұны мен түрлері, әдіс-тәсілдері белгілі бір жас ерекшеліктеріне, талап-тілегі мен мүмкіндіктеріне сәйкес болуы керек. Баланы белгілі бір жас кезеңіндегі дамудың жоғары деңгейіне сай және оны дамудың әлдеқайда жоғары сатысы келесі жас шағы кезеңіне табысты көшуді даярлайтын біліммен қаруландыру, оны іс-әрекет түрлеріне араластыру, оның бойында осыған лайық сапа, қасиеттер қалыптастыру қажет.

Қазіргі кездегі ата-аналардың бәрі өз балаларының жан-жақты дамып, рухани дүниесі бай, адамгершілік жағынан адал, денесі үйлесімді жетілген азамат болып өсуін қалайтыны даусыз. Бірақ мұндай тілекті жүзеге асыру оңай іс емес.

Ұзаққа созылған өз тарихы бар отбасы балаларды тәрбиелеу жолында орасан көп бақылаулар нәтижесін жинақтап, қорытты. Осы қорытулар негізінде аса маңызды тұжырымдар жасалып, олар отбасыдағы балаларды тәрбиелеудің жалпы заңдылықтары ретінде белгілі жүйелерге орай топтастырылды. Дегенмен, олардың бәрі ғылыми заңдылық байланыс белгілеріне ие болмаса да, өз дәрежесі бойынша алғашқы тұрмыстық деректі пайымдар мен қарапайым көзқарас пікірлерден жоғары келеді. Олардың бәрінің төркін мәні - *ата-аналарға кеңес, отбасылық тәрбие ережелері*.

Ата-аналар өз тәрбиелік әрекеттерін осы ережелер тұрғысынан салыстыра бағалап отырады, сонымен бірге ережелер педагогтар үшін, әсіресе егде ата-аналарға өнімді де негізді кеңестер беріп отыруға қажетті.

Отбасындағы адамдардың қарым-қатынасы сан қырлы. Мұндай қарым-қатынас балалардың өсіп жетілуіне, (әсіресе олардың сәби шағында) күшті әсер етеді. Мұнда отбасы мүшелерінің өзара қамқорлығы, шын жүректен түсінушілігі мен туыстық жақындығы сияқты отбасы ішіндегі қатынастар ерекше ықпал етеді.

Балалардың ата-анасына және ересектерге жақындығы олар үшін мынаны білдіреді: үлкендер жүрегінің бар қазынасын балаларға қалтқысыз сыйлайды, ол үшін балалардан еш нәрсе талап етпейді, ал бала осынау жақсының бәрін бойына сіңіріп, үлкендерді өзінің кіршіксіз

пәктігімен қуантады, әрі нәзік жан дүниесінің сырын ашады. Міне, сондықтан балалар үй ішіндегі татулыққа, ата-анасының өнегелі ықпалына, отбасыда өздерін түсіне білу жағдайларына мұқтаж болады.

Баланың азамат болып қалыптасуына отбасындағы өзара игі қатынас күшті әсер етеді. Отбасындағы дәстүрлер бұл қатынастарды нығайтып, олардың балаларға ықпалын күшейтеді.

Отбасылық дәстүрлер. Мұндай дәстүрлер отбасының психологиялық ахуалының ажырамас бөлігі бола отырып, балаларға күшті әсер етеді. Олардың жас ұрпаққа ықпал етуінің мәні неде? Қазіргі отбасыға қандай дәстүрлер тән?

Дәстүрлер, әдетте, заң актілерімен емес, қоғамдық пікірдің күшімен сақталады. Олардың көбі жетіле келе, қоғамның ережелеріне, нормаларына, еш жерде жазылмаған ерекше заңдарына айналады.

Дәстүрлердің кейбіреулері өзінің шыңына жетпестен, біртіндеп маңызынан айрылып, тіпті біздің ілгері жылжуымызға кедергі жасайтынына қарамастан, сөз жоқ, қоғамдық прогресстің тездетушісі болып табылады. Сондықтан ескірген, өмірі өткен дәстүрлермен күрес жүргізіп, оларды жаңартып отыру қажеттігі туады. Бұл - табиғи процесс. Ол дәстүрлердің зор тәрбиелік күшіне нұқсан келтірмейді.

Көптеген жақсы отбасыларда белгілі бір өзіндік ережелері мен әдеттері бар парасатты тұрмыс салты орныққан. Олар үйреншікті, қарапайым және айрықша күш салмай-ақ өз-өзінен атқарылып жатады. Жоғарыда айтылған отбасы кеңестері тәрбие тұрғысынан тіпті өте жақсы, жекелеген өсиет айтатын әңгімелерден әлдеқайда құнды болады.

Әрбір отбасының өзіндік дәстүрі болуы табиғи нәрсе. Отбасындағы қалыптасқан игі дәстүрлердің бірқатарына тоқталайық.

1.Отбасылық кеңес. Мұнда отбасы мүшелері аптасына бір күнді белгілеп, келелі мәселелерді талқылап, шешім қабылдайды.

2. Отбасындағы тағы бір құптарлық дәстүр - табиғатпен достасу. Бұл дәстүрдің мақсаты өсімдіктер мен жануарларды ерекше құрметтеуге, туған өлке табиғатын сүйуге баулу. Отбасы болып туған өлкеге жорық ұйымдастырудың мәні ерекше. Мысалы, кейбір отбасылар қара күз келісімен алғашқы қарды асыға күтеді немесе наурыз мерекесін ерекше қарсы алады (аула тазалап, ағаштар егіп т.б.)

3.Кітаппен достасу бұл дәстүр төңірегінде сөз еткенде, Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесін мысалға алуға болады. Осы кітапты оқу, талдау барысында бала Бауыржанның психологиясын, отбасындағы тәрбие алу рәсімдерімен жақын танысуға мүмкіндік бар.

Енді сондай кітаптарға байланысты жайлардың тәрбиелік маңызы қандай екенін қарастырып көрейік. Біріншіден, бала дүниетанымын қалыптастыруда аса маңызды тәрбиелік екі фактор - кітап пен жақын адамның жеке өнегесі әсер етеді. Екіншіден, осы факторлардың өзара әрекеттесуінен балаларда тың, едәуір қуатты әсер пайда болады. Үшіншіден, мұның бәрі табиғи жағдайда өтетіндіктен, балалардың өздері бір-біріне ықпал ете бастайтындықтан да бұл әсері күшейе түседі. Мұндай жағдай балалардың кітапқа деген құмарлығын арттырып, әуесқойлығын туғызады, ол кітап бетінен кездесетін моральдық нормалар жақын адамдардың өмірінен-ақ байқалып, әдетте, өскелең ұрпақтың адамгершілік тұрғыдан қалыптасуының негізі болады.

4. Отбасындағы тәртіп, күн тәртібі. Мұнда отбасының тәртібі, оның әрбір мүшесінің жүріс-тұрысы, мінез-құлық, іс-әрекет, және сөйлеу мәдениетін қамтиды.

5. Мәдени орындарға бару /театр, кино, концерт кештері, цирк т.б.

6. Отбасындағы елеулі оқиғаларды мерекелік жағдайда атап өту көптеген отбасыларда дәстүрге айналған. Мұндай оқиғаларға дайындалуға ересектермен бірге, балалардың да қатысуының зор маңызы бар. Онда жоспар жасалады, тапсырмалар бөлінеді, қонақтарды күтіп алу салты талқыланып, оларға көрсетілетін қызықтар, ойын-сауықтар ойластырылады. Отбасы өміріне қуаныш кіреді. Отбасы мүшелерінің бірлескен әрекеті оларды топтастырады, балалар көптеген тағлым аларлық өнеге үйренеді, іскерлікке ие болып, мәдени мінез-құлық ережелерін меңгереді.

Отбасылық мерекелердің педагогикалық мәні ардақты адамдармен жүздесуде, олармен өткізілетін қызықты әңгімелерде, бүкіл осындай жағдайдың салтанатты түрде өтетіндігінде болып табылады.

Жақсы дәстүр отбасын біріктіреді, бұған дейін отбасының үлкен мүшелерінен көрінген саналылық пен жақсылықтың дәнін сақтай білуге, оларды өскелең ұрпаққа өнеге етуге мүмкіндік береді. Дәстүрдің тәрбиелік күшінің мәні, онда жинақталған тәжірибені өскелең ұрпақтардың неғұрлым табиғи түрде қабылдайтындығында. Шындығында, біз жақсы дәстүрлер аз кездеспейтін отбасыда ата-аналарда болатын кейбір қателіктердің балаға қарсы әсер етуіне көп мүмкіндік туатынын аңғарамыз. Ешбір нәрсе ұжымдық дәстүрдей жұптастыра алмайды деген сөз –бұл отбасы ұжымына да қатысты.

Өсіп келе жатқан адамның жеке басының қалыптасуына отбасындағы өмір күшті әсер етеді. Егер ата-аналардың отбасы тіршілігі турасында дұрыс түсінігі болмаса, егер олар отбасы өмірінің дұрыс

мақсатты жағын педагогикалық тұрғыдан жағдайластырмаса, онда бұл баланың жеке санасының қалыптасуына ғана емес, түгелдей жеке басының тәрбиесіне зиянын тигізеді. Қазіргі заманғы отбасы тәрбиесіне кері әсер етуші факторларды келесі кестеден көруге болады.



Ата-аналар қателерін шартты түрде мынадай екі топқа бөлуге болады;

-отбасындағы өмір жағдайының ретсіздігіне байланысты ата-аналар өздерінің әр қилы іс-әрекеттері арқылы балаларға өнеге көрсете алмауы;

-баланың әрбір ісі мен қылығына сәйкес ата-аналардың оларға нақтылы шаралар қолдана алмауы;

Ата-аналардың отбасы тәрбиесінде жиі кездесіп отыратын қателіктердің ішіндегі елеулісі және үнемі кездесіп отыратыны келесідей болып келеді:

-баланың бес жасқа толғанға дейінгі өмірінде (мектепке дейінгі кезең) оған тұрақты көңіл аударылмауы;

-баланы беталды естен тана жақсы көруі;

-үйдегі барлық ересек отбасы мүшелері назары жалғыз балада болуы;

-ата-аналар өздерінің балалық шағында бастарынан ауыр тұрмыс халін кешірген, сондықтан да олар баласының жеңіл-желпі тіршілік етуі тиіс деп есептеуі;

-отбасындағы тәрбиенің мақсаты, міндеті, әдіс-тәсілдері жетілмеген;
-бала отбасындағы жақсы материалдық жағдайға мастануы;
-ата-аналардың басты назарларын отбасыны материалдық қажеттілік-термен қамтамасыз етуге аударып, баланы тәрбиелеуді екінші кезектегі іс деп санауы;

-бала тәрбиесіндегі қайшылықтар: шектен тыс босаңсыту, өз бетімен жіберу немесе қорқыту, аса қатаңдық, орынсыз жазалау.

-шектен тыс қатаңдық (ата-ананың дөрекі билігі, ұрып-соғып жазалауды қолдануы, өктемдік қалдықтары және т. б.). Ата-аналардың өз балаларының мектеп пен мұғалімдерге наразылығын қолдауы;

Өкінішке орай, отбасында мұндай қателіктердің етек алуы балалардың оқудағы жетістігіне ғана емес, сондай-ақ басқа да сапаларына, соның ішінде, оқушылардың қоғамдық белсенділігіне де қарсы ықпал етеді. Ал отбасыдағы тәрбиенің мақсат-міндеттері, формалары мен әдістері жөнінде айқын түсінігі бар ата-аналардың балаларының қоғамдық белсенділігі әлдеқайда жедел дамиды. Талданған қателер қоғамдық белсенділігі нашар дамыған оқушылардың отбасысында жиі кездеседі.

Қазіргі кездегі аса бай отбасылардың пайда болуы оларда бала тәрбиесінің дұрыс тәжірибесі қалыптасты деген сөз емес. Міне, осындай отбасылардың кейбір ата-аналары баланың кез келген сұранысын сол мезетте қанағаттандыруы, аламын деген нәрсесінің бәрін сөзге келмей сатып әперу, үй тірлігіне қатыстырмауы баласының өзімшіл, тек қана тұтынушы, жалқау, басқаның есебінен жақсы өмір сүргісі келетін арам тамақ болып қалыптасуына әкеліп соқтыратынын ескере де бермейді. Дәл осыған қарама-қарсы әрекет істейтін ата-аналардың да түсінігі балаларын тура жолдан шығаруға итермелейді.

Ондай ата-аналар өз балаларын аса қаталдықпен тәрбиелеймін деп әр түрлі қысым мен тыйымдарды қолдану, сәл нәрсеге бола қатаң жазалау, ар-намысын қорлайтын әрекеттер жасау арқылы балаларын өздеріне қарсы қояды. Мұндай жағдайда, әрине, балалар ата-анасын сыйламайды, олардың баласына айтқан «ақылы» кері әсер етеді. Осындай отбасында «тәрбие» алған баланың тәрбиелі болуы да екіталай.

Әрбір оқушының өзін қоршаған ортасымен тығыз қарым-қатынаста болатынын, солардың әсерімен дамитынын ескере отырып «қиын» балалардың мінезіне отбасы, мектеп және көшенің қалай әсер ететін жағдайларына жеке-жеке тоқталып көрелік.

Бала тәрбиесіне отбасының жағымсыз әсер ету жақтарын сөз еткенде, оны үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Бірінші топ – баланы қалай тәрбиелеуді біледі және дәл солай тәрбиелейді. Олар көп емес, алайда, өздерінің саналы өмірімен және

сапалы іс-әрекетімен тек өз балаларына ғана тәрбие беріп қоймай, мектептегі қоғамдық жұмыстарға қолғабыс етіп, басқа ата-аналарға үлгі көрсетеді.

2. Екінші топ – өз балаларына өнегелі тәрбие бергісі келеді, бірақ қалай тәрбиелеу керек екенін білмейді. Мұндайлар ата-аналардың басым көпшілігі. Олар білмегендіктен балаларына кері әсер етуі мүмкін.

3. Үшінші топ – балаларды тәрбиелеудің жолдарын білмейді, білгісі де келмейді, педагогтарға қарсы тұратын төменгі әлеуметтік топ. Бұлар соншалықты көп болмағанымен, «қиын» балаларды беретін отбасылар.

Бұл жерде осы аталған қателіктердің ішінде екеуіне баса назар аударып көрейік. Отбасы тәрбиесіндегі елеулі кемшілік - ата-аналардың тәрбие істерінің мақсат-мүддесін, оның түрлері мен әдіс-тәсілдерін жете түсінбеуі балаға қарсы ықпал етеді.

Мектеп басшылығымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының формалары көп. Олар:

- ата-аналармен жұмыс;
- сынып жетекшілерінің және мұғалімдердің отбасымен жұмысы;
- сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмыстары.

Осы жұмыстарға мектеп басшылық жасайды, көмектеседі, тиісті адамдармен, ұйымдармен бірігіп іске асыруды қамтамасыз етеді. Тәрбие жүйесінде, әсіресе, жеке адамның жоғары моральдық қасиеттерін қалыптастыруда, адамгершілік сезімін, эстетикалық талғамын дамытуда қоғамдық тәрбие институттарының алатын орны ерекше.

Отбасы тәрбиесі - бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата-аналардың борышы. Үкімет отбасына үнемі қамқорлық жасауда.

Қамқорлықтың түрлері: балалар мекемелері жөнінде халықтың қажеттілігін толық қанағаттандыру, балалардың еңбек, спорт лагерьлерінің, ғылыми техникалық және көркем шығармашылық үйірмелерінің жұмысын кеңейту; ананы, балалық шақты қорғауға ерекше көңіл бөлу, отбасы мүшелерінің демалуы үшін санаториялардың, демалыс үйлерінің жүйесін кеңейту; аналар жағдайын еске алып, өйелдердің халық шаруашылығына қатысуын үйлестіру. Отбасындағы басты мәселелердің бірі баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру: баланың тәртібі, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу әрекеті, бос уақытын, ұйымдастыру.

Педагогикалық ұжымның міндеттері:

- ата-аналардың белсенді педагогикалық көзқарасын қалыптастыру;
- ата-аналарды педагогикалық білім-білікпен қаруландыру;
- ата-аналарды бала тәрбиесіне белсенді қатыстыру;

ҚР Гуманитарлық академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы Қалыбекова Асма Ахметқызы былай деп

жазған: «Бізде ұзақ уақыт бойы баланың тәрбиешісі-мектеп, ал отбасы оның көмекшісі, одақтасы деп келдік. Алайда, өмір тәжірибесінің көрсетуінше, тұлғаның ең басты тәрбиешісі отбасының өзі екен. Бұдан шығатын маңызды қорытынды: ата-аналар мектеп педагогтерінен кем емес деңгейде педагогикалық білім-біліктермен қарулануы тиіс» Шынымен қай маман болмасын өнімнің сапалы болып шығуы үшін өз білімдерін толықтырып отырады. Ал ата-ана педагогикалық білімді қайдан және қалай алмақшы? Осы орайда ата-анамен жүргізілетін жұмыс формасын дұрыс ұйымдастыру қажеттігі туындайды.

Ата-анамен жүргізілетін жұмысты ұйымдастырудың формалары

1. Ата-аналарды мектеп басқару ісіне қатыстыру

- Сынып кеңесі, сыныптағы ата-аналар комитеті;
- Мектеп кеңесі;
- Қиын балалар мен жағдайы төмен отбасына шефтік көмек көрсету;
- Қоғамдық бақылау комитеті (қоғамдық ұйыммен өзара әрекет ету).

2. Ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне тарту

- Ата-ана жиналысы;
- Біріккен шығармашылық істер;
- Отбасылық байқаулар;
- Сынып жетекшісі ұйымдастырған сабақтан тыс барлық әрекетке қатысу;
- Жалпы мектептік дәстүрлі іс-шараларды ұйымдастыруға ата-аналарды қатыстыру.

3. Ата-аналардың педагогикалық, психологиялық білімін көтеру

- Сыныптың ағарту жұмыстарын өткізу;
- Тәрбиенің жекелеген мәселелері бойынша ата-анаға мектептік, сыныптық конференциялар ұйымдастыру;
- Педагогикалық білім университеті;
- Педагогикалық, психологиялық, медициналық, заң туралы кеңестер беру;
- Тренингтер.

Отбасы мен мектептің өзара әрекетін қалай ұйымдастырамыз?

Отбасын зерттеу.

Мақсат: отбасының тәрбиелік мүмкіндігін, күш қуатын анықтау.

Топтастыру.

Мақсат: отбасының тәрбиедегі бағыт-бағдарын тану.

Жасалған әрекеттерден алынған нәтижелерді талдау.

Отбасын зерттеуде педагог төмендегідей мәліметтерге басты көңіл бөлуі керек:

-Отбасы мүшелері және отбасының әлеуметтік материалдық жағдайлары мен мектеп ісіне деген қызығушылықтары туралы толық мәлімет

-Отбасындағы балалардың тәрбиелілік деңгейі

-Отбасының тәрбиелік мүмкіндіктері

Отбасын зерттеуде сынып жетекшісі мына ережелерді сақтағаны дұрыс. Олар:

-ата-аналар мен балалар өздерін зерттеу нысаны ретінде сезінбеуі тиіс;

-зерттеу мақсатты, жоспарланған, жүйелі болуы қажет;

-зерттеу әдістері мен тәрбие әдістері өзара байланысты болуы керек;

-психологиялық-педагогикалық әдістер түрленген және кешенді түрде қолданылуы керек;

Отбасын зерттеу педагогке не береді?

Оқушы отбасын зерттеу педагогке отбасының тәрбиелік мүмкіндігімен оның күш-қуатының деңгейін анықтауға, соның негізінде бірлескен әрекеттің оңтайлы әдісін, формасын таңдауға, нәтижесінде тәрбие мәселесін табысты шешуге мол мүмкіндік туғызады. Ол үшін мұғалім дәстүрлі педагогикалық-психологиялық диагностика әдістерінің кешенін пайдаланады. Отбасын зерттеу-сынып жетекшіден кәсіби шеберлікті талап ететін өте күрделі мәселе.

Ата-анамен жұмыста дифференциалды ықпал ету.

Жанұя 5 типке бөлінеді

Балалары үлгілі жанұя	Бала тәрбиесіне ұстаз көмегін қажет ететін жанұя	Ынтымақсыз жанұя	Жағымсыз қасиеттері басым жанұя	Қоғамдық орындардың араласуын үнемі қажет ететін жанұя
Жанұядағы адамгершілік құндылық жоғары деңгейде қалыптасқан. Бақытты, дені сау жанұя. Балаларға мүмкіндік жасалған. Кей уақытта жекелеме кеңестер қажет бола тұра,	Жанұядағы ата-аналардың қарым-қатынасы жақсы бола тұра, бала тәрбиесінде бағыт жоқ. бала тек ата-ананың «ерекше» қамқорлығын сезінеді. «Өзімшіл» болып өсіп келеді. Сондықтан	Мұндай жағдайда ата-аналар өзара қарым-қатынас дауынан аса алмайды. Бала тәрбиесі мүлде ескерусіз қалған. Өсіп келе жатқан ұрпаққа әсері болмас үшін, жанұядағы көңіл-күйді өзгертуге	Сырттай қарағанды қолайлы жанұя қатарында болмағанымен рухсыздық, нақты адамгершілік құндылықтар, ұрпақтар ізгілігінің бұзылуы сияқты жағымсыз қасиеттер басым. Мұндай жанұямен тәрбие жұмысын	Қолайсыз жанұя, мұнда дәрежелілік, ұрыс-керіс, жағымсыз тәртіп сияқты сипаттар көп. Баланың қызығушылығын қорғау үшін мұндай жанұяларға тұрақты педагогикалық бақылау, қоғамдық орындардың

ұстаздардың араласуы қажет емес	ұстаздың көңіл аударуы сөзсіз талап етіледі.	белсенді педагогикалық ықпал қажет.	жүргізу ерекше қиындық туғызады.	араласуы үнемі қажет және талап етіледі.
---------------------------------	--	-------------------------------------	----------------------------------	--

Жасалған әрекеттерден алынған нәтижелерге сараптау, талдау жұмыстарын жүргізе отырып, төмендегідей қорытындыға келу:

-Төрт одақ жұмысын жандандыру; (отбасы, бала, мұғалім, қоғам)

Ынтымақтастықты нығайтуда, мұғалімнің оқу-тәрбие жұмысындағы міндеттердің жүзеге асуына, ата-аналарды педагогикалық біліммен қаруландыруда, олардың белсенділіктерін көтеруде ата-аналар жиналысы-ның маңызы ерекше.

Ата-аналар жиналысының тақырыптары мектептің жылдық жоспарындағы тәрбие жұмысының іс-шараларына, сыныптың жас ерекшелігіне, ағымдағы міндеттерге байланысты іріктеліп алынып, бір апта бұрын жиналыстардың өткізілу кестесі бекітіледі.

Ата-аналар жиналысын дайындау ережесі:

Бірінші ереже

-Ата-аналар жиналысының тақырыбы өзекті болуы керек.

Екінші ереже

-Ата-аналар жиналысы оларға ыңғайлы уақытта болуы тиіс.

Үшінші ереже

-Ата-аналарға жиналыстың өту жоспары белгілі болуы қажет.

Төртінші ереже

Жиналыс ата-аналармен сыйластық қарым-қатынаста өтуі керек.

Бесінші ереже

-Жиналыс жоғары дайындықпен өтуі тиіс.

Ата-анамен жүргізілетін жұмыс формасынан күтілетін нәтиже:

-Отбасының әлеуметтік жағдайы туралы ақпарат құрылады.

-Мектеп өміріне қатысуға ата-ана өз қажеттігін сезінетіндей жағдай жасалады.

-Ата-аналар тақырыптық кеңестер алуына мүмкіндіктер туады.

-Шығармашылық кештер бағдарламасы жүзеге асады.

-Қызығушылықтарына орай отбасылық клубтар құрылады.

Әр түрлі типтегі жанұя мен мектеп арасындағы кері байланыстар ұйымдастырылады.

Ата-анамен бірлескен іс-әрекет арқасында тәрбиеленген тұлға диагностикасы шығады:

-Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген;

-Алған тәрбие мен білімін өз өміріне пайдалана алатын;

Отбасылық құндылықтар мен этномәдени құндылықтарға сүйіспеншілігі бар; Ата-ана мен Отан алдындағы перзенттік парыз бен борышты сезінетін тұлға тәрбиелеу.

Мектепте отбасы тәрбиесін ұйымдастыру өте күрделі мәселелер қатарында тұрады. Отбасымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының негізі ретінде «Ана мектебі», «Ене мектебі», «Әке мектебі» айтуға болады. Оның мысалдары келесі кестелерде көрсетілген.





Отбасы тәрбиесіне байланысты жүргізілетін жұмыстар мазмұны бойынша бірнеше тәрбие сағаттары үлгілерін мысал ретінде ұсынылады.

Отбасында әдеп тәрбиесі бойынша жүргізілетін тәрбие сағатының үлгілері:

Тақырыбы: Отбасы- тәрбиенің басты ұясы.

(ата-ана - ұстаз - оқушы үштігінің басқосуы)

Барысы:

1. Кіріспе
2. «Ана» өлең жолдары
3. «Даналық әліппесі» – мақал-мәтел
4. «Ұрпаққа мұра»– ырым-тыйым сөздер
5. Ситуациялық сұрақтар (жағдаят)
6. «Халық даналығының қазынасы» - нақыл сөздер құрастыру
7. Қорытынды
8. Сауалнама (ата-аналар үшін)

Кіріспе

Тәрбиеші: Құрметті ұстаздар мен ата-аналар және оқушылар!

Адамға ең бірінші білім емес тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы демекші, ата-аналар мен ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиелеп, оны қоғам мүддесіне жарату кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселеге ата-аналар мен ұстаздар қауымы болыпбірге атсалысайық, алар асуымыздың биік болары сөзсіз. Қазіргі қоғамда ата-ана баласынан не күтеді? Баласын қалай тірбиелейді? Ата-ананың бақыты неде? Міне осы тұрғыда сөз қозғалатын «Отбасы – тәрбиенің басты ұясы» атты тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер! Бүгінгі тәрбие сағатымызды Мұзафар Әлімбаевтың «Ана үміті» өлеңімен бастағанды жөн көріп отырмын.

Міне, осылайша өз баласының болашағына алаңдап, Қайтсем де баламды адам етем деген ата-ананың үміт арманы баласымен бірге жасайды. Әрбір баланың мінез құлқы ата-анасының жағымды іс-әрекетінен үлгі алуы барысында қалыптасады.

Тәрбиеші: Бұл көрініске қарап елжірейтін адам, жылымайтын жүрек жоқ шығар.

1. Ата –аналар сіздер не айтасыздар?
2. Бұл баланың бойынан қандай қасиет байқалады?
3. Қатігездік қайдан шығады? Ата-аналар өз ойларын ортаға салады.

Тәрбиеші: Осы жерде мен ата-аналарға мынадай кеңес айтқым келіп тұр. Егер балам қатыгез, өзімшіл қайырымсыз болып өспесін десеніз, бала тәрбиесінде мынадай қателік жібермеңіз.

1. Қателік – Егер сен мен қалағандай болмасаң, мен сені жақсы көрмеймін.

2. Қателік – Не істесең оны істе маған бәрібір.

3. Баланы тым көп еркелету.

Тәрбиеші: Міне, құрметті ата-аналар, бала тәрбиесінде осындай қателіктерге жол бермесеңіздер ғана балаңыздың саналы азамат болып өсіп, сізді бақытқа кенелтері сөзсіз. «Ата-ананың ақылы – қазулы қара жолмен тең»-деп Дулат Бабатайұлы айтпақшы, ата-ана баласының түйсігіне қандай із салса, бала сол жолмен жүре білетіні белгілі.

Жүргізуші:

Құрметтеп ата-баба салт-дәстүрін,
Текті білу ұрпаққа, біздерге сын,
Тыңдайық кезекпенен оқушыны,
Құлшынып ортамызға келген бүгін.

Бір оқушы Ы.Алтынсарин «Ананың сүюі» өлеңін оқиды.

1.Жүргізуші: Бала тәрбиесі – бесіктен дейді қазақ. Оқушыларымыздың ата-аналарынан естіген ырым-тыйым сөздеріне құлақ түрсек. Оқушылар ырым-тыйым айтады.

Тәрбиеші: Келесі бөлімде ата-ана мен оқушы арасындағы қарым қатынасқа арналған жағдаят сұрақтар қойылады. Ортаға екі оқушыны шығарамыз. Ата-аналардың қатысуымен өтетін ойын «Жазалау» деп аталады.

Балаңыз мектепте сіздің көзіңізше мұғаліммен дауыс еөтеріп айқайласты. Мектепте темекі шегіпті, оны мұғалімнен естідіңіз.

Тәрбиеші: Ата-аналар, енді сіздер осы оқушыларды жазалауларыңыз керек. Алдарыңыздағы балаларды қалай жазалайсыздар? Кезек өздеріңізде ата-аналар түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып балаларын жазалайды. Әркім өз ойларын салады да, барлығы бір шешім қабылдайды.

2.Жүргізуші:

Өлең, мақал, жаңылпаш, ән мен жыр.
 Мұның бәрі – жанды сөз, ішінде сыр,
 Елдің сәні сақталар, жақсы сөзбен,
 Қандай жұрт болсын толасыз осыған бір.

Келесі кезекті Даналық әліппесі мақал-мәтелге береміз.

1. Жүргізуші: Бала тәрбиесі бесіктен дейді қазақ. Әрбір ата-ана өз баласына қазақтың ырым-тыйым сөздерін айта отырып тәрбиелейді. Ендеше бидің оқушыларымыздың ата-аналарынан естіген ырым – тыйым сөздеріне құлақ түрсек.

2. Жүргізуші:

Тәрбиеге күш жігерін салып көп,
 Сыйластыққа ата-дәстүр қалып деп,
 Сол ата-ана ұялатар санаға

Қастерлеуді ұлттық салтты дәріптеп,- дей отырып, келесі кезекті Халық даналығы. Нақыл сөздер құрастыру кезегіне береміз.

Бала тәрбиесі	Арлы бала
Адам	Тіл
Тәрбие басы	Өзгеден сый дәметпе
Әдеп баласы	Алғыс орады
Өзіңді өзің сыйламасаң	Тағалы атпен тең
Жақсылық еккен	Кіші сені сыйлайды
Үлкенді сен сыйласаң	Тәртіппен өскен тал артық
Тәрбиелі адам	Тал бесік
Әдепсіз өскен адамнан	Әдебі көрікті
Әдепті бала	бесіктен

Жүргізуші:

Құлақтан кіріп бойды алар,
 Әсем ән мен тәтті күй.
 Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй,- деп Абай атамыз жырлағандай,
 Ш.Қалдаяқовтың Анашым-әкешім әні.

Қорытынды. Құрметті ата-аналар, ұстаздар, оқушылар! Біз бүгін сіздермен бірге үлкен тақырып аясында ой бөлістік.. Ел басымыз

Н.Назарбаев айтпақшы еліміздің болашағы, бүгінгі азамат болып қалыптасуы отбасындағы тәрбиеге байланысты.

Енді соңғы кезекте ата-аналарға «Сауалнама» таратылады. Уақыт-5 минут. Қажетті жауаптың астын сызыңыздар.

Сауалнама.

1. Балаңыз сабақта 4 пен 5-ке оқиды. Бір күні сабақтан екілік баға алып қалды. Екілік баға алған күнделік бетін жыртып тастаған. Сіз не істейсіз?

- a) Ұрысып, жылатасыз
- b) Көрмеген боп қаласыз
- c) Қайта жаңа күнделік алып бересіз
- d) Неге екілік алғанын сұрап, түсіндіресіз.

2. Бүгін ата-аналар жиналысы. Сіз бара алмай қалдыңыз. Балаңыз үйге келгенсоң ренжиді Сіз қалай жауап бересіз?

- a) Бара алмаймын.
- b) Қолым тимеді.
- c) Сол жиналыста не айтылды?
- d) Ертең мұғаліміңе барып жолығамын.

3. Сіз балаңызға ұялы телефон алып бересіз бе?

- a) Әрине, алып беремін;
- b) Балама сабақта керек
- c) Қатардан қалмасын деп алып беремін
- d) Мектеп бітірген соң алып беремін

4. Үйдегі бала тәрбиесіне кім көп көңіл бөлуі керек?

- a) Анасы, ағасы;
- b) Әкесі, әпкесі;
- c) Тек анасы;
- d) Анасы мен әкесі.

5. Мектепті балаңыз жақсы оқып бітіруіне қандай ақыл-кеңес бересіз?

- a) Сабақтан қалмай жүр;
- b) Сабақты жақсы оқы, ізденіп оқуға дағдылан;
- c) Сабақты жақсы оқып бітіруге тырыс;
- d) Мектепті бітірсең болды ақшамен оқытамын.

6. Балаңыз үй жинап жүріп өте қымбат ыдысты сындырып алды. Сіз не істейсіз?

- a) Ұрысып, жинатамын;

- b) Өзім жинап аламын;
- c) Ештеңе етпес, талай қымбат ыдыс алармыз;
- d) Ұрсып, қатты балағаттаймын.

7. Мектептен балаңыз бүгін ақша тауып алғанын сізге айтты. Сіз не істейсіз?

- a) Ақшаға өзіне зат алып беремін;
- b) Ақшаны өзім алып қоямын;
- c) Ертеңінде сыныбына барып мұғаліміне айтамын, сұраймын.
- d) Ақшаны балаға қайтып беремін.

8. Сіздер ата-ана ұрсысып жатырсыздар. Балаңыз келіп қалды. Әрі қарай не қыласыз?

- a) Ұрсыса беремін;
- b) Балаға шығып кет деймін;
- c) Ұрысты тоқтатамын;
- d) Үндемей қаламын.

9. Үйде балаңыздың сабағына қаншалықты көңіл бөлесіз?

- a) Өзі оқиды, тек күнделігін тексеремін;
- b) Қарап, тексеріп қадағалаймын;
- c) Қолым тисе қараймын;
- d) Үнемі тексеріп қарап, үйретіп отырамын.

Отбасылық қарым-қатынасты нығайту бағытындағы тәрбие сағатының үлгісі:

Сабақтың тақырыбы: Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы.

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Жанұядағы ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Мектеп, ұстаз, ата-ана бірлігін нығайту. Отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық. Қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: қанатты сөздер «Ата көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер», «Ата – бәйтерек, бала – жапырағы», карточкалар.

Түрі: пікірталас.

Барысы:

I. Ұйымдастыру. Сәлемдесу.

Оқушыларды екі топқа орналастыру.

Бүгін біз «Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы» тақырыбындағы тәрбие сағатында бала тәрбиесі, оның жан – жақты дамуы бағытында өз ойымызды ортаға салмақпыз. Отбасы – адам баласының түп қазығы,

алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, сол ортаның ыстық суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Әке шаңырақ иесі. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен ер азаматқа жүктеледі. Әйел – отбасының ұйтқысы. Баланы өсіп тәрбиелеу – ата-ана міндеті. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – отбасы мен мектептен алған үлгі - өнеге жиынтығының жемісі. Бүгінгі сабақ сайыс түрінде өтеді.

I бөлім Таныстыру. «Алтын ұя» тобы және «Берекелі отбасы» тобы.
- Алдымен топтың атын таныстырып мағлұмат береді.

II бөлім. «Білімдіге дүние жарық» деп аталады. Мұнда топтың шапшандылығын, біліктілігін аңғарамыз. Ендеше викториналық сұрақтар беріледі.

I топ

1. Балдан тәтті не? (бала)
2. Қара шаңырақ иесі кім? (кенже ұл)
3. Әкеден балаңа берілетін зат (мұра)
4. Үйдегі алтын адам кім? (Ана)
5. Бес дұшпанды атаңдар? (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ)
6. «Ұл атадан көрмейінше сапар шекпес» кімнің нақыл сөзі (Қорқыт ата)
7. Жасөспірім бала неше жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады? (14 жас)

II топ

1. Тәрбие мен білімнің ордасы (мектеп)
2. 18 жасқа толмаған адам (бала)
3. «Өзін - өзі тану» бағдарламасының авторы кім? (С. Назарбаева)
4. Екі адамның бір-біріне деген адалдығы (достық)
5. Бес асылды атаңыз (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым)
6. Үш арсызды ата? (ұйқы, тамақ, күлкі)
7. Мемлекеттік рәміздерді ата (елтаңба, ту, гимн)

III бөлім «Болашағымыз білімді жастардың қолында» сурет салу байқауы.

Екі топ суреттерін қорғайды.

Келесі IV бөлім «Тығырықтан шығу» деп аталады. Мұнда жағдаяттық сауалдар беріледі. Өз пікірлеріңізді білдіресіздер.

1. Сенің өзіңнің жақын адал досың бар, бірақ онымен дос болуға ата – анаң қарсы. Сен не істейсің?

2. Көктем мезгілі. Жолдасың сабақ оқуын азайтып, сабақтан тыс нәрселерге көп көңіл бөлетіндіктен сабақ үлгерімі төмендеп кетті. Сен не істейсің?

3. Сенің сабақ үлгерімің орташа. Сыныптастарың сені білімің бойынша бағалап, адамгершілік қасиеттеріңді көре білмейді. Сен не істейсің?

4. Пән мұғалімдері сенің жауапкершілігіңді бағалап ертеңге бір жұмыс тапсырды. Белгілі себептермен сен ол жұмысты орындап бола алмадың, не істейсің?

V бөлім «Тіл өнері» мақал- мәтелдің жалғасын табу. Яғни мұнда қай топ бірінші қол көтереді, сол топ жауап береді.

1. Атаның баласы болма,..... (халықтың баласы бол)
2. Ұяда не көрсең,.....(ұшқанда оны ілерсің)
3. Балалы үй базар,.....(баласыз үй қу мазар)
- 4.Ата көрген оқ жонар,.....(онн көрген тон пішер)
5. Ананың сүті – бал,.....(баланың тілі – бал)
6. Туған үйдің түтіні жылы,.....(туған ананың күтімі жылы)
7. Анаңа ауыр сөз айтпа,.....(артыңа ауыр жүк артпа)
- 8..... – ананың бауыр еті, көз нұры. (бала)
9. Әке – асқар тау,.....(ана – шалқар көл)

Қорытындылау

Сабақтың тақырыбы: Ынтымақты отбасы.

Мақсаты: Отбасы – Отанның бір бөлшегі екендігін ұғындырып,оқушыларды ынтымақ пен бірлікке,татулық пен ұйымшылдыққа , мейірімділікке ата аналарының шексіз еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Түрі: Сайыс

Көрнекілігі: Отан, отбасы, ынтымақ, бірлік туралы мақал- мәтелдер жазылған плакаттар. «Менің отбасым» тақырыбындағы шығармалар көрмесі және слайдтар таныстырылады.

Барысы:

Сайыс мынадай бөлімдерден тұрады.

I – бөлім . «Кел, танысайық!» Отбасы өз- өзін таныстыру.

II – бөлім. «**Ойланайық, пікірлесейік**» Сұрақтарға жауап беру, яғни жан – жақты білім деңгейін, сөйлеу мәдениеті, ұлттық тәрбиені меңгеруін байқау.

III – бөлім. «**Шешімін тап**» видеоролик талдау.

IV– бөлім. «**Көңілді сайыс**».

V– бөлім. «Халық тәлімі-тәрбие бастауы»(ситуациялық сұрақтар)

VI– бөлім. «**Өнерлінің өрісі кең**».

Сайыс түрлері бес балдық жүйемен бағаланады.

Мұғалім:

I бөлім. Сәлемдесу-игі дәстүр киелі,

Сөзбен қарап, кейде шешер шиені.
Жақсы сөзге жан семіред қашанда
Жолданады сайыскерлер сәлемі.
Сайыскерлер өз реттерімен таныстыруларын айтады.

II – бөлім. «Бақытты отбасы қандай ? – деген тақырыпқа жоба қорғау.

Сайыскерлерге плакат, фломастерлер таратылып ойлануға бес минут беріледі. Жанұяның бір мүшесі қорғайды.

Әділқазыларға сөз беріледі

Мұғалім:

«Мақал айтсаң –жол көрсеттің, мәтел айтсаң-жанымды жайландырдың» демекші, енді залдағы ата аналармен оқушылармен отбасына қатысты мақалдардың жалғасын табу ойыны жүргізіледі.

Өз жұрттың – күншіл,
Нағашы жұрттың – сыншыл,
Қайың жұрттың міншіл келеді.
Қартың болса, жазып қойған хатпен тең.
Немере етін жеп, сүйегін қалдырады.
Өз балаңды өскенше бағасың,
Немеренді өлгенше бағасың.
Тату үйдің тамағы тәтті.
Ана- бәйтерек, бала- жапырақ.
Әдепті бала – арлы бала,
Әдепсіз бала – сорлы бала
Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.
Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол
Қызың өссе,қызы жақсымен ауылдас бол.
Ағаның үйі – ақ жайлау.
Қонақ жаман болса, үй иесі қыдырады,
Үй иесі жаман болса, қонақ қыдырады.
Келінің жаман болса, ұлыңнан көр.
Күйеуің жаман болса, қызыңнан көр.
Тентектің ақылы түстен кейін кіреді.
Жақсы сөз сүйсіндіреді, жаман сөз күйіндіреді.
Ата-балаға сыншы
Ата тілін алмаған, аман болып көп жүрмес.
Ата-анаң бар болса, бала кезде жар болсын.
Атаңа не істесең, алдыңа сол келер
Атаңа не қылсаң ,балаң саған соны қылар
Ананың сүті бал, баланың тілі бал

III – бөлім. «Шешімін тап». Сайыскерлерге «Бір келіншек және отбасы» бейне көрініс ұсынылады. «Бақытсыз отбасының» себептерін анықтау

IV – бөлім. «Көңілді жарыс»

А) Әкелер ләңгі тебу бір минут уақыт беріледі.

Б) Аналар «скакалка секіру» бір минут уақыт беріледі.

В) Балалар «Менің отбасым» тақырыбында сурет салу екі минут беріледі.

Мұғалім:

Білем деме балам

Білмейтінің көп шығар.

Бәрін білген адам ,

дүниеде жоқ шығар.

Көп білуге ұмтылған-

Көз жұмғанша оқиды.

Көз жұмғанша оқыған

Көп нәрсені тоқиды.-дей келе келесі тәлім-тәрбиесі мол сайысымызды бастаймыз.

Әділқазыларға сөз беріледі .

Ата аналар туралы өлең тақпақтар айтылады.

V – бөлім «Халық тәлімі-тәрбие бастауы» (ситуациялық сұрақтар)

1. Балаңыз телеарнадан мультфильм көріп отыр, осы сәтте келесі арнадан сіздің сүйікті телехикаяңыз басталды. Сіз не істейсіз. Балаңызға жасар әрекетіңіз қандай?

2. Сіз балаңызды дүкенге жұмсадыңыз. Балаңыз «мен сурет салып отырмын» деп барудан бас тартты. Не істер едіңіз?

3. Мектептен келген балаңыз. «Мен ертең мектепке бармаймын, апай ұрысты» деді. Сіздің әрекетіңіз қандай болмақ?

4. Мектептен келген қызы мамасына «Мама сізге қызық нәрсе айтамын. Бүгін мектепте деп әңгімесін бастап жатыр еді. Мамасы : «Менің басым ауырып тұр, мазамды алма!» деді. Егер сіз болсаңыз не істер едіңіз?

5. Әке мұғалім сізді мектепке келсін деді? Мен мұғалімге дөрекі сөйледім.

6. Ана мен математикадан есепті сіз шығарып берсеңізде екі алдым?Апай есеп дұрыс шығарылмаған деді.

7. Әке, ана мені ойнауға жібермей жатыр,сабағыңды оқы дейді. Мен оқи –оқи шаршадым,оқығым келмесе де миыма қонбайды.Айтыңызшы анама.

8.Әке, ана, сыныптағы балаларда қымбат ұялы телефон бар , маған да алып беріңіздерші.

Ата-аналарға жоғарыда көрсетілгендей сұрақтар беріледі. Олар дұрыс жауап берулері тиіс.

VI – бөлім. «Өнерлінің өрісі кең» Өз өнерлерін көрсету. (Топтың өнерін тамашалау ән ,би т.б.)

Кедеймін деп қысылма,
Өнерің болса қолыңда
Өнерлінің ырысы
Жарқырап жатар жолыңда

Жүргізуші: Сайысымызды қорытындылау үшін әділ қазыларға сөз береміз.

Жеңістер мен жеңілістен тұратын,
Өмір күрес, жеткізе ме мұратын.
Жеңбедім, жеңілдім деп ренжімегін,
Қатысу да бір жеңіс, жан болсаң сен ұғатын.

Кезекті әділқазылар алқасына береміз.

1.Қорытындылау

2.Марапаттаулар. Жұлделер: “Ынтымақты отбасы”

“Өнерлі отбасы”

“Көңілді отбасы ”

“Салауатты отбасы”

Мұғалім: Құрметті ата аналар бүгінгі мерекеге сынып оқушылары сіздерге арнап “Анашым- әкем” әнін орындайды. (Хор)

Соңынан оларға жүрекке жазған тілектерін сыйлыққа ұсынады.

Құрметті ата-аналар, ұстаздар, оқушылар! Сіздер бүгін «отбасы сайысын» көріп тамашаладыңыздар. Сіздерге әрқашанда сәттілік тілей отырып, отбасыларыңызға береке , ынтымақ тілеймін.

Отбасындағы адамгершілік тәрбиесі бойынша тәрбие сағатының үлгісі:

Сабактың тақырыбы: Шаңырағым – шаттығым.

Мақсаты: отбасындағы әке мен ананың, баланың рөлін айқындау, ата-ананы сыйлауға, қадірлеуге, татулыққа тәрбиелеу.

1-жүргізуші: Сәлемдесу.

2-жүргізуші: Отбасы – шағын мемлекет. Ол – тәлім мен тәрбиенің, үлгі мен өнегенің, мейрімділік пен адамгершіліктің ордасы. Адам баласының өмірге келгеннен кейінгі бар тіршілігі отбасында өтеді.

1-жүргізуші: Отбасы алтын ұя, киелі шаңырақ болса, сол шаңырақтың мұрагері, ұрпақ жалғасы балалар болып табылады. Отбасында балалар негізгі тәрбиені ата-анадан алады. Олай болса баланың бас ұстазы – ата-ана. Ұлы Абай бұл туралы:

«Ата-анаға көз қуаныш –
Алдына алған еркесі.
Көкірегіне көп жұбаныш,

Гүлденіп ой өлкесі» деп жыр еткен.

2-жүргізуші: Әке мен ана – шаңырақтың тірегі. Ата-ананың отбасы тәрбиесіндегі негізгі міндетін айқындайтын нақыл сөздерді де көп кездестіруге болады. Дана халқымыз «Әке – асқар тау, ана – бұлақ, бала – жағасында өскен құрақ», «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі» деген екен.

1-жүргізуші: Енді осы тақырыптағы мақал-мәтелдерге кезек берейік.

1-оқушы: Бала тәрбиесі бесіктен.

2-оқушы: Баланың жақсысы – қызық, жаманы күйік.

3-оқушы: Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.

4-оқушы: Бала-көңілдің гүлі, көздің нұры.

5-оқушы: Құс балапаны үшін тозаққа түседі, адам баласы үшін азапқа түседі.

6-оқушы: Ата-бәйтерек, бала – жапырақ.

7-оқушы: Атадан жақсы ұл туса,

Елінің қамын жейді.

Атадан жаман ұл туса,

Елінің малын жейді.

8-оқушы: Жақсы әке – жаман балаға қырық жылдық ризық.

9-оқушы: Әкең өлсе де, әкенді көрген өлмесін.

10-оқушы: Әкесін сыйламаған кісіні баласы сыйламайды.

11-оқушы: Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада.

12-оқушы: Ағайынның алтын сарайынан, ананың жыртық лашығы артық.

16-оқушы: Ананды Меккеге үш арқалап барсаң да қарызынан құтыла алмайсың.

2-жүргізуші: Отбасы тәрбиесі туралы түркі ойшылы Жүсіп Баласұғын былай дейді:

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,

Өнерімен қуантады түбінде.

Бала нені білсе жастан ұядан –

Өле-өлгенше соны таныр қиядан.

Өнер-білім берем десең басынан,

Бер оқуға балалрды жасынан.

Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған,

Жақсы, жаман болса, бала- солардан».

Ән: «Ана туралы жыр»

1-оқушы: Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ол шешесіне қарап бой түзейді. Ата-ана балаларына үлгі-өнеге көрсете алмаса, онда тәрбиелі бала өсіруі екіталай. Өйткені бала ересектерге, әсіресе ата-анасына, тәрбиешілерге өте еліктегіш келеді.

Жақсыны да, жаманды да солардан үйренеді, көргенін қайталайды. Қазақтың дауылпаз ақыны Ілияс Жансүгірұлы «Жаста берілген, басқа сіңген тәлімің өзің өлмей сүйегіңнен қала алмас»-деп бүлдіршінге жастайынан берілген тәрбиенің жемісті екенін айтады. Жас балаға өз ата-анасы – Асқар тау. Әке-шешенің ауызынан шыққан сөз бала үшін заң болып есептеледі.

2-оқушы: «Тәрбие тал бесіктен» дейді атам қазақ. Сол тал бесіктен жер бесікке дейін баланың өсіп жетілуінің негізі отбасында жатыр. Отбасы – адам тәрбиесі үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы – белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады. Отбасының басты қызметі – бала тәрбиелеу.

3-оқушы: Бүгінгі дүниеге келген бала – ертеңгі сүйкімді бозбала мен бойжеткен, болашақ ата-ана мен сабырлы да салиқалы ата-әже. «Өнеге отбасынан» демекші, халықтық тәлім-тәрбиенің бастауы отбасының өмірінде жатыр. Ата-бабаларымыз кезінде оқу оқып білім алуға мүмкіндіктері болмай, көшіп-қонып жүргеннің өзінде өз ұрпағын жоғары адамгершілікке, үлкенді сыйлауға, қонақжайлылыққа тәрбиеленген.

4-оқушы: Шарифатта (Ислам қағидаларында) да отбасы жоғары бағаланып, оның бала тәрбиелеп өсіруіне бірінші дәрежелі мән берілген. Онда «Балалар–ата-аналар қолына берілген аяулы аманат» делінген. Бұл ғажайып құдайшылық анықтаманы жадыда ұстау былай тұрсын, әр үйдің маңдайшысына жазып қоюға тұрарлық. Баланың өздігінен өмір сүруге мүлде қабілетсіз нәресте кезінен бастап бақытты балалық шағы, жеке шаңырақ көтергенде дейінгі жастық жолдары өтетін отбасын бақыт жағалауын бетке алып, өмір – айдында жүзіп бара жатқан қайыққа теңесек, оның қос ескегін әке мен шеше дер едік.

5-оқушы: «Балаң жақсы болса, жердің үсті жақсы, балаң жаман болса, жердің асты жақсы» дейді қазақ. Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы кикілжіңдер көбінесе бала кәмілеттік жасқа толғаннан бастап орын ала бастайды. Бала бойындағы физикалық, психологиялық өзгерістер оның мінез-құлқының өзгеруіне әкеліп соғады. Сондықтан да ата-ана өсіріп отырған баласының тәрбиесіне осы кезеңдерде жете көңіл бөлгені жөн.

6-оқушы: Ата-ананың үміт-арманы баласымен бірге жасайды. Сол себепті олардың бар тілеуі балаға бағышталған. Оның амандығын, үрім-бұтақты, бай бақытты, атақ-абыройлы болуын тілейді, өздері әл-қуаты кетіп, ауру-сырқаулы болып қартайғанда сол баланың қайырын көріп, мерейіміз өссе екен деп армандайды. Ақырғы, ең қастерлі тілектері:

«Бала-шағаның алдында дүние салып, солардан топырақ бұйырса». Осындай ата-ананы сыйлау, сәби шағында өзінді олар қалай бағып-қақса, қартайғанда оларды да солай алақанға салып аялап күту – қандай ғанибет!

7-оқушы: Қазақ ұғымы бойынша, үйлерінің төбесінен күн сәулесі төгіліп, қараңғы түндерде тұнық аспанның төріндегі самсаған қалың жұлдыз жымыңдай жарық сеуіп тұруы тиіс. Байтақ сахара құшағында қысылып-қымтырылмай өскен арда халық мұны еркіндіктің, кең тыныс алудың белгісі деп білді. Сондықтан ұлы әлемнің бүкіл қасиетін сездіріп тұратын шаңырағын айрықша қастерледі, жан тәнімен қорғады. Шаңыраққа ие болудың өзі- шексіз абырой, адамдық нысаны.

Ән: «Әке туралы жыр»

8-оқушы: Қара шаңырақ ұрпақтар өрбіген құтты ұя саналады. Кең мағынада бүкіл ұлт тұтас ірге жайған жер де Қара шаңырақ. Сондықтан қазақ баласы Қара шаңырақ иесі – Қазақ атасының үйін ардақтайды, яғни Қазақ атасы көтерген Қара шаңырақты аялай қастерлеп, оның қасиетін өзінің ар-намысындай сезінеді.

9-оқушы: Қашан да әке-шеше отырған үй аяулы, ардақты, ыстық. Ұрпақтары соған бас иеді. Оны құтты орынға теңейді. «Ордаға керек – отауға да керек» деген аталар өсиеті негізінде әр ұрпақ өзінің шыңырағын ата салты бойынша жоғары көтеруге және абыройлы, парасатты болуға тырысады. Өзінің де ұрпағын өсіріп, өркенін жайдыруды мұрат тұтады. Сондықтан Қара шаңырақ – Қазақ отбасының мақсат-мүддесінің бір шоқтығы.

10-оқушы: Ей, перзентім, ата-анаңды ешқашан ренжітуші болма. Олардың көңіл-күйіне қаяу салып қапаландырма. Сені жан-тәнімен жақсы көріп, тәрбиелеп жүрген ата-анаңның көңілін қалдыратын қандай да бәр іс жасасаң, сен ешқашан жақсылыққа лайықты жан емессің, өйткені кімде-кім ата-ананың жақсылығын білмесе, басқа біреудің жақсылығын да бағаламайды. Егер сен өз перзентім құрмет қылмсың десек, сен де ата-анаңды құрметте, сен ата-анаңа не істесің, саған перзентің де соны жасайды. Перзент жеміске, ата-ана жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы күтсең жемісі де дәмді, жақсы болады. Сол сияқты ата-анаға деген ізгі тілегі қабыл болғаны.

11-оқушы: «Отбасы кішкентай бір мемлекеттік ұя» деп бекер айтылмаған. Әдетте жақсылықтың бәрі отбасынан басталады. Отбасы – жұртты жақындастырушы, ұрпақ пен ұрпақты табыстырушы, ұрпақаралық тұтастықтың отын жағушы ерекше ұя. Сондықтан да отбасы – барша адамзатқа ең жақын, ең қасиетті ұғым.

12-оқушы: Ата-анасыз өмір жоқ, яғни адам жоқ. Демек, бала-ата-ана өмірінің жалғасы. Сол үшін ата-ана жата-жалынып құдайдан перзент көргенде жүрегі жарылардай қуанған, содан кейін «Баламның

табанына кірген шеңгел менің мандайыма қадалсын» деп әлпештеп өсірген, перзенті ауырып не басқа қатер төнгенде мойындарына бұршағын салып «Өзімді алып, баламды аман қалдыр!» деп құдайға жалбарынған, өздерін балалары үшін құрбан еткен. «Бала – ата-ананың бауыр еті», «Балалы үй – базар, баласыз үй –мазар» деген сияқы толып жатқан мақалдар да ата-ананың балаға деген ұлы сүйіспеншілігі жатқан жоқ па?!

13-оқушы: Ата-аналар мен балалардың, аға-інілер мен әпке-қарындастардың және туған-туыстардың ортасын құрайтын отбасы қоғамның ең маңызды ұйтқысы болып табылады. Өйткенгі адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап осында ержетіп, отбасының тәрбиесін алады. Шынында, отбасы – ол да бір шағын мемлекет.

Ән: «Әкешім, анашым».

2-жүргізуші: Отбасы – ұрпақтар сабақтастығын жалғастырушы, адам бойындағы асыл қасиеттерді қалыптастыруды рухани-адамгершілік бастауы.

1-жүргізуші: Әрбір отбасында сүйіспеншілік пен түсіністік мықты болса, қоғамның дінгегі де берік болады.

2-жүргізуші: Отбасында әуелі сенім мен сезім, сүйіспеншілік пен сыйластық болса, қандай жағдайда болсын өмірдің ащысы мен тұщысын, суығы мен ыстығын, қайғысы мен қуанышын бірге бөлісіп бақытқа жете алады

Сонымен, тәрбие шәкіртке ата-ана, оқу орны, өзін қоршаған орта арқылы беріледі. Сондықтан да мектеп пен отбасының үйлесімін табу өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына оң ықпалын тигізеді. Себебі, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде отбасы, ондағы ата-ананың рөлі әр кезде үлкен мүмкіндіктерге ие болған.

Ұлы Абайдың «Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген даналығында айтылғандай, бала тәрбиесінде мұратымызға жету үшін, бәрінен бұрын, қай-қайсымыздың да қолымыздан келуге тиісті дұрыс ана дұрыс ата, дұрыс ұстаз, дұрыс азамат бола білуге көбірек көңіл бөлгеніміз жөн.

Ұлымыздың ұлт күйін білетін ұлағатты, қызымыздың салт сыйлайтын салауатты, ұрпағымыздың Отанын сүйетін нағыз азаматтары болуы үшін отбасы, мектеп, орта, қоғам – бәріміздің күш біріктіруіміз қажет. Сондықтан ел тағдырында, бүгінгі мен ертеңінде бағзы замандардағыдай отбасының алатын орны, атқаратын рөлін көрсету мен жаңғыртудың мәні ерекше. Демек, дәстүріміздің алтын арқауын асыл қолдарынан шығармай ұстап, құнарын жоғалтпай сақтап, ұлт қадірі мен құдіретін ұғындыруды әр адамның қасиетті парызы ретінде

қазіргі қазақ қоғамында қалыптастыру, оның әлеуметтік-материалдық негізін жасау – маңызды мәселелердің бірі.

Адамзат қоғамының даму тарихында ғасырлар бойы қоғамды құрушы жеке адамдардың мінез-құлық жағынан пісіп-жетілуі, қалыптасуы әр заман, әр ұлт ойшылдарының санасынан терең орын алып, пікір-таласын тудырып келген. Жалпы, шығыс пен батыс гуманистерінің бәрі де «Дүниенің ең асылы, бағалысы – адам, ал оның бақыты – бала» деп білген. «Адам бақыты – бала» деген ғұлама ойшылдардың пікірін біздің қазақ былай тұжырымдайды: «Адам бақыты – бала, егер ол саналы болса». Сондықтан қазақ Құдайдан бала сұрағанда

«О, Құдай бала бер,
Бала берсең – сана бер!
Санасыз болса,

Қайта өзің ала бер» дегенінен сан ғасыр бойы өз ұрпағын «сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі өнерлі, адамгершілік ар-ожданы жоғары, намысқой азамат тәрбиелеп келгені – тарихи шындық. Ендеше, осы сарында бала тәрбиелеу ісін бүгінгі заман өзгерістеріне үйлестіре отырып, жалғастыру – біздің борышымыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясының «Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік» деп аталатын басымды бағытында: «Біздің елімізде толық емес отбасылар көп... Бейбіт өмірдің өзінде бізде мыңдаған жетімдер бар – балалар үйлері толы. Бұл, өкінішке қарай, жалпыәлемдік үрдіс және жаһанданудың сынағы. Бірақ біз бұл үрдіспен күресуіміз керек. ...Мен ажырасуға қарсымын, жастарды отбасы құндылығы, ажырасудың қасірет екендігі рухында тәрбиелеу керек, өйткені оның салдарынан, ең алдымен, балалар зардап шегеді. Бала тәрбиесі – тек ананың емес, ата-ананың екеуінің де міндеті» деп ана мен баланы қорғау, әйелдерге қамқорлық мәселесіне ерекше мән берсе, бұл идеясын «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «Бала тәрбиелеу – болашаққа үлкен инвестиция» деп жалғастыра келе, «баланы жалғыз тәрбиелеп

жатқан аналарға көмек көрсету, олардың икемді еңбек түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауларына жағдай туғызу керек. Әйел адам ең алдымен – ана. Ал ана – отбасының, мемлекеттің шамшырағы» деп баса назар аударады. Бұл тұжырымды ойлар әйел мен бала тағдырының мемлекет үшін маңызды мәселе екенін ескере отырып, қоғамдық және отбасылық тұрғыдан нақты қадамдар жасаудың, соған сай іс-шараларды қарастырудың қажеттігін көрсетеді... «Бүгінде отанымыздың жетістіктері–әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақмерзімдік жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысады. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет!» деп, өзіміздің тарихымызды, ділімізді, ұлттық қасиеттерімізді алғы шепке шығарды.

Отбасылық тәрбие арқылы ұлттың ең негізгі құндылығы – ұлттық тілді құрметтеу сезімін қалыптастыру баланың ұлттық сана-сезімін, ұлттық рухты дамыту, отбасылық тәрбиенің дұрыс ұйымдастырылуына қарай бала санасында отбасының құндылықтық мәнін ашу, отбасылық тәрбиедегі туысқандық қарым-қатынас ерекшеліктерін үйрету, бала тәрбиесіне байланысты қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлердің мәнін ашып көрсету және қыз бен жігіт арасындағы қарым-қатынастарға байланысты қалыптасқан салт-дәстүрлерді (ер бала және қыз бала тәрбиесі, жігіттік сөз, жігіттік серт, қыз намысының жоғары болуы, қыз-қонақ, қыз ұзату, үйлену тойы, құдаласу, т.б.) сіңіру. Сонымен, отбасылық тәрбие арқылы балада ұлттық таным жүйелі қаланып, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан жағдайда ғана ол ұлт мүддесін ойлайтын, елжанды азамат бола алады.

Егер адам отбасының үлкен құндылық екенін түсініп, ата-ана алдындағы парызын өтеуге бейімделген болса, өсе келе ол бұл бағыттың біртіндеп Отан алдындағы борышымен, азаматтық парызына ұласатынын аңғарады. Сондықтан әр ата-ана баланың отбасылық құндылықтарды толық меңгеруіне мүмкіндік жасағаны абзал. Отбасындағы құндылықтарды бағалай алмаса, адам ұлттық құндылықтарды да құрметтемей өтуі мүмкін.

«Бір елді жаулау үшін қарудың керегі жоқ. Бесігін бүлдірсеңіз өздері босағасын қиратып, есігін ашып береді»- деген қытай мақалы қазіргідей жаһандану заманында өте қауіпті. Сондықтан халқымыздың біртуар ұлы М.Әуезовтің «Ел болам десең, бесігінді түзе!» деген сөзінің мән-мағынасы дәл қазіргі кезеңде айқын жол табуға, дәстүрімізде сақталған

ұлттық рух пен сананы жаңғыртып, өркениетке бағыт алған ұлт болашағын дамытудың өзекті арқауы болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. – 304 б.

2. Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ. Мұғалім және ұлттық тәрбие. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2000. – 96 б.

3. Толыбаев Қ. Бабадан қалған бар байлық. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 256 б.

4. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001. – 320 б.

5. Дүйсембінова Р.К. Қазақ этнопедагогикасын мектеп практикасына ендіру. – Алматы: Ғылым, 2000. – 356 б.

6.Калыбекова А. Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов. – Алматы: БАУР, 2005. – 200 с.

7.Әлсатов Т.М. Қазақ хандығы тұсындағы тәлімдік ойлардың дамуы (XV-XVIII ғғ.). – Алматы: Ғылым, 1999. – 198 б.

8.Исабекова А. Қызым, саған айтам...– Шымкент, 2005. – 95 б.

9.Бекжігіт А., Ыстыбай Ә. Қыздарға мұсылмандық тәрбие. – Шымкент: Азиат, 2003. – 44 б.

10. Мейірханова З. Қыз – өмірдің қызғалдағы.– Алматы: Олжас, 2004.–96 б.

11. Сарыбекова Ж.Т. Қыздар тәрбиесін ұйымдастыру.–Астана: 2002.–50б.

12. Байтас Т.С.Мұхаммед пайғамбардың әйел және отбасы туралы өсиеттері. – Шымкент: Жібек жолы, 2000. – 32 б.

13. Жумадуллаева А. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың педагогикалық негіздері.– Түркістан, 2006. – 25 б.

14. Сарыбекова Ж.Т. Болашақ мұғалімдерді оқушы қыздарға қазақ халық педагогикасы арқылы тәрбие беруге даярлау. – Астана, 2004. – 29 б.

15.Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2003. – 120 б.

16.Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы – Алматы: Жазушы, 2005. – Т.1. – 296 б.

17.Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы – Алматы: Жазушы, 2005. – Т.2. – 336 б.

18. Ергали Е. Философия как духовная деятельность. –Астана: 2003.–283 б.

19. Жүсіпова Б.Ж. Үйлену тойы – Алматы: Көшпенділер, 2002. – 52 б.

20. Қазақ халқының салт - дәстүрлері.-Алматы: Көшпенділер, 2004. - 200 б.

21. Кенжеахметұл С. Туыстық атаулар сыры.– Алматы: Ана тілі,2003.–46 б

22. Бөлеев Қ., Ибраимова Л.Н. Қазақ этнопедагогикасындағы отбасы тәрбиесі. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. –150 б.

23. Ибраимова Л.Н. Этнопедагогика. – Тараз, 2010- 152 б.

Қосымша әдебиеттер:

1.Сегизбаев О. История казахской философии. - Алматы: Ғылым, 2001.45б.

2.Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 350 б.

3. Қожахметова К.Ж. Ұлт тағдыры мен қыз бала тәрбиесі— біртұтас//Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика.—Алматы,2005.— №1. — 68-73 б.

4. Биекенов К.Ү., Жаназарова З.Ж., Нұрбекова Ж.А. Отбасымен әлеуметтік жұмыс. — Алматы: Қазақ университеті, 2003. — 133 б.

5. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. — Алматы: Білім, 2003. — 280 б.

6. Шаханов М. Өлеңдер жинағы. — Алматы: Жазушы, 2001.—126б.

7. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы. - Алматы: Санат, 2000.— 160 б.

8. Бөлеев Қ. Қазақ этнопедагогикасы. — Алматы: Нұрлы Әлем, 2001.— 96 б.

9. Сәдуақасұлы Ә. Дәстүр мектебі. — Алматы: РБК, 2003. — 195 б.

10. Қамақ Ә.О., Нұржанова Г.Т., Мұхамеджанов Қ.М. Ұлттық мектеп оқушыларын имандылық-эстетикалық бағытта тәрбиелеу жүйесі. — Алматы: Санат, 2002. — 132 б.

11. Кәрібекова А. Қазақ халық жұмбақтарын мектептің оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану. — Тараз: ТарМУ, 2000. — 76 б.

12. Төрт түлік/Дайын. Қ.Өмірәлиев. — Алматы: Өнер, 2001.—48 б.

13. Омарханов Қ. Қазақ елінің дәстүрлі құқығы. — Алматы: Елорда, 2003. — 280 б.

14. Жолдасбеков М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А. Елтұтқа. — Астана: Күл Тегін, 2001. — 358 б.

15. Жаманқұлова П. Даналар туралы әңгімелер. — Алматы: РБК, 2000.— 134 б.

ҚОСЫМША

Қосымша №1

Глоссарий

«А»

Абырой- жеке адамның құндылығы туралы түсінікті білдіретін моральдық ұғым, адамның өз-өзіне және қоғамның жеке адамға моральдық қатынасын бейнелейтін этикалық категория.

Абысын — туыс ағайын адамдар әйелдерінің бір-біріне туыстық қатынасын білдіретін ұғым. **Абысын-ажын** — ағайынды адамдардың әйелдері.

Адамгершілік —қоғамдық өмірдің объективтік заңдылығына сәйкес, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болып

табылатын талапқа сай белгілі бір гуманисттік принциптерді білдіретін моральдық ұғым. Адамгершілік адамдардың мінез-құлқымен, іс-әрекеттермен көзге түседі.

Адамға өзіндік тұрғыдан қарау-оқыту және тәрбиелеу барысында оқушыларды өздеріне тән ерекшеліктерін есепке алу. Мысалы олардың білім деңгейін, саяси дайындығын, өмір тәжірибесін т.с.с есепке алу.

Адам тұлғасының бағыттылығы- белгілі қоғамға оның мұрат-мақсаттарына орынды немесе теріс қатынастары тұрғысынан қарағандағы жеке адамның ең елеулі, шешуші сипаттамаларының бірі. Жинақталған түрінде адам тұлғасының бағыттылығы- өз халқының, бүкіл адамзаттың асыл мұратына ұмтылуы, оған жету жолындағы күресі.

Алимент- балалардың ата-аналары ажырасқан болса , балалары соның қарамағында қалған ата-анаға екінші жағы балаларды және еңбекке жарамсыз ерлі-зайыптына бағып-қағу үшін төленетін ақша.

Алименттер- алуға құқығы бар екінші адамға бір адам беруге міндетті болатын асырау қаражаты;

Азаматтық хал актілері- адамның құқықтарымен міндеттерінің пайда болуына және тоқтатылуна байланыстыоны дараландыратын заңдық рәсімделген мән- жайлар.

Азаматтық –адам тұлғасының жетекші сапаларының бірі. Іс-әрекет, қарым-қатынас және қарым-қатынас жүйесімен қалыптасады. Азаматтықтың мәні адамдық міндеттерін және борыштарын санаулы, белсенді атқару құқығын орынды пайдалану, қоғам белгілеген ережелерді дәл орындау болып табылады.

Ақыл- ойлаудың таным қабілеті дамуының жоғарғы басқышы, жаңа білімінің шығармашылығы, адамның жүріс-тұрысында және бүкіл өмірлік іс-әрекетте орындылықтың болуы. «Ақыл» атауы ойлау қабілетінің синонимі ретінде жиі қолданылады. Ақылдың болуы, ақылды болу қарқынды және нәтижесі ақыл-ой іс-әрекетіне қабілеттің болуы деген сөз.

Ақыл- ой тұжырымы – бір немесе бірнеше пікірлерден жаңа, туынды пікірді алудың логикалық тәсілін көрсететін ойлаудың түрі. Ақыл-ой түйіні алғы шарттан (бастапқы пікірден), қорытындыдан (алғы шарттан тұжырымға көшуден) тұруы.

Білімдердің ғылымда және тәжірибеде дамуы, құбылыстардан мәні болып танылуы, олардың заңдылықты ара байланыстарының айқындалуы ақыл-ой тұжырымы нақты құбылыстарға баға беру, теориялық және тәжірибелік мәнді ерекшеліктерді дәлелдеу барысындағы ой-пікірлердің негізін құрайды.

Ақыл- ой тәрбиесі – тәрбиенің басқа салаларымен үздіксіз байланысты ойлаудың шығармашылық қабілеттерін мақсатқа сай

дамыту. Ойдың жұмысы адам өмірінің шарттары мен жағдайларында болатын объективтік қарама-қайшылықтарды шешуге әрдайым бағыттталып отырады.

Атрибуция- адамның жүріс-тұрыс себептерімен дәлелденген жеке қасиеттерін, мінезін, оның іс әрекетін кәдімгі талдау негізінде басқа адамға тапсыру.

Азаматтық- бұл әлеуметтенген тұлғаның кіріктірілген қасиеті, ол соңғыға қоғам және мемлекет дамуының түрлі деңгейлерінде саяси-құқықтық белсенділіктің пәрменді субъектісі және объектісі болу мүмкіндігін береді.

Алименттер- алуға құқығы бар екінші адамға бір адам беруге міндетті болатын асырау қаражаты;

Адам – жер бетіндегі тірі организмдердің жоғарғы сатысы, саяси-қоғамдық қатынастардың негізгі субъектісі мен объектісі.

Адам құқықтары- белгілі бір игілік алуды, өмір сүруді қамтамасыз ететін адамдар мен мемлекет арасындағы ережелердің өзара қатынастары, кепілдіктері.

Азаматтық қоғам- жеке тұлғаның емін-еркін дамуын қамтамасыз ететін қоғамның күйі. Азаматтық қоғамның құрамына адамдардың өздері тудырған қауымдастықтар (қоғамдық, кәсіби, шығармашылық ұйымдар, ассоциациялар жәнет.б.) азаматтардың өндірістік және жеке өмірі, әдет-ғұрыптары, салттары кіреді. Бұл қоғамда мемлекеттің жеке адам өміріне араласуына шек қойылады. Онда адамның халықаралық дәрежеде танылған ережелерге сай құқықтары сақталады.

Ала жіпті аттамау – адал болу, біреудің нәрсесіне қол сұқпау.

Альянс- ортақ мақсаттарға жету үшін келісім шарт негізінде жасаған ұйымдардың одағы, бірлестігі.

Ана тілі- халықтың асырлар бойы жинаған тәжірибесін жеткізетін органикалық механизм, тұлға үшін халықтың көп ғасырлық даналығына, оның мәдениеті мен болмыс дәстүріне қатысудың жалғыз жолы.

Атамекен- бабалардан жеткен, тағдырдың сыйы, әр адам үшін жалғыз, бірегей Отан.

«Ә»

Әдеп- игі әдетпен, өміршең әдет-ғұрыппен қалыптасқан ұлттық мәдениеттің көрінісі, мәдени үрдістердің, имандылықтың тірек-негізі.

Әдептілік- белгілі моральдық нормалар мен принциптерді бұлжытпай орындау. Егер моральдық нормалар мен принциптер кісінің бойына сіңсе, ол адамдардың әдептілік қасиеті не әдептілік сезімі болып саналады.

Әдептілік – ізетті, сыпайы, инабатты білдіретін қасиет.

Әдет-ғұрпы- белгілі ситуациядағы адам мінез-құлқының қайталанатын әдетті дағдылары.

Әдеп сақтау – адамдар арасындағы қарым-қатынас нормасын орындап жүру.

Әдет – жеке адамның қажетіне айналып, қалыптасып кеткен тұрақты әрекеті.

Әдет-ғұрып – дәстүрге айналған, жалпыға бірдей қалыптасқан, әр этносқа тән ортақ тәртіп, салт-сана.

Әлеуметтану ғылымында отбасы- некеден және қандас туыстар негізінде құрылған кішігірім топ.

Әке тәрбиесі – әкенің ұл баласына үйрететін тәлім-тәрбиесінің жиынтығы.

Әменгер – жесір әйелдің күйеуінің орнын басуға құқылы қайнысы мен қайын ағасы.

Әңгүдік – даңғой, жарымес, делқұлы адам.

Әңгімелесу – ұстаз бен шәкірттің өзара пікірлесуі, ой бөлісуі. Бұл ертеде Сократтың әңгіме әдісінен, яғни ұстаз-ғалымның көпшілікпен алаңда халықпен пікірлесуінен шыққан.

Әулекі – өзін ұстай білмейтін, дарақы, даңғой адам.

Әулет дәстүрі – бір атаға жататын үрім-бұтақ, туыс адамдардың өздеріне тән мұралық дәстүрі.

«Б»

Балажандылық – қазақ халқы үшін болмыстағы бағажетпес байлық- ол бала, баланы қазақ халқы өмірінің жалғасы, ұрпағын, ата кәсібін жалғастырушы деп бағалап бала тәрбиесіне көп көңіл де бөле білген. Қазақ халқы бала туралы өз пікірлерін : « Артында байлық қалғанша бала қалсын», «Ер адамның алдында ашылатын есігі болсын, әйел адамның алдында тербететін бесігі болсын»-деп орынды бере білген.

Бауырмашылдық- «Адамның баласы бауырың » деп Абай атамыз айтқандай қазақ халқына бауырмалдық тән. Кез келген қазақ жөн сұраса келе бір-біріне туыс, бауыр болып шығады. Жалпы «ағайын» деген сөздің өзі туыс, рулас, кейде тұқымдас мағынасында айтылады. Ағайын деген сөздің арғы тегі «аға-іні» деген сөздерден шыққан сияқты, туыстық қарым-қатынас қазақта бір-біріне қол ұшын беру, көмек көрсету тұрғысында да өзінің кең пейілділігімен, бауырмалдылығымен ерекшеленеді.

Бажа – апалы-сіңлілі қыздарға үйленген адамдар.

Бақталастық – бірін-бірі көре алмаушылық, іш тарлық.

Бақылдасу – о дүниелік болар алдында кісінің үй ішіндегілермен тілдесіп, артына өсиет қалдыруы.

Бақыт – адамның өмір қызығы мен қуанышына, рахатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым. Бақыт өмір мұратының іске асуының адам бойындағы эмоциялық көрінісі.

Балдыз – әйелдің жасы кіші туысы.

Бастаңғы – үлкендер жолаушылап кеткенде үйде қалған қыз-келіншектердің бас қосып, тамақ әзірлеп, құрбыларымен ойын-сауық құруы.

Бата-тілек – игі тілек, алғыс.

Бауырына салу – ағайынның баласын асырап алу.

Бәдік – 1. Малға, адамға жұғатын індет, айналма. 2. Бәдік ауруына қарсы сиқыр, арбау нанымынан туған айтыс-өлең.

Бәйіт – ораза кезінде айтылатын жарапазан сарынындағы өлең-жыр.

Бәс тігу – бәстескен іске жүлде қою, серттесу

Бәсіре – балаға арнап ен салынған қара мал.

Бейіш – қасиетті саналатын өлген адамның рухының орналасатын жері.

Бесік жасы – туғаннан 7 айға дейінгі жас кезеңі.

Бесікке салар – нәрестені алғаш бесікке бөлеумен байланысты ырым.

Беташар – дәстүр бойынша жаңа түскен келіннің бетін ашарда айтылатын өлең-жыр. Ол жас келінге еңбекқор, бауырмал, кішіпейіл, ізетті, инабатты бол, үлкенді, жолдасыңды сыйла деген сияқты моральдық нақылға құрылады.

Би – дау-жанжалға билік айтушы сот. Ол этнографиялық әдет-ғұрып заңдарын жетік білуі, тапқыр, шешен болуы керек. Бөле би – екі елдің дауын ру басы билер шеше алмағанда билердің жүгінісетін еларалық жоғарғы сот.

Балалық шақ- кәмелетке толмаған адамдардың құқықтық жай- күйі

Бүліктің шарттық режимі- ерлі-зайыптылардың және олардың осы некеден туған балаларының неке шартымен белгіленген меншігінің режимі.

Бейюрисдикциялық- отбасының құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтар мен ұйымдардың іс-әрекеттері.

Басымдылық-ұрыс-керісті болдырмаудың негізгі әдісі бола отырып, сонымен бірге оларды туғызу құралы болып табылады.

Билер сөзі – дуалы, жұртқа әділ билік айтатын кісінің сөзі.

Биосфералық үрдіс – аспан әлемінде болатын атмосфералық өзгерістер.

Бозбала – бойдақ, жігіт-желең, 12-15 жасар ересек.

Бой жасау – өнер алдында ауру адамның бір сәт сергуі, аурудан айыққандай сезінуі.

Бойжеткен – кәмелетке толған, ер жеткен қыз.

Бойкүйездік – мойны жар бермеу, енжар, еріншектік.

Бойтұмар – тіл-көзден сақтау үшін дұға жазылған үш бұрышты былғарыға тігілген қағаз.

Болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалықдайындау жүйесі – оқыту мазмұны, оқытуды ұйымдастырудың формалары, әдістері мен тәсілдері арқылы жүзеге асыратын өзара байланыстарды, бірін-бірі толықтыратын этнопедагогика сипаттағы ықпалдардың жиынтығы.

Болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық іскерлігі – олардың педагогикалық практика кезінде оқушыларға ұлттық тәрбие беру бойынша іс-әрекеттің жиынтығы.

Борыш – әке-шешенің, ел-жұрттың алдындағы перзенттік парыз.

Босаға аттау – алғаш келін болып түсушінің үйге кіруі.

Бөбек – бала 1 мен 3 жас арасындағы.

Бөле – бірге туған апалы-сіңлілілердің балаларының бір-біріне туыстық қатынасы.

Бөспе – өтірікші, көпірме, мақтаншақ кісі.

Бұйыру – баланы белгілі бір іс-әрекетке еріксіз орныдауға әмір беру арқылы жұмылдыру.

Бірімінез – тұрақты, байсалды, ақылды кісінің мінез бітісі.

«Г»

Гуманистік- адам сүйгіштік, адам мен қоғамдық қасиеттерге құрметпен қарау.

Гетереостереотип- басқа халықтар өкілдері туралы бағалау пікірлер жинағы.

«Д»

Дәстүр- (лат. Tradition-жапсыру, жалғастыру)- тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мұрат пен игілік, мінез-құлық қалыптары және т.б., қоғамда, ұлтта немесе жекелеген әлеуметтік топтарда ұзақ уақыт бойы сақталатын әлеуметтік- мәдени мұра элементтері.

Дербестік- белгілі бір істі, мақсатты орындауда бөтен адамның жетегінде кетпей өз білімімен, жігерлілігімен, сенім –қабілетімен шешуге тырысу.

Даму- өзіне тән ерекшелігі бар сапалық қозғалыстың түрі. Құбылыстардың пайда болуы мен жойылып кету дамуға байланысты. Кез келген даму уақытпен байланысты болады. Дамудың бағытын тек уақыт анықтайды.

Дәлелдеу- әйтеуір бір қағиданың ақиқаттығын осымен байланысы бар басқа ақиқаттар мен пайымдаулардың көмегімен тауып алудығы логикалық амал. Дәлелді пікір ғылыми ойлау өрнегінің ажырамас

белгісі, ғылыми сенімдерді қалыптастыру кезеңі. Сондықтан ұстаздық жұмыста дәлелдеу тактикасы мен методологиясы маңызды орын алады.

Дәстүрлер- ұзақ уақыт бойына қоғамда адамдар арасындағы қатынасқа сақталып ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әлеуметтік және мәдени мұралардың құрамды бөлігі.

«Ж»

Жанұя- өмірдегі туысқандық қарым- қатынастықтың ортақ белгісі.

Жақын туыстары- ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынушылар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер мен апалы-сіңілілер (аға-қарындастар), ата- әже, немерелер.

Жалған неке- отбасын құру ниетінсіз заңда белгіленген тәртіппен жасалған және ерлі- зайыптылардың құқықтары мен міндеттерін туғызбайтын неке.

Жауапкершілік- адам әрекетінің оның нәтижесінің моральдық нормаға сәйкестігін және қылық салдарын сезіну.

Жарыс қазан – екіқабат әйелдердің қиналмай босануы үшін жасалатын ырым.

Жарыс қазан – толғақ басталғанда жасалатын жоралғы.

Жасақ – билік иесінің маңына топтасқан жауынгерлік отряд, әскери құрама.

Жасау – ұзатылатын қызға берілетін мал-мүлік.

Жат жұрағат - оныншы ұрпақ жұрағаттан туған бала, туыс, ағайын.

Жат мінез – белгілі этносқа тән мінез-құлыққа үйлеспейтін, сырттан танылған мінез бітісі.

Жаушы – алғаш құдалық хабарын жеткізуші елші хабаршы.

Жаушыға жүру – қалыңдыққа сырттай ен тағып айттыруға кісі жіберу.

Жаһаннама – жаһантану шежіресі.

Жеті ата – кісінің өз әкесінен бастап жетінші атасына дейінгі қандас туыстың аты.

Жеті жарғы – Қазақстан құқық нормаларын белгілеген Тәуке ханның заң жиынтығы.

Жеті жарғы – хандық дәуіріндегі ел билеу заңдарының жинағы.

Жеті қазына – ер жігіт, сұлу әйел, ақыл-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, жүйрік тазы.

Жеті шәріп – Мекке шәріп, Мәдине шәріп, Бұхар шәріп, Шам шәріп, Қытым шәріп, Құддыс шәріп, Кәләм шәріп (Құран).

Жиен – тұрмысқа шыққан қыздан туған ұл мен қыз.

Жиеншар – жиеннен туған бала.

Жолаяқ – жол жүруші адамға жүрер алдында жол болсын деп жасайтын кішігірім той-томалақ (ырым).

Жомарттық- жомарттық дегеніміз- қандайда бір игілікті істі шын көңілден әрі одан да пайда ойламай, қайтарымсыз істеу. «Жолықсан біздің жақтың тентегіне, өмірдің қарамайды келтесіне, қонаққа жалғыз атын сойып беріп, жүген ұстап қалады ертесіне» деп бір дана адам айтпақшы, ата-бабаларымыз: «Жомарт дос көбейтеді, сараң мал көбейтеді»-деп жомарттықты дәріптеп, сараңдықты жамандаған.

Жол-жора – 1. Әдет, салт-дәстүр. 2. Азды-көпті сый-құрмет, ырым.

Жол-жоралғы – салт-дәстүр, әдет бойынша берілетін ырым, кәде.

Жұбату – азалы адамға көңіл айту.

Жұмақ – о дүниедегі рухтың рахат орны (пейіш).

Жұмалық – жұма күні молдаға беретін қайыр-садақа, ақша (тамақ та берілуі мүмкін).

Жұрағат – тоғызыншы ұрпақ, жүрежаттан туған бала.

Жүрежат – сегізінші ұрпақ, туажаттан туатын бала.

Жылқы мінез – өзгермелі құбылмалы адам.

Жігіт сипаты – қазақ түсінігінде «сегіз қырлы бір сырлы адам».

Жігіт сыны – жігітке қойылатын сын мен талаптар, кескін келбеті, қадір-қасиеті, қабілет икемін анықтау.

Жігіттің үш жұрты – өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты.

Жеке отбасы-бүгін таңда дүниеде ең кең тараған отбасының түрі.

Жақын туыстары- ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынушылар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер мен апалы-сіңілілер (аға-қарындастар), ата- әже, немерелер.

Жалған неке- отбасын құру ниетінсіз заңда белгіленген тәртіппен жасалған және ерлі - зайыптылардың құқықтары мен міндеттерін туғызбайтын неке.

«Е»

Ер мен әйел- отбасының іргетасы, бұл іргетас үйленумен құрылады. Отбасында адамдар ұрпақ жалғастырады. Сонымен қатар қоғамның қартайған, еңбекке жарамсыз мүшелеріне қамқорлық та осында іске асырылады. Отбасы тұрмыстық қатынасты қалыптастырудың да алғашқы ұясының бірі.

«И»

Идеал- «Идеал- ұмтылысты қажет ететін, бірақ ешқашан жеткізбейтін, адам ақыл-ойына қажетті басшылық»(И. Кант). Мораль идеалы ол: жан- жақты, абсолютті, ізгілік туралы елестері дұрыс, адамдар арасында кемеліне келген қарым-қатынас бейнесінде, адамгершілігі мол жеке бастың жоғарғы үлгісі.

Инициация- сол немесе басқа ұлыстарда бар әрекеттер топтамасы осы арқылы және адамның әлеуметтік мәртебесі ресми түрде ауысып бекітіледі.

«К»

Қанағатшылдық- Қанағат деген ұғым өзін-өзі тоқтатуға байланысты мағынаны, яғни тойымдық, тоқмейілдік нысапты білдіреді.

Қауымдасу- қазақ халқына тән ерекше моральдық сапа түрі. Қауымдасу адамдардың бір-біріне түрлі жағдайда көмек көрсету кезінде анық байқалады. Мәселен, бұған қыз ұзату, келін түсіру, енші беру сияқты қуаныш кезінде немесе кісісі өлген үйге аза салу, оның жетісі, қырқы, жылын беру, кездейсоқ апатқа (жұт, өрт, т.б.) ұшырап, мал-мүліктен айырылған туысқа туыстық жақындығымен шама-шарқына қарай «қосқаным» деп көмек көрсету әдеті (дәстүрі) де дәлел бола алады.

Күміс той – ерлі-зайыптылардың тату-тәтті 25 жыл өмір өткізуіне арналған той-кеш.

Кінә – адамның мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі мін, ағаттық, есірлік.

Кінәләу – шәкірттің жағымсыз іс-әрекетіне ұстаздың баға беруі, кемшілігін мойындату әдісінің бір түрі.

Кісілік – азаматтық қасиет, адамшылық борыш.

Кішіпейілділік- Кішіпейілділік болу дегеніміз- кісінің өзінешкімнен жоғары ұстамауы. Адамның өз ерекшелігін, артықшылығын ешкімге білдірмей, өзін ешбір адамнан жоғары санамай, халық ішіндегі жай ғана адамретінде өмір сүру, баршаға бірдей заңдылықтармен әрекет ету.

«Қ»

Құндылықтар- тұлға, әлеуметтік қауымдастық, қоғам үшін қоғамдық мәні бар, тұтасалғанда, материалдық, әлеуметтік нысандар, адамдардың басым көпшілігінің қайырымдылық, әдептілік, патриотизм туралы растаған және келісілген түсініктері.

Қазақстандық патриотизм – ел басқару ісіне, жалпы халықтық міндеттерді шешуде сүйіспеншілікпен және сындарлы қатысу қабілеті.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық- өз елінің тарихы, құқықтық демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғамның құндылықтары туралы білімдерінеркін қолдану, мемлекеттің тарихы мен рәміздерімізге құрметпен қарау, өз көзқарасын жеткізу білігі.

Қазақ халқы педагогикасының асыл-арналары – ана тілі, ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, ұлттық мәдениет салалары, ұлттық ойныдар, ұлттық салт-дәстүрлер.

Қазақы қасиет – халықтың дархан кеңпейіл, қонақжай, той-думанға жаны құмар жомарттық қасиеттері.

Қайта тәрбиелеу – оқушының мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі жағымсыз қылықтарды әдет-дағдыларды қайталап, болдырмау мақсатында қолданылатын тәрбиенің пәрменді әдіс-тәсілі. Ол көбінесе тәрбиесіз кеткен балалармен балалар колонияларында арнайы жүргізілетін педагогикалық жұмыс түрі. А.С.Макаренко 1930 жылы

Балалар колонияларын құрып, бұзық балаларды еңбекте түзеу ісімен айналысқан.

Қайын бике – зайыбының туған әпкесі.

Қайындап бару – күйеудің қайын жұртына қонақ болып баруы.

Қайынсақ – қайын жұртына орынсыз бара беретін күйеу.

Қалау – сыйлы қонақтың кетерінде үй иесінен сұрап алатын ескерткіш заты, қолқалап сұрауы.

Қалжа – жас босанған әйелге, не аурудан тұрған адамға арнап сойылатын малдың еті.

Қалпе – қазіреттен кейінгі діни атақ.

Қалың мал – күйеу жағының қалыңдық үшін беретін мал-мүлкі.

Қалыңдық – біреуге атастырылған оң жақтағы қыз.

Қалыңдық ойнау – үйленгенге дейін қалыңдығымен жасырын кездесу.

Қамал-қорған – жаудан қорғану мақсатында жасалатын қабырғасы қалың, биік бекініс.

Қамшы тастау – дауласқан, таласқан екі жақтың сөз сұрау белгісі.

Қанағатшылық – місе тұтушылық, барға риза болушылық.

Қара жамылу – ері, жанашыр жақыны қара орамал тартып, үстіне қара киім киіп, қайғысын көпке білдіруі.

Қара шаңырақ – әке-шешенің түтін түтетіп отырған үйі.

Қара шығын – жергілікті әкімдердің «уақ-иүйек шығынға» деп жинайтын алым-салығы.

Қарға бау – құдаласқан адамдардың бір-біріне беретін сый-сияпаты. Құдалық белгісі.

Қарғау - үлкендердің салт-дәстүрді бұзушы жастарға риза болмай назалануы.

Қарғы бау – қыздың әек-шешесіне құда болғандығы үшін берілген төлем.

Қарғыс – біреуге айтылған жаман тілек.

Қарын шаш – баланың іштен туғандағы шашы.

Қирағат – құранды мақамдап оқу.

Қоғамдық сана – белгілі бір қоғам адамдарына ортақ сана.

Қожа – ислам дінін таратушы, солардың ел ішіндегі өкілі.

Қой мінезді – жуас, сабырлы кісі.

Қол бала – барып кел, алып келге жұмсайтын бала.

Қолқа – дос, туыс, жолдас адамдардың бір-бірінен нәрсені қалап алуы.

Қолқа салу – тамыр адамның бір бірінен өз керегін сұрап алу.

Қонақ кәде – қыдырып келген қонақтың үй иесі мен отбасы мүшелеріне өнер көрсетуі (ән салу, күй шерту, ертегі айту, т.б. өнерін марапаттау).

Қоныс – малды ауылдың жылда қонып жүрген жайлы орны.

Қоныстой – жаңа үйге кіруге арналған той жиыны.

Құбыла – намаз оқитын кезде бет қарататын жақ. Оңтүтік батыс бағыт (ол Меккенің орналасқан бағытын білдіреді).

Құда-жекжат – ілік-шатыс, құда адамдар.

Құдайы қонақ – жол жүріп келе жатқан адамның танымайтын үйге келіп қонақ болуы.

Құдалыққа бару – біреудің бойжеткен қызына құда түсуге бару.

Құқ – ерік. Сенің оқуға еркің бар.

Құқық – еркіндік. Сенің оқуға, демалуға еркіндігің бар.

Құқықтану – еркіндік туралы ғылым.

Құқықты қорғау – еркіндікті қорғау.

Құқықтық әдеп – еркіндіктің әдептегі көрінісі.

Құқықтық ғылым – еркіндік, теңдік, бостандық, саналы ерік туралы ғылым.

Құқықтық дәстүр – еркіндіктің әдепке, әдет-ғұрыпқа айналып қалыптасуының көрінісі.

Қазіргі заман отбасы-ерлі –зайыпты екі адамның арасындағы некеге құрылған негізгі әлеуметтік топ, отбасыға сонымен бірге ұрпақтары (ұл-қыздары)да кіреді. **Құқықтық институт ретінде отбасы-** туыскандық және некелік қатынастар арқылы өзара байланысты адамдар тобы.

Қорғаншы (қамқоршы)- қорғаншылық пен қамқоршылық жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру үшін заңда белгіленген тәртіппен тағайындалған адам;

Қорғаншылық (қамқоршылық)-кәмелет толмағандардың және сот әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысандары.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде отбасы- неке мен қандас туысқа негізделген шағын топ.

«М»

Мораль- (лат.moralis- әдет-ғұрып)- әлеуметтік шындықтың этикалық сапаларын (ізеттілік, мейірбандық, әділеттілік, мінез-құлық, әдет-ғұрып т.б.) бейнелейтін қоғамдық сананың бір түрі. Адамдардың бір-біріне және қоғамға деген міндеттері мен қарым-қатынасын айқындайтын қауымдық өмір сүру ережелерінің, адамдардың мінез-құлықтары нормаларының жиынтығы.

Моральдық норма- жеке бастың мінез-құлқынбағыттап қана қоймай оны бақылауға және бағалауға мүмкіндік беретін қоғамға қажетті мінез- құлық үлгісі.

Моральдық сана- басқа да саяси, құқықтық, діни, эстетикалық сияқты адамдардың әлеуметтік тұрмысын бейнелейтін қоғамдық сана

формасы. Моральдық сана адам әрекетін, оның қоғамдық құбылысын, оларға өзінің жағымды, жағымсыз көзқарасын білдіреді, оларды қажетіне орай мадақтайды немесе талқылайды, сынға салады, демек моральдық сана адам қылығын бағалаушы.

Моральдық сезім- моральдық нормамен реттелетін жеке бастың өзінің қылығына және әрекетіне деген қобалжу.

Моральдық этикалық дәстүр- тарихи даму барысында көпшілік тарапынан қалыптасқан мораль элементтерінің (норма, құндылық, принцип, категориялар) дәстүрдегі көрінісі.

Мүліктің шарттық режимі- ерлі –зайыптылардың және олардың осы некеден туған балаларының неке шартымен белгіленген меншігінің режимі;

Мораль- адамдар мінез-құлқының нормалары, принциптері, ережелері, сонымен қатар, адамдардың бір-бірімен және қоғаммен қатынасының нормативті реттелуі көрсетілген мінез- құлқы, сезімі, пайымы.

Мәдени мұра- әр халықтың және барлық адамзаттың рухани және материалдық өмір аясындағы байлығы.

Мәдени және лингвистикалық плюрализм- елдегі этностар және этникалық топтар мәдени- тілдік мүдделері мен ерекшеліктерін есепке алу.

Материалдық жағдай- жалақының, зейнетақының, басқа да табыстардың болуы немесе болмауы; олардың мөлшері; мүліктің болуы; еңбек қаблетін жоғалту дәрежесі, отбасының басқа мүшелерінен материалдық көмек алуы немесе алмауы;

«Н»

Намыс- адам қасиеттерінің арқау. Намыс –адам өмірінің әр сатысында әр түрлі байқалады. Ол –«мен, мен»- дегенсәби намысы, өзін-өзібіле бастаған балғын жастың жігіттік намысы, бойжеткен ару қыз намысы, азаматтық намыс, ұлттық намыс,. Демек, намыстың ауқымы кең. Қазақ –намысщшыл халық. Оның «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді» деген мақалы намыстың не екендігін ұқтырғандай.

Намыс – жоғары адамгершілік, имандылық қасиеттерінің бірі.

Наным-сенім – қандай да бір нәрсеге рухқа табыну, сену.

Наурыз – мұсылман елдеріндегі жаңа жыл.

Наурыз бата – наурыз тойында өсім-өнімге, табиғатқа байланысты жасалатын бата.

Нашар бала – жаңа туған қыз бала атауының бір түрі.

Неке қияр – үйленуші жастарға дін жолымен оқылатын дұға. Ерлі-зайыптылардың қосылуын дін-шариғат жолымен заңдастыру.

Немене – алтыншы ұрпақ, шөпшектен туған бала.

Несібе – сыбаға, ризық, үлес.

Негізгі тұлға- осы этностық топтың жеке тұлғамен туыстанын әрбір жеке тұлғада бар қасиеттер ұғымы.

Неке жасы- адамның некеге тұру құқығына жеткендегі жасы;

Неке- ерлі –зайыптылардың арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тіртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақ;

Неке жасы- адамның некеге тұру құқығына жеткендегі жасы;

«О»

Отбасы –некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзгеде нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы;

Отан, туған өлке- бабалардан жеткен, тағдырдың сыйы, әр адам үшін бірегей, өз халқының рухани мәдениеті және өткен тарихымен байланыстыратын туған жер.

Оқыту – білім беру, белгілі бір кәсіпті меңгерту үшін іске асырылатын педагогикалық үрдістің түрі.

Олақ – іске икемі жоқ ебедейсіз кісі.

Он сегіз мың ғалам – діни ұғым бойынша бүкіл дүниедегі жанды-жансыз табиғат жиынтығы.

Оң бата – кісіге айтылатын жақсы тілек.

Оң жақта отырған қыз – жасы келіп, ұзатылғалы отырған қыз.

Ораза ашу – таңертеңгі асын ішу.

Оразды – басына жақсылық үйір, бақытты адам.

Отау жабар – күйеудің шешесінен алынатын кәде.

Оташы – сынған жерді орнына салатын дәрігер (хирург) адам.

Отбасы – семья, жанұя, үйелмен сөздерінің синонимі.

Отбасы – қоғамның маңызды әлеуметтік институты, оның құрамындағы адамды репродуктивті қызмет атқаратын қоғамның мүшесі ретінде қарастырады.

Отбасы- кіші әлеуметтік топ, ал оның мүшелері некемен немесе қаны бар туыстығымен, тұрмыстық ортақтығымен және өзара адамгершілік жауапкершілікпен байланысты. Отбасы- қоғамның бастапқы ұясы, қоғамның әлеуметтік құрылымының негізі болып табылады.

Отбасылық қатынастар- адамдар арасында некеден, туыстықтан, бала асырап алудан, отбасына тәрбиелеу үшін бала алудан туындайтын қатынастар.

Отбасылық жағдай- некеде тұрғандағы немесе айырылысқандағы жағдай, балалардың немесе отбачының басқада мүшелерінің болуы немесе болмауы;

Отбасылық құқық- отбасылық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Отбасының функциясы- бала тауып, тәрбиелеп өсіру, ерлі – зайыптылардың жынысты, эмоциялық сезімдерін және басқа (әлеуметтік, экономикалық) қажеттерін өтеу.

Отбасы әлеуметтануы- отбасын әлеуметтік институт ретінде зерттейтін социологиядағы негізгі бағыттардың бірі. Негізгі мәселелері отбасылардың өз қызметін орындау сипатын, әр түрлі типтегі отбасылардың өмірін, ажырасу себептері мен салдарын және т.б. зерттеу болып табылады.

Отбасының мүшесі – ері(құқықтың бәрі еркектікі), әйелі, ұлдары, (әкесі өлгенше), қыздары(тұрмысқа шығып кеткенше).

«Ө»

Өркениеттілік -1) қоғамның, адамзаттың материалдық және рухани даму деңгейі; 2) мәдениеттің синонимі; 3) Л.Морган, Ф. Энгельстердің көрсетуінше, қоғам дамуында варварлықтан кейінгі сатысы.

Өзін –өзі бағалау әдісі- жеке тұлғаға өзі баға беруде, өз мүмкіндіктерін, қасиеттері мен басқа адамдар арасындағы орнын анықтауға көмектесетін әдіс.

Өзара әрекет талдау- бақылаудың бір түрі, оның көмегі арқылы адам мінез-құлқының ішкі көрінісі, коммуникациясын, ақпарат алмасуын, келісу мен келіспеушілік, ұжымдар мен жеке тұлғаға қатынасы зерттеледі.

Өзін-өзі тәрбиелеу – оқушы шәкірттің өз іс-әрекетіне, мінез-құлқына өзінің іштей баға беру арқылы мінезіндегі жетістік-кемшілігін бағалай отырып, жеке басына сын көзімен қарауы, мінезіндегі мінін түзеуге талпыныс жасауы.

Өлі-тірі – қалыңдықтың үйіне күйеу жағының алғаш апаратын дәстүрлі кәдесі. Ол тірі мал болуы керек. Қыздың әке-шешесі ол малды сойып, аруақтарды еске түсіріп, үлкендерге сыйға тартады.

Өнерпаз – қолынан алуан түрлі іс келетін, өнерлі, бесаспап кісі.

Өсиет – өзінен кейінгілерге айтылатын ақыл, кеңес, ғибрат.

«П»

Патриоттық тәрбие- -өскелең ұрпақта Отанына деген сүйіспеншілік, қорғау және туған елінің мүддесі үшін өзін құрбан ету сезімін қалыптастыру.

Парасаттылық- Парасат.... Адамның адамдығын, халықтың халықтығын, мемлекеттің мемлекеттігін ұстап тұрған моральдық сапа.

Парыз – адамға тән азаматтық борыш, қастерлі міндет.

Пән – үйрету, үйлестіру мақсатымен жүйеленген білім сапасы.

Періште жасы – 8-ден 11-ге дейінгі балалық шақ.

Психологиялық тұрпат – ұлт пен этностық қоғамдастықтың өкілдеріне тән ортақ жан-күйі.

Пілдия – діни әдет-ғұрып. Ақшалай, малдай жиналатын салық.

Пітір – ораза айында жан басынан алынатын діни салық.

Педагогикалық- психологиялық тұрғыда отбасы- ата-ана мен балалар арасындағы, ерлі-зайыптылардың және де басқа да отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының тарихи нақты жүйесі болып табылады.

Патронат- уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиеге алуға тілек білдірген адамның (патронат тәрбиешінің) жасасқан шарты бойынша анасының қамқорлығынсыз қалған балалар азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берілетін тәрбие нысаны;

«Р»

Репродукциялық денсаулық- адамның толымды ұрпақ туғызуға қаблетін көрсететін дене саулығы;

Рәсімдер- Игі іс-әрекеттің ұлттық көрінісі.

Рәміздер- Этностық (ұлттық) белгілер мен жоралғылар (Таңба, белгі, ту т.б)

Репродукциялық денсаулық- адамның толымды ұрпақ туғызуға қаблетін көрсететін дене саулығы;

«С»

Салт- ұлттық дәстүрдің берік қалыптасып, өмір заңдылығына айналуы, этностық тіршілік.

Салт-сана- Әдептің, дәстүр мен әдет-ғұрыптың халыққа, халық санасына сіңіп, ұлттық мәнде көрінуі.

Сенімдер- Дінге, болашаққа, игі іс-әрекеттің келешегіне сену, көрегендікке бейімдеу.

Сәби – 14 айдан 3 жасқа дейінгі бала.

Сәжде – намаз оқып, құдайға құлшылық қылғанда жаятын мата, жайнамаз.

Сәлем қылу –қазақ келіндеріне тән үлкендерге (ата-енеге, қайнаға, т.б.) білдіретін ізеттілік белгісі.

Сәлемдеме – біреу арқылы беріп жіберетін аманат нәрсе.

Сәлемдесу түрлері – әр түрлі жас мөлшеріндегі кісілерге (қарт адам, әйел, ана, т.б.) жасалатын амандасу рәсімдері.

Сән – адамға жарасымды өң беріп, жайнатып жіберетін көрік.

Сәресі – ораза кезінде аузы берік адамның таң алдындағы ішетін асы.

Сәуегей – алдын-ала болжай алатын, көріпкел кісі.

Сәулет өнері – архитектура.

Сегіз қырлы бір сырлы – жан-жақты, өнерпаз, бесаспап жігіт.

Сендіру – балаға педагогикалық тұрғыда әсер етудің тиімді әдістерінің бірі. Ол баланың өз күшіне сенімін арттырып, оқуға деген ынта-ықыласын тудырады.

Серменде – сенделіп, босқа жүретін адам.

Серне – бірнеше адамның бірігіп мал сойып жеуі, басқосу салтанаты.

Сері – сәнді киініп, салдық құратын өнерлі кісі.

Соғым басы – соғым сойған үйдің көршілері мен ауылдың үлкендерін шақырып ас беруі.

Сойғақ – зираттың басына белгі ретінде қойылатын таяқ, діңгек ағаш.

Сопы – дін жолына түскен құдайшыл адам.

Сөзі дуалы – айтқаны келетін киелі қария.

Сұрау салу – хабар-ошарсыз кеткен адамды іздеу.

Сүйек жаңғырту – қайтадан қыз беріп құда болу.

Сүйекші – өлікті жерлеуші, қоюшы адам.

Сүйінші – жақсылықты, қуанышты хабарлаушыға берілетін сыйлық, жоралғы.

Сүндет той – сүндетке отырғызылған балаға жасалатын той.

Сүндетке отырғызу – ер балаға мұсылман болудың белгісі ретінде жасалатын рәсім.

Сүт кенже – ең соңғы туған бала.

Сыбаға – құрметті үлкен адамдарға арнап сақталатын тағам-ас.

Сыңсу – ұзатылған қыздың туған-туыс, ел-жұртымен жылап қоштасуы.

Сыралқы – аңшы, егіншіден, т.б. кәсіпкерлерден алынатын үлес, олжа, сый.

Семья- некеге немесе қандас туысқандыққа негізделген қоғамдық шағын топ, адам тұрмысын ұйымдастырудың бастапқы формасы.

Суррогат ана- суррогат ана мне ықтимал ата-ана арасындағы шарт бойынша бойға бала бітіру, оны көтеру және туу.

Суррогат ана шарты- балалы болуды қалайтын адамдар мен бойға бала бітірудің жасанды әдісін немесе эмбрион имплантациясын қолдануға келісімін берген әйелдің арасындағы келісім;

Сот арқылы қорғау- отбасы құқығын қорғаудың бір түрі болып табылады.

Сырымта – біреудің малын өз малына қосып алу, сіңіріп кету.

Суррогат ана- суррогат ана мне ықтимал ата-ана арасындағы шарт бойынша бойға бала бітіру, оны көтеру және туу.

Суррогат ана шарты- балалы болуды қалайтын адамдар мен бойға бала бітірудің жасанды әдісін немесе эмбрион имплантациясын қолдануға келісімін берген әйелдің арасындағы келісім;

Семья- некеге немесе қандас туысқандыққа негізделген қоғамдық шағын топ, адам тұрмысын ұйымдастырудың бастапқы формасы.

«Т»

Табандылық- қабылданған шешімді жүзеге асыру үшін ұзақ уақыт бойы жігерлік таныту.

Тыйымдар- Жамандыққа қарсыжасалынатын әрекет, тәлім – тәрбиелік заңды нұсқау, тәртіптілікке үйрету.

Тәрбие- ұрпақтан-ұрпаққа мәдениетті табыстаудың мақсатты процесі.

Тәрбие жүйесі- 1) тәрбиенің негізгі компоненттерінің (мақсаттары, субъектілері, олардың қызметтері, байланысы, қарым-қатынасы, материалдық базасы) өзара іс-әрекеті процесінде туындайтын және ұжымның тұрмыс салты, оның психологиялық климаты сияқты интегративті сипаттамалардан тұратын тұтас әлеуметтік ағза;

2) өзінің басты қызметі –тәрбиеге қатысты реттелген, ашық әлеуметтік- педагогикалық және психологиялық-педагогикалық жүйе.

Тәрбиелілік- тәрбие нәтижелілігінің барынша жалпы көрсеткіші.

Тәрбие процесін бағалау критериясы- өлшем, эталон- тәрбие процессі элементтеріне тексеру жүргізуге мүмкіндік беретін, тәрбие нәтижелерінің көздеген мақсатқа сәйкестігінің өлшемі.

Тәлім – үлгі-өнеге, тәрбие.

Тәлімгер – жас ұрпақты тәрбиелеуге қатысы бар (әке-шеше, мұғалім т.б.) адамдардың отрақ атауы.

Тән қуаты – адам денесінің, оның саулығының өлшемі.

Тәу ету – қасиетті деген нәрсеге бас ию, маңдайын тигізу, тағзым ету.

Тәубе – шүкіршілік ету, барға қанағат ету өлшемі.

Тәурат – еврейлердің діни кітабы (Библия).

Телім – үлес, сыбаға, тиесі.

Теріс бата – риза болмағанда қолдың сыртын жайып, қарғыс айту.

Тобыр – топталған, жиналған қалың топ.

Тозақ – о дүниеде өлгендердің рухын азаптайтын жазалау орны.

Той бастар – ұзатылатын қыздың тойында айтылатын кәделі өлең-жыр.

Тоқымқағар – отбасының, ауыл адамдарының жол жүрерде не жас балаға алғаш рет атқа мінерде жасалатын рәсім.

Төркін – тұрмысқа шыққан қыздың туған-туысқаны, ел-жұрты.

Төркіндеу – тұрмысқа шыққан әйелдің әке-шешесі мен туыстарының ауылына қыдырып іздеп бару рәсімі.

Төсек жаңғырту – екінші рет үйлену.

Туажат – жетінші ұрпақ, неменеден туған бала.

Туыс-тума – бір атадан тараған жақын, туысқан, ағайын-жекжат.

Тұл – отасқан ері өлген не айырылысып кеткен, баласы жоқ жесір әйел.

Тұлдау – ел қорғаған батыр, қадірлі азамат қайтыс болғанда істелетін қаралы дәстүр. Шаңыраққа қара ту байлау, қара жамылу.

Тұмар – жас баланы тілден, көзден сақтайды деген ұғыммен ішіне құран сөзі жазылған үшбұрышты дұғалық қағазы.

Тұсау кесу – жаңа жүре бастаған баланың тез жүріп кетуі үшін жасалатын ырым, дәстүр.

Түсіндіру – оқу-тәрбие үрдісінде балаға білімді меңгерту үшін қолданылатын әдіс-тәсілдің түрі.

Тіл қисыны – аз сөйлеп, көп мағына беретін ой түйіні, адам тіршілігі үшін қажетті өнер салалары.

Тілашар – баланы молдаға бергенде төленетін ақының түрі.

Тісқаққан – өмірді көрген, тәжірибелі адам.

Туыстық- бір негізден немесе бір атадан тарайтын қандас адамдардың байланысы.

Тікелей туыстық- адамдардың бір негізден тарайтындығына негізделеді.

Толық туыстар- бір ортақ ата-анадан тарайтын аға-іні, апа-қарындастар.

Толық отбасы- ата-анасы, балалары және әдетте, әкесі жағынанда шешесі жағынанда аға ұрпақ өкілдері атасы немесе әжесі болуы.

Толық емес отбасы- балалардың ата-анасының біреуінің ғана болуымен сипатталады.

«У»

Уызынан жару – ана сүтінен не аналық тәлімінен тиесті үлесін алуы

«Ұ»

Ұждан- адамның өз қылығына, ойына сыни баға беру, мұратына (идеалына) үйлесімсіздігін сезінуі мен моральдық борышты орындай алмауы. Ұждан адамды тәрбиелеу мен әлеуметтендіру кезінде қалыптасады. Ұждан эмоционалдық феномен. Ол өзін-өзі кінәләудан, қынжылудан, қобалжудан көрініс табады.

Ұлттық намыс- Туған елінің ар-намысын қорғау, ұлттық мұраларды қастерлеу, ата*- дәстүрін аялау, адам сыйлау.

Ырымдар – Жақсылыққа құштарлық, жақсылыққа ниет етумен жасалынатын әрекет, игі сенім.

«Ү»

Үйелмен- ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан адам баласының әлеуметтік ортасы

«Х»

Халықтық психология- белгілі бір ұлтқа жататын жеке тұлғаның психологиялық ерекше тұйық білім.

Халықаралық қатынастар- халықтар, мемлекеттер, мемлекеттік жүйелер арасындағы дүниежүзілік деңгейде жүргізілетін саяси, экономикалық, құқықтық, демократиялық, әскери, мәдени байланыстар және оларды іске асырушы әлеуметтік, экономикалық, саяси күштер мен ұйымдардың өзара қатынастарының жиынтығы.

«Ф»

Философиялық тұрғыда отбасы- қоғамның ажырамас құрамды, өмірде зор мәні бар кішігірім ұйымы.

Қосымша №2

Туыстық қарым-қатынас атауы

Үрім бұтақ -атадан тараған бала шаға ұрпақ .Ата-баба ата тек тұқым тұяғы Ұлы ата немесе баба үлкен ата арғы ата-баба

Ата-әкесінің әкесі

Әже-әкесінің анасы үлкен шеше

Әке-балалы болған ер адам

Ана-балалы болған әйел адам

Көке-әкесі,кей жерде ағасын да көке дейді

Апа-анасы шешесі өзімен бірге туған жасы үлкен әйел затын да кейде осылай атайды

Тәте –бірге туған жасы үлкен қыз үлкен қыз әпке немесе кей жерлерде әке аға

Туысқан бауыр –бір атадан өрбіген ұрпақтар туыстар бауырлас адамдар

Аға-бірге туған жасы үлкен ер адам

Әпке-бірге туған жасы үлкен әйел адам

Іні-бірге туған жасы кіші ер адам

Қарындас –бірге туған жасы кіші әйел адам

Бала- ата –ананың перзенті

Немере –ата-ананың ұлынан туған баласы

Шөбере –немереден туған баласы

Шөпшек-шөбереден туған бала

Немене-шөпшектен туған бала

Туажат –неменеден туған бала

Жүрежат-туажаттан туған бала

Жұрағат –жүрежаттан туған бала

Жат жұрағат-жұрағаттан туған бала

Жекжат-жат жұрағаттан туған бала немесе туыс ағайын

Туыс тума –бір атадан тараған онша жақын емес

Бөле –бір туған апалы –сіңлілердің бір біріне туыстын қатынасы

Жиен- тұрмысқа шыққан қыздан туған ұл

Жиеншар-жиеннен туған бала

Жеңге- жасы үлкен туыстардың әйелі

Жезде – туысқан адамдардың өзінен үлкен апасының күйеуі

Немере іні- ағасының немесе інісінің баласының баласы

Немере қарындас – ағасының немесе інісінің баласының қызы

Келін – ата-анасы үшін баоасының әйелі.

Күйеу- қызды айттырған және алған жігіттің еліне туыстық қатынасы

Қайын жұрт- қыз беріп, қыз алысқан екі алдың қыз бен күйеуге жақындығын білдіретін сөз.

Құда- күйеу бала мен қалындықтың ерлі зайыпты адамдардың аталары, әкелері, туыстары бір-біріне құда блып келеді

Қайын ата- ерлі зайыптылардың ерінің әкесі зайыбына зайыбының әкесі ерше қайын ата болады

Құдағи- ерлі-зайыптылардың шешелерімен әжелері

Қайын ене ерлі зайыптылардың туған шешелері

Құда бала- құдасының баласы

Қайын аға- ерлі зайыптылардың ер ағасы

Қайын апа- күйеуінің әпкелері

Қайын бике- зайыбының туған әкпесі

Қайын іні- күйеуінің інісі

Балдыз- әйелінің жасы кіші туыстары

Бажа- апалы сіңілі қыздардың күйеулері

Абысын- туыс ағайын адамдардың әйелдері

Төркін- тұрмысқа шыққан қыздың туыстары

Қосымша №3

Отбасы туралы мақал-мәтелдер

Бойымдай бой табылса да,

Ойымдай ой табылмас.

Сыйға сый, сыраға бал.

Иесін сыйлағанның итіне сүйек таста.

Тіріде сыйласпаған,

Өліде жылыспайды.

Танымас, танымасын сыйламас.

Көңілдегі сырды көз білдіреді.

Өз үйім өлең төсегім.

Қарындасқа бұрмағанның қары сынсын.

Үй ішінен жау шықса,
Тұра қашып құтылмассың.

Тұлпардың өз тұяғы өзіне дәрі.

«Сіз», «біз» - деген жылы сөз,
Ағайынға жарасар.

Қарындасың – қарлығашың.

Ине өткен жерден жіп өтер.

Інісі бардың тынысы бар,
Ағасы бардың жағасы бар.

Төркін десе қыз төзбейді,
Көкпек десе түйе төзбейді.

Апасының киген тонын сіңлісі де киер.

Қазаны басқаның қайғысы басқа.

Ата – баланың қорғаны.

Атаға баланың алалығы жоқ.

Енесі тепкен құлынның еті ауырмас.

Сақау баланың тілін шешесі біледі.

Балаң жаман болса,
Көрінгеннің мазағы.

Бала, баланың ісі шала.

Балам – балым,
Баланың баласы – жаным.

Қарға баласын аппағым дер,
Кірпі баласын жұмсағым дер.

Атаның көңілі балада,
Баланың көңілі далада.

Балалы үйдің ұрлығы жатпас.

Торғай жаңбыр жауса баласын қорғар,
Бұршақ жауса, басын қорғар.

Жалғыз түйе бақырауық,
Жалғыз бала жылауық.

Жылайын деген бала әкесінің сақалымен ойнайды.

Бала – ананың бауыр еті.

Бала қадірін балалы болғанда білерсің.

Балалы үй базар,
Баласыз үй қу мазар.

Бала – бауыр етің.

Балаға пышақ бермесең бір жылар,
Берсең екі жылар.

Ат болатын тай саяққа үйір,
Адам болатын бала қонаққа үйір.

Ат болатын құлынның,
Бауыры жазық келер.
Адам болар баланың,
Маңдайы жазық келер.

Отыз ұлым болса да орны басқа.

Немере етін жеп, сүйегін берер.

Бас екеу болмай,

Мал екеу болмас.

Сүйгенін шұнағым дейді.

Сұлу, сұлу емес,

Сүйген сұлу.

Көш жүре түзеледі.

Жылы – жылы сөйлесең,

Жылан інінен шығады.

Жақсы әйел жаман еркекті ер қылады,
Жаман еркек жақсы әйелді жер қылады.

Жақсы таз басын жасырмайды,

Жақсы әйел асын жасырмайды.

Қалған көңіл шыққан жанмен семіреді.

Шын жыласа соқыр көзден жас шығады.

Қайғысыз қара суға семіреді.

Аталастың аты озғанша,

Ауылдастың тайы озсын.

Қарға тамырды қазақпыз.

Сұраса келе қарын бөле болып шығамыз.

Өз жұрттың - күншіл,

Нағашы жұрттың – сыншыл,

Қайың жұрттың міншіл келеді.

Қартың болса, жазып қойған хатпен тең.

Немере етін жеп, сүйегін қалдырады.

Өз балаңды өскенше бағасың,
Немеренді өлгенше бағасың.

Екі аяқтыда бажа тату, төрт аяқтыда бота тату.

Еркек сергек ұйықтаса, ырыс бітеді,
Әйел сергек ұйықтаса, жұмыс бітеді.

Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.

Ұлың өссе, ұлы жақсы мен ауылдас бол
Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол.

Ағаның үйі – ақ жайлау.

Қонақ асына емес қабақ – қасыңа риза.

Қонақ жаман болса, үй иесі қалдырады,
Үй иесі жаман болса, қонақ қыдырады.

Келінің жаман болса, ұлыңнан көр.
Күйеуің жаман болса, қызыңнан көр.

Қосымша №4

Отбасы туралы жағдаяттар Жағдаяттар

№1

Бір үйдің екі баласы көбейту кестесін жаттап жарысты. Інісінің шапшаңдығынан апасы кешігіп қалып қоя берді. Апасы көп әрі баяу ойланатын. Інісі апасының қатесін түзеп, күлді. Ал, апасы үнсіз бөлмеден шығып кетті.

Апасының орнында болсаң не істер едің?

№2

Мектептің 9-сыныбында оқитын оқушылар болашақ мамандықтары туралы әңгіме қозғады. Озат оқушылар жоғары оқу орнына баруды жоспарлап жатты. Тіпті ұлттық университеттерде оқып жүргенін армандады. Ал, биыл оқуын колледжде жалғап тезірек отбасына

көмектескісі келетін, балаларда өз ойларын айтып жатты. Олардың арасында тұрмысқа шығып, өз жағдайын жақсартуды мақсат еткен қыз бала үндемей қалды. Оның да арманы таудай, бірақ отбасында ақшаға байланысты күнде туатын айқайдан шаршап кеткені сонша, оқуды емес, ауқатты отбасының өзінен жасы үлкен балаларымен достаса бастаған еді.

Бұл туралы не айтар едіңіз?

№3

Бала өте қатаң отбасында тәрбиеленді. Оған ата-анасы ешқашан ойыншық сатып алып бермеді, тәтті әперіп еркелетпеді, концерт, кино, циркке де барып көрмеді. Ата-анасының айтқанымен жүрді, дегеніне көнді, тек бұйрықты жүзеге асырушы, орындаушы қалыпта ғана өсті. Бала ата-анасының барлық айтқандарын екі етпей, бұлжытпай орындаса да, бірақ олардан бірауыз жылы сөз естімеді.

Мұндай отбасы туралы не айтар едіңіз?

Сіз балаңызды осылай болып өскенін қалайсыз ба?

№4


Он жасар баласының бөлмесін жинап жүрген шешесі баласының қажетсіз деген заттарының бірқатарын қоқысқа лақтырып тастады. Баласы сабақтан келген соң, бұл жағдайды көріп қатты ренжіді. Анасының ойынша, баласының мұндай реніш білдіруге қақысы жоқ. Себебі, осы үйді реттестіретін, қалыпқа келтіретін жалғыз адам анасы болғандықтан, қалай жинайды, солай болуы керек.

Анасының іс әрекеті дұрыс деп құптайсыз ба?

Баланың қандай құқығы бұзылды деп ойлайсыз?


Қосымша №5

1. "Жылымық" әңгімесінің авторы?
2. "Абай жолы" романында Қодардың баласы болып ойнайтын кім?
3. 1920-1925 ж.ж аралығында Қазақстанның астанасы болған қала?
4. Мұхтар Әуезовтың повесі?
5. 1940 жылғы Гитлердің жоспары?
6. Үш жұрттың бірі?






- 1.Бесіктің алдыңғы бас артқы бас бөлігі ?
- 2.Иіп тік жасалған бесік ?
- 3.Екі бөгенді қосатын ұзын ағаш ?
- 4.Сәбидің жалаңаш денесін қажамас үшін жамбас денесіне,тізесіне қоюға арналған кішкене жұмсақ жастықшалар қалай аталады ?
- 5.Жел бесік материялы бойынша қаншаға бөлінеді ?



Жауаптары:

- 1.Бөген
- 2.Жер
- 3.Сабау
- 4.Кепіл
- 5.Үшке


- 1.Қазақстан Республикасының атақты жазушысы?
- 2.М.Әуезовтың шығармасы?
- 3.Қазіреттен кейінгі діни атақ?




Жауаптары:

- 1.Әуезов
- 2.Көксерек
- 3.Қаспе

- 1.Бір негізден немесе ортақ бір атадан тарайтын қандас адамдардың байланысы?
- 2.Қонақ келген кезде сұрайтын сый-ақы?
3. ...Сәнді киініп, салдық құратын өнерлі кісі?
4. Қазалы адамға көңіл айту?
5. Жиеннен туған бала?
- 6.І.Жансүгіровтың шығармасы?





МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
I ТАРАУ	
Қазақ отбасы тәрбиесінің теориялық негіздері	
1.1 Қазақ отбасы тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері.....	4
1.2 Қазақ отбасы тәрбиесі туралы орта ғасыр ойшылдары мен ақын-жыраулардың, қазақ ағартушы педагогтары және ғалымдардың ой-пікірлері.....	6
1.3 Қазақ отбасы тәрбиесі, оның негізгі ұғымдары.....	16
1.4 Қазақ отбасы тәрбиесінің мәні мен мазмұны.....	28
II ТАРАУ	
Қазақ отбасында бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар	
2.1 Қазақтың дәстүрлі отбасы және ондағы туыстық қарым-қатынастар.....	70
2.2 Бала тәрбиесіне байланысты қазақ халқының салт-дәстүрлері.....	78
2.3 Қазақ халқының үйлену және үй болумен байланысты салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары.....	81
III ТАРАУ	
Мектепте отбасы тәрбиесін ұйымдастыру	
3.1 Отбасы тәрбиесін беруде мектеп пен отбасының ынтымақтастығы	99
3.2 Қазіргі отбасы тәрбиесін ұйымдастыру әдістемесі.....	103
Қорытынды.....	130
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	132
Қосымша №1.....	134
Қосымша №2.....	151
Қосымша №3.....	152
Қосымша №4.....	156

Ибраимова Л.Н., Абдикеримова П.Ж., Алиева П.С.

ҚАЗАҚ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ
(оқу құралы)

Баспа кітаптың ішкі мазмұнына жауап бермейді.

Автордың дайын файлынан алынған.

Басуға 21.11.2016 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1\16. Офистік қағаз.
Есепті беті 10,3; Шартты беті 10.
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №53

ТарМПИ, Редакциялық баспа бөлімі
080000, Тараз қ, Төле би 62